Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 81’1

Қолжазба құқығында

ЖЕТЕСОВА ЖАНАР АЛМАСОВНА

Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)

8D02304 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Исакова С.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Экиджи М.
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	**3**
	АНЫҚТАМАЛАР	**4**
	КІРІСПЕ	**6**
1	**ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**	**17**
1.1	Анималистік лексика ұғымының анықталуы және зерттелуі	**17**
1.2	Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері	**27**
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым	**35**
2	**ЕРТЕГІДЕГІ АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕ ЗЕРТТЕУ**	**37**
2.1	Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама	**37**
2.2	Анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшелігі	**45**
2.3	Анималистік лексиканың когнитивті сипаты	**60**
2.4	Ертегідегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлқы: қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы	**68**
	Екінші бөлім бойынша тұжырым	**90**
3	**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ**	**92**
3.1	Қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілер	**92**
3.2	Ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтауға арналған ассоциативті эксперимент талдауы	**105**
	Үшінші бөлім бойынша тұжырым	**132**
	ҚОРЫТЫНДЫ	**133**
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	**137**
	ҚОСЫМША А - Қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары	**147**
	ҚОСЫМША Ә - Ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары	**150**
	ҚОСЫМША Б - Ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтауға арналған ассоциативті эксперимент сауалнамасы	**154**
	ҚОСЫМША В - Assiociation experiment survey to determine the symbolic meaning of fairy-tale animalistic vocabulary	**155**

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда қолданылған терминдер төмендегідей анықталды:

Анималистік лексика – жануарлар әлемін бейнелейтін сөздер мен олардың метафоралық, символдық, концептуалдық қолданыстарының жиынтығы. Бұл лексика ұлттық дүниетаным мен мәдени таптаурындарды бейнелейді.

Ассоциативті эксперимент – респонденттердің белгілі бір стимул сөздерге берген реакциялық жауаптары арқылы олардың санасындағы тілдік бірліктердің мағыналық байланысын, концептуалдық құрылымын, мәдени және когнитивті үлгілерін анықтауға бағытталған психолингвистикалық зерттеу әдісі.

Әдістеме – адамның практикалық және танымдық іс-әрекетінің теориялық негіздері мен тәсілдерін, ғылыми зерттеу әдістері мен амалдарын жүйелі түрде қарастыратын ғылым саласы.

Әдіснамалық ұстаным – зерттеу үдерісін ұйымдастыру мен бағалауда басшылыққа алынатын негізгі теориялық-танымдық қағидалар мен бағыттар жиынтығы.

Дискурс – нақты коммуниканттар арасында белгілі бір әлеуметтік, мәдени, кеңістік және уақытта жүзеге асатын тілдік әрекет түрі, яғни тілдік қарым-қатынастың динамикалық, контекстуалдық сипатқа ие формасы.

Ертегі – өзіндік дискурсивтік заңдылықтары, бірегей құрылымдық ерекшеліктері мен тұрақты сөйлеу формулалары бар, ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды бейнелейтін нарративтік жанр.

Ертегі дискурсы – ертегі мәтініне негізделген, мәдени, әлеуметтік және танымдық мазмұнды вербалдау арқылы жүзеге асатын коммуникативтік әрекет түрі. Ол ертегінің құрылымы, бейнелі тілі, тұрақты мотивтері арқылы халықтың құндылық жүйесін танытады.

Ертегі мәтіні – халық ауыз әдебиетінің немесе авторлық шығарманың жанрына жататын, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы оқиғаларды баяндап, тәрбиелік және танымдық мақсатты көздейтін көркем мәтін. Ол ұлттық тіл мен мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін қамтитын символдық-мәтіндік құрылым.

Зоонимдер – жануарлардың жалпы (қасқыр, түлкі, қой, ешкі т.б.) және жалқы (Ақтөс, Сырттан, Керқұла, Шалқұйрық т.б.) есімдерін білдіретін тілдік бірліктер. Зоонимдер барлық тілдерде лексиканың ең көне қабатын құрайды.

Зооморфизмдер – жануардың белгілі бір қасиеттерін адамға телу. Мифологияда құдайды жануарлар бейнесінде беру түрлі мәдениеттерде кең таралған.

Зоосемизм – жануар атауының негізінде қалыптасқан ауыспалы мағынадағы метафоралық қолданыстар (мысалы, «қасқыр» – қатыгез адам).

Зоосимволдар – жануарлар бейнесі арқылы мәдени, мифологиялық немесе философиялық концептілерді білдіретін символдық бірліктер (мысалы, жылқы – еркіндік, үкі – даналық).

Компоненттік талдау – тілдің мағыналық бірліктерінің мазмұн межесін зерттеу әдісі, оның мақсаты – мағыналық бірліктерді семаларға бөлу.

Лексика – тілдің сөздік құрамын құрайтын, үнемі жаңарып, дамып отыратын динамикалық жүйе. Ол қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, ғылыми-техникалық өзгерістердің тілі мен көрінісі ретінде қызмет етеді.

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін ғылым саласы. Оның негізгі мақсаты – ұлттық тілдік бірліктер арқылы белгілі бір этностың мәдениетіне тән концептілер мен құндылықтарды анықтау.
Мақтау – қарым-қатынас жасау кезінде жағымды әсер ету тәсілі; адамның әрекеті, мінезі немесе жетістігін жоғары бағалап, оны жағымды эмоциялық қабылдауға жетелейтін коммуникативтік стратегия.
Мәтін – құрылымы мен мазмұны жағынан біртұтас, белгілі бір коммуникативтік мақсатты көздейтін, мәдени ақпаратты жеткізудің негізгі түрі.
Өтініш – қарым-қатынас стратегиясы аясындағы прагматикалық тактика түрі; сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған тілегі немесе бұйрықсыз сұрауы, адресаттың еркі мен шешіміне ықпал ететін тілдік әрекет.
Сөйлеу актісі – нақты коммуникативтік жағдайда сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік өзара әрекеттестік түрі; сөйлеушінің ниеті мен мақсатына сай іске асатын коммуникативтік бірлік.
Стратегия – қарым-қатынас үдерісіндегі жалпы тілдік әрекет жоспары. Коммуникативтік стратегия кейіпкерлердің өз мақсаттарына жетуін қамтамасыз ететін тілдік құралдар жиынтығы ретінде қарастырылады.
Тактика – стратегияны жүзеге асыруға бағытталған нақты тілдік тәсілдер мен амалдар жүйесі. Ол сөйлеушінің ниетін іске асыруда маңызды рөл атқарады.
Тіл – адамның ойлау қабілеті мен таным үдерісін жүзеге асыратын, қоғамдық-әлеуметтік тәжірибені сақтап, жеткізетін әмбебап коммуникативтік құрал.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипатын кешенді талдауға арналған. Қазіргі таңда тіл біліміндегі жаңа парадигма, атап айтсақ, антропоөзектік зерттеу үлгісі тілдік бірліктердің табиғатын адам болмысы, мәдениеті мен танымымен сабақтастықта қарастыруға назар аударады. Тіл білімінің жаңа парадигмасы бірқатар зерттеу бағыттарын (когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б.) қалыптастырды. Бұл бағыттар тілдік зерттеулердің нысанын кеңейтіп, тек құрылымдық-функционалдық емес, когнитивті-мәдени сипатын анықтауға жол ашады. Кез келген этностың тілінде оның когнитивті жүйесі мен мәдени құндылықтары бейнеленеді. Осындай мәдени мәнді тілдік қабаттардың бірі – анималистік лексика. Ертегілердегі анималистік лексиканы когнитивті және лингвомәдени аспектіде зерттеу халықтың фольклорлық ойлау жүйесінен мол ақпарат береді. Фольклор – тілдің көне қабаттарын, соның ішінде анималистік лексиканы сақтап, оны символдық және прагматикалық тұрғыдан ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәдени-тілдік мұра. Адам мен табиғаттың арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін ертегі жанры жануарлар атаулары арқылы адам болмысы мен мінез-құлқы туралы терең мағлұмат береді. Осы ретте, анималистік лексика – тек жануар атауларын ғана емес, сонымен қатар, сол атауларға тән мәдени коннотациялар мен ұлттық дүниетаным үлгілерін бойына жинақтаған лингвомәдени мазмұнды бірлік ретінде бағаланады. Бұл тұрғыдан, ертегідегі анималистік бейнелер тіл мен мәдениеттің тоғысқан тұсы ретінде аса құнды зерттеу нысаны болып саналады. Жануарларға тән белгілер мен қасиеттердің адамға телініп, олардың жағымды не жағымсыз бейнеде берілуі мәдени дәстүр мен дүниетанымдық жүйенің көрінісі. Анималистік лексика – тілдің көне қабаты. Себебі, адамзат өркениетінің алғашқы кезеңдерінде жануарлармен күнделікті тіршілікте етене араласқан қоғам өкілдері оларды табиғаттың негізгі бір бөлшегі ретінде қабылдады. Сол себепті, жануарлар тек биологиялық нысан ретінде емес, символдық және мифологиялық мәнге ие бейнелер ретінде қалыптасты. Жануарлар бейнесінің тілдік репрезентациясы арқылы адам болмысы, қоғам мен табиғаттың өзара байланысы көрініс табады. Бұл олардың тек номинативтік қызметімен шектелмей, мәдени символ ретінде қызмет ететінін көрсетеді. Анималистік лексиканы лингвомәдени аспектіде қарастыру – халықтың символдық жүйесін, этнос құндылықтарын, мәдени коннотацияларды зерделеуге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеу ұлттық ділдің, бағалау жүйесінің, мәдени құндылықтардың тілдік көрінісін анықтауға бағытталады. Сонымен қатар, жануарлар бейнесі арқылы берілетін астарлы мағыналар, тілдік таңбалар мен метафоралар – халықтың дүниені тану тәсілін сипаттайтын маңызды категориялар саналады. Тілдік сана, концепт, символдық мағыналары арқылы ертегідегі анималистік лексиканың мағыналық және мәдени маңызы ашылады. Бұл – тек тілдік материалды талдау ғана емес, мәдениеттерді тану мен салғастыруға бағытталған кешенді ғылыми ізденіс. Зерттеуде

анималистік лексиканың анықталуы, зерттелу мәселелері зерделенген. Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің кешенді әдіснамасы жасалынып, ондағы ұстанымдар мен әдістер нақтыланған. Сондай-ақ ғылыми зерттеуде қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама беріліп, олардың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы ерекшеліктері, ертегілердегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлқы, қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы анықталды. Сонымен қатар, қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілер ертегі мәтіндері негізінде дәйектелді. Диссертациялық жұмыста ертегідегі анималистік лексиканың тіл сөйлермендерінің санасында өзектелуінің көрінісі сауалнама арқылы анықталып, талданып, тұжырымдар жасалды.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі тіл білімінде тілдік бірліктерді адам санасы мен дүниетанымымен байланыстыра отырып зерттеу – антропоөзектік бағыттың басты қағидаларының бірі. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдени жадының, рухани құндылықтарының, дүниені тану тәсілінің көрінісі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде, ертегілер тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, ұлттық дүниетанымды, этностың когнитивті құрылымдарын танытатын маңызды дискурстық кеңістік ретінде бағаланады. Ертегілер – ғасырлар бойы қалыптасқан ұжымдық жадтың, әлемді қабылдау мен бағалаудың ұлттық үлгісін жеткізетін фольклорлық мәтіндер. Олар халықтың ділін, құндылықтар жүйесін, әлеуметтік нормалар мен таптаурындарын бейнелеумен қатар, тілдің көне қабаттарын да сақтап келеді. Осы көне қабаттардың бірі ретінді анималистік лексика жануарлар атаулары мен соларға қатысты символдық, мәдени, концептуалдық мәндерге ие лексикалық бірліктер. Жануарлар бейнесі халық ертегілерінде тек сюжет құралы ғана емес, сонымен қатар, адам мінезінің, әлеуметтік рөлдердің, моралдық-этикалық қағидалардың көрінісі ретінде көрініс табады. Осы себепті, анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектіде зерттеу – әр этностың қайталанбас лингвомәдени және лингвокогнитивті сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, когнитивті-салғастырмалы тәсіл қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі жануарлар бейнесіне байланысты символдық мағыналарды салғастыра отырып, әр халықтың дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктерін тануға жол ашады. Қазақ тіл білімінде де, ағылшын тіліндегі зерттеулерде де анималистік лексика құрылымдық-жүйелілік аспектіде біршама зертелген. Тіл біліміндегі жаңа парадигма аясында жануарлар атауларына байланысты туындаған фразеологиялық тіркестер салыстырмалы-салғастырмалы және лингвомәдени тұрғыдан зерттеген бірқатар еңбектерді кездестірдік. Дегенмен, құрылысы әртүрлі қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектіде кешенді талдауға арналған еңбектер саны жоқ деп айтуға болады.

Сондай-ақ ұсынылып отырған ғылыми зерттеуде ертегілердегі анималистік лексиканы кешенді талдау әдіснамасы жасалынып, зерттеу кезеңдері нақтыланды. Диссертацияда анималистік лексикаға қатысты терминдер жүйесі талданды. Қарым-қатынас стратегиялары мен онда қолданылатын тактика

тәсілдері қарастырылды. Қазақ және ағылшын анималистік лексикасы салғастырыла талданып, ортақ және айырым белгілері анықталады. Бұл айтылған мәселелер қорғауға ұсынылып отырған диссертацияның идеясының жаңа екенін және тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы олардың ортақ және айырым белгілерін анықтау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін құрайтын анималистік лексика және оған қатысты ұғымдардың анықталуын зерделеу;
- Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістерін қарастыра отырып, талдау әдістемесін ұсыну;
- Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама беру;
- Анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшеліктерін сипаттау;
- Анималистік лексиканың когнитивті сипатын көрсету;
- Ертегідегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлқы, қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасын анықтау;
- Қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілерді көрсету;
- Ассоциативті эксперимент арқылы қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасында анималистік лексиканың символдық мағыналарының өзектелуін анықтау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны –** қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика.

Зерттеу пәні. Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектідегі тұжырымдарында көрсетілген ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының **теориялық** және **әдістемелік негізін** лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, дискурсология, ономасиология саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Атап айтқанда: В.В. Виноградов, В.Г. Гак, Е.С. Кубрякова, Дж. Лакофф, Р. Лангакер, В.З. Демьянков, Н.Н. Болдырев, Д.С. Лихачев, А.Н. Баранов, З.Д. Попова, А.П. Бабушкин, Н.Д. Арутюнова, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, И.А. Стернин, Д.Б. Гудков, С.Г. Воркачев, А. Вежбицкая, В.Н. Телия, А.Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Э. Рош, А.П. Чудинов, Ю.Н. Караулов, Р.М. Фрумкина, Ю.С. Степанов, Л.Л. Нелюбин және т.б. ғалымдардың зерттеулері. Лингвомәдениеттану (А.А. Потебня, В.А. Маслова, А.И. Бодуэн де Куртенэ, В. фон Гумбольдт, В.В. Воробьев, Н.В. Уфимцева, Д.О. Добровольский, В.И. Карасик, В.В. Красных, В.Н. Телия, Г.Г. Слышкин, Ю.С. Степанова, А.Д. Шмелев, А.Д. Арутюнова, В.В. Воробьева, В. Шаклеин, Ж. Манкеева, А. Тымбол, Л.Х. Самситова, А. Ислам, Н.М. Уәли, А.С. Тухтарова, т.б.); когнитивті лингвистика (Дж. Лакофф, М. Джонсон, В.А. Маслова, В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, М.В.

Пиминова, Е.Д. Сулейменова, Э.Н. Оразалиева, Б.И. Нұрдәулетова, С.А. Жиренов, К.А. Жаманбаева, Г.Н. Зайсанбаева), дискурс теориясы мен дискурстық талдау (Ю.Н. Караулов, Н.Д. Арутюнова, Т. Ван Дейк, В.З. Демьянков, А.А. Кибрик, Г.Н. Смағұлова, Г. Бүркітбаева, Б.С. Жұмағұлова, Л.М. Макаров, В.И. Карасик, Г. Әзімжанова, С. Кубрякова, О.С. Иссерс, Е.П. Ильин, М.Л. Макаров, В.Ю. Андреева, H.P. Grice, Н.Н. Кириллова, Е.И. Пассов, F. Karsdorp, L. Fonteyn, L. Soloshchuk, A. Chebotarova, Б. Қалиев, М. Фуко, Н. Уәли, Е. Әлкебаева, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова); салғастырмалы тіл білімі (С.Г. Тер-Минасова, И.А. Стернин, М.А. Стернина, В.Б. Кашкин, В.Н. Гак, Н.Н. Зеркина, З. Ахметжанова, С.С. Исакова, Г.М. Алимжанова); мәтін лингвистикасы (Т.М. Николаева, З.Я. Тураева, И.Р. Гальперин, В.Е. Чернявская, Т.В. Матвеева, Н.С. Валгина, Г.Т. Шоқым, О.С. Жұбай); ертегі дискурсы (J. Zipes, S. Doli-Kryeziu, J. Simpson, S. Roud, R. Bottigheimer, Н.А. Акименко, Л.П. Ковальчук, И.С. Соборная, У.В. Каримова, Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова, Ю.М. Брейгер, Е.Ф. Бизунова, Ю.С. Городова, А.В. Шаколо, С.К. Кенжемуратова, L. Chang, D. Luh, А.Т. Қасымбекова, Н.К. Култанбаева, Н.Е. Қартжан, т.б.); анималистік лексика (И. Устуньер, А. Дэнги, Т.З. Козлова, И.А. Курбанов, О.В. Лаврова, Н.В. Располыхина, Р.А. Карам, Т.В. Хахалкина, С.Р. Тлехатук, И.В. Куражова, А.А. Бызова, Д.Е. Айзахметова, О.В. Галимова, Л.А. Диярова, Я.И. Красовская, А. Жұмағазина, Т.В. Линко, К.Ю. Шалабаева, Н.Ю. Костина, Н.В. Николаева, А. Жакипов, Н.В. Солнцева, Ж.Д. Байтелиева, Н. Айтбаева, А. Раева, Т.Ж. Мықтыбаева, К.А. Умирсериков, Т.Б. Сағатбекқызы, М.Б. Шойманова, т.б.), анималистік лексиканы зерттеудің әдістемесі (В.М. Шаклеин, П. Грайс, О.В. Томберг, А.Д. Шмелев, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, А.А. Уфимцева, Дж. Р. Серль, Дж. Остин, А.Т. Хроленко, т.б.) салаларындағы зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар талданып, пайдаланылды.

Зерттеу дереккөздері. Лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, салғастырмалы лингвистика мәселесін зерттеген теориялық еңбектер, қазақ және ағылшын ертегі мәтіндері (Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 7: Прозалық фольклор: Ертегілер/Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Елесбай Н., Набиолла Н. – Алматы: Brand Book. 2020. – 488 бет, 31,8 баспа табақ және English fairy tales collected by Joseph Jacobs. Third edition. G.P. Putnam's son, New York. 2005. – 277 p. және Rudyard Kipling. Just so stories. 2005. – 249 p., 32,8 баспа табақ) талдауға алынды, қазақ ертегілерінен 125 анималистік лексика, ағылшын ертегілерінен 94 анималистік лексика жиналды, талданды, қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің анималистік лексиканы қабылдау ерекшеліктерін анықтауға арналған қазақша және ағылшынша сауалнама, ассоциативті экспериментке қатысқан 297 респонденттің жауап материалдары алынды. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы компоненттік талдау, салғастырмалы талдау кезінде қазақ тілінің лингвистикалық, этнолингвистикалық, түсіндірме, кірме сөздер, теңеулер сөздіктері («Лингвистикалық түсіндірме сөздік», А. Салқынбай, Е. Абақан, Алматы, 1998; «Тіл білімі сөздігі», жал. ред. бас. проф. Э.Д. Сүлейменова, Алматы, 1998; «Тұрақты теңеулер сөздігі», Т. Қоңыров, Алматы, 2008; «Қазақ

тілінің түсіндірме сөздігі», Т. Жанұзақов, Алматы, 2008; «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», О. Күдеринова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б., Алматы, 2011; «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік), Ә. Қайдар, ІІІ том. Табиғат, Алматы, 2013; «Қазақ сөздігі» (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі, құрастырушылар: М. Малбақов, Ш. Құрманбайұлы, Н.Уәли, Р. Шойбеков және т.б., Алматы, 2013; «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі», Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б., Алматы, 2019; анималистік лексиканың бейнелілік аспектісін зерттеуде фразеологиялық сөздіктер мен мақал-мәтелдер жинақтары (І. Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік, Алматы, 2007; Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Жамалхан Асықова, Алматы, 2013) пайдаланылды. Ағылшын тілі бойынша Collins Dictionary, Cambridge Dictionary; Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English: Oxford University Press, Hornby, A.S. (2010); Dictionary of Symbols: Routledge, Cirlot J.E. (2001); Oxford English Dictionary: Oxford University Press (2010); McGraw-Hill's Dictionary of American Idioms and Phrasal Verbs, Spears R.A. (2005); A Dictionary of English Folklore: Oxford University Press, Simpson J., Roud S. (2000) сөздіктері қолданылды.

Зерттеу әдістері. Диссертацияда жалпығылыми әдістер, оның ішінде сипаттау, жалпылау, талдау, қорытындылау әдістері пайдаланылды.

Зерттеуде анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы ұсынылды. Зерттеу әдіснамасы мен ұстанымдарын, әдістемесі мен әдістерін жасауда Дж. Р. Серль, Дж. Остин (1986), П. Грайс (1995), В.Н. Телия (1996), А. Вежбицкая (2001), А.Д. Шмелев (2005), А.Т. Хроленко (2004), А.А. Уфимцева (2004), В.М. Шаклеин (2012), В.Г. Костомаров (2014), Е.М. Верещагин (2014), О.В. Томберг (2016) сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Анималистік лексиканы талдау бірнеше кезеңдерге бөлінді. Зерттеудің алғашқы кезеңінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі мәтіндерінен түгелдей теру әдісі арқылы анималистік лексика жинақталды. Жиналған анималистік лексиканың мәтіндегі жиілік көрсеткіштерін айқындау үшін доминанттық талдау әдісі негізге алынды. Компоненттік талдау әдісі арқылы анималистік лексиканың денотативтік, коннотативтік, символдық мағыналары, ерекше белгілері анықталды. Сонымен бірге, олармен байланысты фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер талданды. Концептуалды талдау әдісі арқылы анималистік лексика концепт, метафора тұрғысынан талданды. Дискурстық талдау әдісі арқылы ертегілердегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар анықталды. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика салғастырмалы талдау әдісімен қарастырылып, оларға тән ортақ және айырым белгілер анықталды. Ертегідегі анималистік лексиканың символдық бейнесінің қазіргі тілдік санадағы көрінісін анықтау мақсатында ассоциативті эксперимент жүргізілді, сауалнама нәтижелері талданды, қорытынды жасалды.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдауға, ұғымдық, бейнелік, құндылық, символдық мағынасын анықтауға, екі

лингвомәдениетке тән ортақ және айырым белгілерін ажыратып, олардың себептерін лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы түсіндіруге ұмтылыс жасалды.

Зерттеуде анималистік лексика, зооним, зооморфизм, зоосемизм, қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы мәселелеріне арналған теориялық-әдіснамалық еңбектерге талдау жасалып, негізгі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынып, диссертацияға қатысты сұрақтар мен зерттеу бағыттары айқындалды.

Жұмыста анималистік лексиканы зерттеудің орны анықталып, әдіснамасына талдау жасалды. Анималистік лексиканы кешенді талдаудың әдіснамасы ұсынылды. Алдымен ертегідегі анималистік лексиканың ұғымдық белгілерін анықтау үшін сөздік мағыналары талданды, бейнелік компонентін анықтау мақсатында екі тілдің мақал-мәтелдері мен фразеологиялық қоры зерделенді. Ассоциативті эксперимент нәтижелері бойынша ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканың символдық мағыналары анықталды.

Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын ертегілерін салғастыра талдап, жиі кездесетін анималистік лексика анықталып, олардың лексика-семантикалық топтары ажыратылып, кестелерге түсірілді, лингвомәдени және когнитивті, дискурстық талдау жасалды, сандық көрсеткіштері анықталып, соған сәйкес тұжырымдар ұсынылды.

Жұмыстың маңызды ғылыми жаңалығының бірі – ертегілердегі анималистік лексиканы зерттеуге арналған кешенді талдау әдістемесінің ұсынылуы. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасында анималистік лексиканың символдық мағыналарының өзектелуін анықтау мақсатында ассоциативті эксперимент жүргізілді. Нәтижесінде анималистік лексиканың ассоциациялық өрісінің кең, тіл сөйлермендерінің санасында қалыптасқандығы анықталып, екі тілдік санадағы ассоциациялық байланыстар ертегі мәтіндері мазмұнымен сәйкес келетіндігі дәлелденді. Алайда сауалнама нәтижелері бірқатар маңызды мәселелерге назар аударуды қажет етеді. Біріншіден, қазіргі қазақ жастары ата-бабаларымыз қасиетті санаған жануарларға қатысты символдық мағыналарды жете білмейтіні және олардың мәнін дұрыс ажырата алмайтыны байқалды. Екіншіден, ұлттық дүниетанымға жат кейбір бейнелер орыс және еуропалық таным үлгілеріне сай қалыптасқаны анықталды. Үшіншіден, екі тілдің де респонденттерінің арасында немқұрайлылық танытқандары, жауаптың орнына тыныс белгілер қойып немесе сұраққа қатысы жоқ жауаптар жазғандары да кездесті. Сауалнама нәтижелері бойынша қазақ тілді респонденттер арасында кейбір анималистік лексиканың мағынасын дұрыс түсінбейтіндер, орфографиялық және пунктуациялық қателерге назар аудармайтындар кездесетіні анықталды. Сонымен қатар, қазақ сөздерін латын немесе орыс әліпбиімен жазу үрдісі де байқалды. Бұл – қазіргі жастардың әлеуметтік желілер мен жылдам хат алмасу платформаларында қалыптасқан жазу тәжірибесінің ерекшелігін көрсетеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында білім алушылардың тілдік сауаттылығын арттыру, академиялық

сөздіктермен жүйелі жұмыс істеу дағдыларын дамыту, әдеби және фольклорлық туындыларды оқу мәдениетін қалыптастыру қажеттігі ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, дискурсология сияқты салаларын оқыту үдерісінде, шет тілдерін үйретуде зерттеудің теориялық тұжырымдары пайдалы болады. Салғастырмалы тіл білімінің теориясы мен әдіснамасын толықтыруға ықпал етеді. Анималистік лексиканы зерттеудің теориялық мәселелеріне арналған ізденістер қатарын толықтырады. Зерттеу анималистік лексика бойынша жазылған еңбектердің терминологиялық аппаратын толықтыруға өз үлесін қосады.

Зерттеудің практикалық мәні.

Зерттеу барысында талданған тілдік материалдар мен жинақталған деректер қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілерде кездесетін анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті аспектіде меңгертуге, сондай-ақ оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендер мен арнайы сөздіктерді әзірлеу және толықтыру ісінде кеңінен пайдалануға болады. Ертегідегі жануарлар атауларының семантикалық, символдық және концептуалдық ерекшеліктері болашақ мамандардың тілдік-мәдени құзыретін қалыптастыруда, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуда және аударматануға бағытталған оқу бағдарламаларында тиімді қолданылуы мүмкін.

Зерттеу шеңберінде жүргізілген ассоциативті эксперимент нәтижелері тілдік санада жануарлар бейнесіне қатысты орныққан символдық мағыналар мен мәдени-концептуалдық сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Аталған нәтижелерге сүйене отырып жасалған ұсыныстар академиялық жазу машығын жетілдіруде, тезаурустық білімді тереңдетуде және ұғымдық-категориялық ойлау жүйесін дамытуда әдістемелік тұрғыдан маңызды құрал бола алады. Сонымен қатар, қазақ және ағылшын ертегілеріне жүргізілген лингвомәдени әрі когнитивті-салғастырмалы талдау нәтижелері бойынша жасалған ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық ұстанымдарды дипломдық, магистрлік және докторлық диссертациялар дайындау барысында, сондай-ақ монографиялар мен оқу құралдарын құрастыруда теориялық және әдістемелік негіз ретінде пайдалануға толық мүмкіндік бар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Анималистік лексика жануарлар атауларының жалпы жиынтығы. Ол зоонимдер, зооморфизмдер, зоосемизмдер, зоосимволдар болып төртке жіктеледі. Зоонимдер жануарлардың түрін, топтарын ажыратуға арналған бастапқы атаулар болса, зооморфизмдер жануарлардың белгілі бір қасиеттерінің адамға телінуі, зоосемизмдер жануарлар атаулары арқылы уәжделген метафоралық атаулар, зоосимволдар жануар бейнесі арқылы мәдени, мифологиялық немесе дүниетанымдық мазмұндарды білдіреді.

2. Кез келген зерттеу жұмысы үшін әдіснама, оның негізгі ұстанымдары мен әдістерін айқындаудың маңызы зор. Тілдік бірліктерді антропоөзектік парадигмада зерттеу бірнеше ғылымның әдіснамасын басшылыққа алуды талап етеді. Ертегідегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-

салғастырмалы аспектіде зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері зерделей отырып, осындай бағытта жүргізілетін зерттеулерге пайдалы болатын кешенді талдау әдістемесі ұсынылды. Әдістеме бірнеше зерттеу кезеңдерінен тұрады: мәтіннен түгелдей теру әдісі, доминанттық талдау әдісі, компоненттік талдау әдісі, концептуалды талдау әдісі, дискурстық талдау әдісі салғастырмалы талдау әдісі, ассоциативті эксперимент. Ұсынылған талдау үлгісі ертегідегі анималистік лексиканы жүйелі түрде лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаттауға мүмкіндік берді.

3. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары негізінен ұқсас, оның себебі бізді қоршаған табиғаттың әмбебап сипатымен анықталады. Үй және жабайы жануарлар топтарының саны, жиілігі, этнос мәдениетіндегі орны тұрғысынан айырмашылықтар бар. Бұл ерекшеліктер екі мәдениеттің тарихы, ділі, тұрмыс-салты, өмір сүру ортасы және т.б. көптеген тілден тыс факторлар негізінде қалыптасқан.

4. Ертегідегі анималистік лексика ұлттық ділді, мәдениетті және салт-дәстүрді бейнелейді. Қазақ және ағылшын ертегілерінде адамдарға тән жағымды және жағымсыз қасиеттер, құндылықтар, ішкі жан-дүние мен ақыл-ой әрекеттері, қоғамдағы тәртіп нормалары анималистік метафоралар, теңеулер, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы көрініс тауып, этностың лингвомәдени ерекшелігі мен дүниені танудағы дара сипатын айқындайды.

5. Қазақ және ағылшын ертегілерінде кейіпкерлердің қарым-қатынасы олардың әлеуметтену үдерісіндегі рөлін айқындайды. Тілдің көмегімен кейіпкерлер өздерінің билік қатынастарын, әлеуметтік иерархияларын және моралдық таңдауларын көрсетеді. Ертегі дискурсы лингвистикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілерді қамтитын күрделі коммуникативтік жүйені құрайды. Жануарлар туралы ертегілердегі қарым-қатынас стратегияларын зерттеу әртүрлі мәдениеттердегі сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас стратегиялары әмбебап сипатқа ие болғанымен, олардың қолданылу жиілігі мен вербалдану әдістері мәдени, жас ерекшелігіне, әлеуметтік рөлдерге байланысты өзгешеленеді.

6. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың ортақ белгілеріне тақырыптық топтары жағынан ұқсастық, жылқы - байлық пен әлеуметтік мәртебе, мысықтың тазалығы мен ұқыптылығы, үкі даналық пен ақылдылық символдары жатады. Екі лингвомәдениетке тән айырым белгілерге дінге, тұрмыс-тіршілікке, өмір сүру салтына байланысты тілдік санада қалыптасқан таным-түсініктер жатады. Ағылшындар аттың сұлулығы мен күшіне назар аударса, қазақ этносы жылқының түрлерін, жасын, жынысын, ауру түрлерін, жылқыдан алынатын тағамдарды да жақсы таныған. Қазақ танымы үшін мысықтың жағымсыз коннотациясы басымдық танытса, ағылшындар үшін сүйкімділік пен еркіндіктің символы болып саналады.

7. Ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялық байланыстар ертегі мәтіндері мазмұнымен сәйкес келеді. Дегенмен сауалнама нәтижелері бірқатар мәселелерге назар аударуды талап етеді: біріншіден, қазіргі қазақ жастары ата-бабаларымыз төрт түлік мал деп кие тұтқан жануарлармен

байланысты символдық мағыналарды толық біле бермейді, мағыналарын дұрыс ажырата алмайтыны байқалды; екіншіден, қазақ танымына жат болып келетін кейбір символдарды орыс және еуропалықтардың таным-түсінік өлшемімен ассоциациялайды, бұл қазіргі жас ұрпақтың тілдік санасының жұтаңдығын көрсетеді, этностың рухани әлсіреуіне, мәдени құндылықтардың жойылуына әкеледі.

Зерттеу апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Заң және әлеуметтік ғылымдарға қатысты халықаралық симпозиумда (Ыстамбұл қаласы, 11-12 қараша 2023 жыл), «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы, 12 сәуір 2023 жыл), «Филологические науки: состояние, перспективы, новые парадигмы исследований» атты VI халықаралық ғылыми конференциясында (Уфа қаласы, 23 қараша 2023 жыл), «Современная лингвистика: ключ к диалогу» атты IV Казань халықаралық лингвистикалық саммитінде (Казань, 13-15 желтоқсан 2023 жыл), «Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии» атты XII халықаралық ғылыми конференциясында (Уфа қаласы, 25 сәуір 2024 жыл), «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Астана қаласы, 12 сәуір 2024 жыл), Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясында (Ақтөбе қаласы, 1 қараша 2024 жыл), «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Ақтөбе қаласы, 14 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты. Ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағыналарын анықтау үшін GoogleForms виртуалды платформасын пайдаланып ассоциативті эксперимент жүргізілді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 13 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse // Eurasian Journal of Applied Linguistics (EJAL). Vol. 11, №1, 2025. Процентиль 85%, Q1.

https://ejal.info/article-view/?id=992

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. – 2023. – №4(71) – 73-84 б.

https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/869

2. Этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипаты (қазақ ертегілері бойынша) // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. № 4. 2024. – 82-93 б.

https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/444

3. Animalistic Vocabulary in Animal Tales // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы, 2024 жылғы №4 (149). – 61-69 p. https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/799

4. Жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі коммуникативтік стратегиялар // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ ХАБАРШЫСЫ. “ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы. No. 1 (76), 2025. – 134-145 б.

https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1429

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Animalistic metaphor is an important element of the linguistic picture of the world // Materials of Astana 2th International Symposium on Law and Social Sciences (Istanbul, Turkey, 11-12 November, 2023) / Dr. Ö. Egeliği, Dr. A. Serdaliyeva. – Istanbul: Türkisch-Deutsche Universität and Astana Publications, 2023. – 2-6 p.

2. Жануарлар ертегілері кейіпкерлерінің сөйлеу стратегиялары мен тактикасы. «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2023. – 61-64 б.

3. Animalistic vocabulary in Kazakh and English Linguistic cultures. Филологические науки: состояние, перспективы, новые парадигмы исследований: Материалы VI Международной научной конференции (г. Уфа, 23 ноября 2023 г.) / отв. ред. А.Р. Мухтаруллина. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2023. – 3-7 p.

4. Animalistic vocabulary in animal tales. Современная лингвистика: ключ к диалогу: труды и матери алы IV Казанского международного лингвистического саммита (Казань, 13–15 декабря 2023 г.): в 3 т./под общ. ред. И.Э. Ярмакеева, Ф.Х. Тарасовой. – Казань: Издательство Казанского университета, 2024. – Т. 1. – 483-486 с.

5. Zoonyms as a reflection of national cognition. Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии: Материалы XII Международной научной конференции (г. Уфа, 25 апреля 2024 г.)/отв.ред. А.Р. Мухтаруллина. – Уфа: РИЦ УУНиТ, 2024. – 11-15 p.

6. Анималистік лексиканың теңеулерде қолданылу мәселесі. «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы. – Астана, 2024. – 3100-3103 б.

7. Linguacultural aspects of animalistic vocabulary. Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 76-78 p.

8. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілердегі «мысық» анималистік лексикасын лингвомәдени талдау. «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.

– Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025. – 247-250 б.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 25 кестеде, 21 суретте көрініс тапты. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 150 атау енді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 155 бетті құрайды.

1 ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Анималистік лексика ұғымының анықталуы және зерттелуі

«Анималистік лексика» ұғымы тіл білімінде алғаш рет XX ғасырдың 60-жылдарында қолданысқа ене бастаған. Оның пайда болуы жануарлар әлемін бейнелейтін тілдік бірліктерді зерттеуге деген ғылыми қызығушылықтың артуымен тығыз байланысты. Дегенмен, осы терминнің қолданысы әлі күнге дейін біржақты пікірге ие емес. Қазіргі тіл білімінде жануарларға қатысты лексикалық бірліктер мен фразеологизмдерді қамтитын жалпы қабылданған атаулар түрліше қолданылып жүр. Осыған байланысты лингвистикалық еңбектерде бір-біріне жақын мағынадағы «анималистік лексика», «зоолексема», «зоолексика», «зоосемизм», «зооморфизм», «зоометафора», «зооним» тәрізді түрлі терминдер кездеседі.

«Анималистика» немесе «анимализм» (лат. animal – жануар) ұғымы бейнелеу өнеріндегі жанр ретінде қарастырылады. Бұл жанрда негізгі нысан – жануарлар бейнесі, ал оның көркемдік формалары кескіндеме, мүсін, графика және фотография болып табылады. Анималистік өнердің басты мақсаты – жануарларды нақты әрі шынайы бейнелеу ғана емес, сонымен қатар, оларға адамға тән қасиеттерді, әрекеттер мен эмоционалды тәжірибені телу арқылы көркем-бейнелік мазмұн беру. «Анималистік» термині алғаш рет 1877 жылы «animal» сөзіне «-istic» жұрнағын қосу арқылы қалыптасқан [1]. Бұл сөздің мағынасы – жануарларға қатысты немесе жануарларды еске түсіретін құбылысты білдіреді. Яғни, анималистік – жануарлардың бейнесі мен оларға тән көріністерді сипаттауға арналған термин. Анималистикамен қатар заманауи өнертану мен көркемдік бағыттарда «furry art» сияқты ұғым қолданылады. Мәселен, қазіргі өнер бағыттарының бірі ретінде танылатын фурри-арт (ағылш. *furry art*) – антропоморфтық сипаттарға ие жануарлар бейнесін жасауға бағытталған көркемдік шығармашылық түрі болып табылады [2].

Жануарлар әлемін табиғат аясында бейнелеуге бағытталған көркемдік ағым бар. Оның бастауы ежелгі үңгір суреттерінен басталып, қазіргі заманғы бейнелеу өнеріне дейін жалғасып келеді. Бұл бағыт анималистік өнердің тарихи негізін құрайды және жануарларды шынайы бейнелеуге ұмтылады [3, с. 18].

Алайда жоғарыда аталған көркемдік бағыттарда жануар атауларының тілдік, семантикалық немесе танымдық аспектілері қарастырылмайды. Анималистік лексиканың тілдегі көрінісі мен қызметін арнайы зерттеу тілші ғалымдардың үлесіне тиеді. Анималистік лексика жануарлар атауларына қатысты лексикалық бірліктерді, олардың тілдік құрылымдағы көрінісін, семантикалық мазмұны мен мәдени-концептуалдық сипаттарын кешенді түрде қарастыруға толық мүмкіндік береді.

«Зоолексема» көбінесе жануар атауларының өзін білдіру үшін пайдаланылса [4, с. 8], «зоосемизм» жануарлармен байланысты фразеологиялық немесе метафоралық бірліктердің мәдени-танымдық және символдық мағынасын сипаттауда қолданылады [5, с. 11]. Ал «зооморфизм» мен

«зооморфты метафора» терминдері жануарлар образының метафоралық немесе символдық түрде қолданылуын бейнелеуге бағытталған [6, с. 10]. Бұл терминдер адамның немесе басқа да нысандардың жануарларға тән мінез-құлық немесе сыртқы белгілерімен салыстыру арқылы сипатталуын көрсетеді. «Зооним» ұғымы жануарларға берілетін жеке атауларды, яғни жалқы есімдерді білдіреді және бұл термин ономастикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады [7, с. 7]. Жоғарыда аталған ұғымдар арасында мазмұндық және функционалдық айырмашылықтар бар болғанымен олардың барлығы жануарларға қатысты тілдік бірліктердің әртүрлі аспектілерін сипаттауға арналған. Сондықтан жануарлар атауларына қатысты лексикалық бірліктерді зерттеу қазіргі лингвистика мен лексикологияда көпқырлы әрі өзекті бағыт болып қала бермек.

Бұл ұғымдардың ғылыми тұрғыда қолданылуына қатысты мысал ретінде А. Салқынбай мен Е. Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігіндегі» зоонимикаға берілген анықтаманы келтіруге болады: «зоонимика – жануарларға берілетін жалқы есімдерді зерттейтін ономастиканың тармағы» [8, б. 158]. Сонымен қатар, Э. Сүлейменова «Тіл білімі сөздігінде» зоонимге «жануарға қойылатын есім, жалқы атау» деп анықтама береді. Ол мысал ретінде иттің (Шарик), мысықтың (Васька), жылқының (Құлагер), иттің (Ақтөс) есімдерін келтіреді [9, б. 131]. Ал С.А. Кузнецовтың редакциясымен жарық көрген «Новейший большой толковый словарь русского языка» сөздігінде зооморфизмге мынадай анықтама ұсынылған: «зооморфизм – жануар бейнесінің нақты немесе қиялдан туған объектілерге телінуі; құдайлар мен рухтардың жануар түрінде бейнеленуі» [10, с. 370]. «Қазақ сөздігінде» зоонимге келесідей анықтама берілген: зооним – лингвистикалық зерттеудің нысаны ретіндегі жануарлардың жалқы есімдері [11, б. 562]. Сонымен қатар, берілген сөздікте анимализмді діни наным-сенімде жануарларға табыну, жануарлар культі, зоолария ретінде қарастырады [11, б. 84].

Тіл білімінде жануарларға байланысты лексикалық бірліктерді сипаттайтын «анимализм», «зооним» және «зооморфизм» терминдері жиі қолданылады. Аталған терминдердің синонимдік тұрғыда қолданылу мүмкіндігін жан-жақты талдай отырып, олардың ғылыми әдебиеттерде қалай көрініс табатынын қарастырайық.

Тіл білімінде жануарларға қатысты лексикалық бірліктерді сипаттауда қолданылатын «анимализм» (Т.Ж. Мықтыбаева, А. Дэнги, Н.В. Николаева, Л.А. Диярова, т.б.) , «зооним» (Т.В. Хахалкина, О.В. Галимова, Н.В. Солнцева, т.б.), «зооморфизм» (И.Устуньер, М.Н. Храмова, С.Р. Тлехатук, Н.Ю. Костина, т.б.) терминдері ғылыми айналымда жиі кездесетін ұғымдардың қатарына жатады. Бұл терминдер жануарлар әлемін бейнелейтін сөздік бірліктердің әртүрлі құрылымдық-функционалдық деңгейлерін сипаттайды. Алайда олар синоним ретінде қарастырылмайды, себебі әрбір терминнің өзіне тән семантикалық жүктемесі мен қолдану аясы бар.

Лингвистикалық әдебиеттерде «анимализм» ұғымы кең ауқымды қамтитын жалпылама термин ретінде ұсынылады. Мәселен, Т.В. Козлова анимализмдерді жануарлар әлемін бейнелейтін сөздер мен олардың метафоралық

қолданыстарының жиынтығы деп анықтаса [12, с. 4], бұл ұғымды И.А. Курбанов зоонимдер мен зооморфизмдерді біріктіретін жоғары деңгейлі категория ретінде сипаттайды [13, с. 6]. А. Дэнги де осы ұстанымды қолдай отырып, зооморфизмдерді «анималистік жүйенің» құрылымдық құрамына жатқызады [14, с. 12]. Ал О. Лаврова анимализмді жануарларға қатысты барлық туындыларды қамтитын кең мағыналы термин ретінде қолдануға болатынын атап өтеді [15, с. 28].

Т.В. Хахалкинаның айтуынша анимализмдер («зоонимдер» және «зоологиялық лексика» терминдері де қолданылады) тікелей номинативті мағынасында жануарлардың атаулары болып табылады. Ол сондай-ақ зоонимдерді зоосемизмдерден (олар зооморфизмдер), яғни бастапқы номинация үшін емес, адамды сипаттау үшін қолданылатын тірі заттардың атауларынан немесе бағалау санатына байланысты пайда болатын бейнелі мағынада басқа құбылыстардан ажырату керек екенін атап өтті [16, с. 59].

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, «анимализм» ұғымы жануарларға қатысты лексикалық бірліктерді қамтитын күрделі семантикалық категория ретінде қарастырылады. И.А. Курбановтың пайымдауынша, анимализм құрамына жанды жаратылыстардың атауынан жасалған сөздер мен тұрақты тіркестер енетінін айта келе, бұл қабаттың тілдегі ең көне және маңызды құрамдас бөлігі екенін атап өтеді. Ол анимализм ұғымына зоонимдермен қатар зооморфизмдер мен зоосемизмдерді де енгізеді. Алайда аталған бірліктердің бәрін біртұтас топқа біріктіре отырып, ғалым олардың қызметі мен мағынасы жағынан бір-бірінен ерекшеленетінін де ескертеді. И.А. Курбанов зоонимдерді тікелей номинациялық қызмет атқаратын, яғни жануарлардың нақты атауын білдіретін лексикалық бірліктер деп есептейді, ал зооморфизмдерді адамның немесе түрлі құбылыстың сипаттамасын астарлы, бейнелі түрде жеткізу үшін қолданылатын метафоралық құрал ретінде сипаттайды [13, с. 156].

И.В. Куражова да зоонимдердің номинативті мәнін баса көрсетіп, оларды әлем тілдерінің барлығында дерлік кеңінен таралған, әрі тарихи тұрғыда қалыптасқан көне лексикалық қабат ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, жануар атаулары арқылы тіл иелерінің дүниетанымы, танымдық ерекшеліктері мен мифологиялық түсініктері бейнеленеді. Бұл бейнелер кейде уәжсіз болып көрінгенімен, шын мәнінде адамның мәдени тәжірибесі мен символдық ойлауынан туындайды. И.В. Куражова жануарлардың әр тілдегі атауларындағы семантикалық айырмашылықтар сол тіл иелерінің мифтік және көркемдік санада қалыптасқан өзіндік дүниетанымын білдіретінін алға тартады [17, с. 14].

Н.Ю. Костина өз еңбектерінде орнитонимдерді (құс атауларын) анималистік лексика құрамына енгізе отырып, оларды «жануар» лексикалық өрісінің ішкі жүйесі ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, бұл топ номинативті бірліктерден тұрады және оларды ортақ мағыналық сема – «құс» категориясы біріктіреді. Мұндай бірліктердің арасында сөзжасамдық, семантикалық және парадигматикалық қатынастар анық байқалады [18, с. 32].

А.А. Бызова да анимализмді кең түрде қарастырып, оған сүтқоректілермен қатар құстар, қосмекенділер және бауырымен жорғалаушылардың атауларын

жатқызады [19, с. 8]. Бұл көзқарасты ғалым Э.Л. Таукова да қолдайды. Ол анимализмге үй және жабайы жануарлар, құстар, жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар мен балықтардың атауларын кіргізіп, жануарлар әлемінің толық бейнесін тілдік деңгейде сипаттауға ұмтылады [20, с. 15].

Ал А. Дэнги анимализм ұғымын біршама тар аяда қарастырып, оған тек жануар атаулары мен солардан жасалған сын есімдерді ғана енгізеді. Оның пікірінше, жануар мүшелерінің атаулары (мысалы, құйрық, қанат, табан), сондай-ақ жануарларға тән қасиеттерді білдіретін сөздер семантикалық жағынан адамға бағытталғанымен, олар анималистік компонентке ие емес. Бұл бірліктер көбінесе бақылау нәтижесінде туындаған, бірақ өз алдына анималистік мағына бермейді деп тұжырымдайды [14, с. 45]. Ғалымның пікірімен келісу қиын, өйткені жануарлар атауларының басым көпшілігі оларды бір-бірінен ажыратып тұратын түр-түсі, жасы т.б. ерекшеліктері негізінде жасалады.

Кейбір зерттеушілер «анимализм» және «зооним» ұғымдарын тең дәрежеде қарастырады. Мысалы, Т.В. Хахалкина жануар атауларына қатысты аталған екі ұғымды синоним ретінде қолданады [16, с. 14]. Дегенмен, бұл көзқарас анималистік лексиканы құрылымдық-функционалдық тұрғыдан талдау үдерісінде бірқатар шектеулерге әкеледі. Өйткені анимализм және зооним ұғымдары синоним болмайды. Себебі, «зооним» термині тек нақты жануар түрлерін білдіретін жалқы және жалпы есімдермен шектелсе, ал «анимализм» – жануарлар бейнесінің тілдік көрінісін, оның ішінде метафоралық, символдық және мәдени аспектілерін де қамтиды. «Зооним» ұғымы лингвистикада жануарлардың нақты атауларын білдіретін тілдік бірліктерді сипаттайды. Олардың негізгі қызметі – белгілі бір жануар түрін атау. Зерттеуші И.В. Куражова зоонимдердің атау әрекетімен тікелей байланысты екендігін атап өтсе [17, с. 14], Н.В. Располыхина зоонимдерді фаунамен байланысты заттар мен құбылыстарды белгілейтін атаулар жүйесі ретінде қарастырады [7, с. 4]. «Зооморфизм» термині жануарлардың сыртқы келбеті мен мінез-құлқына тән белгілерді адамға немесе басқа объектілерге телу арқылы метафоралық сипаттама беру қызметін атқарады. Бұл тілдік құбылыс көбінесе екінші номинация деңгейінде жүзеге асады. Зерттеулерде «зоосимвол» ұғымы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл термин жануарлар бейнесінің символдық мағынаға ие болуын білдіреді. Егер зооморфизм бейнелі сипаттамаға бағытталса, зоосимвол – мәдени, рухани және дүниетанымдық мазмұнды білдіретін күрделі семиотикалық бірлік болып табылады. Басқаша айтқанда, зоосимвол нақты бейнені ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір идеяны, ұстанымды немесе философиялық мазмұнды білдіретін таңбалық сипатқа ие.

Осы орайда, мәселені зерттеуші О.В. Галимова өзінің диссертациялық жұмысында: «Зооним дегеніміз – сөздің лексикалық және семантикалық нұсқасы, жануардың жалпы атауы қызметін атқарады» деп жазады [4, с. 12].

Зоонимдік лексиканы сипаттау және жіктеу кезінде көптеген ғалымдар «зооморфизм» терминін пайдаланады; ол «жануарда бар немесе оған тілдік сана арқылы берілген және басқа референттің сипаттамасы ретінде ұсынылатын қасиетке» негізделген ауызша метафораны жатқызады [21, с. 20].

В.Н. Телияның зерттеу нәтижелері негізінде «зооморфизм»/«зооморфтық метафора», «зоосемизм» ұғымдары синонимдес және «адамның бейнелі сипатын жасау мақсатында жануарлар атауларының бейнелі қолданылуы» деп анықтауға болады деп айта аламыз [22, с. 18].

О.В. Лаврова «анимализмдер», «зоонимдік лексика», «анималистік лексика» жануарлардың тікелей номинативті атауларын білдіретін эквивалентті терминдер екенін атап көрсетеді [15, с. 121].

Әртүрлі көзқарастарды зерттеу бізге жануарлар мен ономастикалық лексиканы байланыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен, «анималистік лексика» термині «лексиканың осы қабатына қатысты сөйлеу бөліктерін сипаттауға және оларды жануарлар әлеміне тән әртүрлі сипаттамалар мен функцияларға қарай жіктеуге мүмкіндік беретін» әмбебап ұғымды білдіреді: мінез-құлық, қозғалыс, дыбыс және т.б.» [23, с. 54]. Ономастикалық лексика (ономастика) – жалқы есімдерді қамтитын лексиканың жеке категориясы. Ономастика көптеген түрлерге бөлінеді, соның ішінде зоонимдер – жануарлардың жалқы есімдері [24, с. 20].

Анималистік лексикаға қатысты мәселені арнайы зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінен алынған анықтамаларды төмендегідей кесте (кесте 1) түрінде беруге болады:

Кесте 1 – Анималистік лексика ұғымына берілген анықтамалар

Р/с	Авторлар	Анықтамалар	Еңбектерінің шыққан жылы
1	2	3	4
1	Н.В. Располыхина	«Зоонимдер» фауна әлемімен байланысты заттар мен құбылыстарды білдіретін тілдік бірліктер жиынтығы.	1984
2	В.Н. Телия	«Зооморфизм» / «зооморфтық метафора», «зоосемизм» ұғымдары синонимдес және адамның бейнелі сипатын жасау мақсатында жануарлар атауларының бейнелі қолданылуы.	1996
3	И.А. Курбанов	«Анимализм» ұғымына жануарлар атауларынан жасалған сөздер мен сөз тіркестері міндетті түрде кіреді.	2000
4	Т.З. Козлова	Анимализмдер - «жануарлар әлемінің өкілдерін білдіретін сөздер және олардың түрлі метафоралық қолданыстары».	2001
5	Т.В. Хахалкина	Анимализмдер тікелей номинативті мағынадағы жануарлардың атаулары.	2002
6	А. Дэнги	«Анимализм» ұғымы жануардың атын немесе одан жасалған сын есімді білдіреді.	2002
7	Д.З. Айзахметова	Анималистік лексиканың құрылымы әртүрлі, мүлдем басқа тілдерде зерттеу осы ұлттың мәдениеті, дәстүрлері, өмірі туралы көптеген ақпарат береді.	2003

1 – кестенің жалғасы

	2	3	4
8	О.В. Галимова	Зооним дегеніміз – сөздің лексика-семантикалық нұсқасы, жануардың жалпы атауы қызметін атқарып, сөздік қорды адамға тән белгілер тұрғысынан талдағанда қолданатын метафоралық атау.	2004
9	Н. В. Солнцева	Анимализмдер – сөзбе-сөз мағынада қолданылатын тікелей жануарлардың атаулары және олардан алынған барлық бірліктер; зоонимдер, зоологизмдер, зоосемизмдер – жануарларды білдіретін тек қана жалқы есімдер; зооморфизмдер, зооморфтық элементтер, зообейнелер жануарлар мен олардың туындыларының метафоралық қайта түсіндірілетін атаулары.	2004
10	Т.Ж. Мықтыбаева	Анималистік фразеологиялық бірліктер тіл сөйлермендерінің дүниетанымын және қоршаған біртұтас ортаны танудың ерекшеліктерін айқындайды.	2005
11	И.В. Куражова	Зоонимдер – тікелей номинативті мағынадағы жануарлар атаулары.	2007
12	О.В. Лаврова	«Анимализмдер», «зоонимдік лексика», «анималистік лексика» жануарлардың тікелей номинативті атауларын білдіретін эквивалентті терминдер.	2009
13	К.А. Умирсериков	Анималистік лексика көне лексикаға жатады және олардың әр тілдегі атауларында өзіндік ерекшелігі бар.	2014
14	А. Жумагазина	Анималистік лексика жалпыадамзаттық әмбебап сипаттарды бейнелеумен және белгілі бір этносқа тән ұлттық-мәдени ерекшелікті айқындауға қызмет ететін лексиканың көне қабаты.	2021
15	Я.И. Красовская	«Зоонимдер» термині жануарлардың аттарын, сондай-ақ құстардың, жәндіктердің, бауырымен жорғалаушылар мен кеміргіштердің аттарын білдіреді.	2022
16	К.Ю. Шалабаева	Анималистік лексика кез келген тілдің ең көне қабаттарының бірін құрайды, өйткені адам мен жануар арасындағы қарым-қатынас ежелгі дәуірлерден бастау алады.	2023
17	А. Раева, С. Экер	Зоонимдер – лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің негізгі нысаны.	2024

Осылайша, анималистік лексиканы ғылыми тұрғыдан саралау барысында оны төртке топтастыру орынды:

1. Зоонимдер – жануарлардың жылпы және жалқы атауларын білдіреді; биологиялық және лексикологиялық тұрғыдан нақты түр, класс, отряд сияқты жүйелік атауларды қамтиды [25, с. 3].

2. Зооморфизмдер – жануарлардың белгілі бір қасиеттерін басқа нысандарға телу. Мифологиядағы құдайдың жануарлар бейнесіндегі атаулары [26, с. 136].

3. Зоосимволдар – символдық-мағыналық деңгейде қызмет етеді, яғни жануар бейнесі арқылы мәдени, мифологиялық немесе дүниетанымдық мазмұндарды білдіреді [13, с. 156].

4. Зоосемизм – жануарлар атауының негізінде қалыптасқан ауыспалы мағынадағы метафоралық қолданыстар.

Жоғарыда берілген кестедегі (кесте 1) анықтамалар бойынша анималистік лексиканың тектік ұғым екені, зооним, зооморфизм, зоосемизм және зоосимвол терминдерінің түрлік ұғым екені анықталды. Төменде сурет (сурет 1) түрінде ұсынамыз.



Сурет 1 – Анималистік лексиканың түрлері

Жан-жануарлардың тура мағыналарын білдіретін атауларды зооним деп атаймыз, мысалы жылқы, ит, түйе, т.б. Жануарлардың белгілі бір жағымды/жағымсыз қасиеттерін адамға телуді зооморфизм деп атаймыз. Зоосемизм – жануарлар атауларының екінші атауы нәтижесінде пайда болған метафоралық қолданыстар, зоосимвол – жануарлар атауының тілдегі символдық қолданысы. Сонымен, анималистік лексика жануарлар әлемін бейнелейтін сөздер мен олардың метафоралық, символдық қолданыстарының жиынтығы.

Ғылыми зерттеулерде анималистік лексикаға қатысты қолданылатын терминдердің арасындағы шекараны нақты ажырату – лингвистикалық

талдаудың дәлдігі мен теориялық тұжырымдардың негізділігін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты «анимализм» ұғымын жалпылама категория ретінде қарастырып, оған зоонимдер мен зооморфизмдерді құрылымдық-функционалдық элементтер ретінде ендіру ғылыми тұрғыдан негізді тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, зоосимволдардың символдық мазмұны мен мәдени астарын жеке қарастыру – лексикалық бірліктердің прагматикалық қызметін тереңірек түсінуге жол ашады.

Біздің зерттеуімізде анималистік лексика термині қолданылады, себебі жануарлар атаулары тікелей атауыштық мағынада «анимализм» ұғымына енеді. Анималистік лексикада әлемнің тілдік бейнесін түсіну ерекшеліктері айқын көрінеді. Жануарлар символдық рөл атқарады, адамның белгілі бір қасиеттерінің анықтамалық тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді, осы тілде сөйлейтін халықтың тәжірибесін көрсетеді. Анималистік лексиканың негізінде мәдени-ұлттық стандарттармен, таптаурындармен байланысты және сөйлеу кезінде әлемнің белгілі бір тілдік бейнесіне тән менталитетті жаңғыртатын бейнелі ұғымдар жатыр.

Анималистік лексика түрлі тілдерде жан-жақты зерттеліп келеді. Мәселен, Т.В. Хахалкина нганасан тіліндегі зоонимдердің тарихи дамуы мен олардың жүйелілігін, атау әдістерін зерделеген [16, с. 2]. С.Р. Тлехатук орыс және адыгей тілдерінің зоонимдік қорын семантикалық және сөзжасамдық тұрғыдан зерттей отырып, осы лексиканың тіл иелерінің дүниетанымына әсерін айқындаған [27, с. 2]. Э.Л. Таукова зоонимдік фразеологиялық бірліктерді салғастырмалы әдіспен зерттеп, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәдени-ұлттық ерекшеліктерді ашуға бағытталған тілдік эквиваленттер жүйесін ұсынған [20, с. 2].

Орыс тілінің анималистік лексикасын мәдениетаралық коммуникация аспектісінде зерттеген О.В. Лаврова қытай филологиясы мамандығы бойынша білім алатын студенттерге орыс тілінің анималистік лексикасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады [15, с. 2].

И.А. Курбанов зоосимволды орыс және ағылшын тілдерінде талдайды [13, с. 2].

И.В. Куражова орыс тіл мәдениетімен салыстыра отырып, этникалық топ үшін құндылық бағдар ретінде ағылшын тілінің зоолексикасын зерттеді [17, с. 8].

Н.Ю. Костина орыс және ағылшын тілдеріндегі құс атауларын зерттей келе, орнитонимдерді семантикалық, тарихи-этимологиялық, сонымен қатар, функционалдық және стилистикалық сипаттары бар «жануарлар» макротобындағы ерекше топ, жиі кездесетін орнитонимдер тұрақты сөздік қорға еніп, «әлемнің тілдік бейнесін» жасауға қатысады деген тұжырымға келді [18, с. 18].

А. Дэнгидің ғылыми-зерттеу жұмысы орыс тіліндегі анималистік компоненті бар фразеологиялық бірліктерді венгр тілімен салыстыра отырып сипаттауға арналған. Зерттеуші екі түрлі тілдік-мәдени кеңістікте – орыс және венгр тілдерінде – жануарлар бейнесі негізінде қалыптасқан фразеологиялық жүйелер арасында айтарлықтай ұқсастықтар бар екенін анықтады. Бұл

ұқсастықтар көбіне зооморфтық белгілер арқылы көрініс табады. Ғалымның пайымдауынша, мұндай фразеологиялық бірліктерді түсіну екі тіл арасындағы коммуникацияда мағынаны дұрыс қабылдау мен жеткізудің маңызды шарты болып табылады. Осыған байланысты ол фразеологиялық бірліктердің адекватты интерпретациясы екі ұлт арасындағы тілдік өзара әрекеттестікті жеңілдетуге ықпал етеді деген қорытынды жасайды [14, с. 12].

Зоолексика мәселесін лингвистикалық тұрғыда жан-жақты талдаған зерттеушілердің бірі – Р.А. Карам. Ол орыс тіліндегі күрделі құрылымды зоологиялық лексиканы зерттей отырып, бұл категориядағы сөздердің түрлері, семантикалық және терминологиялық ерекшеліктері жөнінде теориялық тұжырымдар жасайды. Ғалым зоологиялық бірліктердің құрылымдық-семантикалық қасиеттерін анықтап, олардың сөзжасам жүйесіндегі қызметін айқындауға баса назар аударады. Атап айтқанда, зоокомпозиттердің жасалу тәсілдері мен олардың мағыналық аясын сипаттауға ерекше мән береді [28, с. 6].

Н.В. Солнцева төмендегідей тұжырым жасайды: анимализмдер – сөзбе-сөз мағынада қолданылатын тікелей жануарлардың атаулары және олардан алынған барлық бірліктер; зоонимдер, зоологизмдер, зоосемизмдер – жануарларды білдіретін тек қана жалқы есімдер; зооморфизмдер, зооморфтық элементтер, зообейнелер жануарлар мен олардың туындыларының метафоралық қайта түсіндірілетін атаулары [5, с. 4].

Я.И. Красовская өзінің жұмысында «зоонимдер» термині жануарлардың аттарын, сондай-ақ құстардың, жәндіктердің, бауырымен жорғалаушылар мен кеміргіштердің аттарын білдіретінін айтады. Бұл санатқа осы тіршілік иелерінің бөліктері мен белгілерін білдіретін лексикалық бірліктерді де кіріктіреді. Әдебиетте кездесетін «анимализмдер», «орнитонимдер», «инсектонимдер» және т.б. терминдер ішінара синоним екендігін атап көрсетеді [29, с. 5].

Қазақ тіл білімінде зоонимдік лексика мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми тұрғыда қарқынды зерттеле бастады. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер Т.В. Линко, Т. Қоңыров, А. Жакипов, К.А. Умирсериков, Т.Ж. Мықтыбаева, Н. Айтбаева, Ж. Байтелиева, Д.З. Айзахметова, К. Шалабаева, А. Раева, А. Жумагазина сынды зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты. Аталған ғалымдардың зерттеулері зоонимдердің тілдік табиғатын, семантикалық құрылымын, сондай-ақ олардың этномәдени мазмұнын ашуға бағытталған.

Мәселен, А. Жакипов өз зерттеуінде түйе шаруашылығына байланысты атауларды салыстырмалы түрде қарастырады. Оның зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі түйе шаруашылығына байланысты лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық классификациясы жан-жақты қарастырылған. Зерттеуде атаулардың этимологиясы, лексикалық варианттары және олардың араб, парсы, моңғол тілдерімен тарихи-семантикалық байланыстары да терең талданған. Автор түйе шаруашылығына қатысты 800-ден астам сөз бен сөз тіркестерін қамти отырып, қазақ тіліндегі анималистік лексиканың маңызды қабатын жүйелеуге талпыныс жасаған [30, с. 5].

Т. Қоңыров өзінің жұмысында адамды теңеу тәсілі арқылы жануар атауымен белгілеу әрбір тілде ерекше болып келетіндігін атап көрсетеді [31, б. 27].

А. Раева, С. Экер зоонимдерді мәдениет пен тілдің элементі ретінде қарастыра келе, оларды лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің негізгі нысаны ретінде қарастырады [32, p. 92].

Анималистік лексика мәселесін зерттеуде әртүрлі тілдік кеңістіктерге тән ерекшеліктерді салыстырмалы түрде қарастырған бірқатар ғалымдардың еңбектері айрықша назар аударарлық. Т.В. Линко өз зерттеуінде түстердің зоонимдердің жасалуына тигізетін ықпалын жан-жақты сипаттайды [33, с. 12].

Ал Т.Ж. Мықтыбаева зерттеуінде анималистік фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы аспектіде зерттеп, олардың мағыналық және мазмұндық құрылымына талдау жүргізеді. Ғалымның пікірінше, мұндай тұрақты тіркестер тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар, тіл сөйлермендерінің дүниетанымын, қоршаған болмысты қабылдау ерекшеліктерін де бейнелейді [34, б. 48].

К.А. Умирсериков қазақ тіліндегі анималистік фразеологиялық бірліктердің когнитивті сипатына назар аударып, олардың байырғы лексика қатарына жататынын атап көрсетеді. Зерттеушінің пайымдауынша, бұл бірліктердің әр тілдегі көрінісі белгілі бір мәдени-когнитивті ерекшеліктермен сипатталады [35, б. 42].

Д.З. Айзахметованың еңбегі анималистік лексиканы лингвомәдени аспектіде талдауға арналған. Ғалым анималистік атаулардың құрылымын үш тілдік деректер негізінде салыстыра отырып, олардың тек тілдік қана емес, этномәдени сипаттағы ақпарат көзі екенін дәлелдейді. Оның пайымдауынша, жануар атаулары әр халықтың мәдени дүниетанымымен, тұрмыс-салтымен, өмір сүру дағдысымен тығыз байланысты. Осы тұрғыда зерттеуші қазақ тіліндегі жылқы, ірі қара және мал өнімдеріне қатысты атауларды қарастырып, оларды мәдениетпен байланыста сипаттайды [36, с. 67].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулерде анималистік лексика негізінен лексикографиялық дереккөздер бойынша талданады. Қазақ тіл білімінде ертегілердегі анималистік лексиканы арнайы зерттеу соңғы жылдардың үлесіне тиеді. Атап айтатын болсақ, А. Жұмағазина өзінің магистрлік диссертациясында үш тіл ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипатын салғастыра зерттей отырып, анималистік фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени компонентке зер салады [37, б. 3]. К.Ю. Шалабаева қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипатта бейнелеуін, лексикалық құрамын қарастырған [3, с. 4]. Көрсетілген зерттеулер анималистік лексиканы лингвомәдени аспектіде зерттеуге ұмтылады. Зерттеушілер құрылысы әртүрлі ертегі мәтіндеріндегі анималистік компонентті фразеологизмдерді қазақ мәдениетімен байланыста талдайды. Сонымен бірге, анималистік лексиканың құрамы, жасалу тәсілдері, шығу көздері зерттеледі. Анималистік лексиканы зерттеген еңбектердің қай-қайсысын алып қарасақ та онда лингвомәдени бағыттың басымдығын байқаймыз. Зерттеушілер тарапынан

анималистік лексиканың когнитивті қыры назардан тыс қалғаны көрінеді. Кез келген ұлттың дүниетанымын оның қоршаған дүниені қабылдау, өңдеу, сақтау және жеткізу сияқты когнитивті үдерістерімен байланысты анықталатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда анималистік лексиканы когнитивті аспектіде зерттеудің маңызы зор деп санаймыз. Бізге дейінгі анималистік лексиканы зерттеуге арналған еңбектерге айтылатын тағы бір сын – ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістерінің арнайы сөз болмауы. Біз өз тарапымыздан осы олқылықты толықтыруға ұмтылыс жасаймыз.

1.2 Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері

Зерттеуіміз анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектіде талдауға қатысты болғандықтан осы тұрғыда қолдануға болатын әдіснама, ұстанымдар мен әдістерді таңдап алуымыз қажет. «Әдістеме дегеніміз – адамның пәндік-практикалық және танымдық іс-әрекетінің жалпы теориясы, олардың ерекшеліктері мен өзара әрекеттесуі және ғылыми іс-әрекеттің әдістері, құралдары мен орындау түрлері туралы ілім» [38, с. 36].

Соңғы онжылдықтарда ғылым әлемінде әртүрлі гуманитарлық бағыттар мен зерттеу әдістерінің тоғысында жүргізілетін зерттеулер ерекше мәнге ие болып отыр. Ғалымдар тілдегі адам факторына қызығушылық танытып, белгілі бір ұлттың тілін мәдениетімен, ділімен, салт-дәстүрімен бірлікте қарауға ауысты. Осындай ғылыми зерттеу бағыттарының бірі – лингвомәдениеттану. Мұнда тіл «ұлттың мәдени коды, мәдениетті жасау, дамыту және сақтау құралы ретінде, ал тілдік бірліктер ұлттық мәдениеттің белгілері ретінде зерттеледі» [39, с. 58]. Мәдениеттану мәселелерімен айналысқан көрнекті тіл ғалымдарының бірі – В.Н. Телия. Оның пікірінше, лингвомәдениеттанудың негізгі ұстанымдары бір жағынан адамдық (мәдени), екінші жағынан, лингвистикалық факторға бағытталған. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны мәдениет феномені болып табылады» [40, с. 217]. В.А. Маслова лингвомәдениеттану ұғымын ұлттық тіл арқылы көрініс табатын, әрі тілдік үдерістерде айқындалатын халықтың материалдық және рухани құндылықтарын зерделейтін пәнаралық бағыт ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, бұл сала тілдің негізгі қызметтерінің бірі – мәдениетті қалыптастыру, тарату, сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралдары ретіндегі рөлін тереңірек түсінуге жол ашады. Зерттеуші лингвомәдениеттанудың басты мақсаты ретінде тілдік бірліктер арқылы мәдениеттің бейнелену, берілу және сақталу механизмдерін анықтауды алға тартады [41, с. 30].

С.Г. Тер-Минасова бұл ұғымды тіл мен мәдениет арасындағы өзара ықпалдастық пен байланыс үдерістерін жүйелі талдау арқылы қарастыратын ғылыми пән ретінде қарастырады. Оның пайымынша, лингвомәдениеттану – тілдік және экстралингвистикалық (мәдени) мазмұндарды тұтас құрылым

ретінде зерттеп, оларды заманауи құндылықтар мен мәдени институттар тұрғысынан қарастыратын кешенді бағыт [42, с. 18].

Лингвомәдениеттану қазіргі тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі ретінде «тіл ↔ мәдениет» диадасын зерттеу негізінде қалыптасқан. Бұл бағыт тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын, ұлттық сана мен дүниетанымның тілдік бейнеленуін кешенді түрде зерделеуді мақсат тұтады. «Лингвомәдениет – тіл мен мәдениеттің тоғысқан тұсында пайда болатын ерекше семиотикалық кеңістік ретінде қарастырылады. Бұл кеңістік мәдени мәндердің тілдік таңбалар арқылы көрініс табатын және тілдік бірліктердің мәдениетпен семантикалық байланыста болатын жүйесі болып саналады» [43, с. 171]. Лингвомәдени талдау нысаны ретінде тілдің барлық деңгейлеріндегі (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) мәдени-ұлттық мазмұнды білдіретін бірліктер қарастырылады. Оның ішінде анималистік лексика да лингвомәдениеттанудың зерттеу аясына кіреді. Қазіргі кезеңде бұл бағыт мәтінге ерекше назар аударып отыр. В.М. Шаклеиннің пайымдауынша, бұл құбылыс «лингвомәдени мазмұнды мәтіндік деңгейде тану қажеттілігімен тығыз байланысты» [44, с. 78].

Осы тұрғыда лингвомәдени талдаудың әдіснамалық негіздерін нақтылау өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Бұл бағыттың пәнаралық сипаты оның әдістемелік құралдарын да әртүрлі сала шеңберінде қолдануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, этнопсихология, лингвофольклортану, антрополингвистика, концептология, когнитивті мәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және лингвоелтану секілді ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Лингвомәдени зерттеулерде пәнаралық ұстанымға ерекше назар аударылады. Бұл ұстаным тіл білімі, мәдениеттану, әлеуметтану бағытындағы зерттеу әдістерін үйлестіре отырып, мәдени семантиканы тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Қолданылатын әдістердің басты талабы – тілдік дереккөздердегі мәдени мағыналарды, ұлт болмысын бейнелейтін мазмұнды анықтау әлеуетінің болуы. Жалпы алғанда, қазіргі лингвомәдениеттануда бірқатар маңызды зерттеу бағыттары қалыптасқан. Бұл бағыттар тіл мен мәдениет арасындағы күрделі өзара байланысты тереңнен тануға жол ашады және ұлттық дүниетанымды сипаттауда тілдің мәдениеттүзуші қызметін айқындайды [45, с. 144].

Квантитативтік талдаумен қатар қолданылатын доминанттық талдау көбінесе сол талдаудың жалғасы ретінде қарастырылады және ол тілдік деректер ішінен ең жиі кездесетін лексемаларды анықтауға бағытталады. Ғалым А.Т. Хроленко зерттеу негізінде «жиі қолданылатын лексемалардың ішінде белгілі бір этностың, әлеуметтік топтың немесе жеке индивидтің тілдік дүниетанымының доминанттары көрініс табады» деген тұжырым жасайды [46, с. 153]. Аталған әдіс мәдениеттегі кілт сөздер мен лингвомәдени концепттерді анықтауда тиімді әдістерінің бірі ретінде саналады. Орыс ғалымы А. Вежбицкаяның пайымдауынша, егер белгілі бір ағылшын сөзі мағынасы жағынан орыс тіліндегі сөзбен сәйкес келсе, бірақ ағылшын тілінде ол жиі қолданылып, орыс тілінде сирек кездессе (немесе керісінше), бұл айырмашылық олардың мәдени мәнінің әртүрлі екенін көрсетеді [47, с. 30-31]. Аталған әдісті

А.Д. Шмелев те қолдайды. Ол тілдік «бірліктер мәдениетті танудың құралы бола алады деген пікірді ұстана отырып, бұл құрал мәдениеттің тұтас бейнесін емес, белгілі бір этносқа тән этномәдени таным үлгілерін анықтауға мүмкіндік береді» деп есептейді [48, с.18]. Қазіргі лингвистикалық ғылым даму деңгейінде жиілік талдауды корпустық лингвистика шеңберінде жүргізу мүмкіндігі айтарлықтай артып отыр. Ұлттық тіл корпусы лингвомәдени сипаттағы зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жиілік тұрғысынан маңызды лексемаларды, яғни мәдениеттің кілт сөздерін айқындау, концепттерді қайта жаңғырту, олардың дискурстағы көріністерін талдау және қоғам өміріндегі тарихи-мәдени мәнін зерделеу мүмкіндігі туады [45, с. 145].

Қазіргі таңда когнитивті лингвистиканың жалпы әдіснамалық ұстанымдары тұжырымдалған, олардың қатарына антропоцентризм ұстанымы, когнитивті зерттеулердің пәнаралық сипаты, тілдің екі негізгі қызметінің тең құқықтылық ұстанымы – когнитивті және коммуникативті, тіл мен сөйлеудің концептілік бірлігі ұстанымы, адамның түсінік жүйесін ұйымдастырудағы сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуіндегі тәжірибенің рөлін тану ұстанымы, тілдік шындықты түсіну ұстанымы және басқалары. Аталған ұстанымдар жалпы болып табылады және кез келген лингвистикалық және когнитивті зерттеулердің негізін құрайды. Дегенмен, бағыттың, теорияның, зерттеу әдістемесінің ерекшеліктеріне қарай ғалымдар ғылыми зерттеулерге негізделетін неғұрлым нақты әдіснамалық ұстанымдарды жасап шығарды.

Компоненттік талдау – тілдік бірліктің ұлттық-мәдени мәнін айқындайтын семантикалық компоненттерді анықтауға бағытталған әдіс. Бұл әдіс, әсіресе, екі немесе одан да көп құрамдас бөліктен тұратын таңбаларға қатысты аса тиімді. Мысалы, фразеологиялық бірліктер. Фразеологизмдерді ұлттық мәдениетпен байланыстыратын басты категория коннотация болып табылады. Оны В.Н. Телия «денотативтік немесе бейнелі-мағыналық аспектілердің мәдени категориялар арқылы интерпретациялануы» ретінде сипаттайды [40, с. 214]. Фразеологиялық бірліктің бейнелі негізі – сол тілдің ұлттық-тарихи, әлеуметтік және рухани мәдениетіндегі ақпаратты вербализациялаудың негізгі арнасы. Лингвомәдени интерпретация үдерісі бейнелі мазмұнды белгілі бір ұлттық мәдениеттегі категориялармен, концепттермен, мифологемалармен, таптаурындармен және эталондармен салыстыру арқылы жүзеге асады. Тек осындай мәдени кеңістіктегі сәйкестендіру мен интерпретация нәтижесінде ғана бейне мазмұнының мәдени мәні ашылады [40, с. 231]. Компоненттік талдау мәтінді жеке шығарма ретінде емес, үлкен мәтін бірлігі ретінде, ал ондағы туындайтын бейнелерді мәдениетте ортақ бейнелі парадигмалардың бірліктері ретінде қарастыруды көздейді. Бұл тәсілдегі зерттеудің негізгі нысаны белгілі бір тілдік бірліктердің жай ғана денотативті мағынасы емес, олардың коннотативтік (мәдени) компоненті (белгілі бір мәдениеттің сөйлеушілерінің идеясына байланысты) болмақ. Коннотативтік ақпаратты түсіну оңай мәселе емес. Ол белгілі бір ассоциативті байланыстарды құруды және экстралингвистикалық фактілерге жүгінуді талап етеді. Онсыз тілдік бірліктердің мәдени-тарихи мазмұнын және тұтас мәтінді түсіну мүмкін емес.

Компоненттік талдау әдісі – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашуда, оның ішінде анималистік лексиканың ұлттық-мәдени мазмұнын анықтауда өте тиімді әдіс [49, с. 117]. Бұл әдіс зерттелетін анималистік лексиканың мағыналық құрылымын терең талдауға**,** мәдени кодтарды ашуға және ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін сипаттауға мүмкіндік береді. Компоненттік талдау әдісі – күрделі тілдік бірліктерді мағыналық компоненттерге (семаларға) бөліп, солардың ішінен ұлттық-мәдени мазмұнды анықтауға мүмкіндік беретін семантикалық зерттеу әдісі [50, с. 81]. Анималистік лексикадағы концепт**,** символ**,** ассоциация және таптаурындар әрбір этностың дүниетанымымен, мәдениетпен тығыз байланысты. Анималистік лексикаға жататын сөздер тек биологиялық нысан ретінде емес, мәдени-танымдық бейне ретінде көрініс табады. Бұл бейнелер халықтың өмір салтына, мифологиясына, наным-сеніміне, фольклорына негізделген. Компоненттік талдау барысында анималистік атаулар мынадай деңгейлерде талданады:

1. Тікелей денотативтік мағынасы (мысалы: «қасқыр» – жыртқыш аң);
2. Коннотативтік мағынасы (мысалы: «қасқыр» – ерлік, батырлық, жауынгерлік белгісі);
3. Таптаурындық-ассоциативті семалар (қасқыр – қауіптілік, даралық, тәуелсіздік);
4. Мәдени-символдық мазмұны (қазақ мифологиясында – киелі аң, рудың атасы: Ашина – көк бөрі).

Дискурсивтік талдау мәдениетті танудың жетекші әдістерінің бірі болып табылады. Себебі, мәтін – мәдени мағыналарды жеткізудің ең маңызды формасы саналады. Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан мәтінді барлық деңгейде зерттеуге болады: оның құрылымы, мазмұндық жағы, прагматикалық бағыты және тілдік сипаты [44, с.78-79]. Мән-мағыналарды көркем мәтін негізінде қайта жаңғырту әдісі лингвоелтанулық бағыт аясында жасалған. Зерттеушілер мәтінді түсінудің деңгейлерін ескере отырып, мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістемелерін ұлттық мәдениеттің семантикалық кеңістігімен тікелей байланысты маңызды ұстанымдармен толықтырды. Бұл ұстанымдар тілдік сипатта көрінеді, себебі тілдік таңба мәдени мағыналарды кодтау және трансформациялау қабілетіне ие. Ғалым В.Г. Костомаровтың пайымынша, мәтін мазмұнындағы позитивтік танымдық ақпарат тасымалдаушылары – бұл мәтінде кездесетін тілдік бірліктер (жеке сөздер, тұрақты тіркестер, фразеологизмдер, тілдік афоризмдер мен қатынастық бірліктер). Олардың бойындағы ұлттық-мәдени семантиканы ашу мен күшейту – бұл лингвомәдениеттанымдық талдаудың басты мақсаты [51, с. 10-11]. Аталған семантиканы ашу тек мәтінді үстірт қарастыру арқылы емес, көркем мәтінге терең, жүйелі лингвомәдениеттанымдық сараптама жасау арқылы жүзеге асады. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер деңгейінде мәдени мағыналарды реконструкциялау үшін когнитивті-концептуалдық талдау әдістері де кеңінен қолданыс тапқан. Бұл бағыт – мәдени мағыналардың тұлғаның концептуалды әлем бейнесіндегі орны мен қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Анималистік лексиканы дискурсивті талдау – жануарлар бейнесі арқылы қалыптасатын ұлттық дүниетанымды,

құндылықтар жүйесін және қоғамдық-психологиялық үдерістерді танудың құралы. Бұл әдіс жануарлар атауларының мағынасы мәтін, сөйлеу жағдаяты және прагматикалық мақсаттармен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, түрлі тілдік және мәдени кеңістіктегі анималистік бейнелердің семиотикалық және концептуалдық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін зерттеген Н. Култанбаева ертегі дискурсын когнитивті-коммуникативтік тұрғыда екі негізгі бағытта қарастыруға болатындығын айтады: біріншісі – коммуникативтік аспект, мұнда дискурс экстралингвистикалық әсерлердің ықпалын ескере отырып, әлеуметтік әрекет ретінде сипатталады; екіншісі – когнитивті аспект, яғни дискурс сана қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ертегідегі дискурстық әрекет мазмұнында ақпаратты өңдеу және білімді тасымалдау үдерістерімен байланысты когнитивті сипат айқын көрініс табады. Бұл тұрғыда ертегі дискурсының когнитивті-коммуникативтік деңгейі екі түрлі білім жүйесіне сүйенеді. Біріншіден, коммуникативтік әрекет барысында қатысушылар (яғни ертегіші мен тыңдаушы), қарым-қатынас жағдаяты және дискурстық жағдайлар туралы жүйелі білім маңызды рөл атқарады. Бұл – қарым-қатынас ережелерін меңгеруге негіз болатын прецеденттік ақпараттар жиынтығы. Екіншіден, мәдениетаралық коммуникация мен ұлттық дүниетаным аясында қалыптасқан когнитивті білім қоры, атап айтқанда, қоршаған ортаны қабылдаудың ұлттық, мәдени, әлеуметтік, кәсіби және гендерлік ерекшеліктерге негізделген жүйесі де елеулі орын алады. Сөйлеуші коммуникативтік жағдаят пен өзінің тілдік қабілеттерін ескере отырып, қажетті тілдік құралдарды таңдайды және дискурстық әрекетке түседі. Ал тыңдаушы өз білім қоры мен дискурстық тәжірибесіне сүйене отырып, ақпаратты қабылдайды, түсінеді. Осы дискурстық әрекет шеңберінде «қарым-қатынас барысында қандай тілдік құрылымдар таңдалады?» деген сұрақ дискурстың когнитивті аспектісін, ал «таңдалған тілдік құралдар қандай формада жүзеге асырылады?» деген мәселе дискурстың коммуникативтік аспектісін айқындайды [52, б. 95].

Профессор Б. Қалиевтің пайымдауынша, тілдік таңбалар тек сыртқы формасымен ғана емес, ішкі мазмұны және адресатқа тигізетін прагматикалық ықпалымен ерекшеленеді. Сөйлеуші осы тілдік құралдардың ықпал ету қабілетін саналы түрде пайдалана отырып, өз коммуникативтік мақсатын жүзеге асырады. Себебі, кез келген сөз белгілі бір мақсатпен қолданылады және сол арқылы сөйлеуші тыңдаушының қабылдауына әсер етіп, оны нақты әрекетке жетелеуге ұмтылады [53, б. 200]. Осылайша, тіл – ойды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар іс-әрекетке итермелеудің тетігі ретінде қызмет атқарады. Тіл – бұл адамның ақыл-ойын тудыратын бірлескен адами қызметтің түрі [54, с. 305], ол адамға қоршаған ортадан ақпарат алып, оны өз пайдасына жарату қабілетін береді [55, с. 58]. Мұндай түсіндірмеде коммуникативтік әрекет ішкі мәні бойынша стратегиялық сипатқа ие, себебі ол әрқашан адамның бастапқы әлеуметтік-биологиялық қажеттіліктерімен уәжделген мақсаттарға бағынышты болады. Бұл тұрғыдан алғанда, коммуникацияны зерттеушілердің назарында

«стратегия» ұғымы алға шығады, оған коммуникацияның базалық категориясы және коммуникативтік қызметті құрылымдаудың бірлігі мәртебесі беріледі. Осыған байланысты, стратегияның когнитивті мәртебесін негіздеуге бағытталған әрекеттер назардан тыс қалмауы тиіс. Когнитивті-коммуникативтік тұрғыдан алғанда, стратегияны былай сипаттайды: бұл – қоғамдағы мінез-құлық үлгілері туралы ұжымдық білімге сүйене отырып қалыптасқан сөйлеушінің коммуникативтік ниеті; сол ниеттің нақты коммуникативтік жағдаятта әлеуметтік маңызы бар мақсаттарға қол жеткізуге лайықтылығының бағалануы; бұл ниеттің вербалды құралдар арқылы жүзеге асырылуы және сол жүзеге асырылған әрекетті коммуникацияға қатысушылардың ұғынуы [56, с. 107]. Мұндай ұстаным коммуникативтік әрекеттің/өзара әрекеттестіктің когнитивті негіздерін айқын алдыңғы қатарға шығарады. Әрине, коммуникативтік стратегияның когнитивті негізіне тек энциклопедиялық білімдер ғана жатпайды. Сонымен қатар:

– бұл ниеттерге жетудің құралдық (инструменталды) білімдері (мысалы, баяндау, сипаттау, түсіндіру, дәлелдеу және т.б.);

– сондай-ақ тілдік білімдер (яғни, тілдің түрлі деңгейіндегі бірліктерді іздеп, оларды қажетті түрде біріктіріп қолдану) де маңызды рөл атқарады [57, с. 29].

Ертегілердегі коммуникативті стратегияларды талдауда Дж. Остин мен Дж. Серль ұсынған сөйлеу әрекетінің теориялары шешуші рөл атқарады. Салыстырмалы зерттеуде әртүрлі мәдениеттердің ертегілерінде мәлімдеменің өзі, сөйлеушінің ниеті және өтініштің адресатқа тигізетін әсерінен әрекеттердің қалай жүзеге асатынын байқау маңызды. Бұл қазақ және ағылшын ертегілеріндегі баяндауындағы әмбебебап және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл теория ертегі кейіпкерлерінің өз мәлімдемелері арқылы қарым-қатынасын қалай құрайтынын, ниетін білдіретінін және тыңдаушыларға қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік береді. Сөйлеу актісінің қатысушылары тарапынан жүзеге асырылатын қуаныш білдіру, сұраныс, ұсыныс, өтініш, бұйрық беру мен оны орындауға келісу сынды вербалды әрекеттер коммуникативтік өзара ықпалдастықтың негізінде қалыптасатын қарым-қатынас стратегиясының мазмұнын айқындайды [58, с. 153]. Мұндай тілдік амалдар адресант пен адресат арасындағы прагматикалық байланыс сипатын нақтылап, олардың тілдік ниетіне және сөйлеу жағдаятына тікелей тәуелді болады [59, с. 85].

П. Грайс ынтымақтастық ұстанымының үлгісін ұсынды, оған сәйкес диалогқа қатысушылар әңгімелесушінің бірнеше максимумдарды (сан, сапа, өзектілік және бейне) ұстанатынын болжайды. Ертегілердегі бұл нормалардың бұзылуы күлкілі әсер тудыратын, кейіпкерлердің архетиптік сипатын баса көрсететін немесе жасырын мағыналарды беретін әдейі стильдік құрал ретінде қызмет етуі мүмкін. Салыстырмалы талдауда сөйлеу тактикасын таңдауда мәдени ерекшеліктердің қалай көрінетініне назар аудару керек: мысалы, ынтымақтастық ұстанымын қолдану мәдени мәнмәтінге байланысты әртүрлі болуы мүмкін, бұл ағылшын және қазақ ертегілерінің ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді. Пол Грайстың жұмысы және оның

«ынтымақтастық ұстанымы» қарым-қатынаста қатысушылар белгілі бір нормаларды басшылыққа алатынын атап көрсету арқылы сөйлеу әрекеттері туралы түсінігімізді кеңейтеді. Бұл әңгімелесушілердің тек айтылған сөздің мағынасын ғана емес, сонымен қатар, оның мәнмәтінін ескере отырып, диалогты қалай құрайтынын түсінуге көмектеседі [60, p. 28].

Дискурстық талдау ертегі мәтіндерінің идеялық және мәдени маңызды құрылымдарды қалай құрайтынын қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ және ағылшын ертегілерін салғастыра отырып, әңгімені ұйымдастыру ерекшеліктеріне, қайталанатын мотивтердің қолданылуына және кейіпкерлерді орналастыру стратегияларына назар аударған жөн. Бұл талдау лингвистикалық құралдардың әртүрлі қауымдастықтардағы дәстүрлі мәдени құндылықтар мен моральдық нормаларды қалай қолдайтынын немесе өзгертетінін көрсетеді.

Г.М. Алимжанова тілді белгілі бір этностың мәдени болмысы мен дүниетанымын танытатын құрал ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді [61, с. 3]. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдік бірліктер арқылы мәдениетті тануға жол ашады. Лингвомәдениеттану аясындағы тілдік зерттеулердің мазмұны тек атауыштық деңгеймен шектелмей, коммуникативтік тактикалар, сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері, сондай-ақ белгілі бір халықтың дүниетанымы мен көзқарас жүйесін де қамтиды. Осыған байланысты әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынастың тиімді жүзеге асуы олардың лингвомәдени ерекшеліктер туралы білімдеріне тәуелді. Сондықтан да салғастырмалы лингвомәдениеттану тек жекелеген сөз тіркестерімен шектелмей, мәтін, дискурс, тілдік әрекет және тілде бейнеленетін құндылықтар жүйесін зерттеудің өзекті нысандары ретінде қарастырылады.

Ассоциативті эксперимент кеңінен танымал және психолингвистикада, психологияда, әлеуметтануда және психиатрияда белсенді қолданылады. Лексиканы зерттеу мақсатында ассоциативті эксперимент әдісін қолданудың тиімділігін бірқатар авторлар (Дж. Миллер, Ч. Осгуд, А.П. Клименко, т.б.) дәлелдеген. Ассоциативті эксперимент ана тілінде сөйлеушілердің когнитивті санасындағы концепттің мазмұнын анықтауға және концепті құраушы белгілерді жіктеуге көмектеседі. Тілдік сананың өзегіне ассоциативті-вербальды желідегі жиілік ұстанымы негізінде анықталған байланыстардың ең көп саны бар ассоциациялар жатады.

Ассоциативті эксперименттердің деректері негізінде ассоциативті сөздіктерді жасауға болады, оларды салыстыру әртүрлі тілде сөйлеушілердің лексикалық ассоциациясына тән әмбебап және нақты заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Ассоциативті эксперимент сөздің семантикасын ғана емес, сонымен қатар, тілдік таптаурындарды, менталитеттің өзіндік ерекшеліктерін ашуға көмектеседі, яғни ассоциативті эксперимент адамның тілдік санасына қол жеткізудің тиімді әдісі болып табылады. Әрбір ынталандырушы сөз «белгілі бір мәдениеттің тасымалдаушысының санасында, оның мотивінде, бағалауында, демек, оның мәдени таптаурындарда көрінетін белгілі бір этнос әлемі бейнесінің фрагментін» білдіретін нақты ассоциативті өріске сәйкес келеді [62, с.140].

Қазіргі тіл білімінде бұл әдіс кеңінен қолданылып келеді. Себебі, ассоциативті эксперимент барысында алынған жауаптар көбіне автоматты түрде жүзеге асады, бұл жеке тұлғаның санасында орныққан, жиі белсенетін танымдық байланыстарды айқындауға негіз болады. Эксперименттің негізгі мәні – зерттелушіге ұсынылған сөз-стимулға жауап ретінде оның санасында бірінші пайда болған сөзді немесе сөз тіркесін тіркеу болып табылады. Алынған эксперименттік деректерді талдау арқылы сана фрагменттерінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері туралы құнды ақпарат алуға болады. Сөз-стимулдарға берілген жауаптарды талдау мен жүйелеу нәтижесінде ассоциативті өріс қалыптасады, ол тілдік сананың мазмұндық ұйымдасу сипатын сипаттауға мүмкіндік береді. Ассоциативті эксперименттердің мақсаты – есте сақтау, сөздік қорын, сөйлеудің жасалуы мен қабылдауын зерттеу және әртүрлі тілде сөйлеушілердің тілдік санасының ұлттық мәдени ерекшелігін зерттеу. Ассоциациялар лингвистикалық сананы субъективті өкілдік жүйе ретінде зерттеудің ең жақсы әдісін ұсынады. Ассоциативті эксперименттер мәдениетаралық зерттеулерге бай материал береді, еркін ассоциациялардың әмбебап сипаттамаларын да, әртүрлі мәдениеттердегі сөздер арасындағы байланыстардың ерекшелігін де анықтауға мүмкіндік береді.

Белгілі бір ынталандырушы сөзге әртүрлі субъектілер қайталайтын ассоциативті реакциялар субъектілердің санасында және тілінде объективті түрде өмір сүретін сөздер арасындағы байланыстарды көрсетеді. Ең жиі кездесетін реакцияларға лексеманың берілген тілдегі негізгі мағынасы жатады. Ассоциативті өрістің негізгі құрамдас бөліктері иерархиялық, парадигматикалық және синтагматикалық байланысқан ассоциациялардан тұратын өзегі, орталығы және перфириялық аймақ болып табылады. Ассоциативті өрістің өзегі маңызды жиілік ассоциацияларын қамтиды. Сирек кездесетін ассоциациялар әдетте ассоциативті өрістің периферіялық аймағы деп аталады.

Біз өз зерттеуімізде қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасын төмендегі кестеде (кесте 2) ұсынамыз:

Кесте 2 – Анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы

№	Зерттеу әдістерінің атауы	Зерттеудің сипаты
1	2	3
1	Мәтіннен түгелдей теру әдісі	Мәтіннен түгелдей теру әдісі арқылы анималистік лексиканы жинау
2	Доминанттық талдау әдісі	Жиналған анималистік лексиканың жиілігін анықтау, тілдік бірліктердің маңыздылығын белгілеу
3	Компоненттік талдау әдісі	Анималистік лексиканың денотативтік және коннотативтік мағыналарын, ерекше белгілерін, символдық мағынасын, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердегі қызметін анықтау

2-кестенің жалғасы

1	2	3
4	Концептуалды талдау әдісі	Анималистік лексиканы концепт, метафора тұрғысынан талдау
5	Дискурстық талдау әдісі	Ертегілердегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды айқындау
6	Салғастырмалы талдау әдісі	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы салғастыра талдау
7	Ассоциативті эксперимент	Тілдік санадағы анималистік лексикаға қатысты ассоциацияларды жинақтап, талдау арқылы ұлттық ерекшеліктерді анықтау

Зерттеу барысында атқарылған жұмыстарды кезең-кезеңімен қарастыратын болсақ, төмендегідей түрде сипаттауға болады:

- Зерттеудің алғашқы кезеңінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі мәтіндерінен түгелдей теру әдісі арқылы анималистік лексика жинақталды.
- Жиналған анималистік лексиканың мәтіндегі жиілік көрсеткіштері айқындалып, доминанттық талдау әдісі арқылы маңызды, жиі кездесетіндері іріктелді.
- Компоненттік талдау әдісі арқылы анималистік лексиканың денотативтік, коннотативтік, символдық мағыналары, ерекше белгілері анықталды. Сонымен қатар, олармен байланысты фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер талданды.
- Концептуалдық талдау әдісі арқылы анималистік лексика концепт, фрейм, метафора тұрғысынан талданды.
- Дискурстық талдау әдісі арқылы ертегілердегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар анықталды.
- Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексика салғастырмалы талдау әдісімен қарастырылып, оларға тән ортақ және айырым белгілер анықталды.
- Алынған нәтижелер негізінде ассоциативті эксперимент жүргізілді, бұл арқылы тіл сөйлермендерінің санасындағы анималистік лексикаға қатысты ассоциациялар жинақталып, талданды.

Зерттеу барысында әртүрлі лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы әдістерді тиімді үйлестіре отырып, қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканың мазмұны мен құрылымын терең сипаттауға қол жеткіземіз. Екі тілдік-мәдени кеңістіктегі анималистік лексиканың ортақ және айырмашылық сипаттары анықталып, олардың ұлттық танымдағы орны мен қызметі айқындалады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші тарау бойынша төмендегідей тұжырым жасалады. Мұнда зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылды. Бірінші тараудың бірінші тараушасында анималистік лексика ұғымына берілетін анықтамалар мен Н.В.

Располыхина, В.Н. Телия, И.А. Курбанов, Т.З. Козлова, Т.В. Хахалкина, А. Дэнги, Д.З. Айзахметова, О.В. Галимова, Н.В. Солнцева, О.В. Лаврова, А. Раева, Т.Ж. Мықтыбаева, А. Жумагазина, К.А. Умирсериков, И.В. Курадова, С. Экер, Я.И. Красовская, К.Ю. Шалабаева сынды зерттеушілерге шолу жасалынды. Зерттеушілердің жұмыстарындағы пікірлерге сыни көзқарас айтылды. Олар өз еңбектерінде зооним, анималистік лексика, зоосемизм, зооморфизм ұғымдарына түрліше анықтама береді. Анималистік лексика ұғымына қатысты анықтамалар кестеге (кесте 1) түсірілді. Анималистік лексиканың тектік ұғым екендігі, оның құрамына түрлік ұғым ретінде зооним, зоосемизм, зооморфизм, зоосимвол терминдері жататындығы нақтыланып, суретке (сурет 1) түсірілді.

Бірінші тараудың екінші тараушасында ертегідегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектіде зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері талданды. Шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы кестеде (кесте 2) ұсынылды. Зерттеу барысында атқарылатын жұмыстар кезеңдерге бөлінді. Біріншіден, қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі мәтіндерінен түгелдей теру әдісі арқылы анималистік лексика жинақтау, екіншіден, жиналған анималистік лексиканың мәтіндегі жиілік көрсеткіштерін айқындау, доминанттық талдау әдісі арқылы маңызды, жиі кездесетіндерін іріктеу, үшіншіден, компоненттік талдау әдісі арқылы анималистік лексиканың денотативтік, коннотативтік, символдық мағыналарын, ерекше белгілерін анықтау, оларға қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер талдау, төртіншіден, концептуалдық талдау әдісі арқылы анималистік лексиканы концепт, метафора тұрғысынан талдау, бесіншіден, дискурстық талдау әдісі арқылы ертегілердегі коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды анықтау, алтыншыдан, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдау әдісімен қарастыру, оларға тән ортақ және айырым белгілерді анықтау, жетіншіден, алынған нәтижелер негізінде ассоциативті эксперимент жүргізу. Ұсынылған кешенді әдістеме зерттеудің екінші, үшінші тарауында қолданылады.

2 ЕРТЕГІДЕГІ АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕ ЗЕРТТЕУ

2.1 Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама

Ертегілер – халықтың дүниетанымы мен мәдениетінің айнасы. Олардың ішінде жануарлар туралы ертегілер ерекше орын алады, өйткені оларда жануарлар арқылы адам мінез-құлқы, қоғамдағы өзара қарым-қатынас бейнеленеді. Қазақ және ағылшын халықтарының ертегілеріндегі анималистік лексика әр елдің дүниетанымдық ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарын айқындайды. Бұл тарауда қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың жалпы сипаты қарастырылады.

Тілдің лексикалық жүйесі оның сөздік қорының іргетасы болып табылады. Сөздік қорды құрылымдық-семантикалық тұрғыдан талдағанда, еркін және тұрақты сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер, идиомалар, мақал-мәтелдер, тұрақты теңеулер, парафразалар, сондай-ақ диалектизмдер, арго, жаргон, кәсіби терминдер мен салалық атаулар тәрізді әртүрлі тілдік бірліктер қамтылады. Аталған бірліктер тілдің ішкі құрылымдық күрделілігін ғана емес, сонымен қатар, оның мәдени, әлеуметтік және тарихи көпқырлылығын да айғақтайды. Олар тілдің әр кезеңде әртүрлі қоғамдық топтармен, мәдени-тарихи құндылықтармен байланыста дамитынын көрсетеді.

Лексика – үнемі жаңарып, толығып отыратын динамикалық жүйе. Бұл құбылыс қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістермен, ғылыми-техникалық дамумен, сондай-ақ жаңа ұғымдар мен құбылыстардың пайда болуымен тығыз байланысты. Лексикалық жүйенің мұндай үздіксіз дамуы тілдің ұлттық, мәдени, әлеуметтік, экономикалық факторлармен өзара ықпалдастығын айқын көрсетеді.

Тіл – ұлттың мәдени-рухани, тарихи болмысының көрінісі ретінде оның дүниетанымын, ділін, салт-дәстүрі мен құндылықтар жүйесін бейнелейді. Лексикалық қорды терең зерттеу арқылы белгілі бір этностың өзіндік ерекшеліктері, ұлттық танымы мен мәдени кодтары айқындалады. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер тілдік бірліктердің мазмұндық және функционалдық қасиеттерін ашумен қатар, сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік болмысын, тарихи кезеңдердегі дамуын және әлемге деген көзқарасын да сипаттауға мүмкіндік береді [17, с. 18].

Әлем тілдерінде кеңінен таралған әрі тақырыптық жағынан алуан түрлі топтардың бірі – «жануарлар атаулары» лексикасы, ол тілдің ұлттық бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл лексикалық қабат дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ этникалық және мәдени ерекшеліктерді бейнелеу арқылы халықтың рухани дүниесін танытады. Жануарларға қатысты лексикалық бірліктер тек тіл білімінде ғана емес, мәдениеттану мен тарих ғылымдарында да жиі зерттелетін өзекті нысандардың қатарына жатады. Мұндай бірліктер табиғи болмыс пен мәдени үдерістер арасындағы терең байланысты көрсетіп, ұлттық дүниетаным мен әлеуметтік өмірдің көрінісін береді [63, с. 101].

Анималистік лексика ұлттық сана мен мәдени кодты бейнелейтін күрделі де бай тілдік жүйе ретінде танылып келеді. Бұл лексика әр дәуірде ғылыми зерттеулердің назарында болып, тіл мен мәдениет арасындағы байланыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Жануарлар атауларының тілдегі орны олардың символдық мағыналары мен мәдени код ретінде танылуы тұрғысынан зерттеліп келеді. Адамның танымдық тәжірибесі мен әлеуметтік қажеттіліктеріне негізделген бұл лексикалық топ тілдің динамикалық құрылымында маңызды орын алады [64, б. 76].

Жануарлар дүниесінің биологиялық сипаттамасы олардың морфологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне қарай жасалса, тілдік жүйеде бұл атаулар адамның күнделікті тәжірибесіне, мәдени және шаруашылық ерекшеліктеріне сай топтастырылады. Жануарлар, негізінен, табиғи ортада мекендейтін, яғни құрлықта, суда, ауада тіршілік ететін түрлер және адаммен бірге өмір сүретін үй жануарлары ретінде қарастырылады. Соңғы топ адамзат өркениетінде шаруашылық пен тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып, тарихи және мәдени үдерістердің дамуына әсер еткен.

Анималистік лексиканың ауқымы кең болғандықтан, ол тілдің фразеологиясында, мақал-мәтелдерінде, идиомаларында кеңінен көрініс табады. Бұл тілдік элементтер тек семантикалық құрылым ғана емес, сонымен қатар, халықтың ұлттық дүниетанымын, тарихи-мәдени тәжірибесін сипаттайтын маңызды факторлар болып табылады. Осы лексикалық қабаттың көркемдік қуаты арқылы тіл иелері табиғатты бейнелеу, адам болмысын жануарлар бейнесі арқылы сипаттау мүмкіндігіне ие болады. Жануарлар бейнесінің мәдениеттегі орны көпқырлы. Олар адамзат тарихында тек қызметтерін ғана емес, сонымен қатар, қасиеттілік пен символдық мағыналарға да ие болған. Жануарлар бейнесі діни түсініктерде, мифологияда, фольклорда және философиялық жүйелерде ерекше орын алады. Бұл бейнелер адамның рухани әлемін, моральдық және этикалық көзқарастарын қалыптастыруда маңызды символ ретінде қызмет етеді [17, с. 17].

Үй жануарлары адамның серігі әрі көмекшісі ретінде күнделікті өмірде ерекше рөл атқарады. Олардың бейнесі тек тілде ғана емес, мәдениетте де тұрақты орын алып, моральдық нормалар мен әлеуметтік құндылықтарды сипаттаудың құралына айналған. Әр тарихи кезеңде жануарлар бейнесі халықтың рухани болмысы мен мәдени деңгейінің көрсеткіші болған.

Анималистік бейнелер тарихи және мәдени архетиптермен тығыз байланысты, олар тілдегі сөйлеушілердің танымдық ерекшеліктерін, жануарларды қабылдау тәсілін және олардың рухани мәнін танытады. Анималистік лексиканы зерттеу тек лингвистикалық қана емес, сонымен бірге мәдениеттанушылық, этнографиялық және психологиялық бағыттарда да құнды.

Қазақ және ағылшын этностарының ұлттық дүниетанымын зерттеу оның өзіндік ерекшеліктерін айқындауды талап етеді. Ғылыми еңбектерде жиі атап өтілетіндей, бір этностың дүниетанымы басқа этностың дүниетанымынан айырмашылыққа ие. Қазіргі лингвистикалық зерттеулердің негізгі қағидаларының бірі – әрбір тіл әлемді өзінше құрылымдайды және оны

концептуалдаудың қайталанбас тәсілі бар. Дегенмен, бұл әртүрлі тілдік дүниетанымдар арасында ортақ, әмбебап белгілердің жоқтығын білдірмейді. Адамзатқа ортақ когнитивті және мәдени факторлар негізінде көптеген тілдерде ұқсас құбылыстар мен концептілер кездеседі. Сонымен қатар, әмбебап дүниетанымдық үлгі жоқ, керісінше, әрбір этностың тіліне, тарихына, мәдениеті мен діни көзқарастарына байланысты қалыптасқан ұлттық дүниетаным үлгілері бар. Осы дүниетанымдық үлгілердің ерекшеліктері әртүрлі халықтардың әлемді қабылдауын салыстыру барысында айқындалады.

Белгілі бір этносқа тән ұлттық дүниетанымды, әсіресе қазақ және ағылшын тілдік қауымдастығының ерекшеліктерін зерттеу тіл, мәдениет және ойлау арасындағы байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер ұлттық дүниетанымдардың өзіндік сипатын ғана емес, олардың әмбебап қырларын да анықтауға жол ашады.

Қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы бойынша ең алдымен мәтіннен түгелдей теру әдісі арқылы анималистік лексиканы жинақтадық. Алдымен біз Дж. Якобстың «English fairy tales» [65] ертегі кітабындағы 44 ертегіден және Р. Киплингтің «Just so stories» [66] ертегі кітабындағы 12 ертегіден ағылшын тіліндегі анималистік лексиканы тауып, іріктедік. Кейін «Дала фольклорының антологиясының» жетінші томындағы 119 ертегіден қазақ тіліндегі анималистік лексиканы жинадық [67]. Жиналған ақпараттардан доминанттық талдау әдісі арқылы анималистік лексиканың ең жиі кездесетіндерін анықтап, тілдік бірліктердің маңыздыларын нақтылап алдық.

Швед ғалымы К. Линней тірі ағзаларды алғаш топтастырып, жүйеге келтірген ғалым. Ол жануарларды жүйелік топқа жіктеу барысында түрді негіз етіп алды. Ол түрді – туысқа, туысты – тұқымдасқа, тұқымдасты – отрядқа, отрядты – класқа, класты – типке, типтерді жануарлар патшалығына біріктіруді ұсынды [68, б. 33]. Зоологтар жануарлар әлемін жәндіктер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және жануарлар деп бөледі. Осындай жіктемелерді басшылыққа ала отырып, қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканы жануарлар, құстар, балықтар, жәндіктер, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, кеміргіштер деп бөлдік. Қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтарын жиілігі бойынша кестелеп, қосымшада (қосымша А) көрсетеміз. Әрбір анималистік лексиканың жанында бұл сөздің неше рет кездескендігі жөнінде саны жазылды. Жалпы кездескен анималистік лексиканың саны – 125. Оның ішінде жануарлар атауы – 67, құстар атауы – 37, балықтар атауы – 4, жәндіктер атауы – 12, қосмекенділер атауы – 1, бауырымен жорғалаушылар атауы – 2, кеміргіштер атауы – 2 кездесті. Ең жиі кездесетін жануарлар атаулары – қой, мысық, бие, жылан, тышқан, сиыр, жылқы, ешкі, ат, торғай, қоян, ит, қасқыр, түлкі, түйе, ат. Бұл атаулардың ішіндегі «жануарлар» тізіміндегі жануарлардың қайда өмір сүретіндігіне сәйкестендіріп, үй және жабайы жануарлар деп топтастырдық. Мұндағы жануарлардың жалпы атауы мен жасына, төліне байланысты атауларды біріктіріп қарауға болады. Мысалы, «тоқты, қозы, қошқар, тұсақ, ісек, қошақан»

атаулары «қой» малына қатысты атаулар. «Қашыр» атауы «есек» жануарының түріне жатады. Себебі ол әңгі мен биенің буданы болып табылады [69]. «Құлан, тұлпар, бие, құлын, ат, тай, құнан, дөнен, бесті, арғымақ, торшолақ, айғыр, байтал, жорға, қысырақ, дүлдүл» атаулары «жылқы» малына байланысты атаулар. «Түйе» малының «нар, бура, інген, тайлақ, атан, бота» сынды атауларын топтастыруға болады. «Баспақ, өгіз, бұқа, бұзау» атаулары «сиыр» малына қатысты атаулар. «Лақ, теке» атаулары «ешкі» малының атаулары. «Иттің» «күшік, тазы, төбет» атаулары бар. Жабайы жануарлар атауларының ішінде «арыстан, қабылан, жолбарыс» мысық тұқымдас жыртқыш аңдар болып табылады. «Киік, құралай» атаулары жұптұяқтылар отрядының бөкендер туысына, «арқар» – жұптұяқтылар отрядының қуысмүйізділер тұқымдасына, «бұғы, елік, марал, бұлан» – бұғы, бітеумүйізділер, жұптұяқтылар отрядына жататын жануарлар. «Қасқыр» атауына қатысты «көкжал, бөрі, бөлтірік» атаулары да берілген.

Қазақ ертегілерінен жиналған анималистік лексиканың екі (үй және жабайы жануарлар) тобын төменде кестеде (кесте 3) ұсынамыз.

Кесте 3 – Қазақ ертегілеріндегі үй және жабайы жануарлар атаулары

Үй жануарлары	Жабайы жануарлар
Есек	Арыстан
Жылқы	Қабылан
Қой	Жолбарыс
Мысық	Қарсақ
Сиыр	Киік
Ешкі	Арқар
Ит	Бұғы
Түйе	Қоян
	Қасқыр
	Түлкі
	Қабан
	Тауешкі
	Маймыл
	Аю

Ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтарын жиілігі бойынша бөліп, қосымшада (қосымша Ә) ұсынамыз. Ағылшын ертегілерінен жиналған анималистік лексиканы жануарлар, құстар, балықтар, жәндіктер, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, кеміргіштер және шаянтәрізділер деп ажыраттық. Сөздердің жанына олардың қаншалықты жиі қолданылғандығын санмен бердік және сөздердің аудармасын жаздық. Жалпы кездескен анималистік лексиканың саны – 94. Оның ішінде жануарлар атауы – 41, құстар атауы – 23, балықтар атауы – 11, жәндіктер атауы – 9, қосмекенділер атауы – 3, бауырымен жорғалаушылар атауы – 3, кеміргіштер атауы – 2, шаянтәрізділер – 2 кездесті. Ең жиі кездескен жануарлар атаулары – *сиыр, ит, жылқы, мысық, құс, балық, тышқан*. Осы жерде кейбір жануарлардың атаулары

ағылшын тілінде екі баламалы атаумен берілгендігін атап өту қажет. Мысалы, «есек» атауы – *ass* және *donkey*, ал «тасбақа» – *tortoise* және *turtle*. «Маймыл» атауына қатысты оның түрлері бойынша келесідей атаулар кездеседі: «Baboon, Baviaan». Бөкеннің «Eland, Koodoo, Hartebee, Bush Buck». Бұл атаулардың нұсқалары біздің зерттеуіміз үшін бір жануар түрі ретінде қарастырылады.

Ағылшын ертегілерінен жиналған анималистік лексиканың екі (үй және жабайы жануарлар) тобын төменде кестеде (кесте 4) ұсынамыз.

Кесте 4 – Ағылшын ертегілеріндегі үй және жабайы жануарлар атаулары

Үй жануарлары	Жабайы жануарлар
Cow – Сиыр	Bird – Құс
Dog – Ит	Spider – Өрмекші
Calf – Бұзау	Toad – Бақа
Goat – Ешкі	Snake – Жылан
Donkey – Есек	Mouse – Тышқан
Horse – Жылқы	Rat – Егеуқұйрық
Cat – Мысық	Snail – Ұлу
Hen – Тауық	Crocodile – Қолтырауын
Duck – Үйрек	Beetle – Қоңыз
Rabbit – Қоян	Wolf – Қасқыр
	Fox – Түлкі
	Bear – Аю
	Hog – Қабан
	Hedgehog – Кірпі
	Elephant – Піл
	Camel – Түйе
	Hippopotamus – Бегемот
	Monkey – Маймыл
	Leopard – Барыс
	Jaguar – Ягуар
	Zebra – Зебра
	Giraffe – Жираф
	Eland – Бөкен
	Ostrich – Түйеқұс
	Armadillo – Кіреукей
	Beaver – Құндыз

Осы жерде айта кететін жайт, ағылшын тілінде «қоян» ұғымын білдіретін анималистік лексика екі түрлі атаумен беріледі: *rabbit* және *hare*. Бұл екі атау сөздіктерде мағыналық тұрғыдан нақты жіктеледі. Атап айтқанда, *rabbit* ұғымы былай сипатталады: «Rabbit is a small animal with soft fur, long ears and a short tail. Rabbits live in holes in the ground or are kept as pets or for food» [70]. Яғни, қоян – жұмсақ жүнді, ұзын құлақты, қысқа құйрықты, ұсақ денелі жануар. Қояндар әдетте жер астындағы індерді мекендейді немесе үй жануары ретінде өсіріледі, кей жағдайда азық ретінде де өсіріледі. Ал *hare* сөзіне берілген анықтама мынадай: «Hare is an animal like a large rabbit with very strong back legs, that can

run very fast» [71]. Бұл жағдайда қоян артқы аяқтары күшті, тез жүгіретін, дене тұрқы ірілеу келетін жабайы түр ретінде сипатталады. Екі лексеманың семантикалық айырмашылығы олардың тіршілік ету ортасына және физикалық ерекшеліктеріне байланысты. Біз қарастырып отырған ағылшын ертегісі «The Sing-Song of Old Man Kangaroo» мәтінінде бұл айырмашылық мәнмәтіндік деңгейде көрініс табады. Мысалы, келесі мәнмәтінде: *«Up jumped Dingo Yellow-Dog Dingo and said, 'What, that cat-rabbit?' Off went the proud Kangaroo on his four little legs like a bunny»* [66, p. 87] – қоянның бейнесі «bunny» нұсқасында қолданылады. Бұл жерде «bunny» сөзі «rabbit» ұғымының эмоционалды-экспрессивті формасы ретінде жұмсалып, ертегідегі кенгуру бейнесін жеңіл, әсем, секіріп жүретін, аңқау жануар ретінде сипаттауға көмектеседі. Мұндай қолданыстар ағылшын тіліндегі анималистік лексиканың мәнмәтінге сай түрленіп, бейне жасау қызметін атқаратынын көрсетеді.

Ағылшын тілінде «есек» ұғымын білдіретін негізгі атаулар – *donkey* және *ass*. Бұл лексемалар кейде синоним ретінде қолданылғанымен, қолдану аясы мен стилистикалық реңкі жағынан ерекшеленеді. Ағылшын тіліндегі түсіндірме сөздіктерде бұл сөздер келесідей сипатталады: *Donkey* – «a domesticated hoofed mammal of the horse family with long ears and a braying call, used as a beast of burden» (есек – ұзын құлақты, ащы дауыс шығаратын, жүк тасу үшін қолданылатын қолға үйретілген тұяқты жануар. Бұл жануар жылқы тұқымдасына жатады) [71]. *Ass* – «an animal of the horse family, similar to a donkey, used especially in the past for carrying loads or pulling carts; also used in informal speech» (есек – жылқы тұқымдасына жататын, есекке ұқсас жануар, бұрынғы замандарда жүк тасуға немесе арба тартуға пайдаланылған; кейде бұл сөз бейресми стильде қолданылады) [71]. Екі сөздің де негізгі мағынасы бір, яғни есек жануарын білдіреді, бірақ *donkey* сөзі бейтарап стильде жиі қолданылады, ал *ass* – кейде бейресми немесе ауыспалы мағынада қолданылып, кей тұста мысқыл не әзіл реңкіне ие болады. Мысалы, «Lazy Jack» ертегісінде келесі мәнмәтінде: *«On the next Monday, Lazy Jack went once more, and hired himself to a cattle-keeper, who gave him a donkey for his trouble»* («Келесі дүйсенбіде жалқау Джек тағы да жұмыс іздеп шығып, бір мал бағушыға жалданып, жасаған еңбегі үшін бір есек алды») [65, p.161] «donkey» сөзі бейтарап мағынада, жәй ғана жұмыс үшін берілген жануар ретінде сипатталады. Яғни, есек – тұрмыстық өмірде қолданылатын кәдімгі жүк малы ретінде көрініс тапқан. Ал «The Ass, the Table, and the Stick» ертегісіндегі мәнмәтінде: «*So she presented him with an ass out of the stable, and he had but to pull Neddy's ears to make him begin at once to ee – aw!»* («Сөйтіп, ол (әйел) оған қорадан бір есек сыйлады, ал Джекке тек Неддидің құлағын тарту ғана керек болды, сонда есек бірден «ии-аау» деп ақыра жөнелді!») [65, p. 216] – «ass» сөзі қолданылып отыр. Бұл жерде есектің бейнесі тек функционалдық сипатпен ғана шектелмей, оның дыбыс шығару (ее – aw) әрекеті мен жалқы атауы (Neddy) арқылы эмоционалды, ертегіге тән көркем бейне жасайды. Осы екі мысалдан байқайтынымыз – ағылшын тіліндегі *donkey* және *ass* лексемалары бір жануарды білдірсе де, стилистикалық, прагматикалық және көркемдік қолданыс тұрғысынан айырмашылықтары бар. Бұл ерекшеліктер

анималистік лексиканың фольклордағы бейнелік әрі прагматикалық қызметін айқындай түседі.

Ағылшын тілінде қораз ұғымын білдіретін негізгі сөздер – *rooster* немесе *cock*. Бұл екі атау да бір құсты білдірсе де, олардың стилистикалық ерекшеліктері мен қолдану мәнмәтіні әртүрлі. Сөздіктегі анықтамасы бойынша: *Rooster* – «an adult male chicken» (ересек әтеш, яғни қораз) [71]. Бұл атау әсіресе американдық ағылшын тілінде жиі қолданылады және бейтарап, күнделікті тұрмыстық лексикаға жатады. *Cock* – «a male bird, especially of the domestic fowl» (еркек құс, үй тауығының еркегі – қораз) [71]. Бұл сөз британдық ағылшын тілінде жиірек қолданылады, алайда кейде бейресми, тіпті табу реңкті мағынада да кездесуі мүмкін. Ертегі мысалдары арқылы талдап көрелік: *«They went a little further and they met a rooster»* («Олар сәл әрі қарай жүріп еді, бір қоразға кездесті») [65, p. 25]. Бұл сөйлемде *rooster* сөзі бейтарап мәнде қолданылып, ертегі кейіпкерлерінің жолай кездескен қарапайым үй жануарын білдіреді. Бұл – қораздың тұрмыстық өмірдегі қарапайым бейнесі. «*At last the cock crew, and the prince made all haste to get on horseback; Kate jumped up behind and home they rode»* («Ақыры қораз шақырды, сонда ханзада шұғыл түрде атқа мінді; Кейт артқы ерге қарғып мінді де, екеуі үйге қарай шаба жөнелді») [65, p. 209] мәнмәтінінде «cock crew» тіркесі – дәстүрлі ағылшын ертегілерінде жиі кездесетін таңның атуын білдіретін символдық формула. Қораздың шақыруы таңмен бірге байланысты, ол жаңа бастаманың, сиқырдың сейілуінің немесе уақыттың өтуінің белгісі ретінде қолданылады. Ағылшын тіліндегі *rooster* және *cock* лексемалары тек үй құстарының бір түрі ғана емес, сондай-ақ уақыттың, жаңа күннің басталуының, шындықтың ашылуының символы ретінде де көркем бейне жасайды. Бұл ерекшелік ағылшын фольклоры мен мәдениетінде қораздың мәдени-символдық қызметін айқындай түседі. Ертегі мәтіндерінде қораз көбіне сиқырлы, шешуші сәттің белгісі ретінде көрінеді.

Екі тілде жиі кездесетін жануарлар атауларын келесі кестеде (кесте 5) ұсынамыз:

Кесте 5 – Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың жиілік сипаты

№	Қазақ тілінде жиі кездескен жануарлар атауы	Жиілігі	Ағылшын тілінде жиі кездескен жануарлар атауы	Жиілігі
1	2	3	4	5
1	Жылқы	65	Құс	11
2	Қой	36	Мысық	10
3	Қасқыр	26	Жылқы	10
4	Ит	24	Сиыр	8
5	Түйе	19	Ит	7
6	Түлкі	18	Балық	6
7	Бие	15	Тышқан	6

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
8	Жылан	15		
9	Мысық	13		
10	Ешкі	13		
11	Қоян	13		
12	Тышқан	12		
13	Сиыр	12		
14	Торғай	11		

Кестеде (кесте 5) ұсынылған мәліметтерге сәйкес, ағылшын ертегілерінде анималистік лексиканың қолданылу жиілігі сан жағынан төмен. Бұл ерекшеліктің себебі ағылшын балалар әдебиетіндегі пуританизм бағытымен байланысты. Н.В. Соболеваның пікірінше, балалар әдебиеті 18 ғасырда дамып, дәстүрлі ертегілерден гөрі пуританизм бағытындағы көзқарастар басым болған [72, с. 9]. Осы пікірді қолдаушы Н. Қартжан өз еңбегінде ағылшын қиял-ғажайып ертегілерінде ақыл-ой әрекеті концептісін бейнелейтін тілдік бірліктердің сирек кездесуі – ағылшын фольклоры мен балалар әдебиетінің тарихи қалыптасу үдерісіндегі пуританизм мен ағартушылық бағыттарының идеологиялық ұстанымдарымен тікелей байланысты деп тұжырымдайды [73, б. 145]. Пуританизм – XVI–XVII ғасырларда Англияда пайда болған діни-әлеуметтік қозғалыс. Аталған бағыт балаларға арналған әдеби туындылардың мазмұнына шектеулер енгізді. Пуританизм философиясында бала – тек өмір жалғасы ғана емес, сол бағытты жалғастырушы тұлға ретінде қарастырылды. Пуританизм авторлары ертегі мәтіндері балалар бойына жағымсыз қасиеттерді сіңіртіп, оларды шындықтан алыстады деп сенді. Сонымен қатар, сол кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да балалар әдебиетінің мазмұнына әсер етті. Жұқпалы аурулар мен балалар өлімінің жоғары көрсеткіші пуританизм өкілдерінің «өлім алдындағы тазару» ұстанымдарына негізделген көзқарастарды қалыптастырды. Олардың пайымдауынша, өлім аузындағы баланың күнәлары кешіріліп, рухани тазаруы қажет болды. Уақыт өте келе, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы және балалар өлімінің азаюы ата-аналардың болашаққа деген сенімін арттырды. Бұл өзгеріс ағартушылық дәуірде басталды. Осы кезеңде балалар әдебиетінде тәрбиелік және адамгершілікке баулитын әңгімелер басымдық ала бастады. Ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың сан жағынан аз болуы 16-17 ғасырдағы ағылшын балалар әдебиетіндегі аталған діни-бағыттың шектеулеріне байланысты болды, ертегілерді еркін баяндауға тыйым салынғанымен түсіндіріледі [73, б. 145].

Қазақ ертегілерінде анималистік лексиканың жиі кездесуі тарихи, мәдени, дүниетанымдық факторлармен тығыз байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі өмір салты – мал шаруашылығына негізделген көшпелі мәдениет. Мұндай өмір сүру салты табиғатпен тығыз байланыс орнатуды қажет етті. Жануарлар көшпелі қоғамда күнкөріс көзі ғана емес, адамның негізгі серігі болды. Сондықтан жануарлар әлеміне қатысты сөздер халықтың тілдік санасында кең орын алды.

Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама берілген соң компоненттік талдау әдісі арқылы оның лингвомәдени ерекшелігін анықтауға ұмтыламыз. Ол 2.2 тараушада қарастырылады.

2.2 Анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшелігі

Доминанттық талдау әдісі арқылы қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың жиілігі қазақ тілінде жылқы (65), қой (36), қасқыр (26), ит (24), ағылшын тілінде құс (11), мысық (10), жылқы (10), сиыр (8) болып анықталды. Жиі қолданылған анималистік лексиканы компоненттік талдау арқылы оның денотаты, ерекше белгілері, коннотаты, символдық мағынасы, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердегі көрінісін қарастырамыз. «Жылқы» анималистік лексикасын төмендегі кестеде (кесте 6) талдадық.

Кесте 6 – «Жылқы» анималистік лексикасы

Жылқы	
Денотат:	Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі [74, б. 328]
Ерекше белгілері:	Жүйріктік, сезімталдық, талғампаздық, иесіне адалдық, жол табу қабілеті, әлеуметтік мінез-құлық (үйірмен өмір сүру). Қазақ жылқылары қатал климатқа бейімделгіштігімен ерекшеленеді.
Коннотат:	Жылқы – еркіндік пен мәрттіктің бейнесі. Қазақ ұғымында ер-азамат пен жылқы егіз ұғымдар ретінде қабылданады. Жылқыға мінез, тектілік, намыс тәрізді адами қасиеттер телінеді [75, б. 271].
Символдық мағынасы:	Жылқы – қазақ дүниетанымында еркіндік, сұлулық, рухтың символы. Ол – батырлықтың, көшпенді тіршіліктің, елдіктің белгісі. Мәдениетте тұлпар – арманға жетудің, жүйріктік пен шабыттың көрінісі.
Фразеологизмдер:	Аттың жалында, түйенің қомында – көшпелі өмір; Жылқы кісінескенше, адам түсініскенше – үйлесім мен тіл табысу қажеттілігі; Ат болатын тай жарыста танылар – адам болашағы ерте байқалады [76, б. 243].
Мақалдар мен мәтелдер:	Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді; Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме; Арық атқа қамшы жау, Жыртық үйге тамшы жау; Жылқыда өт жоқ, Құста сүт жоқ. Басты балта бұзар, Жылқыны маңқа бұзар; Қой – байлық, Жылқы – сәндік; Ат тұяғын тай басар; Ат айналып қазығын табар; Аттың бәрі тұлпар болмас, Құстың бәрі сұңқар болмас; Екі бие – ел ырысы, Үш бие – бұлақ басы, Бір бие – жоқтың қасы [77, б. 91-92]

Қазақ халық ертегілерінде жылқы ерекше қадірленетін, эстетикалық және символдық мәні терең жануарлар қатарына жатады. Жылқы бейнесі тек көлік немесе мініс құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, сұлулықтың, күш-қуаттың, әлеуметтік мәртебенің нышаны ретінде сипатталады. Бұл жануарға қатысты халық ауыз әдебиетіндегі бейнелер қазақ этносының дүниетанымын, танымдық тәжірибесін және мәдени құндылықтарын айқын көрсетеді. Мәселен, «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?» ертегісінде жылқы күнге қарап өз-өзін сипаттай келе: «О, барлық жан-жануарларға тіршілік сыйлаған қайырымды күн, мені жануарлардың арасындағы ең сұлулардың бірі деседі жұрт. Солай екенін өзім де сезем**і**н» – деп, өзінің әсемдігін, көркемдігін сезінеді [67, б. 17]. Бұл мәнмәтіннен жылқының өзін жоғары бағалауы, сұлулыққа ұмтылуы – адамның таным-түсінігіндегі жылқы бейнесінің эстетикалық белгі ретінде орныққанын көрсетеді. «Қасқыр мен жігіт» ертегісінде *«Малының көбі жылқы екен»* деген мәнмәтін арқылы жылқы малының байлық пен әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші ретінде бейнеленетіні байқалады [67, б. 134]. Мұндағы жылқы – жай ғана мүлік емес, қауым ішіндегі беделдің, иесінің мәртебесінің белгісі. Жылқының талғампаздық қасиетін «Суыр сұңқар су қайда?» ертегісіндегі келесі мәнмәтіннен көруге болады: «Жылқы тұлпар, су мұнда! – деп, суыр мөлдір, тұнық суды атқа ұстата береді. Таза тұнық суға қанып алған ат бойына тың қуат қосылғандай болып, құстай ұшып, самғай жөнеледі» [67, б. 21]. Бұдан біз жылқының лай суға бас салмайтын талғампаздығын көреміз. Қазақта «Жылқы су ішкен жерден су іш» деген нақыл сөз осыдан қалған. Бұл мәнмәтінде жылқы бейнесі тұлпар, яғни батырға серік болатын мифтік кейіпкер ретінде суреттеледі. Қазақ дүниетанымында тұлпар – жүйріктік және еркіндікпен ассоциацияланады. Бұл ұғым «құстай ұшу», «самғау» етістіктері арқылы берілген. «Аяз би» ертегісіндегі «Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты таңдап мініп, жолға шығады» мәнмәтінінен жылқы мен адам арасындағы сенім мен серіктестікті көруге болады [67, б. 299]. Батырдың сапарға аттанарда алдымен жылқы таңдап мінуі – қазақ ертегісіндегі дәстүрлі сюжеттік құрылым. Батырдың табысы көбінесе оның астындағы атына да байланысты болады. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде де бұл байланыс анық байқалады. «Ер Төстік» ертегісінде ерекше тұлпар «Шалқұйрық» Төстікке серік болады. Шалқұйрық жол бойындағы талай кедергілерден өз иесін адастырмай алып шығады. Ертегідегі сиқырлы сипаттағы тұлпар, тек көлік емес, бағыт беруші, жол көрсетуші болады. Тұлпардың кеңістікті бағдарлай білуі, жолда адаспай жүруі, иесін діттеген жерге жеткізуі – фольклордағы жылқы бейнесіне тән басты сипат. Бұл ертегіде жылқы ақыл иесі, жол серігі, дана көмекші ретінде көрінеді [67, б. 192-199].

Ж.Д. Байтелиева өзінің еңбегінде қазақ тіліндегі жылқыға қатысты фразеологиялық тіркестерді тақырыптық-мағыналық тұрғыдан топтастырып, олардың жылқының жасы мен жынысына, түр-түсіне, сыртқы сипаттары мен күйіне, тегі мен табиғи болмысына, мінез-құлқы мен дене мүшелеріне байланысты этномәдени уәждемелерін анықтайды. Сонымен қатар, жылқы түлігіне қатысты әлеуметтік-қоғамдық мәнге ие фразеологизмдер, жылқы шаруашылығы мен ат әбзелдеріне байланысты тұрақты тіркестер, сондай-ақ

салт-дәстүр, наным-сенім және халықтық өлшемдер негізінде қалыптасқан фразеологиялық бірліктердің этнолингвистикалық ерекшеліктерін жан-жақты талдайды [78, б. 25]. Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесінде халықтың салт-дәстүрі мен тарихи танымына қатысты тіркестер ерекше орын алады. Солардың бірі – «ат сауырына мінгізу» фразеологизмі. Бұл тұрақты тіркес еріксіз түрде қолға түсірілген адамды, көбіне әйел затын, аттың артына мінгізіп алып кету әрекетін білдіреді. Бұл мағына «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келу» ретінде берілген [79, б. 36]. Аталған фразеологизмнің мазмұны қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен құқықтық-этикалық қатынастарына негізделеді. Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, бұл тіркестің қалыптасуына ертедегі барымта дәстүрі, жорық кезіндегі олжа, сондай-ақ неке және отбасылық қатынастарға қатысты салттар ықпал еткен. Тарихи кезеңдерде жеңіске жеткен жауынгерлер кей жағдайда жау ауылынан жас әйелді немесе қызды ерлік пен үстемдіктің белгісі ретінде аттың артына мінгізіп алып кеткен. Бұл әрекет тек тұлғалық емес, сонымен қатар, тұтас рудың ар-намысына нұқсан келтіру ретінде қабылданған. Оған қоса, қазақ қоғамында ерлі-зайыпты қатынас бұзылған кезде, әйелді талақ еткен ер азамат оны төркініне қайта аттандыру мақсатында дәл осы ат сауырына мінгізіп апару салтын ұстанған. Мұндай әрекет тек ажырасу ісін ғана емес, әлеуметтік мәні бар символдық рәсім ретінде орындалған. Бұл дәстүрдің мазмұнында әйел затының мәртебесімен қатар, оның отбасы мен руының абыройына нұқсан келтіру элементі де жатқанын байқаймыз. Уақыт өте келе, бұл салттың өзі тұрмыстан ығыстырылып, тарихи-мәдени құбылысқа айналғанымен, оның тілдік көрінісі фразеологизм түрінде сақталып, бүгінгі күні еркінен тыс алып кету, зорлықпен бағындыру сияқты мағыналық реңктермен жалғасын тауып отыр. Аталған мысал фразеологизмнің қалыптасуындағы тарихи негіз бен мәдени мәнмәтінді, сондай-ақ оның қазіргі мағыналық өрісін ашып көрсетеді [80, б. 39].

Төмендегі кестеде (кесте 7) қазақ лингвомәдениетіндегі «қой» анималистік лексикасы талданды.

Кесте 7 – «Қой» анималистік лексикасы

Қой	
1	2
Денотат:	Күйіс қайыратын уақ мал [74, б. 968]
Ерекше белгілері:	Қой жуас және момын жануар ретінде белгілі.
Коннотат:	Ешбір адамға дауыс көтеріп сөйлемейтін, өз пікірін еркін айта алмайтын, томаға тұйық жүретін, мінезі өте момын адамды сипаттау үшін жиі қолданылады.
Символдық мағынасы:	Қазақ дүниетанымында қой бейнесі тыныштық пен жайлылықтың символы ретінде қабылданады. Мысалы, қой жылы қойдың жуас табиғатымен байланыстырыла отырып, берекелі, мамыражай, ел мен жерге жайлы жыл ретінде сипатталады. Сондай-ақ қой жылында жауын-шашынның мол болатындығы жөнінде дәстүрлі наным-сенімдер бар. Қой жылы Азия халықтарының дәстүрлі күнтізбелерінде де көрініс табады.

7 – кестенің жалғасы

1	2
	Қазақ халқы қой жылын ырысты, молшылыққа толы кезең ретінде бағалаған. Сонымен қатар, ислам дінінде қой құрбандыққа шалынатын қасиетті жануар ретінде қарастырылады.
Фразеологизмдер:	Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман – тыныштық пен бейбітшілік, ынтымақтастық пен ауызбіршілік, молшылық заман; Қой аузынан шөп алмайды – момын, жуас адам; Қойдай бөріктірді – у-шу, азан-қазан ету, түрліктіре зобалаң салу; Қойдай жусатты – дегенінше жатқызып-тұрғызып биледі; Қой басындай ділда – алыс-беріске жұмсалатын алтын; Қойдай қырды – қан жоса етті, жайратып салды; Қойдай тоғытты – үйіріп айдап салды; Қойдай өрді – қаптады; шұбылта, лек-легімен жөнелді; Қасқыр шапқан қойдай болды – тоз-тозы шықты, быт-шыт болды; Қойдай шулады – қайғы-зарға батып, азан-қазан болды; Қой басты – киіз басқанда істелетін амал [79, б. 442-444].
Мақалдар мен мәтелдер:	Қойшы көп болса, Қой арам өлер; Ісек қойдың басы үлкен, Саулық қойдың жасы үлкен; Малды бақсаң, қойды бақ, Май кетпейді шарадан; Ит асырасаң сырттаннан, Қой бермейді қорадан; Қой үріккен жағына беттемейді; Ақсақ қой түстен кейін маңырайды; Семіздікті қой көтерер [77, б. 86-87]

Берілген кестедегі (кесте 7) мәліметтер қазақ халық ертегілеріндегі қой бейнесімен сәйкес келеді. Қазақ халық ертегілерінде қой бейнесі көбіне момындық пен жуастықты бейнелейтін бейбіт үй жануары ретінде көрініс табады. Мұндай сипатқа ие қой жыртқыш аңдардың, әсіресе қасқырдың, жиі жемтігіне айналады. Бұл жағдай оны ертегі мәтіндерінде қорғансыздық пен құрбандықтың символына айналдырады. Мысалы, «Ит пен мысық адамға қалай үйренді?» ертегісіндегі «Бір күні түн ішінде шалдың қорасына қасқыр түсіп, бір-екі қойын жеп, басқасын жаралап кетеді» деген мәнмәтін қойдың әлсіз әрі қорғансыз жаратылысын айқын аңғартады [67, б. 20]. Қой ертегілерде көбінесе құрбандық сияқты ұғыммен байланыстырылады. «Желкілдек» пен «Қаңбақшал» ертегілерінде қой жиі құрбандық ретінде сойылып, оның етін жеу адам тағамы мен байлықтың белгісі ретінде көрсетіледі. «Қойшы мен шайтан» ертегісінде қойшының тіршілігі мен қойдың символы табиғатпен тығыз байланысты. Қойшының өмірі мен қойды бағып-күтуі тұрмыстық өмірдің, табиғат пен адам арасындағы үндестіктің бейнесі болып табылады. «Алдаркөсе мен Қу бала» және «Жомарт» сияқты ертегілерде қой шаруашылыққа қатысты маңызды рөл атқарады, себебі ол адам өмірінің қажеттілігін қамтамасыз ететін негізгі қайнар көздің бірі ретінде көрсетіледі. «Аяз би» ертегісіндегі «інжілі қой» бейнесі

арқылы қойдың ерекше қасиеттері мен символдық маңызы туралы сөз болады. «Қошқар мен теке» ертегісінде қой мен теке арасында тыныштық пен үйлесімділік сақталатын жағдайлар сипатталады, бұл қойдың бейбітшілік пен тыныштықтың белгісі екенін білдіреді. Қойдың бейнесі қазақ ертегілерінде әртүрлі мағынада қолданылып, оның табиғатпен, адам өмірімен және қоғаммен байланысын көрсетеді [67, б. 53].

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында төрт түлік малдың ішінде қой ерекше символдық мағынаға ие. Мысалы «қойдың сүті – қорғасын» деген мақал тілдік құрылымда салыстыру тәсілі арқылы жасалған. Мұнда «қой сүті» мен «қорғасын» бір-біріне балама ретінде қойылады. Бұл балама, бір жағынан, қой сүтінің нәрлі, қуатты екенін білдірсе, екінші жағынан, қорғасын металының ауыр, күшті, пайдалы қасиеттерін көрсетеді. Бұл мақал заттық мәдениет пен рухани мәдениеттің түйіскен тұсынан хабар береді. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында қорғасын әртүрлі мақсатта қолданылған. Ең алдымен, ол – зергерлік бұйымдар, оқ-дәрі мен тұрмыстық құрал-саймандар жасауда жиі қолданылатын металл. Сонымен қатар, қорғасын бал ашу, көз тиюден сақтану секілді наным-сенімдік салт-жоралғыларда пайдаланылған. «Қорғасын құю» ырымы – халықтың мифтік санасын және тылсым дүниеге қатынасын көрсететін ерекше мәдени көрініс. Осы бейнелі сипат мақалдың ішкі семантикасын айқындай түседі. Қой сүті – қазақтың дәстүрлі тағамының бірі, ол ағзаны қуаттандыратын, денені семіртетін, қоректік құндылығы жоғары сусын ретінде бағаланған. Әсіресе көктем мен жаз мезгілінде қымыз бен қой сүті денсаулыққа пайдалы азық деп есептелген. Бұл мақал қазақ халқының мал шаруашылығына негізделген өмір салты мен тілдік көркемдік жүйесінің сабақтастығын, қой сүтінің денсаулыққа пайдалы қасиеті мен қорғасынның күш пен ауырлықты білдіретін белгілері арасындағы ассоциацияны білдіреді [81, б. 78]

Қазақ ертегілеріндегі жиі кездескен жануарлардың бірі – қасқыр. «Қасқыр» анималистік лексикасын төмендегі кестеде (кесте 8) талдадық.

Кесте 8 – «Қасқыр» анималистік лексикасы

Қасқыр	
1	2
Денотат:	Ит тұқымдас жыртқыш бөрі [74, б. 491]
Ерекше белгілері:	Жоғары деңгейдегі ұйымдасқан топта тіршілік етуі, шапшаңдығы, сезімталдығы және аңшылық қабілеті. Әлеуметтік иерархиясы мен инстинктілерінің айқындылығы ерекшеленеді.
Коннотат:	Қазақ мәдениетінде қасқыр – еркіндік, қатыгездіктің символы. Қасқыр қауіп, қатер, жауыздықты, жыртқыштық, озбырлық, қомағайлық және аңғалдықты білдіреді. Батырлық пен төзімділік бейнесі ретінде жиі кездеседі.
Символдық мағынасы:	Қасқыр – көшпенді халықтарда тотемдік және мифологиялық символ. Түркі халықтарының мифологиясында ол көсемдік, қасиеттілік пен қорғаушы күш ретінде қабылданған. Түрік шежіресінде «Бөрі» ұрпақ тегі ретінде айтылады.

8 – кестенің жалғасы

1	2
Фразеологизмдер:	Қасқырлы жортақ қылар, итті қора сақтар – әркім өзіне тән тіршілікпен айналысады; Қасқырдан қорыққан орманға бармас – тәуекел етпеген мақсатқа жетпейді; Бөріге қарсы шапқан – батыр – батылдықты білдіретін тіркес [76, б. 109]. Қасқырдай анталады – жапа-тармағай, ашқарақтана дүрсе ұмтылды; Қойға шапқан қасқырдай – жан-жағын қырып-жойып тас-талқан ету; Қасқыр жүректі – беті ештеңеден қайтпайтын батыр, қайсар, жүрек жұтқан; [79, б. 185].
Мақалдар мен мәтелдер:	Қасқырда қас қылмайды жолдасына; Қасқыр қарызын терісімен төлейді; Бөрі арығын білдірмес, Итке сыртын қампайтар; Кәрі қасқыр қақпанға түспейді [77, б. 85]

Қазақ халық ертегілерінде қасқыр бейнесі әдетте жыртқыштық, қомағайлық және аңғалдық сипаттарымен айшықталады. Ол халық танымында бір жағынан қорқыныш пен жауыздықтың символы ретінде танылса, екінші жағынан – ақыл-парасаттан жұрдай, алданып қала беретін кейіпкер ретінде бейнеленеді. Мәселен, «Ақымақ қасқыр» ертегісінде қойдың айласынан жеңіліп қалған қасқыр өзінің аңғалдығы арқылы сипатталады. Қой оған: «Мені босат, қоралы қойға қайтайын, қозымды саған әкеліп тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?» – деп, жалған уәде береді [82, б. 386]. «Жылы-жұмсақ» тіркесі қасқырдың қомағайлық мінезіне әсер етіп, ол қойды босатып жібереді. Мұнда қасқырдың шешім қабылдауда ойлау қабілетінің әлсіздігі көрінеді. «Қасқыр мен кірпі» ертегісінде де қасқырдың бейнесі озбыр әрі ашқарақ сипатта ұсынылады. Орман шетінде кірпіге шабуыл жасаған қасқыр оның инелеріне шаншылып, жарақат алады. Өз әрекетін ақтау мақсатында ол: «Бетіңнен сүйейін деп едім. Сен-ақ түрпілеріңді тастамай жүреді екенсің өмірі» – деп, өзінің озбырлығын жасыруға тырысады [82, б. 387]. Бұл эпизод қасқырдың өз әрекетіне жауапкершілік алмайтын, шындықтан жалтаруға бейім бейнесін аша түседі. «Қасқыр, түлкі және есек» ертегісінде қасқырдың қанішер, жыртқыш табиғаты анық көрінеді. Ол: «Бір күні қарным ашып, ішек-қарным шұрылдап келе жатыр едім, қалың тоғайдың арасында бір доңызға көзім түсті. Тарпа бас салып, жарып жібердім… сылқия тойып алдым» – деп, аштық әсерінен әрекет етуін ақтап, өзіндік моральдан тыс мінез үлгісін көрсетеді. «Қасқыр неге ұлиды?» ертегісінде қасқырдың адамға қауіп төндіретін, тіпті қаскүнем сипаты ерекше атап өтіледі. Ол кедейдің екі ешкісін алып кетіп, халық ашу-ызасын тудырады. Сонда бала: «Ол өзі бізге қас, ешкілерді қырды, демек, ол қас-қыр ғой» – деп, оның атының қалай пайда болғанына түсініктеме береді [82, б. 349]. Бұл көрініс қасқырдың бейнесі этномотивтелген лексикалық бірлік ретінде түсіндірілетінін көрсетеді. Сонымен қатар, қасқырдың әрекетінің салдары ретінде ұлуы – фольклорлық

мотивацияланған мінез формасының көрінісі болып табылады. Осы ертегілер негізінде қасқыр бейнесі теріс коннотациямен сипатталады. Ол – ашкөздіктің, ақымақтықтың, озбырлық пен жауапсыздықтың бейнесі [83, p. 65].

Қасқыр бейнесі – қазақ дүниетанымында еркіндіктің, батырлық пен тектіліктің символы ретінде сипатталады. Бұл жыртқыш аңның ең басты ерекшелігі – қолға үйретуге көнбеуі, бостандыққа деген табиғи ұмтылысы. Қасқыр қандай да бір үстемдікке, басшылыққа, бағынуға бейім емес, бұл қасиеті оны басқа жануарлардан даралап көрсетеді. Осы мінезі – «Қасқыр байлағанға, шошқа айдағанға көнбес» деген халық мәтелінің мазмұнын негіздейді. Қасқырдың еркін мінезі мен қайтпас қайсарлығы, өжет әрі кекшіл болмысы – түркі халықтарының өзін көкбөрінің ұрпағы ретінде тануына себепші болған дүниетанымдық негіздердің бірі. Қасқырдың дене мүшелері де түрлі наным-сенімдермен байланыстырыла қолданылған. Мәселен, оның азу тісі ежелгі түркілер үшін тұмар ретінде қызмет етіп, қауіп-қатерден қорғайды деп есептелсе, қазақ халқы жаңа қонысқа алғаш қонғанда малды аман сақтайды деген сеніммен қасқырдың азу тісін үйдің немесе қораның маңына іліп қойған. Сондай-ақ, баланы тіл-көзден сақтау мақсатында оның азу тісі, тырнағы, жалы мен құйрық жүндері бесікке ілініп отырған [84, б. 179]. Бұл дәстүрлер қасқырдың бойындағы күш-қуатты, тылсым қасиеттерді тануға және оны адам өмірінің түрлі салаларына символдық тұрғыда кіріктіруге деген ұмтылысты айғақтайды. Бүгінгі күннің өзінде де бұл элементтер ұлттық киім мен әшекей бұйымдарда көрініс табады.

Қазақ ертегілеріндегі жиі кездескен «ит» анималистік лексикасы төмендегі кестеде (кесте 9) талданды.

Кесте 9 – «Ит» анималистік лексикасы

Ит	
1	2
Денотат:	Қасқыр тұқымдас сүтқоректі үй хайуаны [74, б. 328]
Ерекше белгілері:	Қырағылық, иесіне адалдық, жатқа қаталдығы, иіс сезу қабілетінің жоғары болуы – иттің негізгі ерекшеліктері. Қазақ халқында «жеті қазынаның бірі – ит» деген ұғым қалыптасқан.
Коннотат:	Ит бейнесі қосарлы сипатқа ие: оң мағынада – адал серік, иесіне берілген бейне; теріс мағынада – жексұрын, қорлық символы ретінде (мысалы, «ит өмір», «иттік жасау») [76, б. 211].
Символдық мағынасы:	Ит – адалдықтың, серіктік пен қорғаныстың символы. Мифологиялық түсініктерде ит – шекара күзетшісі, тылсым әлеммен байланыстырушылардың бірі ретінде көрініс табады.
Фразеологизмдер:	Ит басына іркіт төгілді – ағыл-тегіл болды, молшылық, ауқатты тұрмыс орнады; Ит боғынан қыл шықпай қоймайды – әр нәрсе тегіне, затына тартпай қоймайды; Ит байласа тұрғысыз – адам тұрып, тіршілік жасап болмайтын жер; Ит қорлығын көрсетті – азап тарттырды, қиыншылық көрсетті; Ит жеккенге айдатты – алысқа, қиыр қиянға жер аудару; Иттілеуін тіледі – жаман өмірді, жалғыздықты, қаңғымалықты қалады;

9 – кестенің жалғасы

1	2
	Ит түрткі болды – қақпай, түрткі көрді; әркімнің мазағына, қорлығына ілікті; Ит ырғын болды – мол олжаға кенелді, олжаға батысты; Итіне дейін біледі – жұрттың бәріне әйгілі [79, б. 132-133].
Мақалдар мен мәтелдер:	Жақсы ит – иесінің көз-құлағы; Жақсы ат жанға серік, Жақсы ит малға серік; Бұралқы ит үріп жағады; Итпен жолдас болсаң, таяғыңды тастама; Ит иесі үшін алады, Бүркіт жемі үшін алады; Малды бақсаң қойды бақ, Май кетпейді шарадан. Ит асырасаң сырттаннан Қой бермейді қорадан [77, б. 68-70]

Қазақ ертегілерінде ит бейнесі адам мен табиғаттың қарым-қатынасын, қоғамдық-әлеуметтік тәртіпті, сондай-ақ моральдық ұстанымдарды білдіруде маңызды рөл атқарады. Иттің жағымды бейнеленуі оның адамға қызмет етуші, адал серігі ретінде танылуымен байланысты. Мысалы, «Сұрмергеннің ажалы» ертегісінде қонақтың итке ет беруі жануардың жақсылық пен ризашылық символына айналғанын көрсетеді. Сол сияқты «Ит пен мысық адамға қалай үйренді?» және «Ит пен мысық неге араз?» ертегілерінде иттің адаммен жақындасуы оның қоғамдық қызметке кірігуін бейнелейді. Сонымен қатар, иттің қорғаушы әрі бақылаушы қызметі де кеңінен суреттеледі. «Адам болған жылан» ертегісінде төбет иттің үй маңын күзетуі арқылы ол қауіптің алдын алушы бейнесінде көрінеді. Бұдан иттің фольклорда қорғаушы символына айналғанын аңғаруға болады. Алайда, кейбір ертегілерде ит жағымсыз реңкте бейнеленеді. Мысалы, «Құтайба өтірікші», «Жомарт» және «Мұңлық-Зарлық» ертегілерінде ит сенімсіздік, қорлық, қарғыс немесе мазақ бейнесі ретінде қолданылады. Бұл мәнмәтінде иттің бейнесі эмоционалдық жүктемесі бар метафоралық құрал ретінде қызмет етеді. Ертегілерде ит бейнесіне қатысты фразеологиялық тіркестер де жиі кездеседі. «Әкем жылқы жимай, ит жиған екен!» немесе «Иттің аруағы ұрды», «Иттің баласы» сияқты тіркестер итті қоғамнан тыс, төмен санаттағы тіршілік иесі ретінде қабылдаудың нәтижесі ретінде көрінеді. Бұл бейнелер иттің төменгі иерархиялық деңгейдегі бейнесін айқындай түседі [67, б. 356]. Жалпы алғанда, ит бейнесі қазақ фольклорында екіұшты мәнге ие: бір жағынан – адалдық пен қорғаныштың, екінші жағынан – кемсітудің, сенімсіздіктің символы. Бұл қарама-қайшылық иттің ертегілерде антропоморфтық сипатта көрініс табуына, яғни адамға тән қасиеттермен сипатталуына байланысты.

Қазақ қоғамында ит ежелден адамның сенімді серігі ретінде белгілі. Қорғаушы, аңшы көмекшісі және мал күзетушісі рөлін атқарады. Түркілік дүниетанымда үй жануары ретінде орныққан. Қазақта «иткөйлекті бұрын

тоздырған» деген фразеологизм «жасы аздап үлкен деген ұғымда әзіл ретінде айтылады» [79, б. 132]. Иткөйлектің киелі мағынасы мен ырымдық қызметі қазақ халқында терең танымдық және символдық мәнге ие. Жаңа туған нәрестеге иткөйлек кигізу – халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жоралғыларының бірі. Бұл киім түрі ырымдық, тілектестік сипатта қолданылады. Әр ру мен ауылдың аясында иткөйлекті сыйлап немесе ырымдап кигізу арқылы балаға жақсы тілек білдіру, бақыт пен береке тілеу рәсімдері қалыптасқан. Киімнің етек-жеңінің кең әрі ұзын тігілуі – баланың ұзақ өмір сүріп, кең пейілді, кемел адам болуына бағытталған тілекпен байланыстырылады. Мұндай формалық ерекшелік халық нанымында «жеңі мен етегі мол – ғұмыры ұзақ, жаны берік» деген ырыммен сабақтасады. Иткөйлек тек перзентке арналған киім ғана емес, өмірге жаңа қадам басқан сәбиге ақ тілекпен арнау, ұрпақ сабақтастығы мен халықтық дүниетаным көрінісі болып табылады [85].

Ағылшын ертегілерінде жиі кездескен анималистік лексиканың қатарындағы «құс» келесі кестедегідей (кесте 10) талданды.

Кесте 10 – «Bird/Құс» анималистік лексикасы

Bird/Құс	
Денотат:	Creature that is covered with feathers and has two wings (Қауырсынмен жабылған, екі қанаты бар тіршілік иесі) [86, p. 139].
Ерекше белгілері:	Ability to fly, hollow and light bones, feathers, constant body temperature, reproduction by laying eggs, high metabolism, developed eyesight (Ауада ұшу қабілеті, қуыс және жеңіл сүйектер, қауырсын жамылғысы, тұрақты дене температурасы, жұмыртқа арқылы көбею, жоғары метаболизм, дамыған көру қабілеті) [87, p. 15-17].
Коннотат:	A person of a particular type, especially sb who is strange or unusual in some way (Белгілі бір типтегі адам, қандай да бір жолмен оғаш немесе әдеттен тыс адам) [86, p. 139].
Символдық мағынасы:	The image of a bird symbolizes freedom, peace of mind, high spirit, and sometimes also the soul or messenger in culture (Құс бейнесі мәдениетте еркіндік, жан тыныштығы, жоғары рух, кейде жан немесе хабар жеткізуші ретінде де символ болады) [88, p. 35].
Фразеологизмдер:	The bird has flown – the wanted person has escaped (Ізделіп жатқан адам қашып кетті, яғни нысан енді қолжетімсіз) [86, p. 139]; A bird in the bush – алдамшы арман; A bird of ill omen – бақытсыздық әкелетін адам; The bird in one's bosom – mystery, secret (құпия) [89, p. 87].
Мақалдар мен мәтелдер:	A bird in the hand is worth two in the bush – қолдағы бардан айырылып қалмау даналығы; Birds of a feather flock together – ұқсас адамдар бірге жүреді; A bird may be known by its song – адам сөзі мен ісі арқылы танылады; Each bird loves to hear himself sing – әркім өзін мақтағанды жақсы көреді [90, p. 102-104].

Құс – еркіндік, нәзіктік, руханилық пен тылсым күштің символы ретінде көрінеді. Мысалы, «The Rose-Tree» ертегісінде ақ құстың әсем ән салуы («it sang, and sang, and sang, like an angel out of heaven») оның тәңірге жақындығын

білдіреді [65, p.16]. Бұл тұста құс тіпті періште сипатында бейнеленеді. Сол сияқты, «Mr. Vinegar» ертегісінде құстың күлуі мен оған қатысты адамның ашуы құстың еркін мінезін және адамдармен қарым-қатынасындағы символдық мағынасын ашады [65, p. 27]. «Titty Mouse and Tatty Mouse» ертегісінде ағаш бұтағы үстінде отырған құс ағашқа сұрақ қойып, диалогтық қатынасқа түседі. Бұл – құстың ертегі әлеміндегі таным иесі, даналық иесі ретіндегі рөлін көрсетеді [65, p. 78]. Ал «Jack and his golden snuff-box» ертегісінде патша құстар арқылы ақпарат алуды көздейді, бұл құстың хабаршы және құпияны білуші ретіндегі архетипін аңғартады [65, p. 82].

Ағылшын ертегілерінде құс бейнесі табиғат пен адам арасындағы байланысты, мистикалық трансформацияны және болмыстың рухани қырын бейнелеу мақсатында кеңінен қолданылады. Құстар музыкалық әуенмен, яғни сұлулық пен эстетикамен де байланыстырылған. «Earl Mar's Daughter» ертегісінде қыз құстардың үніне құлақ түріп, рухани ләззат алады [65, p. 166]. Бұл мотивті «The Magpie's Nest» ертегісіндегі барлық құстардың сауысқаннан ұя жасауды үйренуге келуі де толықтырады, мұнда сауысқан – шеберлік пен білімнің иесі [65, p. 204].

«Jack the Giant-killer» ертегісінде сиқырлы трансформация нәтижесінде адамдар құсқа (және аңға) айналып, кейін қайта қалпына келеді. Бұл – ертегі жанрындағы жиі кездесетін метаморфоза мотиві, мұнда құс – уақытша түрленудің нышаны [65, p. 102].

Сонымен қатар, құс кейде сауығудың немесе емделудің құралы ретінде де суреттеледі: «Kate Crackernuts» ертегісінде науқас ханзада құсты жегеннен кейін денсаулығы жақсарады [65, p. 207]. Бұл мотив құстың тылсым емдік күші бар деген танымды білдіреді. «The Elephant's Child» және «The Crab that Played with the Sea» ертегілерінде құстар (мысалы, Kolokolo Bird) кеңесші, жол сілтеуші ретінде сипатталады. Ал «The Butterfly that Stamped» ертегісінде құстармен бірге басқа жануарлар да сөйлеу арқылы таным иелері ретінде ұсынылады [66, p. 225].

Ағылшын ертегілеріндегі «мысық» анималистік лексикасы төмендегі кестеде (кесте 11) талданды.

Кесте 11 – «Cat/Мысық» анималистік лексикасы

Cat/Мысық	
1	2
Денотат:	A small animal with soft fur that people often keep as a pet (Адамдар жиі үй жануарлары ретінде ұстайтын жұмсақ жүні бар кішкентай жануар) [91, p. 227].
Ерекше белгілері:	Sharp vision (especially at night), quiet and gentle movements, ability to retract claws, self-grooming (by licking), liking for personal space, agility, careful movement (Өткір көру қабілеті (әсіресе түнде), тыныш әрі жұмсақ қимыл, тырнақтарын ішке тарта алуы, өзін-өзі тазарту (жалау арқылы), жеке кеңістікті ұнатуы, ептілік, тыңғылықты қозғалыс) [92, p. 25-28]. In English, the word «cat» is sometimes used figuratively to refer to a cunning, independent, or attractive woman. It can also be used as a negative character in some contexts (Ағылшын тілінде «cat/мысық» сөзі кейде айлакер, тәуелсіз немесе тартымды әйелге қатысты бейнелі мағынада қолданылады.

11 – кестенің жалғасы

1	2
Коннотат:	Сонымен қатар, кейбір мәнмәтінде жағымсыз кейіпкер ретінде де қолданылуы мүмкін) [71].
Символдық мағынасы:	The image of a cat is often seen as a symbol of mystery, independence, and mystical power. In mythology, a cat is depicted as an animal that brings good luck or protects against misfortune. A black cat is a symbol of bad luck in Western culture and protection in the East (Мысық бейнесі жұмбақтықтың, тәуелсіздіктің, тылсым күштің символы ретінде жиі кездеседі. Мифологияда мысық сәттілік не бәле-жаладан сақтайтын жануар ретінде бейнеленеді. Қара мысық – батыс мәдениетінде сәтсіздіктің, шығыста – қорғаныштың нышаны) [88, p. 48].
Фразеологизмдер:	Be the cat's whiskers/pyjamas – to be the best thing, person, idea, etc. (ең жақсы нәрсе, адам, идея болу, т.б.); Let the cat out of the bag – to tell a secret carelessly or by mistake (абайсызда немесе қателесіп сырды айту, құпияны ашып қою); Curiosity killed the cat – артық қызығушылық жамандыққа апарады; Like a cat on hot bricks – very nervous (жүйкесі тозған) [91, p. 227]; Cat got your tongue? – неге үндемейсің? [93, p. 92].
Мақалдар мен мәтелдер:	A cat has nine lives – мысық өміршең жануар; қауіп-қатерден аман қала береді; When the cat's away, the mice will play – басшы жоқта, бағынуштылар еркінсіп кетеді; There's more than one way to skin a cat – бір мәселені шешудің бірнеше жолы бар [90, p. 155-157].

Ағылшын ертегілерінде мысық бейнесі күрделі семантикалық жүкке ие: ол үй жануары ретінде де, дербес мінезді, тіпті мистикалық сипаттағы кейіпкер ретінде де көрініс табады. Бұл жануардың әрекеттері арқылы ағылшын мәдениетіне тән когнитивті үлгілер мен тұрмыстық дүниетаным байқалады. Мысалы, «The Old Woman and Her Pig» ертегісінде мысық белгілі бір шартпен көмек көрсетуге келіседі: «If you will go to yonder cow, and fetch me a saucer of milk, I will kill the rat» [65, p. 23]. Бұл мысалдан мысықтың адаммен шартқа негізделген өзара әрекеттесуін көреміз. Бұл оның ертегідегі дербес тұлға ретінде бейнеленуінің дәлелі. Көптеген ертегілерде мысық басты кейіпкерлермен жолығады және түрлі қызмет атқарады. Мәселен, «How Jack went to seek his fortune» шығармасында мысық басты кейіпкердің серігі ретінде көрінеді [65, p. 24], ал «Mouse and Mouser» ертегісінде ол үй ішіндегі тұрмысқа бейімделген, тіпті жіп иіріп отырған кейіпте бейнеленеді [65, p. 48].

«Whittington and his Cat» ертегісінде мысықтың егеуқұйрықтар мен тышқандардан арылтушы ретіндегі қызметі айқын көрсетілген. Бұл оның адамның тұрмысына нақты пайдасы бар жануар екендігін білдіреді [65, p. 178]. Сонымен қатар, мысықтың озбыр, ерке мінезі де байқалады.

«Lazy Jack» ертегісінде мысық басты кейіпкерді тырнап, оның қолынан қашып кетеді [65, p. 160], ал «The Cat and the Mouse» шығармасында ол тышқанның құйрығын тістеп алады, бұл ертегідегі тышқан мен мысық арасындағы қастықтың ертеден қалыптасқанын көрсетеді [65, p. 197].

Мысықтың мистикалық не ерекше сипаты «The cat that walked by himself» ертегісінде анық аңғарылады. Онда ол *«the wildest of all the wild animals»* ретінде сипатталады, яғни табиғи болмысы бойынша дербес, қашанда өз дегенімен жүретін бейне ретінде ұсынылады [65, p. 197]. Бұл мысық бейнесінің архетиптік деңгейдегі еркіндік символына айналғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, кей ертегілерде мысық сөйлеу, пікір білдіру қабілетіне ие жануар ретінде көрініс табады («Master of all Masters», «The history of Tom Thumb»). Бұл жануардың антропоморфтық сипатқа ие болып, ертегі әлемінде өз еркін білдіру мен шешім қабылдау қызметін атқаратынын байқатады.

Мысықтың әрнәрсеге қызығуы – баршаға белгілі мінез-құлық сипаттарының бірі. Бұл табиғи, инстинктивті ерекшелік оның қоршаған ортаны зерттеуге деген ұмтылысын арттырғанымен, кей жағдайларда өзін қауіп-қатерге душар етуі мүмкін. Осы мінездің негізінде ағылшын тілінде кең таралған фразеологизм қалыптасқан: «Curiosity killed the cat/Қызығушылық мысықты өлтіреді». Бұл тіркес шектен тыс қызығушылық пен білмеген нәрсені қазбалаудың жағымсыз салдарға әкелетінін меңзейді. Қазіргі таңда бұл тіркес мақалға айналды. Аталған тұрақты тіркестің алғашқы үлгілері XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында ағылшын әдебиетінен, әсіресе елизаветалық кезең драматургтерінің еңбектерінен (соның ішінде Уильям Шекспирден) байқалады. Алайда бастапқыда бұл мақал «Care killed the cat» (қамқорлық мысықты өлтірді) түрінде кездесіп, шамадан тыс қамқорлықтың зияндылығын білдірген. Бұл нұсқа XIX ғасырдың аяғында жарық көрген Э. Брюэрдің «Фразеологиялық және аңыздық сөздігінде» (E. Brewer's Dictionary of Phrase and Fable, 1898) тіркелген. Кейін келе мақалдың құрылымы мен мазмұны өзгеріске ұшырап, қазіргі қолданыстағы нұсқасы пайда болды [94].

Ағылшын тілінде «grin like a Cheshire Cat» (Чешир мысығындай ыржию) деген тұрақты тіркес бар. Бұл тіркестің шығу тегіне қатысты бірнеше нұсқалар ұсынылған. Бірінші нұсқа бойынша Чешир графтығында мысық басына ұқсайтын, күліп тұрған бейнедегі ірімшіктер сатылған. Екінші нұсқада Чешир шағын графтық болса да, оның мәртебесі тым жоғары саналғандықтан, «тіпті мысықтар да күлген» делінеді. Үшінші нұсқада, Ричард III патшалық еткен тұста Чеширде Катерлинг есімді орманшы өмір сүріп, ол браконьерлерді ұстағанда, шошытарлық күлкімен танылған екен. 1865 жылы жарық көрген Льюис Кэрроллдың «Алиса ғажайыптар әлемінде» атты хикаясында Чешир мысығы ерекше қабілетке ие – ол біртіндеп ғайып болып, аузы да, тістері де көрінбей ең соңында тек жымиюы ғана қалады. Бұл көрініс тіркестің бейнелі мағынада қолданылуына ықпал еткен [95]. Чешир – ежелден сүт өнімдерімен, әсіресе ірімшігімен танымал сүтті округ. Бұрындары Честер графтығында Ди өзенінің бойында қала порт ретінде қызмет атқарған кезде ірімшік қоймасы болған. Аңыз бойынша теңізге жақын орналасқан аймақтағы мысықтар кемелер жағалауға тоқтағанда олардан қашып шыққан егеуқұйрықтар мен тышқандарды аңду үшін жиі жиналатын болған. Чешир ірімшігі тиелген кемелерді күткен бұл мысықтар патша сарайындағы ең бақытты мысықтар саналған. Сол себепті олар үнемі мәз

болып күліп жүретін көрінеді [96]. «Чешир мысығындай ыржию» фразеологизмі Чешир портының тарихы мен мәдениетінен бастау алады.

Ағылшын тіліндегі «жылқы» анималистік лексикасы төмендегі кестеде (кесте 12) көрсетілді.

Кесте 12 – «Horse/Жылқы» анималистік лексикасы

Horse/Жылқы	
Денотат:	A large animal with four legs, a mane and a tail (Төрт аяқты, жалы мен құйрығы бар ірі жануар) [91, p. 139].
Ерекше белгілері:	High endurance, agility, adaptability to humans, sensitivity to smell and sound, herd instinct, ability to recognize direction, beautiful body structure (Жоғары төзімділік, шапшаңдық, адамға бейімделгіштік, иіс пен дыбысқа сезімталдық, үйірлік инстинкт, бағытты тану қабілеті, әсем дене құрылысы) [97, p. 119].
Коннотат:	In English, the word «horse» is sometimes used to describe a physically strong person or a strong person who can carry a lot of weight. It also appears in some contexts as a symbol of hard work and endurance (Ағылшын тілінде «horse/жылқы» сөзі кей жағдайда физикалық мықты адам немесе жүк көп таситын күшті адамды сипаттауда қолданылады. Сондай-ақ, кейбір мәнмәтінде ауыр жұмыс пен шыдамдылықтың символы ретінде көрінеді) [71].
Символдық мағынасы:	The horse is a symbol of freedom, loyalty, heroism and strength. In English and European culture, it is often associated with nobility and chivalry (Жылқы – еркіндік, адалдық, батырлық пен күштің символы. Ағылшын және Еуропа мәдениетінде ол көбінесе асылдық пен рыцарьлық қасиеттермен байланыстырылады) [88, p. 164].
Фразеологизмдер:	Hold your horses – асықпа, сабыр сақта; From the horse's mouth – тікелей, нақты дереккөзден алынған ақпарат; Straight from the horse's mouth – дәл көзден алынған шындық [93, p. 152].
Мақалдар мен мәтелдер:	You can lead a horse to water, but you can't make it drink – адамға мүмкіндік беруге болады, бірақ оны мәжбүрлей алмайсың; Don't look a gift horse in the mouth – сыйға берілген нәрсенің кемшілігін іздеме [90, p. 203].

Ағылшын халық ертегілерінде жылқы бейнесі маңызды символдық әрі прагматикалық қызмет атқарады. Бұл жануардың бейнесі батырлық, адалдық, еркіндік, әлеуметтік мәртебе сынды ұғымдармен тығыз байланысты. Жылқы көбіне кейіпкердің сапарға аттану сәтінде немесе сынақтардан өту үдерісінде маңызды серік ретінде көрінеді. Мәселен, «Jack the Giant-killer» ертегісінде ханзада жолға екі жылқымен шығады: біреуі – көлік құралы, екіншісі – байлықты алып жүруге арналған [65, p. 111]. Мұнда жылқы тек көлік құралы емес, сонымен қатар, кейіпкердің әлеуметтік жағдайын көрсететін белгі ретінде қызмет етеді. «Kate Crackernuts» ертегісінде де жылқы кейіпкерді қауіптен құтқаратын, қозғалыс символына айналады. Бұл жердегі жылқы бейнесі жылдамдық пен құтқару идеясымен ұштасады. Ал «Fairy Ointment» ертегісінде әйел адам сиқырлы беймәлім кейіпкермен бірге қара тұлпарға мініп, көз ілеспес жылдамдықпен жол жүреді [65, p. 220]. Мұнда жылқы тек физикалық көлік

құралы емес, басқа болмыстар әлеміне өтудің бір түрі ретінде сипатталады. Бұдан бөлек, «Childe Rowland» ертегісінде жылқы падишаның малшыларының қарауындағы бағалы мал ретінде бейнеленеді. Бұл жылқының тек міну құралы емес, мемлекеттің байлық көрсеткіші ретіндегі қызметін танытады [65, p. 125]. Аталған деректерден аңғарылатыны – ағылшын фольклорында жылқы бейнесі көпқырлы мәнге ие: ол – көлік құралы, символдық серік, мәртебелік белгі және кейіпкерді кеңістіктен кеңістікке тасымалдаушы магиялық күш. Бұл аспектілер жылқы бейнесінің нарративтік құрылымда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

«Get off your high horse» (сөзбе сөз аударғанда берілген тұрақты тіркес «биік атыңнан түс» мағынасын білдіреді, яғни «өзіңді жоғары қойма» дегенді меңзейді) тіркесі адамның тәкаппарлықты доғарып, қарапайым болуға шақыру мағынасын білдіреді. Бұл тіркес ортағасырлық Англия дәуірінен бастау алады. Ол кезде ақсүйектер мен әскери қолбасшылар қоян тірсек, аяғы ұзын, шоқтығы биік, омыраулы аттарға мініп, өз мәртебесін көрсететін болған. Ат – билік пен беделдің белгісі ретінде қабылданды. Уақыт өте келе, бұл тіркес тәкаппар, өзгенің үстінен қарауға бейім адамдарды сынға алуда қолданылатын тұрақты сөз орамына айналды [98]. Бұл фразеологизм тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста моральдық ұстанымдар мен этикалық шекараларға негізделген мәдени таптаурындарды аңғартады. Ағылшын қоғамында қоғаммен үйлесімді өмір сүру, өзін шектен тыс жоғары қоймау – мәдени норма.

Ағылшын ертегілеріндегі жиі кездескен анималистік лексика «сиыр» төмендегі кестеде (кесте 13) талданды.

Кесте 13 – «Cow/Сиыр» анималистік лексикасы

Cow/Сиыр	
Денотат:	a large animal kept on farms to produce milk or beef (фермаларда сүт немесе сиыр етін өндіру үшін ұсталатын ірі жануар) [91, p. 351].
Ерекше белгілері:	Ruminant ability, high milk yield, tendency to group behavior, gentle temperament, balanced life habits (Күйіс қайыру қабілеті, жоғары сүт өнімділігі, топтық мінез-құлыққа бейімділік, жұмсақ мінез, бірқалыпты тіршілік дағдысы) [97, p. 64]. Бірқалыпты тіршілік дағдысы сиырдың баяулығын, өзгеріске бейім еместігін білдіреді.
Коннотат:	Sometimes, the word «cow» can be used in English to describe a woman who is timid or has a bad temper (Кейде «сиыр» сөзі ағылшын тілінде қорқақ немесе жағымсыз мінезді әйелді бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін) [71].
Символдық мағынасы:	The cow is a symbol of fertility, maternal love, peace and stability (Сиыр – құнарлылық, аналық мейірім, тыныштық пен тұрақтылықтың символы) [88, p. 78].
Фразеологизмдер:	Cash cow – тұрақты пайда әкелетін қор немесе кәсіп; Till the cows come home – өте ұзақ уақытқа дейін, шексіз уақыт; Why buy the cow when you can get the milk for free? – пайдасыз нәрсеге ақша төлеу туралы кеңес [93, p. 91].
Мақалдар мен мәтелдер:	The cow knows not what her tail is worth till she has lost it – адам құнды нәрсенің қадірін жоғалтқаннан кейін ғана түсінеді; Sacred cow – сынға алынбайтын, қол сұғуға болмайтын идея немесе ұғым [90, p. 87].

Бұл кестедегі (кесте 13) тілдік бірліктер әртүрлі ертегілерде түрлі қызметтер мен символдық мағыналарда көрінеді. Бұл бейне тұрмыстық және символдық тұрғыда жиі пайдаланылған, әрі сиырдың мінезі мен қызметі әртүрлі мәнмәтіндерде ерекшеленеді. Ағылшын тіліндегі «till the cows come home» (сөзбе-сөз: «сиырлар үйге қайтып келгенге дейін») тұрақты тіркесі уақыттың белгісіз әрі ұзақ созылатын кезеңін білдіреді. Бұл тіркес бір істің бітпей ұзаққа созылатынын немесе бір нәрсенің анық қашан болатыны белгісіз екенін көрсету үшін қолданылады. Берілген фразеологизм мал шаруашылығымен айналысатын ауылдық жерлердегі тұрмыспен тығыз байланысты туындаған. Сиырлар жайылымнан баяу, асықпай қайтатындықтан, олардың келуі белгісіз әрі ұзақ уақытқа созылады. Осыған байланысты бұл тіркес «ұзақ уақыт» немесе «белгісіз мерзім» ұғымын бейнелейтін тұрақты тіркеске айналған. 1698 жылы Джон Дантонның «Teague Land: or A Merry Ramble to the Wild Irish» еңбегінде бұл тіркес алғаш рет жазбаша түрде кездеседі. Онда ол ирландиялықтардың жексенбі және мереке күндері жасыл алаңда би билеп, «сиырлар қайтып келгенше» көңіл көтеретінін сипаттайды [99].

Ағылшын халқының тарихы мен тұрмысында мал шаруашылығы, әсіресе сиыр өсіру маңызды орын алған. Бұл тіркес сол дәстүрлі тұрмыстың тілде сақталған ізі ретінде қарастырылады. Сиырлардың жайылымнан баяу, асықпай оралуы – ағылшын ауыл өмірінің шынайы көрінісі. Мұндай тіркес табиғатпен үйлесімді өмір сүруді, сиырдың сабырлы, асықпайтын сипатын көрсетеді.

Осы ретте, сиырдың символдық маңызы мен фольклорлық рөлін қарастыруға болады. «The Three Sillies» ертегісінде сиырды баспалдақпен көтеруге тырысқан әйелдің әрекеті, сиырдың кейде адамдарға бағынышты, бірақ кейде оларға қарсы келетін бейнесін көрсетеді. Бұл жерде сиыр тек «құрбандық» ретінде ғана емес, сонымен қатар, сиқырлы күш немесе әдеттен тыс әрекет ретінде көрінеді. «Mr. Vinegar» ертегісінде әдемі қызыл сиырдың бейнесі, оның сұлулығы мен құндылығын білдіреді. Бұл сиырдың сұлулық пен күштің символы екендігін көрсетеді. «Jack and the Beanstalk» ертегісінде сиырдың мәні үлкен: сиыр – отбасының тіршілігінің қайнар көзі, яғни қажеттілік пен қамқорлықтың бейнесі ретінде ұсынылады. Бұл жерде сиырдың атқарған қызметі өте маңызды болып табылады, ол ертегі кейіпкерлеріне сәттілік пен көмек береді. «The Cat and the Mouse» ертегісінде сиырдың сүті материалдық қор ретінде қарастырылады. Бұл тұрмыстық қажеттілік пен ұқыптылық символы [65, p. 197].

Сонымен анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшелігін қазақ және ағылшын ертегілеріндегі жиі кездескен атауларды компоненттік талдау арқылы ашуға тырыстық. Жиі кездескен анималистік лексиканың денотаты түсіндірме сөздіктер арқылы, ерекше белгілері мен коннотациясы, символдық мағынасы, фразеологизмдер мен мақал-мәтілдердегі көрінісі сөздік мақалалар негізінде талданды. Жиі кездескен анималистік лексиканың тұрақты тіркестердегі көрінісі әр этностың тарихынан және мәдениетінен құнды ақпарат беретіндігі анықталды. Зерттеуіміздің келесі кезеңі ертегілердегі анималистік лексиканың когнитивті сипатын талдауға арналады.

2.3 Анималистік лексиканың когнитивті сипаты

Анималистік лексика тілдік бірлік ретінде адамның дүниені тануы мен концептуалдау үдерісінің нәтижесі. Бұл лексикалық топ тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймай, халықтың менталды ерекшеліктері мен концептаясының маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Когнитивті лингвистика анималистік лексиканы адам санасындағы дүниені тану арқылы қалыптасқан менталды құрылымдар ретінде қарастырады.

Дж. Лакофф пен М. Джонсонның айтуынша концептілер жай ғана ақыл-ойдың туындысы емес. Олар біздің күнделікті әрекеттерімізге ықпал етеді. Концепті түйсік, мінез-құлық, өзге адамдарға деген қарым-қатынасты құрылымдайды. Сол арқылы концептуалды жүйе күнделікті өмір шындығын анықтауда шешуші рөл атқарады [100, с. 25]. Ғалым А. Ислам концептіні ұлттық құндылықтарды білдіретін шындық болмыстың этнос санасында сақталған құрылымы деп анықтайды [101, б. 65]. Зерттеуші С. Жиренов концептіні ойлау мен таным және мәдени үдерістердің жиынтығынан адам санасында дүние бейнесінің ассоциациялануының нәтижесі деп түсіндіреді [102, б. 62-63]. Берілген анықтамалардан концепті дүниені адам санасында бейнелейтін когнитивті бірлік, тілдік ұжымның дүниені танып-білуінің нәтижесі екендігін көреміз. Сонымен, концепт шындық болмыс туралы білімнің санада бейнеленуі, сақталуы және игерілуі болып табылады.

Концептіні когнитивті тұрғыдан зерттеу мен лингвомәдени талдаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік талдаудың мақсаты мен әдіснамалық негіздерімен айқындалады. Когнитивтік зерттеу дүниенің концептуалдануы мен менталды үдерістер концептілерде қалай көрініс табады деген мәселеге назар аударса, лингвомәдени талдау этностың мәдени ерекшеліктері мен құндылықтарын тілдік бірліктер қалай бейнелейді дегенді анықтауға ұмтылады.

Когнитивті лингвистикада концептілерді зерттеудің негізгі әдістерінің бірі ретінде концептуалды талдау әдісі ұсынылады. Бұл әдіс тілдік деректер негізінде адамның санасында қалыптасқан ұғымдарды, олардың құрылымын, мазмұнын және мәдени-танымдық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Концептуалды талдау арқылы белгілі бір концептінің семантикалық өрісі, ассоциативті байланыстары, бағалауыш және эмоционалдық реңктері жүйелі түрде зерттеліп, оның ұлттық-мәдени мәнмәтінде қалай бейнелейтіні айқындалады. Зерттеуші В.А. Маслова концептілердің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, концептуалды талдау жүргізудің әдістемелік негіздерін ұсынған. Оның пікірінше, когнитивті лингвистика аясында концептілерді талдау – халық дүниетанымындағы әмбебап және ұлттық сипаттағы белгілерді айқындауға, сол арқылы тіл сөйлермендерінің мәдени, психологиялық және ұлттық ерекшеліктері туралы шынайы, сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді [103, с. 35].

Концептілерді талдауда С.Г. Воркачев ұсынған жіктеменің маңызды деп санаймыз. Ғалым концептіні күрделі ойлау бірлігі деп анықтай отырып, оның құрамы мағыналық (ұғымдық белгілерден тұратын), бейнелік (тілдік санада

қалыптасқан когнитивтік метафоралар) және құндылық (концептінің сол тілдік жүйедегі орны мен маңыздылығына байланысты туындаған этимологиялық және ассоциативті белгілері) компоненттерден тұрады деп тұжырымдайды [104, с. 45]. Анималистік концептілерді талдауда аталған компоненттерді анықтауға ұмтыламыз.

Концептілердің ұғымдық компонентін анықтау үшін қазақ және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерін пайдаланамыз. Кез келген тілдің түсіндірме сөздіктерінде берілген мәліметтер сол этностың тілдік санасында қалыптасқан мағыналарды айқындайды.

Анималистік концептілердің бейнелік компоненттерін талдауда екі тілде қалыптасқан метафораларға назар аударамыз. Концептуалды метафора теориясының негізін Дж. Лакофф пен М. Джонсон салды. Зерттеушілер концептуалды метафораны бір ұғымды екінші ұғым арқылы түсіндіру тәсілі ретінде сипаттайды [100, с. 78].

Адамның сыртқы келбеті, ішкі жан-дүниесі, мінез-құлқы, іс-әрекеті мен қимыл-қозғалысы, эмоционалдық жай-күйі секілді сипаттар метафора арқылы бейнеленгенде, бұл тілдік бірліктердің астарында халықтың дүниетанымын, қоршаған әлем туралы білімдер жүйесін танытатын бейнелік және аялық білімдер көрініс табады.

Жануарларға қатысты метафоралар ұлттық болмыс пен дүниетанымның айнасы іспеттес, себебі олардың мағыналық аясы белгілі бір этностың тұрмыс-салтына, мәдени ерекшеліктеріне, ой-өрісіне тікелей қатысты. Мұндай метафоралардың мағынасы сол ұлттың ішкі когнитивті құрылымына сай қалыптасып, бейнелі, әрі жиі қолданылатын тілдік бірліктер ретінде танылады. Бұл метафоралар халық даналығының, ұжымдық сананың нәтижесі ретінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер құрамында сақталып келеді.

Кез келген нысан немесе құбылыс адам сезімінің, көңіл-күйінің, бағалауының негізінде салыстыру арқылы бейнеленеді. Адам санасы заттар мен құбылыстарды түсіндіруде әдетте ассоциативті теңеулерге жүгінеді. Осы тұрғыда үй жануарлары мен жабайы аң-құс атаулары этностың когнитивті үлгісінде дерексіз ұғымдар мен адам әрекеттерін, эмоционалды күйін бейнелі түрде сипаттауға белсенді түрде қатысады.

С.Қ. Сансызбаева атап өткендей, жануар атаулары адамның мінез-құлқы мен сипатын бейнелеуде ұлттық-мәдени ассоциациялар негізінде әр халықта әртүрлі түсінікке ие болады [105, б. 18]. Мәселен, ағылшын тіліндегі hare (қоян) анималистік лексикасы – шапшаңдық пен икемділікті білдіретін жағымды сипатқа ие болса, қазақ тілінде қоян қорқақтықтың символы ретінде жағымсыз коннотацияда қолданылады. Ағылшын тіліндегі bear (аю) – дөрекі, ебедейсіз адамды сипаттайды [106, б. 9].

Осыған орай, жануарларға қатысты метафоралар тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты бейнелейтін когнитивті құрылым ретінде маңызды рөл атқарады.

Белгілі бір нысанның сипаттамаларын басқа нысанмен салыстыру арқылы жаңа ұғым қалыптастыру – ойлаудың негізгі механизмдерінің бірі.

Жануарлар атаулары халықтың өмір сүру тәжірибесі арқылы жинақталған ұжымдық білімнің, мәдениеттің, эмоция мен бағалаудың тілдік көрінісі болып саналады. Мәселен, қазақ ертегілеріндегі қасқыр, түлкі, қой, түйе, т.б. концептілері қазақ санасындағы аталған жануарлар туралы білімдер жүйесін және олармен байланысты ассоциацияларды қамтиды. Түлкі – қулық пен айланың, қасқыр – ашкөздік пен тәуелсіздіктің, қой – момындық пен бейбітшілік ассоциацияларын тудырады.

Анималистік лексика когнитивті метафоралар арқылы антропоморфтық сипатта тұлғаланады. Мәселен, «қойдан қоңыр» метафорасы момын, жуас адамды білдіреді. «Қойдай меңірею» метафорасы ақымақ адамды білдіреді.

Қазақ ертегілеріндегі анималистік концептілерді талдаймыз. Төменде қазақ танымындағы «жылқы» концептісінің когнитивтік құрылымын сипаттаймыз.

«Жылқы» концептісі.

Ұғымдық: төрт түлік малдың тақ тұяқты түрі. Жылқы төзімді, табиғат жағдайына бейім.

Бейнелік: жылқы – шапшаң, алғыр адам; жылқы – сұлулық; жылқы – байлық. Тұлпардай текті – ерекше қасиеті бар адам.

Құндылық: Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жылқы ерекше киелі жануар ретінде қабылданады. Мифологиялық түсініктерге сәйкес, жылқы жел іспетті күштен жаратылған, магиялық әрі тылсым сипаттарға ие. Ежелгі дәуірлерде төрт түлік малдың ішінде жылқы түлігіне айрықша мән берілген, оны киелі жан иесі ретінде қабылдау үрдісі қалыптасқан. Жылқы түлігінің қамқоршысы, киесі әрі иесі ретінде халық танымында Қамбар ата немесе Жылқышы ата бейнесі орныққан. Қамбар ата – жылқының пірі ретінде жаратушы күшпен, Тәңірмен тығыз байланысты деп саналады. Осыған орай, Қамбар атаға сыйыну, құрмет көрсету арқылы жылқы малын аман сақтап, оның өсіп-өнуін қамтамасыз етуге болады деген сенім кең таралған. Бұл түсініктер жылқы культінің қалыптасуына негіз болған. Жылқыны киелі деп тануға байланысты түрлі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қалыптасқан. Мұндай дәстүрлік элементтер халық ауыз әдебиеті үлгілерінен – батырлар жырынан, дастандардан, аңыз-әңгімелерден жиі кездеседі. Мысалы, жолаушы сапарға шыққанда атының сауырынан ұруға тыйым салынған. Бұл тыйымның негізінде – «Қызыр баба жолаушыны атының сауырында отырып жебелейді» деген наным жатыр. Сонымен қатар, қазақ біреуге атын сыйлағанымен, жүгенін бермейді, себебі жүген – береке мен байлықтың нышаны ретінде қабылданады [107, б. 112-113].

Қазақтың болмысын жылқы мінезімен сипаттау – көнеден келе жатқан таным. «Адам жылқы мінезді: бір күнде түлейді, бір күнде жүдейді» деген халық сөзі адамның көңіл-күйінің, мінез-құлқының жылдам өзгеретінін меңзейді. Жылқы секілді адам да кейде сергек, қуатты болса, кейде күйі түсіп, әлсіреп қалады. Бабы келісіп тұрған жүйріктің аз ғана уақытта шауып болатыны секілді, кей адам да қысқа мерзімде өзгеріп шыға келеді. Күйі кеткен тұлпарды қайта бабына келтіру көп еңбекті қажет ететіні сияқты, адам да рухани күйзелістен оңай шыға алмайды. Жылқы жылдамдығымен, төзімділігімен, сұлулығы және

ақылдылығымен ерекшеленетін жануар. «Жылқыдай жүйрік» метафорасы адамның шапшаңдығын, ептілігін және ақылдылығын дәріптеу мақсатында пайда болған. Ол адамның мінез-құлқы мен қабілетін жылқының қасиетімен ұқсатады. «Жылқы» – жылдамдық, «жүйрік» – ерекше шапшаңдықтың бейнесі. Жылқының жүйріктік қасиеті адамның әрекеті мен ойлау жылдамдығына сәйкестендіріледі.

Қазақ халқының табиғаты мен мінез-құлқы жылқының болмысымен жиі салыстырылады. Жылқы – ерекше тазалықты сүйетін, таңдағыш жануар. Ол шөптің шүйгінін, судың мөлдірін ғана тұтынады. Бұл қасиет – қазақтың да тазалыққа, пәктікке, адалдыққа деген ұмтылысын көрсетеді. Шын жүйріктердің «бөкен қабақ» деп сипатталуы олардың батылдығы мен өжеттігін көрсетеді. Мұндай қайсарлық – қазақ халқының да тектік ерекшелігі.

Дегенмен, «жылқы мінезді» сөзі кейде теріс сипатта да қолданылады. Кей адамды бұл тіркеспен сипаттағанда, оның тәкаппар, ауыр мінезді, жақын тартпайтын, менмен тұлғасын меңзейді. Мәселен, жылқының пысқырып, бой бермей кететін қылығын адамның менсінбеу, ашушаңдық сияқты қасиеттерімен байланыстырады.

«Қой» концептісі.

Ұғымдық: күйіс қайыратын ашатұяқты төрт түлік мал. Қой – ет, сүт, жүн өнімдерін беретін мал. Ол жайылым талғамайды, ауа райына бейімделгіш.

Бейнелік: Қой мінезді – тыныш, сабырлы адам; қойдан қоңыр – жуас, момын адам.

Құндылық: «қой мінезді» метафорасы адамның тыныш, жуас, сабырлы, бейбітшіл мінезін білдіру үшін қолданылады. Қазақ халқы қойды төрт түліктің бірі ретінде өсіріп, тұрмыста кеңінен қолданған. Қой шаруашылығы қазақтың негізгі кәсібі болғандықтан, қойдың көнбіс, жетекке ергіш, өз ортасына бейімделгіш ерекшелігін жақсы таныған. Бұл ойымызды тілімізде қалыптасқан «қой аузынан шөп алмас», «қой мінезді», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» деген мақалдар мен тұрақты тіркестер дәлелдейді.

«Қасқыр» концептісі.

Ұғымдық: жыртқыштар тобына жататын, ит тұқымдасына кіретін, өте икемді, жүйрік, аңшылық қабілеті жоғары аң. Қазақ даласында жиі кездесетін жануар.

Бейнелік: қасқыр – батыл, қайсар, жүрек жұтқан адам.

Құндылық: ерте замандағы түркі халқы қасқырды ұнамды сипатта «көк бөрі» деп атап, оны ата тегі ретінде қадір тұтқан. Аңыз бойынша қайратты, ерікті, ақылды және айлакер қасқыр жаулардың шабуылынан аман қалған ең соңғы түркі ұрпағын құтқарып, асырап-баққан. Оған қоса, түркілер қасқырды «Көк құрт» деп атаған. Бұл атаудағы «көк» сөзі «аспан» мағынасын білдіреді. Аспан құдайы тәңірдің символдық түсі де көк түсті. «Құрт» сөзі «құтқару», «аластау» деген мағынамен мәндес. Ертегілерде қасқыр әдетте зұлым, екі жүзді, ашкөз, кейде қорқақ, аңқау бейнеде беріледі. Бұл адам бойындағы ұнамсыз қылықтар метафоралар арқылы көрінеді. «Қасқыр жүректі» метафорасы беті ештеңеден қайтпайтын батыл, қайсар, жүрек жұтқан деген мағынаны білдіреді. Ол адамның

батырлық, қайсарлық қасиеттерін қасқырдың табиғи мінезі арқылы түсіндіріп тұр. «Қасқыр жүректі» метафорасы ер адамның жүректілігін, тәуекелге бел байлауын мадақтайтын, ұлттық болмыста қалыптасқан когнитивті үлгі.

«Абжылан» концептісі.

Ұғымдық: су жылан.

Бейнелік: Қанқұйлы, жауыз, қанышпезер [74, б. 11].

Құндылық: «Абжылан» концептісі қазақ танымында – мифтік-символдық мазмұнмен астасқан, мәдени санада қорқыныш, тылсым күш, сақтану мен үрей ұғымдарымен сабақтасып қалыптасқан ерекше танымдық құрылым.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жылан бейнесі күрделі әрі көпқабатты мағынаға ие мифтік-символдық нысан ретінде көрініс табады. Фольклорлық және этнографиялық деректерге сүйенсек, жылан тек қана жорғалаушы жәндік ретінде емес, сонымен қатар киелі болмыс ретінде де қабылданған. Бұл түсінік көне замандағы сенімдермен, яғни табиғат құбылыстары мен жан-жануарларға тылсым күш дарыту танымымен тығыз байланысты. Мәдени санада жыланға деген көзқарас екіжақты сипатқа ие: бір жағынан – қорқыныш пен сақтану, екінші жағынан – құрмет пен табыну элементтері байқалады. Аңыздар мен ауызша әңгімелерде жылан Қыдыр (Қызыр) бейнесінің бір формасы ретінде де сипатталады. Қазақ мифтік түсінігінде Қыдыр ата кейде беліне дейін сақалы түскен қария түрінде, кейде түзде кездесетін жылан кейпінде адамға аян болатын құбылмалы бейне ретінде бейнеленеді. Осы себепті халқымыз жыланға тікелей зәбір келтірмей, оны құрметпен шығарып салу дәстүрін ұстанған. Мәселен, үй ішіне өздігінен кіріп кеткен жыланға ақ құю арқылы, оны «қонақ» ретінде қарсы алып, сыртқа шығарып салу үрдісі қалыптасқан. Бұл салт, бір жағынан, жыланға киелі жаратылыс ретінде қараудан туындаса, екінші жағынан, үйге келген кез келген тіршілік иесін құрметтеу қағидасымен үндеседі. Паремиологиялық бірліктерде де жылан бейнесі кең көрініс тапқан. Мәселен, «Үйге кірген құры шықпас, көрге кірген қайтып шықпас» деген мақал, үйге келген кез келген жан иесін құрметтеп, дәм ұсынып шығару керек деген дәстүрді паш етеді. Сонымен қатар, «жатқан жыланның құйрығын баспа» деген тыйым сөз халықтың байырғы кезеңнен бастап қалыптастырған өмірлік тәжірибесінен туындаған. Бұл фразеологиялық тіркес, бір жағынан, табиғи қауіптен сақтандыруды көздесе, екінші жағынан, метафоралық деңгейде бейбіт адамға орынсыз тиіспеу, арандатпа деген мағыналық астарды білдіреді. Осылайша, жылан бейнесі тек биологиялық нысан ғана емес, сонымен қатар қазақ этномәдени санасында қорқыныш, тылсым күш, қасиеттілік пен сақтық концептілерін тоғыстырған символдық мәні зор мәдени код ретінде бағаланады [75, б. 480].

«Аққу» концептісі.

Ұғымдық: мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс [74, б. 32].

Бейнелік: аққудай, аққу мойын – әдемі, көркем, сымбатты [74, б. 11].

Құндылық: қазақ халқының дүниетанымында «аққу» – киелі, асқақ, нәзік әрі символдық мәні терең құстың бейнесі. Ол қазақ мәдениетінде тазалықтың, сұлулықтың, махаббаттың, адалдықтың және рухани биіктіктің символы ретінде

танылған. Аққу – қазақ халқы үшін киелі құс. Оны атуға, жәбірлеуге қатаң тыйым салынған. Аққуды өлтіру – күнә әрі жаман ырым деп есептеледі. Мұның себебі – аққудың табиғатының таза, пейілінің бейбіт болуы. Аққу аналық мейірімділікпен, жан тазалығымен байланыстырылады. Мысалы, «аққуды атпа, киесі ұрады» деген халық нақылы – аққудың киелілігін білдіреді. «Айдын көлін сағынған аққудай» теңеуі аққудың жыл сайын ұшып келіп, 6 ай жаз бойы салқын сумен шомылып, самал желмен тыныстайтын, балапан өрбітіп қайтатын айдын шалқар көліне араға жыл салып сағынып, аңсары ауып, асыға келе жатқан аққу бейнесін көрсетеді. Ауыспалы мағынада «шетелде көп жүріп, өсіп-өнген жерін, атамекенін көруге аңсары ауып, асығып-ынтығып келе жатқан азаматтың кейпі, қуаныш пен сағыныш сезімі аралас алабұртқан адамды» білдіреді [75, б. 480].

Ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың когнитивтік құрылымын талдаймыз.

«Cat/Мысық» концептісі.

Ұғымдық: a cat is a small, carnivorous mammal domesticated as a pet and valued for its ability to hunt vermin (мысық – үй жануары ретінде қолға үйретілген және зиянкестерді аулау қабілеті үшін бағаланатын кішкентай, жыртқыш сүтқоректі).

Бейнелік: independent / mysterious / graceful, companion / symbol of femininity / superstition, dual perception (cute vs. cunning) (тәуелсіз / жұмбақ / сымбатты, серік / әйелдік символы / ырымшылдық, қос қабылдау (сүйкімді және айлакер).

Құндылық: мысық бейнесі халық танымында екіжақты мағынада сипатталады. Кей жағдайда ол бейкүнә, сүйкімді жануар ретінде қабылданса, кей тұста жағымсыз әрекеттермен ассоциацияланады. Мысалы, «The cat shuts its eyes when stealing cream» (мысық қаймақ ұрлағанда көзін жұмады) деген мақал адамның өз қателігіне немесе теріс әрекетіне көз жұма қарайтын мінезін бейнелеу үшін қолданылады. Бұл мақалда мысықтың қаймақ ұрлау сәтіндегі қулығы мен ар-ұятты елемеуі астарлы түрде сипатталып, адамның өз іс-әрекетіне сын көзбен қарамауы мысықтың әрекетімен салыстырылады. Ағылшын тілінде де ұқсас семантикалық реңк байқалады. Мәселен, «single cat» тіркесі сырттай тартымды болғанымен, ішкі болмысы күмәнді, жалған адамдарға қатысты қолданылады. Мысық анималистік лексикасына қатысты бейнелердің барлығы біржақты жағымсыз емес. Ағылшын тіліндегі «to bell the cat» тіркесі – қауіпті істерге бастамашы болып, жауапкершілікті өз мойнына алатын ержүрек адамдарға қатысты айтылады. Бұл қолданыс мысықтың бейнесін метафоралық деңгейде жағымды реңкпен де сипаттауға болатынын көрсетеді. «Let the cat out of the bag» метафорасы – құпияны, ақпаратты жасыру-жариялау үдерісін қаптағы мысық бейнесі арқылы түсіндіретін, адамның когнитивті жүйесінде терең орныққан құрылым. Бұл тіркес ақпаратты бақылау, құпия мен шындық категорияларымен байланысты танымдық үлгілерді іске қосады. Бұл метафораның тарихи нұсқасы ортағасырлық Англияда пайда болған деген болжам бар: базарда шошқаның орнына қапқа мысық салып сатып алушыларды алдаған. Ал оны «қаптан шығару» – шындықтың әшкере болуы.

«Horse/Жылқы» концептісі.

Ұғымдық: a hoofed, herbivorous mammal, domesticated for riding, work, and sport. It is known for speed, endurance, and strength. Horses have played a significant role in agriculture, transportation, and warfare throughout English history (тұяқты, шөпқоректі сүтқоректі, атқа міну, жұмыс жасау және спортпен шұғылдану үшін қолға үйретілген. Ол өзінің жылдамдығымен, төзімділігімен және күшімен танымал).

Бейнелік: work, companion, sport, status, freedom, power (жұмыс, серік, спорт, мәртебе, еркіндік, күш).

Құндылық: ағылшын мәдениетінде жылқы (horse) терең тарихи, мәдени және танымдық негізі бар маңызды концепт. Жылқы – күштің, еркіндіктің, мәртебенің белгісі. «Dark horse» метафорасы – күтпеген үміткер, яғни көпшілікке беймәлім, бірақ сәттілікке немесе жеңіске жететін адам мағынасын білдіреді. Ағылшын мәдениетінде жылқы жарысы – бәсекенің символы, сондықтан «dark horse» тіркесі бәсекелестік мәнмәтінінде жиі қолданылады. «Workhorse» метафорасы көп жұмыс істейтін, міндетті үнсіз атқаратын еңбекқор адамды бейнелейді.

«Cow/Сиыр» концептісі.

Ұғымдық: a cow is a large, domesticated ruminant mammal (Сиыр – ipi, қолға үйретілген күйіс қайыратын сүтқоректі).

Бейнелік: source of sustenance / calm demeanor / passive behavior, metaphor for productivity or sluggishness, symbolic of motherhood or abundance (азық-түлік көзі / сабырлы мінез-құлық / пассивті мінез-құлық, өнімділік немесе жалқаулық метафорасы, ана болудың немесе молшылықтың символы).

Құндылық: ағылшын тіліндегі сиыр (cow) бейнесіне қатысты метафоралар ағылшын халқының тарихы, әлеуметтік-мәдени танымы, ауыл шаруашылық өмір салты, сондай-ақ діни көзқарастары арқылы қалыптасқан лингвомәдени бірліктер. Сиыр ағылшын мәдениетінде тіршіліктің, кейде жайбасарлық пен қарапайымдылықтың белгісі ретінде сипатталады. «Like a cow staring at a new gate» (жаңа қақпаға қарап тұрған сиыр сияқты) метафорасы түсініксіз жағдайға тап болған адамның күйін сиырдың жаңа объектіге (қақпаға) реакциясы арқылы береді. Метафора абстрактылы танымдық күйді (абдырау, түсінбеу) нақты, көзге елестетуге болатын жағдаятпен түсіндіреді. «Cash cow» (табыс көзі) метафорасы тұрақты және сенімді қаржылық пайда әкелетін бизнес немесе жоба мағынасында қолданылады. Ағылшын фермерлері үшін сиыр – сүт пен еттің көзі, яғни тұрақты табыс көзі болған. Бұл түсінік капиталистік қоғамда бизнестегі «сиқырлы табыс көзіне» айналып, метафоралық қолданыс тапқан.

«Абжылан/serpent/snake» концептісі.

Ұғымдық: a large snake (үлкен жылан).

Бейнелік: a sly or treacherous person, especially one who exploits a position of trust in order to betray it (айлакер немесе опасыз адам, әсіресе опасыздық жасау үшін сенім позициясын пайдаланатын адам).

Құндылық: абжылан (serpent/snake) бейнесі ағылшын мәдениетінде ежелден келе жатқан, символдық мәні терең әрі көпқырлы метафоралық бейне болып табылады. Батыс өркениетінде жылан бейнесі екіжақты символдық мәнге ие. Ең

алдымен, иудей-христиандық мифологияда жылан Адам мен Хауа ананы азғырып, күнәға итермелеген бейне ретінде сипатталады. Бұл аңыз ағылшын тілінде жыланды алдау, күнә, азғыру мағынасын бейнелейтін метафораның қалыптасуына негіз болған. Алайда көне грек, рим және кельт мәдениеттерінде жылан көбіне жағымды бейнені білдіреді. Грек мифологиясында Уроборос (өз құйрығын тістеген жылан) мәңгілік, тіршілік мағынасындағы метафора ретінде көрініс табады. Асклепий таяғы – айналасында жылан оралған таяқ – медицина мен емдеудің белгісі ретінде бүгінге дейін қолданылады. Бұл қарама-қайшы бейнелер абжыланның адам санасындағы екіұшты табиғатын көрсетеді: бір жағынан қауіпті, құпия, екінші жағынан даналық пен жаңарудың белгісі. Ағылшын тілінде жылан бейнесі негізінде жасалған көптеген метафоралар адамның мінез-құлқын, моральдық сапасын сипаттайды. Бұл тіркестер көбіне жыланның бауырымен жылжуы, тыныш әрекеті мен уының қауіптілігі сияқты нақты қасиеттеріне негізделген. Мысалы, «snake in the grass» – сырттай момын көрінгенмен, арам пиғылы бар адам. «To have a forked tongue» – екіжүзді сөйлеу, өтірік айту. Бұл тіркес жыланның айыр тілі мен Библиядағы жылан бейнесінен шыққан. «Snake oil salesman» – жалған уәде беруші, алаяқ (әсіресе бизнес пен саясатта). Бұл тіркес XIX ғасырдағы Америкада «жылан майы» деп жалған дәрі сатқан алаяқтарға байланысты туындаған. «To shed one’s skin» – өзгеріске ұшырау, жаңару. Бұл тіркес жыланның терісін тастау қасиетіне негізделіп, рухани немесе тұлғалық қайта жаңаруды, өзгеруді білдіреді. «Coiled like a serpent» – кейде шабуыл жасауға дайындықты немесе салтанатты күйді білдіруі мүмкін (мәнмәтінге байланысты) [108].

«Аққу/swan» концептісі.

Ұғымдық: A swan is a large bird with a very long neck. Swans live on rivers and lakes and are usually white (Аққу – мойыны өте ұзын, үлкен құс. Аққулар өзендер мен көлдерде өмір сүреді және әдетте ақ түсті болады).

Бейнелік: a person or thing of unusual beauty, excellence, purity (ерекше сұлулыққа, кемелдікке, тазалыққа немесе сол сияқтыларға ие адам немесе зат) [70].

Құндылық: Аққу ағылшын дүние бейнесінде ерекше орын алады. Ағылшын дүниетанымында аққу тазалық, әсемдік, сұлулық, рухани асқақтық пен махаббаттың белгісі ретінде танылған. Ежелгі Еуропа мифологиясында, әсіресе кельттер мен гректердің наным-сенімінде аққу тылсым құс ретінде құрметтелген. Мысалы, грек мифологиясында Зевс Ледаға жақындау үшін аққу бейнесіне енеді. Мұнда аққу ерекше сұлулық пен өзгерудің нышаны ретінде бейнеленеді. Кельт аңыздарында аққулар адам мен рухани әлем арасындағы байланысты білдіреді. Орта ғасырда аққу ақсүйектердің және патша әулетінің белгісі болған. Қазіргі уақытта Темза өзеніндегі аққулар заңмен қорғалады, ал Англия патшасы ашық су айдындарындағы аққу түрлеріне иелік етеді. Демек, аққу ағылшын танымында табиғи жаратылыс болуымен қатар, мифтік бейнеге айналған. Ағылшын тілінде қалыптасқан метафоралар және идиомалық тіркестер аққудың құндылық бейнесін көрсетеді. Мысалы, «Swan song» (аққу әні) метафорасы өлім алдындағы соңғы көрініс немесе қоштасу сәті дегенді

білдіреді. Түпкі мәні – ежелгі сенім бойынша аққулар өмір бойы үнсіз жүріп, өлмес бұрын өте көркем үн шығарады деген ұғымнан шыққан. «Swan dive» (аққу сүңгуі) – тура мағынасында әсем сүңгу, ал ауыспалы мағынада – қауіпті әрекетке бой ұру, сәтсіздікке ұшырау дегенді білдіреді. «To swan around/about» (аққудай еркін жүру) тіркесі еркін, өзімшіл, паң күйде жүріп-тұруды білдіреді. Аққудың суда еркін, сымбатты жүзуімен байланысты пайда болған метафора [108].

Бұл тараушада қазақ және ағылшын ертегілерінде кездесетін анималистік лексиканың когнитивтік сипаты талданды. Анималистік концептінің ұғымдық, бейнелік және құндылық ерекшеліктері айқындалды. Зерттеуіміздің келесі кезеңі ертегілердегі анималистік лексиканы дискурстық талдауға арналады.

2.4 Ертегілердегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлқы: қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы

Ертегі дискурсы лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды қызығушылық тудырады. Өйткені ол тілдік, құрылымдық және мәдени ерекшеліктердің күрделі үйлесімін қамтиды. Ертегі – өзіндік дискурсивтік заңдылықтары, бірегей құрылымдық ерекшеліктері мен тұрақты сөйлеу формулалары бар нарративтік жанр. Бұл ерекшеліктер кейіпкерлердің өзіндік сипаттарын айқындап, баяндаудың айрықша құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. К.Қ. Садирова өз зерттеуінде дискурс ұғымын былайша түсіндіреді: «Дискурс дегеніміз – шынайы өмір үзігіндегі көріністің сөйлеу әрекеті арқылы санаға көшуі мен тілдік бірлікте таңбалануы. Яғни, дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы» [109, б. 60-63]. Ғалымның пайымдауынша дискурс – адамға тән коммуникативтік әрекет түрі ретінде қарастырылады. Ол мәтінмен тығыз байланыста болғанымен, мазмұндық әрі құрылымдық жағынан дербес ұғым саналады. Дискурс нақты коммуниканттар арасында, белгілі бір кеңістік пен уақыт шеңберінде жүзеге асатын тілдік әрекет түрі ретінде сипатталады. Бұл түсіндірмеде дискурс тек мәтінмен шектелмей, сөйлеушінің нақты тілдік жағдаяттағы сөйлеу әрекетін қамтиды. Ертегі дискурсында метафоралар, символдық элементтер мен ырғақтық құрылымдар маңызды рөл атқарады. Ертегішілер архаизмдер, мифологиялық элементтер мен фольклорлық тұрақты тіркестерді қолдану арқылы баяндаудың ерекше атмосферасын қалыптастырады. Сонымен қатар, ертегі дискурсы бірнеше деңгейдегі қарым-қатынасты қамтиды:

1. кейіпкерлер арасындағы өзара әрекеттесу;
2. баяндаушы мен оқырман (немесе тыңдаушы) арасындағы қарым-қатынас;
3. баяндау құрылымы мен қоғам арасындағы өзара байланыс.

Диалогтар мен интерактивті құрылымдар кейіпкерлердің мінез-құлқын айқындап, оқиға желісінің дамуына ықпал етеді, сондай-ақ моральдық-этикалық ұстанымдарды қалыптастырушы рөл атқарады.

Ертегі дискурсы тек қана қызықты оқиғалар мен бейнелер жиынтығы емес, сонымен қатар, мәдени, әлеуметтік және моральдық құндылықтарды жеткізудің

маңызды құралы болып табылады. Халық ертегілері – ұлттық мәдениет пен дәстүрдің айнасы. Бұл ертегілерде халықтың дүниетанымы, моральдық құндылықтары мен әлеуметтік нормалары айқын көрінеді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен шешімдері арқылы жақсы мен жаманның ара-жігін ажырату, адалдық пен зұлымдық, батырлық пен қорқақтық, әділдік пен әділетсіздік мәселелері көтеріліп, оқырманды осы мәселелер туралы ойлануға жетелейді. Мысалы, кейде ертегілерде кейіпкерлердің өз мінез-құлқын өзгертуі немесе моральдық тұрғыдан дұрыс таңдау жасау арқылы жеңіске жетуі көрсетіледі. Мұндай оқиғалар адамдарға өмірдегі маңызды құндылықтарды түсінуге және өз әрекеттерінің салдарын бағалауға көмектеседі. Сонымен бірге, ертегілердегі кейіпкерлердің мінез-құлқы көп жағдайда дәстүр мен ата-баба өсиетіне сәйкес қалыптасады, бұл ертегілердің тәрбиелік маңызын арттырады. Ертегілердің құрылымы, кейіпкерлердің өзара әрекеттесуі мен сөйлеу ерекшеліктері ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтарды таратуға ықпал етеді.

Ертегі жанры лингвистикалық, құрылымдық және мәдени ерекшеліктерді үйлестіретін ауызша қарым-қатынастың бірегей формасы ретінде зерттеушілердің назарын өзіне аударады [110, p. 263]. Бұл жанр өзіне тән қарым-қатынас ережелерін, тұрақты құрылымдар мен стилистикалық тәсілдерді қамтиды, нәтижесінде әрбір ертегі кейіпкерлерінің даралығын айқындайтын ерекше баяндау үлгісі қалыптасады [111, p. 73]. Жазушылар ертегі дискурсын жасау барысында тілдік құралдарды (ырғақ, метафоралар, символдар мен архаизмдерді) мақсатты түрде пайдаланып, мифологиялық және фольклорлық өрнектерді енгізу арқылы шығармаларына ерекше атмосфера мен эстетикалық реңк береді [112, p. 11].

Ертегі дискурсының тағы бір маңызды қыры – оның көпқабатты коммуникативтік құрылымы. Ол тек кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, сонымен қатар, баяндаушы мен аудитория, сондай-ақ баяндау мен қоғам арасындағы өзара байланыстарды да қамтиды. Диалогтар мен интерактивтік элементтер кейіпкерлердің бейнесін ашып, сюжеттің дамуына ықпал етіп, тыңдаушыға моральдық-этикалық ой салуға қызмет етеді. Бұл тұрғыда жануарлар туралы ертегілерде қолданылатын анималистік лексикалық бірліктер өзіне назар аударуды талап етеді, өйткені олар кейіпкерлердің ерекшеліктерін айқындауда шешуші рөл атқарады.

Жануарлардың сөйлеу ерекшеліктері олардың табиғи болмысын ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық нормалар мен дәстүрлерді де бейнелейді. Ертегі дискурсы тек әдеби немесе лингвистикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар, мәдени кодтарды сақтау мен таратудың тиімді құралы. Ертегілердегі қарым-қатынас стратегияларын зерттеу арқылы халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік туады. Осылайша жануарлар туралы ертегілердегі тілдік бірліктер мен баяндау тәсілдерін талдау қазіргі заманғы лингвистикалық және мәдени зерттеулер үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

«Қарым-қатынас стратегиясы» ұғымы қазіргі лингвистикалық әдебиетте жан-жақты зерттеліп келеді. Алайда бұл терминнің түсіндірілуінде және оны

«қарым-қатынас стратегиясы», «тактика» және «сөйлеу акті» сияқты ұғымдармен арақатынасында әлі де бірізділік жоқ. Стратегияны кейбір зерттеушілер (О.С. Иссерс, Е.П. Ильин, М.Л. Макаров, т.б.) өзара әрекеттесудің жалпы жоспары ретінде қарастырады, тактиканы – оны жүзеге асырудың нақты тәсілдері, ал сөйлеу актісін – тактика аясындағы жекелеген сөйлеу әрекеті деп түсіндіреді. Тұлғааралық қарым-қатынаста маңызды ұғым ретінде стратегияның танымдық және лингвистикалық тұрғыдан талдануы мүмкін. Стратегия ұғымы күнделікті өмірде кеңінен қолданылып, ғылыми зерттеулердің әртүрлі салаларында, соның ішінде психология, әлеуметтану, саясаттану, экономика, тіл білімі және әдебиеттану салаларында жиі қолданылады. Бұл термин аталған салалардан тыс әскери өнерден алынған. Әскери мәнмәтінде стратегия соғыс қимылдарын жоспарлау және жүзеге асыру қабілеті ретінде анықталады. Бұл дағдылар жалпы тұлғааралық өзара әрекеттесудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Стратегия сөйлеушінің коммуникативті мақсаттарына қол жеткізу үшін вербалды және бейвербалды құралдарды үйлестіруді білдіреді.

Ғалым Е.И. Пассовтың анықтауынша «стратегия – басқа құралдарды қолданатын құрал» [113, с. 5]. Жануарлар ертегілердегі қарым-қатынас стратегиялары негізінен диалогтық формада жүзеге асады. Ертегі мәтіндерін талдау барысында кейіпкерлердің болмысын, тұлғалық ерекшеліктерін және мінез-құлық сипаттарын қарым-қатынас үдерісі арқылы айқын ажыратуға болады. Қарым-қатынас стратегиялары кейіпкерлердің мінезіне сәйкес қалыптасып, олардың өмір сүру және өзін қорғау механизмдерімен анықталады. Қарым-қатынас стратегияларының негізгі мақсаты – кейіпкерлердің жағымды немесе жағымсыз қарым-қатынас жағдайларында өз мүдделерін қорғап, мақсаттарына жетуі болып табылады. Осы тұрғыда ертегілердегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының маңыздылығы нақтыланады [114, p. 122].

Коммуникациялық үдерістерді нақты өмірдегі және көркем дискурстағы көріністері тұрғысынан талдау тұлғааралық қарым-қатынастағы билік, ықпал және бақылау динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ертегі дискурсы шеңберінде жүргізілген зерттеулер қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының кейіпкерлер мінез-құлқын қалыптастыруда және жануарлар туралы әңгімелердің семантикалық мазмұнын тереңдетуде маңызды рөл атқаратынын анықтайды. Ертегі дискурсы тек ойын-сауық құралы емес, сонымен қатар, идеяларды, моральдық қағидаларды және мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің тиімді әдісі болып табылады [115, p. 950].

Жануарлар туралы ертегілерде қолданылатын диалогтар күрделі моральдық дилеммаларды, әлеуметтік мәселелерді және адам эмоцияларын жеткізу құралы ретінде қызмет етеді. Мысалы, түлкі, қасқыр және басқа да кейіпкерлердің өзара әрекеттесуі арқылы алдау, мәжбүрлеу, манипуляция, мадақтау және айыптау секілді әртүрлі қарым-қатынас стратегиялары айқын көрініс табады. Бұл диалогтар тыңдаушылар мен оқырмандарды кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне

сыни тұрғыдан қарауға және олардың моральдық бағдарларын қайта бағалауға итермелейді.

Қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларын зерттеу мақсатында ертегі маңызды эмпирикалық материал ретінде қарастырылады. Бұған дейінгі зерттеулер сөйлеу практикасы мен коммуникативтік актілердің орындалуындағы қиындықтарға назар аударып, лингвистикалық талдау үшін қажетті теориялық негіздер мен әдістемелік құралдар ұсынды. Прагмалингвистикалық сипаттамаларға қатысты бірқатар еңбектерде дискурс құрылымын зерттеу жүргізілгенімен, олар анималистік аспектідегі ерекшеліктерді толық ашып көрсетпеген. Сонымен қатар, дискурстың ұлттық ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер қазақ, ағылшын тілдеріндегі салғастырмалы талдауларға негізделген, алайда анималистік лексиканың қарым-қатынас стратегиялары жүйесіндегі орнын нақтыламайды. Төл сөз жануарлар кейіпкерлерінің эмоциялары мен жеке ерекшеліктерін жеткізудегі негізгі тәсілдердің бірі болып табылады. Сөйлеу ырғағы мен интонациясы арқылы кейіпкерлердің эмоционалдық күйлері (қуаныш пен толқудан бастап, қорқыныш пен қайғыға дейін) әртүрлі реңктерде беріледі. Сөйлеудегі эмоция метафоралар арқылы көркемделіп, мұнда жануарлар бейнелері символдық мағынаға ие болады. Осы тәсіл арқылы ертегілер философиялық идеяларды, әлеуметтік мәселелерді және моральдық құндылықтарды берудің қуатты құралына айналады. Бұл символдық элементтер ертегілердің мазмұнын тереңдетіп, оларды мәдени және адамгершілік құндылықтарды жеткізудің маңызды құралына айналдырады. Ертегі дискурсы әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық үлгілерін бекітуге ықпал етеді, сондай-ақ этикалық мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді [116, с. 87].

Қарым-қатынас стратегияларының тиімділігін жануарлар кейіпкерлерінің өзара әрекеттесуі арқылы қарастыру олардың әлеуметтік динамика мен рөлдік қатынастарды қалыптастырудағы маңызын анықтайды. Алдау, сендіру, қорқыту немесе мадақтау сияқты тактикалар тек қарым-қатынас тәсілдері ғана емес, сондай-ақ билік пен ықпал құралдары ретінде қарастырылады. Бұл стратегиялардың әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік-мәдени мәнмәтінге байланысты қолданылып, тыңдаушының немесе оқырманның қабылдауына әсер етеді.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда ертегілердегі сөйлеу стратегиялары тілдік таңбалар жүйесі арқылы жүзеге асады. Белгілі бір сөздер мен құрылымдар кейіпкердің ниеті мен мақсатын анық көрсетеді, ал диалогтардағы қайталанатын синтаксистік және семантикалық құрылымдар тыңдаушының есте сақтау қабілетін күшейтіп, оқиғаның негізгі идеясын ұғынуға көмектеседі. Мысалы, ертегілердегі кейіпкерлердің диалогтары көбінесе дәстүрлі тілдік формулаларға сүйенеді, бұл олардың мәдени ерекшеліктерін айқындайды.

Ертегі дискурсындағы қарым-қатынас стратегияларын зерттеу барысында ұлттық және типологиялық ерекшеліктерді ескеру маңызды. Түрлі халықтардың ертегілерін салыстыра отырып, белгілі бір қарым-қатынас тактикаларының әмбебаптығы мен мәдени ерекшеліктерін анықтауға болады. Мысалы, батыс

және шығыс халықтарының ертегілерінде айлакерлік пен ақылдылықтың көріністері әртүрлі жолдармен беріледі. Батыс дәстүрінде прагматикалық шешімдер басым болса, шығыс халықтарының ертегілерінде риторикалық тәсілдер мен метафоралар жиі қолданылады.

Бұл аспектілерді тереңірек зерттеу үшін прагмалингвистика, когнитивті лингвистика және этнолингвистика әдістерін қолдану қажет. Әсіресе, қарым-қатынас стратегияларының жануарлар туралы ертегілердегі көрінісін зерттеу олардың тілдік және мәдени кодтарға әсерін талдауға мүмкіндік береді. Мұндай талдаулар ертегі дискурсының құрылымдық ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар оның прагматикалық қызметін де айқындауға көмектеседі. Ертегі дискурсы тек көркем жанр ғана емес, сонымен бірге күрделі коммуникативтік феномен ретінде қарастырылуы тиіс. Ондағы сөйлеу стратегиялары мен тактикалары әлеуметтік, мәдени және когнитивті факторлармен тығыз байланысты. Бұл зерттеулер фольклорлық материалдардың тілдік және дискурстық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізеді.

О.С. Иссерстің тұжырымы бойынша қарым-қатынас стратегияларын талдаудың негізгі бірлігі ретінде диалог қарастырылады. Қарым-қатынас тактикасын жүзеге асырудың негізгі механизмі – коммуникативтік акт, яғни диалогтағы коммуниканттардың өзара әрекеттестігі [117, с. 56]. Адамның қоршаған әлемге баға беруі – оның негізгі когнитивті қабілеттерінің бірі. Бағалау категориясын қарастыра отырып, қарым-қатынас стратегияларын сөйлеушінің белгілі бір нысандарға, құбылыстарға немесе әрекеттерге қатысты жағымды немесе жағымсыз қатынасын білдіретін, бағалау стратегияларын іске асыруға бағытталған экспрессивті сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсінеміз.

Адам мен объективті шындықтың өзара әрекеттесуінің маңызды аспектілерінің бірі – бағалау үдерісі. Жеке тұлғаның дүниетанымы, табиғи ерекшеліктері, тәрбиесі, білімі және оның өмір сүретін тарихи-әлеуметтік ортасы белгілі бір құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді. Осы жүйеге сүйене отырып, адам қоршаған шындықты белгілі бір моральдық категориялар тұрғысынан бағалайды. Бұл тұрғыда «жақсылық – жамандық» дуализмі негізгі бағалау өлшемдерінің бірі ретінде қарастырылады. Ертегілерде бұл дуализм қарама-қарсы күштердің күресі арқылы көрініс табады, ал жануарлар туралы ертегілерде ол эмоционалды-бағалау кеңістігінде ерекше орын алады. Сол себепті жануарлар ертегілерін талдау бағалау категорияларының жүзеге асырылу ерекшеліктерін, әсіресе кейіпкерлер диалогтарында көрініс табатын қарым-қатынас стратегияларын зерттеу үшін маңызды эмпирикалық материал ұсынады [118, б. 137].

Қазіргі ғылымда қарым-қатынас стратегиясы және тактикасы ұғымдарына қатысты түрлі түсініктер бар. Мысалы, прагматикалық көзқарасты ұстанған М.Л. Макаров бұл ұғымды «сөйлеушінің шешімдер тізбегі, оның белгілі бір коммуникативті әрекеттер мен тілдік құралдарды таңдауы; қарым-қатынас құрылымындағы мақсаттар жиынтығын жүзеге асыру» деп анықтайды [119, с. 137]. Зерттеуші, сондай-ақ, әңгімелесушіге сөйлеу әсерін тигізу қажеттігін атап

өтеді. Сөйлеушінің қарым-қатынас әрекетін егжей-тегжейлі жоспарлауы оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келіп, хабарламасының тиімділігін және өз мақсаттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Дегенмен М.Л. Макаров коммуникативті актінің мақсатынан гөрі, тілдік құралдарға көбірек мән береді, бұл бізді осы анықтаманы коммуникативті тактикаға жақындатуға мәжбүр етеді. Өйткені тілдік құралдар белгілі бір жағдайларда арнайы сөйлеу стратегиясын жүзеге асырады. Лингвистикада «стратегия» терминінің дамуы Т.А. Ван Дейктің есімімен байланысты. Ол қарым-қатынас стратегиясын «түсіндірудің әрбір нақты жағдайына жалпы нұсқау» ретінде сипаттайды [120, с. 274]. Бұл стратегия арқылы сөйлеуші жеке мақсаттарға ғана емес, жалпы әлеуметтік мақсаттарға да жете алады. О.С. Иссерс өзінің «Речевое воздействие» кітабында стратегия ұғымы тек лингвистикада ғана емес, басқа да білім салаларында қолданылатынын көрсетіп, оны «соғыс жағдайында стратегия – ірі операциялар мен жалпы соғыс жүргізу өнері, соғыс туралы ғылым» ретінде анықтайды [121, с. 182]. А.П. Сковородниковтың анықтауынша «қарым-қатынас стратегиясы – сөйлеуші тұлғаның коммуникативтік жағдаятты жан-жақты саралай отырып, белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған тілдік әрекеттер жүйесін алдын ала жоспарлауы. Ол – тілдік қатынас үдерісінде кезең-кезеңімен жүзеге асатын, коммуникативтік мақсатқа жетуге бағдарланған сөйлеу тактикаларының жүйелі түрде үйлесуі нәтижесінде қалыптасатын стратегиялық бағдар» [122, с. 6]. Стратегия сөзінің лексикалық мағынасының негізінде әлеуметтік қарама-қайшылыққа байланысты әрекеттерді жоспарлау тұжырымдамасы жатыр. Қарым-қатынас стратегиясының басты ерекшелігі – сөйлеу коммуникациясын жоспарлау. Сонымен қатар, бұл ұғым сөйлеу жағдайында осы жоспарды жүзеге асыруды қамтиды. Қарым-қатынас стратегиясы – сөйлеушінің коммуникативті мақсатына жетуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің арнайы жиынтығы. Коммуникант осы немесе басқа стратегияны таңдай отырып, сөйлеушінің ниетіне әсер етеді. Белгілі бір стратегияның таңдалуы коммуникативті үдерістің қатысушысының мақсатына байланысты. Мұндай стратегияларды вербалды және бейвербалды қарым-қатынасқа қатысатын барлық тұлғалар, соның ішінде халық ертегілеріндегі жануарлар кейіпкерлері қолданады. Олардың стратегиялары нақты міндет пен тілдік жағдайға тәуелді болады.

Әртүрлі бағыттар мен лингвистикаға жақын ғылым салаларының зерттеушілерінің қызығушылығы «қарым-қатынас стратегиясы» терминін анықтауға қатысты бірнеше әдістің пайда болуына ықпал етті. В.Ю. Андреева қарым-қатынас стратегияларын зерттеуге арналған ғылыми еңбектерді талдай отырып, «стратегия» ұғымын анықтаудың келесі тәсілдерін бөліп көрсетеді: когнитивті, мәтіндік, психологиялық және прагмалингвистикалық.

– Когнитивті тәсіл – мағына түсіну және интерпретациялау стратегияларын зерттеумен айналысады.

– Мәтіндік тәсіл – мәтін құру үдерісі белгілі бір жоспарға сәйкес жүзеге асырылатынын және дайын мәтіннің құрылымына назар аударады.

– Психологиялық тәсіл – коммуникациялық жағдайды сөйлесушілердің «интенционалды күйлерін» алмасу үдерісі ретінде түсінуді маңызды деп санайды.

– Прагмалингвистикалық тәсіл – белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жиынтығын жоспарлау және жүзеге асыру үдерісін зерттейді [123, с. 8-9].

Біздің ойымызша, бұл анықтамалардың әртүрлілігі әр тәсілдің қарым-қатынас стратегиясының жеке бір аспектісіне назар аударуымен байланысты.

Әртүрлі өзара әрекеттесу стратегияларын жіктеу негізінде қарым-қатынасқа қатысушылардың мақсаттары немесе этикалық категориялары жататынын атап өткен жөн. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде стратегияларды кооперативтік және кооперативтік емес (немесе конфронтациялық) деп бөлу дәстүрге айналған. Кооперация стратегияларын бөліп көрсетуге негіз болған қағидалар лингвомәдени зерттеулерде XX ғасырдың екінші жартысында кең таралған Г.П. Грайстың постулаттарымен тығыз байланысты. Оның пікірінше, ақпаратты тиімді жеткізу үшін диалогқа қатысушыларды кооперация қағидасы біріктіруі тиіс. Бұл қағида диалог барысында белгілі бір ережелер мен ұсыныстарды сақтауды талап етеді.

– Сан мөлшері постулаты – айтушы тек қажетті ақпаратты жеткізуі керек.

– Сапа постулаты – тек шынайы және негізделген ақпаратты қолдануды талап етеді.

– Қатыстылық постулаты – тақырыптан ауытқымауды ұсынады.

– Тәсіл постулаты – түсініксіз сөздерді, екіұштылықты, қажетсіз көпсөзділікті болдырмауды ұсынады [124, с. 32].

Осы постулаттарды сақтау кооперативтік стратегияларды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кооперативтік емес стратегияларға бірмәнді және объективті баға беру әлдеқайда күрделі. Конфронтациялық стратегиялардың негізінде авторитарлық модель жатады, яғни қарым-қатынастың бастамашысы үстемдік етуге, көшбасшы болуға, айналасын бағындыруға және әлеуметтік қатынастар жүйесінде иерархия құруға ұмтылады. Кооперативтік емес стратегияларға этикалық сөйлеу ережелерін бұзу негізінде құрылған диалогтар жатады, яғни оларда жақсы ниетті ынтымақтастық, шынайылық және сенім кодексін сақтау бұзылады [125, с. 62].

Жалпы қабылданған көзқарас бойынша, қазіргі күрделі коммуникативтік жағдайларда кооперативтік стратегиялар ең тиімді болып табылады, себебі олар серіктестермен келісімге қол жеткізуді, тек қана нақты жағдайдағы қысқа мерзімді мақсаттарды жүзеге асырудан гөрі ұзақ мерзімді өзара пайдалы байланыстар орнатуды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге қайшылықсыз қарым-қатынасқа ұмтылғанымен, объективті шындықта адам кооперативтік емес стратегиялардан толықтай қашып құтыла алмайды. Төменде кестеде (кесте 14) Н.Н. Кириллованың келтірген кооперативтік және кооперативтік емес стратегияларының тізімін ұсынамыз [126, с. 29].

Кесте 14 – Кооперативтік және кооперативтік емес стратегиялар (Н.Н. Кириллова бойынша)

Кооперативтік стратегиялары	Кооперативтік емес (конфронтациялық) стратегиялар
Сыпайылық, шынайылық және сенімділік	Бағындыру, беделін түсіру
Жақындық (ашық қарым-қатынас)	Зорлық-зомбылық, агрессия
Таңдаудан бас тарту (серіктесті қолдау	Бастаманы қолға алу, жағдайды бақылау
Шеттету (ұстамдылық, немқұрайлылық таныту)	Мәжбүрлеу
	Бәсекелестік, жанжал арқылы әрекет ету
Ынтымақтастық, ымыраға келу	Әсер ету, талаптар, қауіп-қатер

Қазіргі таңда қарым-қатынас стратегиясының түрлері ғылыми әдебиеттерде кеңінен сипатталған. Бұл ұғымның нақты жіктелуін ұсынған зерттеушілердің қатарында О.С. Иссерс ерекше орын алады. Ол келесідей негізгі стратегияларды атап көрсетеді: өзара әрекеттестікті бақылау стратегиясы, адресатқа тілдік ықпал ету стратегиясы, интенсификация стратегиясы, өз артықшылықтарын және өзгенің кемшіліктерін айқын көрсету стратегиясы, керісінше, өз кемшіліктерін және өзгенің артықшылықтарын бүркемелеу стратегиясы, редукционизм немесе қабылдаушының дүниетанымын қарапайымдандыру стратегиясы, кемсіту стратегиясы, жағымсыз баға беру стратегиясы, тікелей тілдік шабуылдан жалтару стратегиясы, оң баға беру стратегиясы, өзін-өзі ұсыну стратегиясы, сын айту стратегиясы, имидждік стратегиялар, сондай-ақ мәртебелік-рөлдік стратегиялар [117, с. 32]. Т.В. Матвеева өз еңбегінде жалпы коммуникативтік ниетке негізделген келесі кең ауқымды стратегияларды ұсынады:

– ақпараттық немесе диктальды стратегия – сөйлеушінің негізгі мақсаты – тыңдаушыны нақты ақпаратпен қамту;

– модальды стратегия – сөйлеушінің бағалау, көзқарас, эмоцияларын білдіруіне бағытталған;

– реттеуші стратегия – сөйлеу серіктесінің мінез-құлқын немесе дискурстың дамуын өзгертуге ұмтылуға негізделген;

– фатикалық стратегия – сөйлеу үдерісінде серіктестердің өзара үйлесімін, байланысын сақтау;

– диалогтік стратегия – сөйлеушінің серіктесінің сөйлеу белсенділігіне және өзара түсіністік деңгейіне бақылау жасауына бағытталады [127, с. 285].

Сондай-ақ, саяси дискурсты талдауда О.Н. Паршина келесі маңызды коммуникативтік стратегияларды бөліп көрсетеді: өзін таныту, қарсы тарапты дискредитациялау, шабуыл жасау, өзін қорғау, адресаттың эмоциялық күйін қалыптастыру, ақпараттық-интерпретациялық, аргументативтік, үгіттеу және манипуляциялық стратегиялар [128, с. 8]. Кейбір стратегиялар гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі әдіснамалары негізінде тереңірек зерттелген. Мысалы, манипуляциялық стратегияның психологиялық және лингвистикалық аспектілері Е.Л. Доценко, Э. Шостром, С.Г. Кара-Мурза еңбектерінде қарастырылады.

Жоғарыда аталған барлық қарым-қатынас стратегияларының негізінде сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты мен ниеті жатыр. Бұл стратегиялар сөйлеу актісінің прагматикалық мақсатына, қарым-қатынас жағдайына және адресатпен өзара әрекеттестік сипатына байланысты әртүрлі формада жүзеге асады. Аталған қарым-қатынас стратегия мен тактиканы ертегі мәтіндері бойынша талдаймыз.

Жануарлар туралы ертегілердің ерекше белгісі – ондағы кейіпкерлердің ойлау, сөйлеу және қарым-қатынас жасау қабілетінің көрініс табуы. Бұл ертегілердегі коммуникативтік жағдайлар негізінен кейіпкерлердің іс-әрекетін, сөздерін және мінез-құлқын бағалау арқылы қалыптасады. Осы тұрғыда жануарлар туралы ертегілерді зерттеу қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының көрініс табу ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді. Бұл қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының өзара әрекеттесу сипаты мен тиімділігі қарым-қатынас мәнмәтініне байланысты өзгеруі мүмкін. Манипуляциялық тәсілдер дискурстың бағытын басқаруда айтарлықтай әсер етеді. Манипуляция қарым-қатынас әрекетінің маңызды аспектісі ретінде бір тараптың екінші тараптың ойлары мен әрекеттерін басқара алуын қамтамасыз етеді. Мұнда негізгі механизмдер:

1. Көп мағыналы тіркестер қолдану – белгісіз немесе екіұшты сөздер арқылы тыңдаушының өз интерпретациясын жасауына мүмкіндік беру.
2. Эмоционалды реңкі бар сөздерді пайдалану – тыңдаушының сезімдеріне әсер ету арқылы шешім қабылдауына ықпал ету.
3. Ақпаратты қайталау және күшейту – тыңдаушыны белгілі бір ойға бағыттау арқылы сенімін өзгерту.
4. Тікелей жауаптардан жалтару – әңгіме бағытын өзгерту немесе өзіне қолайлы тақырыпқа бұру [129, с. 200-201].

Бұл механизмдер ертегі дискурстарында кеңінен кездеседі. Жануарлар кейіпкерлерінің қарым-қатынасында манипуляциялық әдістер жиі байқалып, олардың өзара әрекеттесулерін күрделендіреді.

Ертегі кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасы арқылы берілетін манипуляциялық стратегияларды зерттеу тілдік құралдардың қоғамдағы ықпалын түсінуге мүмкіндік береді. Ертегі кейіпкерлерінің сөйлесу әдістерін талдау келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

– Қарым-қатынас стратегиялары мәдени ерекшеліктерге сай қалыптасады. Түрлі халықтардың ертегілерінде айлакерлік пен сенімділік әртүрлі тәсілдер арқылы көрініс табады.

– Манипуляцияның әсері тыңдаушының қабылдау деңгейіне байланысты. Жас аудиторияға арналған ертегілерде айқын моральдық сабақтар берілсе, күрделі дискурстарда манипуляция жасырын түрде орын алады.

– Ертегілердегі диалогтар әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды бейнелейді. Кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы белгілі бір идеологиялар мен этикалық қағидалар жеткізіледі.

Қарым-қатынас стратегиялары мен олардың тактикалары дискурстың құрылымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оларды зерттеу тілдік

құралдардың адам санасына әсер ету механизмдерін түсінуге көмектеседі. Осылайша ертегі дискурстарындағы манипуляциялық стратегиялар тек оқиғаларды баяндау әдісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы болып табылады [130, p. 15-16].

Жануарлар ертегілерінде түлкі мен қасқыр бейнелері арқылы *сендіру және манипуляциялық стратегиялар* жиі қолданылады. Бұл кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен қарым-қатынас стратегиялары ертегінің прагматикалық және семантикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Сендіру қарым-қатынас стратегиясы арқылы кейіпкерлердің моралдық құндылықтары мен мінез-құлық ерекшеліктері сипатталады, ал манипуляциялық әдістер арқылы билік пен әлеуметтік иерархия мәселелері көрініс табады [131, p. 99].

Ертегілердегі сөйлеу стратегиялары мен тактикалары лингвистикалық құрылымдардың ерекше түрлерін қамтиды. Олар дидактикалық қызмет атқара отырып, оқырмандарды қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен құндылықтар туралы ойлануға итермелейді. Сендіру, мәжбүрлеу және манипуляция элементтері кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау құралы ретінде қызмет етеді. Түлкінің қасқырға қатысты қолданатын риторикалық әдістері арқылы манипуляция мен алдау стратегияларының моральдық аспектілері терең зерттеледі.

Айлакер кейіпкер ретінде түлкі – шебер манипулятор. Мақсатына жету үшін ол әртүрлі сөйлеу тактикасын шебер қолданады, атап айтқанда, қарым-қатынас серіктесінің алдында жағымпаздық тактикасы, оның эмоционалды жағдайына қошемет көрсету арқылы әсер етеді, кейіпкерлерге жүгінудің тиісті формулаларын таңдайды. Мәселен: Бөдене-еке, арысекем, ареке, қасеке, қырғауылым, достым, түйем.

Түлкі сөйлеу коммуникациясында алдау тактикасын белсенді түрде қолданады. Түлкінің сөйлеу мінез-құлқындағы алдау тактикасы, әдетте, басқа манипуляциялық тактикалардың шебер үйлесімімен жүзеге асырылады: бастама жасау тактикасы, ұсыныс тактикасы:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін, – дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, – дейді түлкі.

- Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді [82, б. 383].

Түлкі әр ісін мұқият ойластырады, өз пайдасына жету үшін әңгімелесушіге әсер етуді жоспарлайды және оны іске асырады. Қалаған нәрсеге қол жеткізу үшін (жеу, олжаны иемдену) түлкі өзінің *әлсіздігін қасақана көрсету* тактикасына жүгінеді:

- Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, – дейді міңгірлеп [82, б. 384].

Жақсы психолог бола отырып, түлкі қасқырға эмоционалды әсер ету тактикасын қолданады, оның физикалық күйіне аяушылық сезімін тудырады, жеке қарым-қатынасқа әсер етеді, қарама-қайшылықты шебер қолданады. Түлкі – шебер манипулятор, ол өзінің сөйлеу мінез-құлқында әртүрлі манипулятивті

стратегияны белсенді қолданады, мұқият ойластырады, өз пайдасын алу үшін сұхбаттасушыға әсер етуді жоспарлайды және оны іске асырады. Эмоционалды әсер ету тактикасын спикер белгілі бір құбылыс немесе әрекет туралы өз пікірін білдіру үшін қолданады. Баяндаушының немесе авторлық идеяларды тасымалдаушы кейіпкерлердің сөйлеуінде мұндай мәлімдемелер маңызды рөл атқарады. Коммуникаторлар болып жатқан жағдайды сыни тұрғыдан бағалай отырып, адресатқа тікелей әсер етпестен, оның санасында қандай әрекет оң, қандайы теріс екенін жанама түрде ұғындыруға тырысады. Түлкінің сөйлеу мінез-құлқындағы жетекші коммуникативті тактика бұл *бастама жасау* тактикасы:

- Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? – дейді.
- Жерге түсіп сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естімеуші еді? – дейді.
- Саламатсыз ба, арыстан аға, әдейі іздеп келдім, – дейді түлкі.
- Арыстан аға, сонау қарлы таудың ар жағында балбырап тұрған бау бар. Таудан шыға берісте көкорай шалғын сай бар. Сол сайдың бойында маңырап жайылып жүрген сансыз көп қой бар. Қасыңызға біраз нөкер ертіп алып барсаңыз, шіркін-ай, шылқа майға бір кенелер едік-ау! [82, б. 364].

Жануарлар ертегілеріндегі негізгі сюжет көбінесе түлкі мен қасқырдың өзара әрекеттестігі төңірегінде құрылады. Бұл өзара әрекеттесуде тілдік манипуляция маңызды рөл атқарады. Қасқырдың физикалық күшін ақылдылықпен жеңу арқылы түлкі кейіпкері айлакерліктің маңыздылығын айқындайды. Қарым-қатынастағы манипулятивті стратегиялар кейіпкерлердің мінез-құлқына ғана емес, оқырманның қабылдауына да әсер етеді. Бұл, әсіресе, түлкінің қасқырды сендіру мақсатында пайдаланатын тәсілдерінен байқалады [132, с. 119].

«Henny-Penny» ертегісіндегі «But Foxy-woxy said to Henny-penny, Cocky-locky, Ducky-daddies, Goosey-poosey, and Turkey-lurkey: «This is the short way to the king’s palace: you’ll soon get there if you follow me. I will go first and you come after, Henny-penny, Cocky-locky, Ducky-daddies, Goosey-poosey, and Turkey-lurkey» («Түлкі Тауық, Әтеш, Үйрек, Қаз және Күркетауыққа былай деді: «Патшаның сарайына баратын қысқа жол – осы. Егер менімен бірге жүрсеңдер, тез жетесіңдер. Алдымен мен барамын, сендер менің артымнан еріңдер, Тауық, Әтеш, Үйрек, Қаз және Күркетауық») мәнмәтінінен қарастыралық [65, p. 120]. Берілген мәнмәтінде түлкінің сөздері манипуляциялық сөйлеу тактикасына жатады. Ол тыңдаушыларға жағымды жол ұсыну, өзіне сендіру, бағыныштылық тудыру және жалған уәде арқылы ықпал ету стратегиясын іске асырады. Бұл ағылшын ертегілерінде жиі кездесетін алдамшы кейіпкердің тілдік портретінің бір көрінісі. «Johnny-Cake» ертегісіндегі келесі мәнмәтінде «The fox said: «I can't quite hear you, Johnny-cake won't you come a little closer?» turning his head a little to one side» (Түлкі былай деді: «Сені анық ести алмай тұрмын, Джонни-кейк, сәл жақынырақ келмейсің бе?» – деп басын сәл бір жағына бұрды) түлкінің қулығын байқауға болады [65, p. 165]. Ол сыпайы, әрі жұмсақ интонациямен сөйлеу арқылы сенімге кіріп, Джонни-кейкті алдап жақындатқысы келеді. Түлкі сөйлеу барысында манипуляциялық тактиканы қолданады, яғни тыңдаушының

(Джонни-кейктің) сеніміне кіру үшін достық және сыпайы үнмен сөйлеп, өзінің зиянсыз екенін көрсеткісі келеді. Бұл тактика – сенім тудыру тактикасы, ал сұрақ түрінде беру – жанама бұйрықтық сөйлеу формасы ретінде танылады.

Түлкі кейіпкерінің коммуникативтік стратегияларының бірі – бастапқыда жылы шырайлы және достық қарым-қатынас орнату. Бұл *ынтымақтастық стратегиясы* болып табылады. Алайда, бұл стратегия сәтсіздікке ұшыраған жағдайда, түлкі тікелей *мәжбүрлеу және қорқыту* стратегиясына көшеді. Бұл манипуляциялық дискурстың құрылымын, әсіресе қорқыту мен мәжбүрлеудің коммуникациялық әсерін көрсетеді. Баяндаушы түлкіні жағымсыз кейіпкер ретінде алдын-ала сипаттау арқылы оқырмандардың оны теріс қабылдауына ықпал етеді. Бұл стратегия кейіпкердің мінез-құлқын моральдық тұрғыдан бағалауға және оның іс-әрекеттеріне сыни көзқарас қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, түлкінің сөйлеуінде эмоционалды ықпал етудің түрлі тәсілдері байқалады. Түлкі айлакерлік пен эмоционалдық манипуляцияны ұштастыра отырып, тілдік құралдарды прагматикалық мақсатта пайдаланады. Қасқыр кейіпкері коммуникацияда негізінен қорқыту, мәжбүрлеу және алдау стратегияларын қолданады. Бұл тәсіл түлкінің айлакер әрі стратегиялық коммуникациясымен салыстырғанда әлдеқайда қарапайым және ашық сипатқа ие. Мәжбүрлеу стратегиясының *қорқыту* тактикасы оқырманға жаман істер жасамас бұрын кейіпкердің жағымсыз бейнесін қалыптастыруға арналған. Осылайша баяндаушы әр уақытта реципиентке жағымсыз кейіпкерге жанашырлық танытуға мүмкіндік бермейді. Кейіпкерге деген теріс көзқарас оның іс-әрекеттеріне ауысады, бұл баяндаушының жасырын мақсаты. Түлкінің сөйлеу мінез-құлқы ерекше сыпайылық пен достықпен ерекшеленеді, ол дос адам, ең алдымен, сұхбаттасушының мүддесі үшін әрекет етеді деген таптаурынды белсенді қолданады. Қажетті нәтижеге қол жеткізбестен, түлкі қорқыту, мәжбүрлеу лексикасы (әңгімелесушінің ақыл-ой қабілетін бағалайтын сөздер), императивті етістік формалары, ынталандырушы сөйлемдер сияқты тілдік құралдарды қолдана отырып, *қорқыту, қысым жасау* тактикасына көшеді:

- Ақылгөйім, түстің бе қолға? Қазір сазайыңды тартқызамын. Ендеше тура соны істеймін [82, б. 15].

Ертегілердегі коммуникативтік жағдайлар көбінесе мінез-құлық бағалауларын қамтиды. Осыған байланысты мақтау және сендіру стратегиялары ерекше орын алады. Түлкінің қасқырды шебер басқаруы мен айлакерлік тактикалары баяндаудың құрылымын ғана емес, оқырманның құндылық бағдарларын қалыптастыруға да ықпал етеді. Ертегілердегі «жақсылық-жамандық» дуализмі кейіпкерлердің қарым-қатынас стратегияларын анықтай отырып, олардың сөйлеу әрекеттеріне ықпал етеді. Осылайша, манипулятивті дискурс тек кейіпкерлердің мінез-құлқын ғана емес, сонымен бірге оқырманның адамгершілік-танымдық белсенділігін де күшейтуге бағытталған [133, с. 266].

Қарым-қатынас стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі – *сендіру*. Бұл стратегия аналитикалық ойлауға негізделгендіктен, логикалық дәлелдер мен психологиялық әсер ету тәсілдерін қамтиды. Сендіру арқылы белгілі бір мәселенің әлеуметтік маңыздылығы айқындалып, жеке тұлғаның санасына

ықпал ету жүзеге асады. Мысалы, «Әтеш пен тоты» ертегісінде сендіру тактикасының қолданылуын байқауға болады. Бұл ертегіде әтеш – аңдар мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, әрі сымбаттысы ретінде сипатталады. Ол өз көркіне сенімді болып, тәкаппарлық танытады. Ал оның жалғыз досы – тоты құс киімсіз болғандықтан, бір күні әтешке келіп, өтініш білдіреді. Тоты құстың сендіру тактикасын шебер қолданғаны байқалады. Ол «қиыла жалыныпты» деген етістіктің көмегімен өз өтінішінің шынайылығын күшейтіп, әтештің аяушылық сезімін оятады. Сонымен қатар, «ел мазақтайды» деген тіркес арқылы намысқа тиіп, психологиялық қысым жасайды. Осылайша әтеш оның сөзіне сеніп, өзіндегі бар сәнді киімдерін тотыға береді. Ақырында, тоты құс әдемі киімдермен тойға кетіп, қайта оралмайды. Бұл ертегідегі сендіру тактикасы, көбінесе, эмоционалды әсер мен әлеуметтік қысым арқылы жүзеге асады. Ертегіші қолданған әсірелеу тәсілдері оқырманға сендіру үдерісінің қаншалықты ықпалды болатынын көрсетеді.

«Залым түлкі» ертегісінде түлкі арыстанды өз мақсаттарына жету үшін *сендіру стратегиясын* тиімді қолданады. Ол арыстанға таудың келесі сілемінде бау мен шалғынды сай орналасқанын, сол сайда жайылып жүрген сансыз қой барын хабарлайды және оны бірге баруға шақырады. Ашыққан арыстан бұл ұсыныстың бірден қабылдайды. Түлкі арыстанды қызықтыру үшін «балбырап тұрған бау», «көкорай шалғын сай», «сансыз көп қой», «шылқа май» сияқты экспрессивті-эмоционалды лексиканы қолданады. Бұл әсірелеу (гипербола) әдісі арқылы арыстанның қызығушылығын арттырып, оның шешім қабылдауына ықпал етеді. «Шіркін-ай, шылқа майға бір кенелер едік-ау!» сөйлемінде қолданылған «шіркін-ай» одағайы оқиғаның эмоционалды әсерін күшейтіп, арыстанның ашқарақтығын одан әрі оятады. Сонымен қатар «кенелер едік-ау» тіркесіндегі «-ау» демеулік шылауы белгісіздік реңкін үстеп, арыстанның үмітін одан әрі арттырады. Түлкінің арыстанды «аға» деп атауы оның қарым-қатынас тактикасын көрсетеді [134, б. 34]. Ол арыстанның жоғары әлеуметтік мәртебесін мойындағандай көрініп, шын мәнінде өз мақсатын жүзеге асыру үшін жағымпаздық тәсілін қолданады. Осылайша, түлкі тілдік құралдарды шебер пайдалана отырып, арыстанды өз қақпанына түсіруге мүмкіндік алады.

Халық ертегілерінде кейіпкерлердің сендіру стратегиясын қолдануы олардың айлакерлігі мен тілдік шеберлігін айқын көрсетеді. «Ақымақ қасқыр» ертегісінде арық қой қасқырдан құтылу үшін түрлі риторикалық тәсілдер мен психологиялық әсер ету амалдарын пайдаланады. Қасқыр қойды жемек болғанда, қой оны сендіру үшін кемсіту, мұқату мәніндегі сөздерді қолданады: «қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында ақ тісі жоқ, бір асам еті жоқ, тұла бойы шандыр». Бұл сипаттамалар қасқырды әлсіз, қауқарсыз етіп көрсетуге бағытталған. Мұндай сөздер қасқырдың сенімсіздігін арттырып, оны ойланып қалуға мәжбүрлейді. Сонымен қатар, қой «Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?» деген сөйлем арқылы сендіру стратегиясының мадақтау және қызықтыру тактикаларын қолданады. Мұнда «жылы-жұмсақ» сөзі астарлы мағынада жұмсақ, әрі майлы етті білдірсе, «сен жемегенде, кім жейді?» деген тіркес қасқырдың өзін ерекше сезініп, мақтануына ықпал етеді [135, б. 162].

Осылайша, қой оны сендіру арқылы назарын басқа жаққа бұрып, өзіне қауіпсіз жағдай жасап алады. Ертегіде қасқырдың аңқаулығы ешкінің алдауына түсуімен де көрінеді. Қасқыр ешкінің «билейтінін» естімегендіктен, оның сөзіне күмәнсіз сеніп, алданып қалады. Ешкі қасқырды әуелі сендіреді, кейін билеген сыңай танытып, кенет қашып кетеді. Ақырында, қойшының келуімен ешкі қауіптен толықтай құтылады. «Ақымақ қасқыр» ертегісінде сендіру стратегиясы кемсіту, мадақтау, қызықтыру және логикалық манипуляция тактикалары арқылы жүзеге асырылады. Бұл кейіпкердің интеллектуалдық айла-тәсілдерін және тілдік құралдарды тиімді пайдалануының айғағы болып табылады.

«Сауысқан мен көкек» ертегісіндегі *ұсыныс (кеңес беру)* тактикасы қарым-қатынас стратегиясының маңызды аспектілерінің бірі ретінде көрініс табады. Ертегі барысында бір орманды мекен ететін сауысқан мен көкектің ұясы жоқ болады. Сауысқан көршісіне ұя салуға ұсыныс тастап, бұл ұсынысқа көкек келіспейді. Ондағы себеп – жалқаулық. Көкек өзінің ұя салуға қуатының да, қауқарының да жоқтығын жеткізеді. «Керек» деп қақсай берсе, ағайын құстар көмектеседі деп сенеді [134, б. 37]. Ертегідегі ұсыныс тактикасы ұсыныс жасаушы мен оны қабылдаушы арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, ұсыныстың қабылдану немесе қабылданбау себептерін де көрсетеді. Мұндағы ұсыныс жасаушы сауысқан – белсенді, еңбекқор, шешім іздеуші кейіпкер болса, ұсынысты қабылдаушы көкек – жалқау, сылтау табушы, әрекет етуден гөрі өзгелерден көмек күтетін кейіпкер. Мұндағы «қауқары жоқ» тіркесі әлсіздік, шарасыздықты білдіретін тұрақты тіркес. «Қақсай беру» – бір нәрсені үздіксіз қайталай беру арқылы шаршатуды білдіретін фразеологизм. Бұл ертегіде ұсыныс тактикасы арқылы кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктері айқын көрінеді. Сауысқан еңбектің маңыздылығын көрсетсе, көкек дайынға иек артатын, өзгелердің көмегіне сенетін кейіпкер ретінде бейнеленеді. Ұсыныс қарым-қатынас тактикасы арқылы еңбек пен жалқаулықтың арасындағы қарама-қайшылық ашылып, ертегінің тәрбиелік мәні тереңдей түседі.

Өтініш – қарым-қатынас стратегиясының маңызды тактикаларының бірі. Ол субъектінің ниетіне әсер етіп, оның жауапкершілігі мен шешім қабылдау еркіндігін ескереді. Өтініш тиімді болуы үшін ол түсінікті, сыпайы түрде тұжырымдалуы керек, сондай-ақ субъектінің бас тарту құқығын құрметтеу маңызды. Бұл тактика, әсіресе, көмекке мұқтаж жағдайда немесе жоғары лауазымды тұлғаға жүгінген кезде қолданылады. «Ұлар мен қарға» ертегісінде өтініш тактикасының түрлі көріністерін байқауға болады. Қарға мен ұлар күш сынасып, қарға жеңіске жеткен кезде, ұлар өзін «сүттен ақ, судан таза» болғандықтан, тұмсығын жуып жеуін сұрайды. Мұндағы «сүттен ақ, судан таза» тұрақты тіркесі ұлардың кіршіксіз таза, күнәсіз екенін білдіреді. Бұл тәсіл оның өтінішін орындауға қарғаны иландырып, оның аяушылық сезімін оятуға бағытталған. Ертегіде қарға өз мақсатына жету үшін бірқатар кейіпкерлерге (құдық, көзе, сағыз топырақ, киік, тау, орақ) өтініш білдіреді. Бұл оның өтініш тактикасын жүйелі түрде қолданып, әрбір субъектінің көмегіне жүгіну арқылы өз мақсатына жетуге тырысқанын көрсетеді. Осылайша өтініш тактикасы ертегінің кейіпкерлері арасындағы қарым-қатынасты реттеудің маңызды құралы

ретінде көрінеді. Ол эмоционалды әсер ету, сыпайылық, логикалық негіздеу және риторикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Өтініш білдіру белгілі бір қажеттілікке негізделген және тыңдаушының оң жауап беруіне бағытталған. Бұл тактика әдетте өтініш иесінің жағдайын түсінуді, оған жанашырлық танытуды және көмек көрсетуді көздейді. «How Jack went to seek his fortune» ертегісінде өтініш білдіру тактикасы орын алады. «He hadn't gone very far before he met a cat. «Where are you going, Jack?» said the cat. «I am going to seek my fortune». «May I go with you?» (- Қайда барасың, Джек? – деді мысық. «Мен өз бақытымды іздеуге барамын». «Мені өзіңмен бірге ерте аласың ба?») мәнмәтінінде мысық рұқсат сұрау арқылы серіктес болуға өтініш білдіріп тұр. Бұл сыпайы формада жасалған өтініш, яғни модальді сыпайылық тактикасы да қатар жүреді. Мұндай тактика адресатқа қысым түсірмей, шешімді соған қалдыру арқылы жақын қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді [65, p. 24]. «The Story of the Three Little Pigs» ертегісінің келесі мәнмәтінін «Little pig, little pig, let me come in». To which the pig answered: «No, no, by the hair of my chiny chin chin». The wolf then answered to that: «Then I'll huff, and I'll puff, and I'll blow your house in» («Кішкентай торай, кішкентай торай, мені ішке кіргіз!» Сонда торай жауап берді: «Жоқ, жоқ, иегімнің ұшындағы бір тал қылымның атымен ант етем, кіргізбеймін!» Сонда қасқыр былай деді: «Онда мен үрлеймін, мен күшпен ысқыра соғамын, үйіңді ұшырып құлатамын!») талдайық. Келтірілген диалогтық үзіндіде кейіпкерлердің тілдік әрекеті нақты коммуникативтік стратегиялар мен сөйлеу тактикаларына негізделеді. Қасқыр мен шошқаның өзара сөйлеуі мақсатты әсер ету үдерісінің көрінісі, мұнда әрбір сөйлем белгілі бір прагматикалық ниетке қызмет етеді. Мұндағы «Little pig, little pig, let me come in/Кішкентай торай, кішкентай торай, мені ішке кіргіз» сөйлемінде сөйлеу актісі өтініш түрінде келгенімен, мұның негізінде жасырын бұйрық тактикасы тұр. «Little pig, little pig» сөзінің қайталануы эмоционалды ықпал ету арқылы тыңдаушыны жұмсақ түрде көндіру әрекеті байқалады. Ал «Then I'll huff, and I'll puff, and I'll blow your house in» мәнмәтінінде қасқырдың қысым көрсету арқылы қорқыту тактикасын қолданғанын көруге болады. «I'll huff, and I'll puff» конструкциясы озбырлықты ырғақ арқылы күшейтсе, «I'll blow your house in» нақты әрекетпен қорқытуды білдіреді [65, p. 69-70].

Өтініш тактикасының ерекшеліктері:

1. Сөйлеушінің өтініш білдіруінің себептері:

– Өзі үшін маңызды әрекеттің орындалуын қалау.

– Тыңдаушының жанашырлық танытуына сенім арту.

– Өзіне пайда әкелетін нәтижеге қол жеткізу.

2. Өтініш білдіру тәсілдері:

– Тікелей өтініш («Маған көмектесші», «Мен үшін мұны істе»);

– Жанама өтініш («Бәлкім, сен көмектесе алар ма едің?», «Мұны сен жақсы жасай аласың ғой»);

– Эмоционалдық әсер ету арқылы («Егер сен көмектеспесең, мен қиналамын», «Менің жағдайымды түсін») [136, с.1146].

Жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі қарым-қатынас стратегияларын талдау келесі ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл стратегиялар, негізінен, мақтау коммуникативтік тактикасы арқылы жүзеге асады. Ертегі мәтіндерінде еңбексүйгіштік, іске адал көзқарас және шеберлікті бағалау сияқты құндылықтар насихатталады. Сонымен қатар *мақтау қарым-қатынас стратегиялары* өзін-өзі таныстыру немесе өзін-өзі мақтау тактикасы арқылы да көрініс табуы мүмкін. Е.П. Ильин өзінің еңбегінде: «Адамға жағымды әсер етудің бір түрі – мақтау, яғни оның еңбегін немесе іс-әрекетін жоғары бағалау. Әр адам мақтауға мұқтаж» деп атап өтеді [137, с. 98]. Бұл пікір мақтаудың қарым-қатынас үдерісіндегі психологиялық және әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді. Жануарлар туралы ертегілердегі мақтау қарым-қатынас стратегияларын қолдану көбінесе ирониялық мақсаттарға бағытталады. Ұжымдық бейсаналық деңгейінде бұл техника әлеуметтік-адамгершілік сипаттағы кемшіліктерді әшкерелеу құралы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар мақтау стратегияларының сатиралық мақсатта қолданылуы белгілі бір көркемдік әдіс ретінде қалыптасып, ертегі мәтіндерінде ирониялық астарлы мағына тудырады. Бұл ерекшелік жануарлар туралы ертегілердің поэтикалық құрылымында ерекше орын алады және олардың коммуникативтік мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Мақтау қарым-қатынас стратегиясы бірнеше тактикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады, олар мыналар: мақұлдау, эмоционалды реңк беретін сипаттау, қолдау, назар аудару, салыстыру, ирония, тану және ризашылық білдіру. Бұл тактикалардың ішінде ең жиі қолданылатындары – мақұлдау, ирония және сипаттау, ал ризашылық білдіру тактикасы сирек кездеседі және негізінен, әдептік немесе салттық сипатқа ие. Мақтау қарым-қатынас стратегиясы әртүрлі коммуникативтік қадамдарды қамтиды, соның ішінде салыстыру, эмоционалды үндеу, экспрессивті стилистикалық тәсілдер, сөйлемдердің орын тәртібінің өзгеруі және басқа да тілдік құралдар қолданылады. Мақтаудың бағалау нысаны, көбінесе, адамның адамгершілік және зияткерлік қасиеттері, оның іс-әрекеттері, сыртқы келбеті немесе мінез-құлқымен байланысты. Мақтаудың негізгі бағалау мәні – адресаттың сыртқы келбеті, мүлкі немесе жетістіктері болып табылады. Жағымпаздықты білдіру барысында бағалау нысаны ретінде адресаттың моральдық және интеллектуалдық қасиеттері, дағдылары, жетістіктері мен әрекеттері қарастырылады. Осыған орай, жағымпаздық белгілі бір жағдайларда мақтау немесе мадақтау ретінде көрініс табуы мүмкін. Мақтау мен жағымпаздық арасындағы айырмашылықты анықтау сөйлеушінің коммуникативтік ниетін талдауға мүмкіндік береді. Сөйлеушінің мақсаты тек белгілі бір объектіні жағымды тұрғыдан бағалау ғана емес, сонымен қатар адресаттың мінез-құлқына ықпал ету, онымен қарым-қатынас орнату, әлеуметтік байланыстарды нығайту, оны басқару немесе белгілі бір коммуникативтік рәсімдерді сақтау болып табылады. Мақтау қарым-қатынас стратегиясы тек бағалау қызметін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-қарым-қатынас қызметін де атқарады.

Мақтау стратегиясын жүзеге асыруда эмоционалды-бағалаушы зат есімдер мен сын есімдер, сондай-ақ күшейткіш қызметін атқаратын үстеулер, шылаулар, өздік есімдіктер және одағай сөздер маңызды рөл атқарады. Лексикалық-стилистикалық және функционалды-грамматикалық маркерлердің көмегімен сөйлеуші мақтау немесе мадақтаудың коннотациялық реңктерін білдіреді. Әсіресе, жекеше және көпше түрде қолданылатын күрделі сын есімдер, басқа сөздермен тіркесетін дара сын есімдер мақтаудың негізгі тілдік бірліктері ретінде жиі қолданылады. Мақтаудың семантикалық-интонациялық ерекшеліктері оны мәтіндік мәнмәтінде саралауға мүмкіндік береді. Жағымды сөйлеу әрекетін білдіру үшін бағалауыш зат есімдер, кей жағдайларда эпитеттер мен сұраулы сөйлемдер пайдаланылады [127, с. 200]. Сын есімдер – мақтау мен мадақтау стратегиясының басты лексикалық көрсеткіштері. Мысалы, «Піл мен маймыл» ертегісінде піл мен маймыл өздерінің артықшылықтарын атап өтіп, пікірталасқа түседі. Олар дауды шешу үшін үкіге жүгінеді. Піл үкіні «О, орманның ақылгөйі, біздің ақылгөйіміз» деп сипаттап, оның даналығын мадақтайды [134, б. 15]. Бұл жерде «ақылгөй» сөзі зат есімнен сын есім тудыратын «-гөй» жұрнағы арқылы жасалып, ақыл иесін сипаттайтын бағалауыш мағынаға ие болады. А. Жұбанов «Корпустық лингвистика» еңбегінде «-қой» (-ғой, -гөй) жұрнағы кейбір зат есімдерге жалғану арқылы мінез-құлық немесе әрекетті сипаттайтын туынды сын есім жасайтынын атап өтеді [138, б. 127]. «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» ақылгөй сөзіне келесідей анықтама береді: ақыл айтушы, ақыл беруші. Тәжірибелі, данышпан және үлкен парасат иесіне қарата айтылатын сөз [139, б. 23]. Сонымен қатар одағай сөздер адресант пен адресат арасындағы ерекше қатынас құралы ретінде қолданылады. Одағай сөздер сөйлеушінің эмоциясын білдіріп қана қоймай, тыңдаушының назарын аударып, оның қарым-қатынасқа деген қатынасын өзгертуге ықпал етеді. Мысалы, жоғарыдағы ертегіде қолданылған «О» одағай сөзі үкінің назарын аудару мақсатында қызмет етеді. Осылайша ертегіші коммуникативтік стратегиясының мақтау тактикасын «ақылгөй» сын есімі мен эмоционалды реңк беретін «О» одағай сөзін қолдану арқылы жүзеге асырады. Бұл мақтау стратегиясының ертегі мәтіндеріндегі маңыздылығын көрсетіп, оның прагматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін айқындайды.

«Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» ертегісіндегі мақтау тактикасы түлкінің түйені алдау үшін қолданатын қарым-қатынас стратегияларынан көрінеді. Бұл стратегиялар белгілі бір стилистикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Мақтау тактикасының көрінісі ретінде «көрнекті» және «көрікті» сын есімдері қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша, «көрнекті» – «белгілі, танымал, әйгілі», ал «көрікті» – «ажарлы, сұлу, сәнді, көз тартатын, көркем» деген мағынаны білдіреді [140]. Бұл сөздер түйенің физикалық және әлеуметтік маңыздылығын асыра мақтау үшін пайдаланылған. Сонымен қатар, тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы да мақтау стратегиясының маңызды аспектісі болып табылады. Мысалы, «ішпей мас, жемей тоқ боп жүру» – риза болу, көңілі толу мағынасында қолданылса, «құты қашу» – берекесі кету, мазасыздану мәнін білдіреді. Түлкі түйені ерекше әрі таптырмас тірек ретінде көрсетіп, оның

маңыздылығын эмоционалды түрде арттыру үшін осы тұрақты тіркестерді қолданады. І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» «бір төбе» тіркесі «ерекше, өзінше бір бөлек» деген мағынада түсіндіріледі. Бұл сөз тіркесі түйені өзгелерден жоғары қойып, оны мақтау мақсатында пайдаланылған. Ал «қарасын көру» тіркесі «көзге түсті, сырт тұлғасын көріп қалу» деген мағынаны береді, бұл арқылы түлкі түйенің сыртқы көрінісін ерекше атап көрсетеді [79, б. 76]. Ертегіші мақтау тактикасын жүзеге асыру үшін тұрақты сөз тіркестері мен сын есімдерді стилистикалық тәсіл ретінде тиімді қолданады. Бұл тәсілдер ертегі мәтініндегі коммуникативтік стратегиялардың бір бөлігі болып, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

«Ақымақ қасқыр» ертегісіндегі ешкінің өзін-өзі мақтауы және қасқырдың ата-анасын мадақтауы – оның өмірін сақтап қалу үшін қолданған қарым-қатынас стратегиясының айқын көрінісі. Ертегіде қасқыр ешкіні жегісі кеп бас салғанда, ешкі қой тұрғанда қасқыр ешкі жемейтінін, өзінің қарапайым ешкі емес, тойда торқа киетін, билейтінін судыратып жеткізеді [134, б. 42]. Ешкі өзінің маңыздылығын асыра көрсетіп, өзін ерекше әрі бағалы жануар ретінде сипаттау арқылы қасқырды сендіруге тырысады. Бұл ертегіде қолданылған лексикалық және стилистикалық құралдарға тоқталар болсақ, «судырау» етістігі – тура мағынасында «бір жерде тұрмай, тоқтамай ағу» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «өтірік айту, шебер сөйлеу» дегенді аңғартады. Бұл жерде ешкі өзінің шебер, жылдам сөйлеу дағдысын пайдаланып, сөзбен аман қалуға тырысатынын көрсетеді. «Тойда билеп, торқа кию» тіркесі І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» «жай адам емес, ерекше өнерлі адам» деген мағынада берілген [79, б. 277]. Бұл арқылы ешкі өзін тек қарапайым мал емес, ерекше, құрметке лайық жануар ретінде сипаттайды. Қазақы танымдағы қой мен ешкінің символы – қой қазақ халқы үшін төлшіл, берекелі түлік ретінде жоғары бағаланса, ешкі көбінесе сүйкімсіздеу мал ретінде қарастырылады. «Қой тұрғанда ешкі жемейтін» деген сөз – қойдың мәртебесінің жоғары екенін көрсетеді. «Ешкі бейнесіне тән негізгі ерекшелік оның тынымсыз қозғалысы, секіріп жүруге бейімділігі. Қазақ фольклорында бұл бейне негізінен жеңілтек, тұрақсыз мінез-құлықтың символы ретінде көрініс табады. Мұны мынадай халық даналық сөздері дәлелдейді: «Қотыр теке – қора былғар», «Серке еті – ем, ешкі еті – жел», «Селтеңдеген – жігіттің соры, секеңдеген – серкенің соры». Ертегіші берілген сөйлемде қазаққа сай тынымдық көзқарас пен тұрақты сөз тіркестерін сөйлеушінің мақтау тактикасын іске асыру үшін пайдаланады. Бұл ертегіде мақтау тактикасы алдау және сендіру мақсатында қолданылып, кейіпкердің өмірін сақтап қалуға бағытталған прагматикалық құрал ретінде көрініс табады.

Жоғарыда біз зерттеу материалы ретінде талдаған ертегі мәтіндерінен бірнеше қарым-қатынас стратегиясы мен тактика түрлері анықталды. Қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларын төмендегі кестеде (кесте 15) көрсетеміз.

Кесте 15 – Ертегідегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикалары

Қарым-қатынас стратегиялары	Тактикалар
Манипуляциялық стратегия	Эмоционалды әсер ету, алдау, жағымпаздық, бастама жасау, ұсыныс
Ынтымақтастық стратегиясы	Қарым-қатынасқа ашықтық, ортақ мүдделерді атап көрсету, өтініш, ұсыныс, бастама жасау
Сендіру стратегиясы	Логикалық аргументтер келтіру, басым пікірлерге сүйену, әлсіздігін қасақана көрсету, ұсыныс, өтініш
Мәжбүрлеу стратегиясы	Тікелей қысым жасау, қорқыту, әлеуметтік нормаларға сілтеме жасау, бұйыру
Мақтау стратегиясы	Өзін-өзі таныстыру немесе өзін-өзі мақтау, мақұлдау, эмоционалды реңк беретін сипаттау, қолдау, назар аудару, салыстыру, ирония, тану және ризашылық білдіру.

Осы ретте, қазақ ертегілерінде кездесетін қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларын қарастырып көрелік (кесте 16).

Кесте 16 – Қазақ ертегілеріндегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикалары

Жануар	Қарым-қатынас стратегиясы	Тактикалар	Мысалдар
1	2	3	4
Түлкі	Манипуляциялық стратегия	Алдау	- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін, – дейді. - Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді.
			Түлкі қасқырдың жамандағанын сезеді де арыстанға айтады: - Маған бекер ашуланасыз, мен сіздің ауруыңызды есіткен соң, бір тыным тапқаным жоқ, сізге ауруыңызды жазатын дәрі іздеп мазам кетті, міне жаңа ғана тауып келе жатқаным еді, – дейді. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі жолбарыстың үстіңгі жағына шығып жатып:
			- Әй, жолбарыс, мені басып кеттің, арырақ жат! – депті. Жолбарыс жылжи бере, жардан құлап кетіпті. Құлап барып, өліп қалыпты. Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:

16 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
			- Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты.
		Ұсыныс	- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, – дейді түлкі.
		Жағымпаздық	- Бөдене-еке, арысекем, әреке, қасеке, қырғауылым, достым, түйем.
			Берірек кел, түлкіжан, бір азырақ сөйлесейік? – деді арыстан.
		Әлсіздігін қасақана көрсету	- Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, – дейді міңгірлеп.
			- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің?
Мысық	ЫнтымақтастықстратегиясыОртақ іске шақыру және ұсыныс жасау, өтініш		- Ағайын, ертең сайламға бірлікте барайық. Ұйқының қаттылығын өзің білесің, таңертең мені сөзсіз оятып қой, ертерек барайық, – депті. Бұрынғы уақытта түлкі мен жолбарыс жолдас болыпты. Екеуі бір жардың басына келіп қоныпты. Жолбарыс айтыпты: - Мен мына жардан құлап кетермін, сен түлкі, менен төмен жат, - депті. Сөйтіп, түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатыпты.
Қой	Сендіру стратегиясы	Мадақтау және қызықтыру	- «Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?»
		Өтініш	Түлкі жолда келе жатып, күрек тауып алыпты. Күректі алып шалға келіп, өтініпті: - Қожайын, мені үйіңе кіргізіп, қондыршы.
Түлкі	Мәжбүрлеу стратегиясы	Қорқыту, қысым жасау	- Ақылгөйім, түстің бе қолға? Қазір сазайыңды тартқызамын. Ендеше тура соны істеймін.
Жолбарыс		Бұйыру	Бұрынғы уақытта түлкі мен жолбарыс жолдас болыпты. Екеуі бір жардың басына келіп қоныпты. Жолбарыс айтыпты: - Мен мына жардан құлап кетермін, сен түлкі, менен төмен жат, – депті. Сөйтіп, түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатыпты.
Піл	Мақтау стратегиясы	Эмоционалды реңк беретін сипаттау	«О, орманның ақылгөйі, біздің ақылгөйіміз».

Сонымен бірге, ағылшын ертегілерінде кездесетін қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларын қарастыралық (кесте 17).

Кесте 17 – Ағылшын ертегілеріндегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикалары

Жануар	Қарым-қатынас стратегиясы	Тактикалар	Мысалдар
Түлкі	Манипуляциялық стратегия	Алдау тактикасы	Good morning, Little Bird, says the cat. Good news! says the cat. The cat says: Very good news! *All animals are now good friends!* (Қайырлы таң, кішкентай құс, – дейді мысық. Жақсы жаңалық! Мысық былай дейді: Өте жақсы жаңалық! Қазір барлық жануарлар жақсы достар!)
Mouse /тышқан	Ынтымақтастық стратегиясы	Өтініш	- Pardon, my King, cried the little Mouse: *forgive me this time (Кешіріңіз, менің Патшам, - деп айқайлады кішкентай Тышқан: бұл жолы мені кешіріңіз)*
		Ортақ мүдделерді атап көрсету	I shall never forget it: *who knows but what I may be able to do you a turn some of these days? (Мен бұл жақсылығыңызды ешқашан ұмытпаймын: кім біледі, менің сізге жақын күндердің бірінде көмегім тиіп қалар?)*
Қой	Сендіру стратегиясы	Өтініш	*Come nearer*, Little one, said the Crocodile. What do you ask such things? (Жақынырақ кел, балам, – деді Қолтырауын. Мұндай нәрселерді неге сұрайсың?)
Wolf/ Қасқыр	Мәжбүрлеу стратегиясы	Қорқыту	«Little pig, little pig, let me come in». To which the pig answered: «No, no, by the hair of my chiny chin chin». The wolf then answered to that: *«Then I'll huff, and I'll puff, and I'll blow your house in»* («Кішкентай торай, кішкентай торай, мені ішке кіргіз!» Сонда торай жауап берді: «Жоқ, жоқ, иегімнің ұшындағы бір тал қылымның атымен ант етем, кіргізбеймін!» Сонда қасқыр былай деді: «Онда мен үрлеймін, мен күшпен ысқыра соғамын, үйіңді ұшырып құлатамын!»)
			One day, passing through a wood, the wolf said: «Red-fox, get me something to eat, *I shall eat you!*» (Бір күні орман ішінде келе жатып, қасқыр түлкіге былай дейді: «Түлкі, маған тамақ тауып бер, әйтпесе сені жеймін!)
Піл	Мақтау стратегиясы	Эмоционалды реңк беретін сипаттау, қолдау	*«What a nice song!»* says the fish. «Please, sit down on my head and sing it again» («Қандай керемет ән!» – дейді балық. «Өтінемін, менің басыма отырып, қайтадан ән айтыңызшы»

Жоғарыдағы кестеден қазақ ертегілерінде түлкі алдаудың, сендірудің, өтірік сөйлеудің шебері екендігі көрінеді. Ол жалған ақпарат беру арқылы қарсыласының сеніміне кіріп, қошемет сөздер мен мадақтауларды қолданып, өзінің мақсатына жетуге тырысады. Қажет болған жағдайда өзінің әлсіздігін әдейі көрсетіп, қарсыласын аяушылық сезіміне бөлейді. Ағылшын ертегілерінде түлкі және мысық жалған достық білдіру арқылы сенімге кіреді. Алдау мақсаты нақты және қысқа тұжырымдалған, рационалдыққа негізделген. Екі мәдениетте де манипуляция тактикалары ұқсас. Алайда қазақ ертегілерінде кеңінен сипатталып, тілдік экспрессиялармен, стилистикалық реңкпен берілсе, ағылшын тілінде қарапайым, тікелей формада беріледі.

Қазақ ертегілерінде ынтымақтастық стратегиясын қолданған мысық ұжымдық әрекетке шақырып, сыпайы түрде өтініш білдіреді. Тілі жұмсақ, ортақ түсіністікке шақырады. Ағылшын тілінде тышқан өзін әлсіз көрсетіп, кешірім сұрайды. Өзінің болашақта көмекке жарап қалатындығын айтып, пайдасын ойлайды. Қазақ ертегілерінде ынтымақтастық әлеуметтік байланыс пен жауапкершілікке негізделсе, ағылшын ертегілерінде прагматикалық пайда мен уәде арқылы дәлелденеді. Қазақ ертегілеріндегі мысықтың сөзінде «ертең сайламға бірлікте барайық» деген тіркестер ұжымдық қатынас пен бірге әрекет ету концептісін айқындайды. Мұнда «ынтымақ – күш» деген халықтық дүниетаным көрініс табады.

Қазақ ертегілерінде сендіру стратегиясын қолданған қой жылы, достық қарым-қатынас орната отырып, мақтау мен ынталандыру тактикаларын қолданады. Ағылшын ертегілерінде қолтырауын сендіруді өтініш түрінде білдірсе де, астарында қауіп бар, яғни сендіру мен манипуляция стратегиялары қатар келген. Қазақ ертегілерінде сендірудің достық пен қолдауға негізделген үлгісі көрінсе, ағылшын ертегілерінде сендіру мен қысым көрсету қатар келген. Қазақ ертегісінде сендіру эмоционалды реңк пен әлеуметтік мақұлдау арқылы жүреді. «Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді?» деген тіркестер арқылы тыңдаушыға жағымды баға беру арқылы оны белгілі бір әрекетке итермелейді. Ағылшын ертегісіндегі кейіпкерлер сендіру үшін нақты сұрақтар мен логикалық дәлелдерге жүгінеді. «What do you ask such things?» сияқты тіркестер тыңдаушының сенімін қалыптастыру үшін ақыл-ойды негізге алады. Бұл ағылшын мәдениетіне тән рационалды танымның көрінісі.

Қазақ ертегілерінде мәжбүрлеу стратегиясын қолданған түлкі қарсыласын қорқытып, ашық қысым көрсетеді. Ағылшын ертегісінде де қасқыр қорқыту тактикасын қолданады. Мәжбүрлеу стратегиясы екі тілдегі ертегілерде қарама-қайшылықты күшейту үшін қолданылады.

Қазақ ертегілерінде мақтау иерархиялық қатынастарды белгілеу құралы. «Орманның ақылгөйі» деген тіркес кейіпкердің мәртебесін бекітуге бағытталған. Ағылшын ертегісінде мақтау эстетикалық әсерге негізделеді. «What a nice song!» деген тіркес сұлулық, қабілет, эмоциялық реакция фреймін ашады. Бұл – ағылшын мәдениетіне тән жеке жетістікке таңдану үлгісінің когнитивті көрінісі.

Қазақ және ағылшын ертегілерінде қарым-қатынас стратегиялары тілдік ғана емес, когнитивті құрылымдар арқылы жүзеге асады. Қазақ ертегілеріне тән

ерекшеліктер – ұжымшылдық, эмоционалдық, беделге құрмет, ал ағылшын ертегілерінде жекешілдік, логикалық дәйектілік, эстетикалық қабылдау басым. Бұл айырмашылықтар әр халықтың менталды әлемін, дүниетанымын және қарым-қатынас нормаларын тануға мүмкіндік береді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлім бойынша төмендегідей тұжырым жасалады. Мұнда ертегідегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеу мәселелері қарастырылды. Екінші бөлімнің бірінші тараушасында қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексикаға жалпы сипаттама берілді. Екі тілдегі анималистік лексиканы сипаттау үшін «Дала фольклорының антологиясының» жетінші томындағы 119 ертегіден 125 жануар атауын тауып, жануарлар, құстар, балықтар, жәндіктер, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар және кеміргіштер деп топтастырдық. Дж. Якобстың «English fairy tales» ертегі кітабындағы 44 ертегіден және Р. Киплингтің «Just so stories» ертегі кітабындағы 12 ертегіден 94 жануар атауын жануарлар, құстар, балықтар, жәндіктер, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, кеміргіштер және шаянтәрізділер деп ажыраттық. Лексикалық топтарға бөлінген жануарларды үй және жабайы жануарларға бөлдік. Олардың ішінен жиі кездесетін жануарлар атауларын бөліп алдық. Екінші бөлімнің екінші тараушасында анималистік лексиканың лингвомәдени ерекшеліктері талданды. Доминанттық талдау әдісі арқылы қазақ және ағылшын ертегілерінде жиі кездескен анималистік лексиканың денотаты, ерекше белгілері, коннотаты, символдық мағынасы, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердегі көрінісін қарастырдық. Оның ішінде қазақ ертегілеріндегі қой, жылқы, қасқыр, ит анималистік лексикасы және ағылшын ертегілеріндегі құс, мысық, жылқы, сиыр анималистік лексикалары талданды. Екінші бөлімнің үшінші тараушасында қазақ және ағылшын ертегілерінде жиі кездескен анималистік лексиканың когнитивтік сипаты концептуалды талдау әдісі арқылы жан-жақты қарастырылды. Зерттеу барысында ертегі мәтіндерінде кездесетін жануар атаулары когнитивті бірлік ретінде алынып, олар концепт ретінде сипатталды. Әрбір концептінің ұғымдық, бейнелік, құндылық компоненттері талданды. Бұл талдау түсіндірме және метафоралық сөздіктер, сондай-ақ ұлттық-мәдени контексте орныққан тілдік қолданыстар негізінде жүзеге асырылды. Екінші бөлімнің төртінші тараушасында жануарлар туралы ертегі кейіпкерлерінің сөйлеу мінез-құлқы, ондағы қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы дискурстық талдау әдісі арқылы талданды. Ертегіде қолданылатын стратегия түрлері мен тактика тәсілдері анықталды. Оның ішінде екі тілдегі ертегілерде жиі кездесетін манипуляциялық, ынтымақтастық, сендіру, мәжбүрлеу, мақтау стратегиялары мен мақсатқа жетуде пайдаланылатын эмоционалды әсер ету, алдау, жағымпаздық, бастама жасау, ұсыныс, логикалық аргументтер келтіру, басым пікірлерге сүйену, әлсіздігін қасақана көрсету, ұсыныс, өтініш, тікелей қысым жасау, қорқыту, әлеуметтік нормаларға сілтеме жасау, бұйыру, өзін-өзі

таныстыру немесе өзін-өзі мақтау, мақұлдау, эмоционалды реңк беретін сипаттау, қолдау, назар аудару, салыстыру, ирония, тану және ризашылық білдіру сияқты тактикалар анықталды.

3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ

3.1 Қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілер

Зерттеуіміздің 3.1 тараушасы қазақ және ағылшын анималистік лексикасын салғастырмалы талдауға арналады. Екі тілдегі анималистік лексиканы салғастырмалы талдау үшін зерттеудің 2 бөліміндегі материалдар алынады. Атап айтқанда, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың жалпы сипаты, лингвомәдени ерекшелігі және жануарлар туралы ертегі кейіпкерлерінің сөйлеу мінез-құлқындағы ерекшеліктер, қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасы салғастырылады.

Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтарын салғастыра талдауға ұмтыламыз (кесте 18).

Кесте 18 – Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтарын салғастыру

Ертегі тілі	Жануарлар	Құстар	Барлықтар	Жәндіктер	Қосмекенділер	Бауырымен жорғалаушылар	Кеміргіштер	Шаянтәрізділер
Қазақ	67	37	4	12	1	2	2	-
Ағылшын	41	23	11	9	3	3	2	2

Берілген кестеден (кесте 18) көріп отырғанымыздай, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары негізінен ұқсас, екі тілде де жануар мен құс атаулары сан жағынан басымдық танытады. Бұл ерекшелікті екі этностың да жануарлар мен құстарды өте ертеден қолға үйретіп, тұрмыс-тіршілікте пайдаға асырғанымен түсіндіруге болады. Адам баласы жануарлар мен құстарды бақылап, оларды аулауды үйреніп, еті мен сүтін азық етіп, көлік ретінде пайдаланып, терісі мен жүнін киім мен баспана еткені ертегідегі жануарлар мен құстар атауының көп кездесуінен анық байқалады. Кез келген тіл этностың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің көрінісі деген тұжырымды екі тілдегі анималистік лексиканың балық тақырыптық тобы арқылы дәйектей түсуге болады. Біз зерттеу материалы ретінде талдаған қазақ ертегілерінде балық 4 рет кездесті, ағылшын ертегілерінде 11 рет кездесті. Аталған ерекшелікті екі этностың географиялық орналасу аймағымен (қазақ халқы кең жазық даланы, шөл және таулы жерлерді мекендесе, ағылшын халқы мыңға жуық аралдың ортасында орналасқан), балық шаруашылығы кәсібімен байланысты түсіндіруге болады. Қазақ және ағылшын анималистік лексикасының тақырыптық топтарындағы айырмашылық ағылшын ертегілерінде шаянтәрізділердің (краб, ұлу) кездесуінен көрінеді. Бұл ерекшелікті ағылшын халқының өмір сүру ортасы, кәсібі және мәдениетімен байланысты түсіндіреміз. Ағылшындар ерте кезден бастап суда өмір сүретін балықтар мен жәндіктерді тағам ретінде пайдаланған. Қазір бұл мәдениет тек

ағылшындарда емес, дүние жүзінде теңіз өнімдерінің адам ағзасына пайдасы тұрғысынан кең таралған және орныққан деп айтуға болады.

Ағылшын және қазақ ертегілеріндегі анималистік лексика үй және жабайы жануарлар болып екіге бөлінеді. Төмендегі кестеге (кесте 19) назар аударыңыз.

Кесте 19 – Қазақ және ағылшын ертегілерінде жиі кездескен анималистік лексика

Анималистік лексиканың тобы	Анималистік лексика түрлері	Қазақ ертегілері	Ағылшын ертегілері
Үй жануарлары атаулары	Жылқы	+	+
	Қой	+	+
	Сиыр	+	+
	Түйе	+	-
	Ешкі	+	+
	Есек	+	+
	Ит	+	+
	Мысық	+	+
	Шошқа	-	+
	Тауық	-	+
	Үйрек	-	+
	Күркетауық	-	+
	Қаз	-	+
	Қоян	-	+
Жалпы саны		8	13
Жабайы жануарлар атаулары	Арыстан	+	-
	Қабылан	+	-
	Жолбарыс	+	-
	Қарсақ	+	-
	Киік	+	+
	Арқар	+	-
	Бұғы	+	-
	Қоян	+	-
	Қасқыр	+	+
	Марал	+	-
	Түлкі	+	+
	Елік	+	-
	Қабан	+	+
	Тауешкі	+	-
	Маймыл	+	+
	Аю	+	+
	Бұлан	+	-
	Піл	-	+
	Бегемот	-	+
	Барыс	-	+
	Ягуар	-	+
	Зебра	-	+
	Керік	-	+
	Құндыз	-	+
Жалпы саны		17	14

Кестеде (кесте 19) көрсетілгендей қазақ ертегі мәтіндерінде кездескен үй жануарлары 8 атауды (түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, есек, ит, мысық) бейнелесе, ағылшын ертегі мәтіндерінен 13 бірлік (жылқы, сиыр, қой, шошқа, ешкі, қоян, мысық, ит, есек, тауық, үйрек, күркетауық, қаз) үй жануары анықталды. Қазақ ертегілерінде, негізінен, төрт түлік мал ертеден қолға үйретілгені, олардың өнімдерін тұрмыста кеңінен қолданғаны көрініс тапқан. Ағылшын ертегілерінде төрт түлік мал деген ұғым жоқ, олар түйені үйде өсірмеген, үй құстарын көбірек өсіргені байқалады. Екі мәдениеттегі үй жануарларының түрлері мен олардың саны жағынан айырмашылығы аталған этностардың өмір сүру салттары мен дінімен тікелей байланысты деп тұжырым жасауға болады.

Доминанттық талдау әдісі арқылы қазақ және ағылшын ертегілерінде жиілігі бойынша анықталған жануарлардың санын салғастырмалы талдадық. Олар төмендегі кестеде (кесте 20) көрсетілген.

Кесте 20 – Қазақ және ағылшын ертегілерінде жиі кездескен анималистік лексиканың салғастырмалы сипаты

	Жануар атауы						
	Қой	жылқы	қасқыр	Ит	құс	мысық	сиыр
Қазақ	36	65	26	24	-	-	-
Ағылшын	-	10	-	-	11	10	8

Зерттеу нәтижесінде қарастырылған қазақ ертегілерінде жиі қолданылатын анималистік лексика ретінде қой, жылқы, қасқыр және ит атаулары анықталды. Бұл құбылыс қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, нақтырақ айтқанда, көшпелі тіршілік, мал шаруашылығы және табиғатқа жақындығымен тығыз байланысты. Жануарлар әлемі қазақ халқы үшін күнкөріс көзімен қатар, символдық, мифологиялық және тәрбиелік қызмет атқаратын мәдени мәнге ие. Ағылшын тіліндегі анималистік лексика да жануарлар мен табиғат бейнелерін кеңінен қолданады, бірақ бұл тілдің лексикасында үй жануарлары мен жабайы аңдар арасында көбірек айырмашылықтар бар. Ағылшын ертегілерінде құс пен мысықтың жиі кездесуі бұл жануарлардың тұрмыста үй жануары ретінде өсірілуімен түсіндіріледі.

Екі тілдегі анималистік лексика тек жануарлар атаулары ғана емес, сонымен қатар, халықтың дүниетанымын, мәдени кодтарын және рухани құндылықтарын бейнелейтін маңызды лингвомәдени компонент болып табылады [141, б. 88].

Осы орайда, бірнеше анималистік лексиканы екі тілде салғастырып қарастырамыз. *Жылқы* – адамзат тарихының ең көне және маңызды жануарларының бірі. Ол жалпы адамзат мәдениетінде, экономикасында, тұрмысында және дүниетанымында ерекше орын алады. Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі жылқының маңызы мен рөлі де бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Жылқы анималистік лексикасының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын кесте түрінде (кесте 21) ұсынамыз.

Кесте 21 – Жылқы/horse лексемасының символдық мағыналары

Жылқы лексемасының қазақ танымындағы символдық мағыналары	Horse лексемасының ағылшын танымындағы символдық мағыналары
Беделділік, жүйріктік, еркіндік, батырлық, адалдық, спорт, сәндік, әлеуметтік мәртебе	Батырлық, адалдық, еркіндік, беделділік, сұлулық, әлеуметтік мәртебе, сән-салтанат, спорт

Қазақ халқының көшпелі тұрмысы мен табиғатпен тығыз байланысы жылқыны тек шаруашылықтағы көлік түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік мәртебенің, батырлықтың, еркіндіктің символына айналдырды. Ал ағылшын мәдениетінде жылқы, әдетте, спорттық, сәндік және әлеуметтік мәртебе белгісі ретінде көрініс табады. Екі халықтың жылқыға деген көзқарастарын, олардың мәдениеттеріндегі мәнін және бұл жануардың әртүрлі салалардағы рөлін салғастырмалы түрде талдап көрелік.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жылқыға келесідей анықтама берілген: «тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі» [74, б. 328]. Қазақ халқының өмірінде жылқы ерекше орын алған. Оның ең басты себебі – көшпелі тұрмыс. Қазақтар үшін жылқы тек көлік емес, ол сонымен қатар тіршіліктің негізі, күнкөріс пен байлықтың көзі, сондай-ақ ұлттың рухани болмысын айқындайтын нышан болды. Ә. Қайдар өзінің этнолингвистикалық сөздігінде жылқының күй-жайына, оның мінезіне, қимыл-қозғалысына байланысты атауларды қарастырады. Ол жылқыны «сезімтал, жолтапқыш жануар» деп анықтайды [75, б. 270]. Қазақ халқының шаруашылығының негізі мал шаруашылығына сүйенгендіктен, бұл жануардың маңызы зор болды. Қазақта «Жылқы – байлықтың көзі» деген мәтел бар. Бұл сөздің астарында жылқының әлеуметтік мәртебе мен байлықтың символы ретінде қабылданғаны жатыр. Қазақтың көшпелі өмірінде жылқы саны адамның қоғамдағы орнын, табысы мен беделін көрсеткен. Мысалы, үлкен байлардың мал-мүлкі арасында жылқы басты орын алған. Әсіресе, ұлыс ішінде жылқыны көбейту – маңызды іс болып саналған. Жылқының құны оның сыртқы пішініне, денсаулығына, түріне және мінезіне байланысты бағаланған. Көшпелі қазақ қоғамында жылқының ерекше бағалануы – оның қасиетті және қастерлі жануар ретінде саналғанына дәлел болады. Қазақ халқы үшін жылқы – тек материалдық байлықтың көзі ғана емес, ол сонымен бірге рухани құндылықтың белгісі. Қазақтың фольклорында жылқыға қатысты көптеген аңыздар мен жырлар бар. Мысалы, «Қобыланды батыр» дастанында Тайбурыл атының батырмен бірге болғандығы, оның ерліктерін жүзеге асырудағы рөлі ерекше сипатталады. Жылқының батырмен серік болуы, оның батырлық қасиеттерін күшейтетіндей мәні бар. Тайбурыл – ерлік пен адалдықтың, батырлық пен достықтың символы. Еңбек пен бақыттың символы ретінде жылқы қазақ мәдениетінде ерекше құрметке ие. Қазақ халқының көпшілігі жылқысын аса күтіммен бағуға тырысқан. Бұл тек мал шаруашылығының тиімділігі үшін ғана емес, сонымен қатар рухани байланыс орнату үшін маңызды болды. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінде жылқы ерекше орын алады. Қазақ халқының әртүрлі ойындары мен салт-жоралары

жылқыға қатысты болған. Аударыспақ, көкпар, жамбы ату тәрізді ат спорты қазақтың ұлттық мәдениетінде кеңінен таралған. «Жауынды күні ат көрме, айтты күні қыз көрме» деген қазақ жылқының ажары оның бітім-болмысына ғана емес, түк-түрінің бояу-реңкіне байланыстылығын меңзеген. Оның негізінде қыз таңдаған жігіттерге шынайы сұлу мен шырайсыз қыздарды шатыстырмауға деген ескерту жатыр [75, б. 277]. Бұл ойындар мен жарыстарда жылқы адамның мәртебесін, күшін және шеберлігін көрсететін құрал болды. Сонымен қатар тойларда, мерекелерде жылқыға қатысты дәстүрлер көптеп кездеседі. Бұл жылқының тек шаруашылық емес, мәдениетке де байланысты екенін көрсетеді. Қазақтар үшін жылқы еркіндіктің символы болған. Көшпелі өмірдің ерекшелігіне байланысты, жылқының еркіндігі мен кең далада шапқаны, қазақ халқының да тәуелсіздігі мен еркіндігін білдірді. Бұл сезімдер қазақтың көптеген жырларында, эпостарында көрініс тапты.

Ағылшын мәдениетіндегі жылқының маңызына тоқталайық. Жылқыға Кембридж сөздігінде келесідей анықтама берілген: «A large animal with four legs, which people ride or use to pull heavy things» (Адамдар мінетін немесе ауыр заттарды тарту үшін пайдаланатын төрт аяғы бар үлкен жануар) [71]. Бұл анықтамадан ағылшындар жылқыны көлік түрі немесе ауыр заттарды арту үшін қолданатындығын анықтауға болады. Ағылшын мәдениетінде жылқы – әлеуметтік мәртебе, сән-салтанат пен спорттың символы. Ағылшын мәдениетінде жылқы көбінесе әлеуметтік мәртебенің белгісі ретінде көрінеді. XIX ғасырда ағылшындар үшін жылқы ұстап, атқа міну – әдемілік пен байлықтың, сол сияқты жоғарғы таптың өкілдерінің символы болған. Жылқы сатып алу мен ұстау, әсіресе, ат жарыстарында жеңіс – қоғамдағы жоғары мәртебенің белгісі болып саналған. Осы таным-түсінік ағылшын фразеологизмдерінде көрініс тапқан. Мысалы, «Back the wrong horse» тіркесі «бұрыс атқа бәс тігу» мағынасын білдіреді. Ал «dark horse» ат жарысы барысында танылмаған қара ат мағынасы ауыспалы мағынада танымалдығы аз тұлға немесе саясатта президенттікке танымалдығы аз үміткер мағынасын білдіреді [89, p. 482]. Жылқыға деген құрмет пен сүйіспеншілік ағылшындардың өмірінде көп уақыт бойы ерекше орын алған. Әсіресе, атқа міну мәдениеті мен жылқы жарыстары ағылшын қоғамында кең тараған. Ағылшындар арасында жылқыға қатысты бірқатар дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қалыптасқан. Корольдік ат жарысы мен ат спорты ағылшын қоғамында тек ерлердің ғана емес, әйелдер арасында да танымал болған. Жылқы көбінесе сәнді спорттық көлік ретінде қарастырылды, ал атқа міну дағдылары жоғары тап өкілдері үшін маңызды болды. Ағылшын қоғамында атқа міну – тек көлік емес, ол спорт ретінде кең тараған. Жылқы жарыстары мен атқа міну жарыстары (equestrian sports) ағылшын мәдениетінде үлкен танымалдыққа ие болды. Кембридж университетінде және басқа да танымал оқу орындарында атқа міну дәстүрі дамыған, ал ат жарыстары көбінесе беделді спорттық іс-шараларға айналған. Ат жарыстары – ағылшын қоғамында әуесқойлар мен кәсіби спортшылар үшін үлкен қызығушылық тудырды. Ағылшын әдебиетінде де жылқы маңызды орын алады. Джейн Остиннің «Мэнсфилд парк» романында жылқы жоғарғы тап

өкілдерінің мәртебесін көрсететін бір элемент ретінде сипатталады [142, с. 9]. Кітаптың кейіпкерлері атқа міну мен жылқыны ұстап, өздерінің қоғамдағы орнын айқындайды. Бұл да жылқының ағылшын қоғамындағы әлеуметтік мәртебені білдіретінін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі жылқының мәні мен рөлі арасындағы айырмашылықтарды қарастырған кезде, бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін байқауға болады. Екі мәдениетте де жылқы байлық пен әлеуметтік мәртебенің белгісі ретінде бағаланады. Қазақтар үшін жылқы – қоғамдағы орны мен байлықты көрсетсе, ағылшындар үшін жылқы көбінесе жоғарғы таптың өкілдерімен байланысты. Екі халықта да жылқы спорттың бір бөлігі болып табылады. Қазақтар көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ойындарда жылқыны пайдаланады, ал ағылшындар ат жарыстары мен атқа міну спорттарын кеңінен қолданады. Жылқы екі мәдениетте де ерекше орын алады, бірақ олардың рөлі мен мағынасы әртүрлі. Қазақ мәдениетінде жылқының мәні тек материалдық байлықпен ғана емес, сонымен қатар рухани байлықпен, ұлттық бірегейлікпен де байланысты. Ал ағылшын мәдениетінде жылқы, әдетте, әлеуметтік мәртебе мен спорттың символы болып табылады. Жылқының қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі символдық мәні олардың тарихы, тұрмысы және әлеуметтік құрылысымен тығыз байланысты.

Келесі қой анималистік лексикасын салғастырмалы талдауға көшеміз. Төмендегі кестеде (кесте 22) қазақ және ағылшын ертегілеріндегі қой лексемасының символдық мағыналары беріледі.

Кесте 22 – Қой/sheep лексемасының символдық мағыналары

Қой лексемасының қазақ танымындағы символдық мағыналары	Sheep лексемасының ағылшын танымындағы символдық мағыналары
Момындық, жуастық, байлық, бейбітшілік	Жайлылық, бейбітшілік, мойынсұнушылық, сыпайылық

Қой – адамзат тарихында маңызды рөл атқарған жануарлардың бірі. Қазақ және ағылшын танымындағы қой туралы таным-түсініктер бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленіп тұрады. Бұл жануар қазақ мәдениетінде, дәстүрлерінде, әдебиетінде және күнделікті өмірінде маңызды орын алады. Ал ағылшын танымында қойдың мәні мен рөлі көбінесе басқа сипатта болып, әдетте діни және әлеуметтік мәнмәтіндерде көрініс табады. Қой қазақ қоғамында ертеден маңызды жануар саналып келеді. Оны көбіне мал шаруашылығының негізгі бөлігі ретінде қарастырады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қой – күйіс қайыратын уақ мал» деп анықталған [74, б. 508]. Қазақ халқының дәстүрлі өмірінде қой өсіру – табыс көзі ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен рухани өмірдің ажырамас бөлігі болды. Қой қазақ халқының тағам мәдениетінде ерекше орын алады. Қой етінен жасалған тағамдар, әсіресе, ұлттық мерекелерде маңызды орын алады. Мысалы, «қойдың басы» – қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша қадірлі қонаққа ұсынылатын тағам. Бұл тағамның маңызы тек қана оның дәмінде емес, сонымен қатар оны ұсыну арқылы қонақжайлықты, сый-

құрметті білдіруде жатыр. Қой еті қонақтарға, туыстарға, жақын адамдарға дайындалып, наурыз мерекесінде де жиі ұсынылады. Қой қазақтың тұрмысында, сенімдерінде де үлкен мәнге ие. Малдың ішінде қойдың мәртебесі жоғары болған. Қой басқа түліктерге қарағанда жуас. Оның осындай қасиетін негізге ала отырып, адамның момындығы мен жуастығын сипаттау үшін «қойдай қоңыр», «қойдан жуас», «қой аузынан шөп алмайтын» сынды сөз тіркестері қалыптасқан. Қазақ әдебиетінде қой бейнесі жиі кездеседі. Эпостық шығармаларда қой бейнесі саулық пен сұлулықтың, тыныштық пен жайлылықтың символы ретінде көрінеді. Сонымен қатар, қазақтың ақын-жазушылары қойдың жай-күйін адам баласының ішкі дүниесімен байланыстырып, қоғамның тыныштығы мен табиғатпен үйлесім табуды суреттейді. Қазақ халқы қой-ешкі мінезіне қарай отырып, ауа-райын жорамалдап отырған. Мәселен, «қой тісін қайраса, боран тұрады», «қойлар сілкініп, маңырап шуласа, ұзамай жауын-шашын басылып, күннің көзі шығады», «қойлар өрісте тоқтамай жайылса, қораға келгенде көңді тұяғымен қазса, кешікпей боран соғады, дауыл болады», «қыс келерде қойлар өрістен аузына бір-бірлеп шөп тістей қайтса, қыс алдында тұяғымен тісін қақса, қозылар күзде енелерінен қалғыштап, отардан бөлініп қала берсе, қой күздігүні тауға қарай қиялап жайылса, алда жұт болады деп болжаған». Бұл мысалдардан қазақ халқының мал психологиясына әбден қанық екендігін көруге болады [75, б. 212].

Ағылшын танымындағы қойдың бейнесі, әсіресе, діни мәнмәтінде ерекше орын алады. Қой бейнесі Библияда жиі кездеседі және христиандық мәдениетте қой сыпайылық, мойынсұнушылық, таза жүректілік сияқты қасиеттерді білдіреді. Ағылшын қоғамында қой да белгілі бір әлеуметтік мәнмәтіндерде кездеседі. Мысалы, «flock» деген сөз «қойлар тобы» немесе «қоғамдық топ» мағынасына келеді, яғни қойлар белгілі бір топ ретінде сипатталады, олардан тәуелсіз ойлай алмайтын, өздерінің көшбасшыларын мінсіз тыңдайтын адамдарды бейнелеу үшін қолданылады. Бұл түсінік ағылшын мәдениетінде әлеуметтік құндылықтар мен тәртіпті сақтау қажеттілігін білдіреді. Ағылшын әдебиетінде де қой бейнесі кездеседі. Уильям Шекспирдің шығармаларында қойлар мен қойшылар бейнелері жиі қолданылып, олар арқылы адам табиғаты мен қоғамның қарама-қайшылықтары көрсетіледі. Мысалы, «As You Like It» пьесасында қой мен қойшы арасындағы қарапайымдылық пен ізгілік туралы әңгіме қозғалады. Сонымен қатар, ағылшын әдебиетінде қой жайлылық пен бейбітшілік символы ретінде суреттеледі, олар адамдардың еңбекқорлығы мен табиғатпен үйлесімді өмір сүруін бейнелейді.

Қойдың символдық мәні екі мәдениетте де маңызды, бірақ оның мәні мен түсінігі әртүрлі. Қазақ мәдениетінде қой саулық, тыныштық, бейбітшілік, молшылық пен байлықтың символы болып табылады. Мысалы, жайлауда қой бағып жүрген адам тыныштық пен бейбітшілікті сезініп, жан рахатына бөленеді. Қойдың таза әрі бейқам өмірі адамдардың ішкі жан дүниесінің тыныштығын, моральдық тазалығын да білдіреді. Қазақ мәдениетінде ең сыйлы қонаққа қой сойылып, бас ұсынылады. Бұл қазақтың қонақжайлылығының басты белгісі болып саналады. Ағылшын мәдениетінде қой, әдетте, сыпайылық,

мойынсұнушылық пен тазалықтың белгісі ретінде қарастырылады. Ол, әсіресе, христиандық сенімдерде адамды жоғары моральдық тұрғыдан сипаттайтын қасиеттердің бейнесі болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын мәдениетінде қой қоғамда тәртіп пен үйлесімділіктің белгісі болып саналады [143, p. 295]. Әрбір мәдениетте қойдың құндылық сипаты өзгеше болғанымен, оның тыныштық, бейбітшілік сияқты негізгі символдары ортақ болып табылады.

Келесі салғастыра талдайтын анималистік лексика – мысық. Қазақ пен ағылшын мәдениетінде мысықтың бірқатар ортақ қасиеттері мен айырмашылықтары бар. Қазақ мәдениетінде мысықтың тазалығы мен ұқыптылығы жоғары бағаланады, бұл ағылшын мәдениетінде де көрініс табады, бірақ ағылшындар мысықтың ішкі тазалығы мен оның аурасына көп мән береді. Қазақтың «мысық ешкімге тәуелді болмайды» деген түсінігі ағылшын мәдениетінде де бар. Алайда, ағылшын мәдениетінде бұл тәуелсіздік, көбінесе, жеке бастың құндылықтарымен, ал қазақ мәдениетінде – тұтас отбасының немесе қоғамның дербес болуымен байланысты. Екі мәдениетте де жағымсыз мағыналары қалыптасқан. Мәселен, «қара мысық» жағымсыз мағынасы екі мәдениетте де жамандықпен байланысты көрінеді. Әсіресе, аталған жағымсыз коннотация қазақ мәдениетінде басымдық танытады. Қазақ танымында мысық жамандықтың белгісі ретінде қабылданып, жүкті әйелдер мен кішкентай балалардың қасына жақындатпаған. Осыған байланысты теріс мағынада қолданылатын «мысық тілеу» сынды бейнелі тілдік бірлік қалыптасқан. Ол «тілеуі жаман, қараниет» деген мағынаны білдіреді. «Мысық дәме» – болымсыз нәрседен үмітті болғанда қолданылады. «Мысық көз», «мысық мұрт» деген тіркестер адамның көзінің қиығының қиғаштығы мен мұрты мысықтың мұртындай тікірейгендігін білдіреді [140, б. 609].

Кембридж сөздігінде мысықты – a small animal with fur, four legs, and a tail that is kept as pet, яғни үй жануары ретінде ұсталатын жүні, төрт аяғы және құйрығы бар кішкентай жануар деп анықтайды [71]. «Fat cat» тіркесі «бай адам» мағынасында қолданылады. Ағылшын мәдениетінде мысықтың жуынуына және үйді айналшықтап жүгіруіне қарап ағылшындар жаңбырдың жаууы мен желдің екпінді болатындығын болжап отырған. Мысықтардың бақсы, сиқыршылардың көмекшісі екендігі, олардың мысыққа айналуы сынды мәліметтер 16 ғасырдан бастау алған. Мысықтың қаны мен миының улы екендігі туралы ескі медициналық жазбалар сақталған. Мысықтың жүнінің адамға зияндығы туралы да айтылған. Мысықты бесікте жатқан баланың жанына жіберуге болмайтындығы туралы жазылған, ол оның үстіне жатып, тыныс алуына кедергі келтіреді деп сенген [143, p. 49].

Үкі туралы түсініктер қазақ және ағылшын мәдениеттерінде терең тамырлап, әртүрлі символдық мағыналарға ие болған. Бұл құс, әсіресе, оның бейнесі халықтардың мифологиясында, әдебиетінде, фольклорында және тіпті күнделікті өмірінде маңызды орын алған. Қазақ және ағылшын халықтарының мәдениеттерінде үкінің бейнесі әртүрлі сипаттамалар мен түсініктерге негізделген, алайда олардың арасында ортақ элементтер де бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде үкіге келесідей анықтама берілген: «үкі – түнде ғана

ұшатын имек тұмсық, үлпілдек майда жүнді жыртқыш құс» [74, б. 869]. Қазақ мәдениетінде үкі – символдық маңызы өте зор құстардың бірі. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында үкінің болмысын тереңірек түсіну үшін оның мифологиядағы, фольклордағы және тұрмыстағы орнына назар аудару қажет. Үкі, негізінен, бейқам, тыныш, ақылды және түнгі тіршілік етуімен ерекшеленеді. Осы қасиеттері арқылы ол қазақ халқының дүниетанымында белгілі бір аспектілермен байланыстырылады. Қазақ халқының дүниетанымында үкінің ерекше орны бар, себебі ол ақылды әрі терең ойлы құс ретінде танылған. Халық арасында үкіге байланысты көптеген аңыздар мен ертегілер бар, олар оның даналық пен білімнің нышаны ретінде қабылданғанын көрсетеді. Мысалы, қазақ ертегілерінде үкі, көбінесе, жасы үлкен, тәжірибелі ақсақал ретінде сипатталады. Ол қиын-қыстау жағдайларда адамдарға ақыл-кеңес беріп, жол көрсетеді. Қазақ халқының мифологиясында үкі адам мен табиғат арасындағы байланыс ретіндегі рухани күштің белгісі болып табылады. Үкінің көзқарасы мен мәні туралы айтқанда, оның адамның ішкі дүниесін терең түсінуге және әлемнің құпияларын аша білуге қабілетті екені туралы ойлар жиі кездеседі. Үкі түнде өмір сүретін құс болғандықтан, ол қараңғылықты көретін ерекше күшке ие деп саналған. Сонымен қатар, қазақтардың тұрмысына үкінің бейнесі, көбінесе, жағымды болып қабылданады, өйткені оның ақылдылығы мен түсінгіштігі адамның дұрыс шешімдер қабылдауына көмектеседі. Қазақ халқында үкі тек қана ақылдылықтың символы емес, еркіндіктің белгісі ретінде де бағаланады. Үкінің биікке ұшуы, оны шексіз кеңістікке, еркіндікке тән деп санауға негіз болады. Әсіресе, қазақ халқының көшпелі өмір салты мен кең байтақ далада өмір сүрген кездері үкінің ұшуы мен кеңістікке байланысты мағынасы арта түскен. Қазақтың көкжиегі кең, аспанға ұласқан дала өмірін үкі арқылы метафоралық түрде бейнелеуге болады. Үкінің еркіндігі мен биіктігі оның өз болмысымен халықтың тәуелсіздікке, еркіндікке деген ұмтылысын білдіреді. Ә. Қайдар өз еңбегінде үкінің қазақтар үшін ескі салт бойынша әсемдіктің белгісі болғандығын жазады. Үкі деп сәндік үшін бас киімге қадайтын мамық жүнді атайды. Сонымен қатар үкінің қауырсынын көз тимеске, біреудің суығынан сақтандыру үшін бесікке, бас киімге, түйе ботасының шүйдесіне тағатын болған. Оның қасиетті болғандығы сондай – бақсы, молдалар, хан тұқымдары, атақты батыр, ақын, салдар таққан. Қазақта ұзатылып бара жатқан қыз балаға, қайын жұртына бара жатқан күйеуге, алғаш отау болғанда шымылдыққа үкі қадау ырымы сақталған [75, б. 451].

Ағылшын мәдениетінде үкі, әдетте, құпиялылық, даналық және сирек кездесетін ерекше күштермен байланыстырылады. Үкінің ағылшын әдебиеті мен мифологиясындағы орны туралы сөз қозғағанда оны ақылдылықтың, тек қана түнде көре алатын ерекше қасиеттердің символы ретінде қолданылатыны байқалады. Ағылшын әдебиетінде және мифологиясында үкі, көбінесе, даналық пен білімнің белгісі ретінде көрінеді. Бұл құс білімге деген ұмтылыс пен жоғары интеллекттің символы ретінде әртүрлі шығармаларда суреттеледі. Мысалы, ағылшындардың танымал фольклорында және ертегілерінде үкі әрқашан дұрыс шешім қабылдайтын, ойланатын және ақылға қонымды әрекет ететін тұлға

ретінде қарастырылады. Үкінің көзі мен көзқарасы оның терең ойлылықты білдіретіні туралы да көп айтылады.

Ағылшын әдебиетіндегі ең танымал үкі бейнесі Дж. К. Роулингтің «Гарри Поттер» сериясындағы Хедвиг есімді үкі болар. Хедвиг – ақылды және адал, ең бастысы, мәңгілік дана болатын үкі. Бұл бейне үкінің ақылды, тыныш және дұрыс жолды көрсететін болмысын айқындайды. Ағылшын мәдениетінде үкі, әсіресе оның түнде ұшуы мен өмір сүруі, жұмбақтық пен сиқырлы күштің белгісі ретінде қабылданады. Үкінің түнде өмір сүруі оны түннің символы етеді, ал түнгі уақытта пайда болатын түрлі құпиялар мен белгісіздіктер үкі арқылы бейнеленеді. Ағылшын халықтық мәдениетінде үкінің дауысының құпиясы мен түнгі тыныштықты бұзуы көптеген ертегілерде және мифтерде маңызды рөл атқарады. Үкінің дауысы кейде қатты әрі қорқынышты болып, халықтың наным-сенімінде алда болатын өлім мен апатты білдірген. Күндізгі жарықта үкіні көру немесе оның терезені қағуы тіптен қорқынышты болған [143, p. 270]. Үкінің түнде ұшуы туралы тағы бір қызықты элемент ағылшын мәдениетінде – ол жиі көзге көрінбейтін, бірақ әрдайым бақылауда болатын құс ретінде сипатталады. Мұндай түсінік – үкінің бейнесі адамның ішкі дүниесіне әсер ету және сыртқы әлемді бақылауда ұстау қабілетімен байланысты.

Үкі – ағылшын мәдениетіндегі сиқырлы және мистикалық құс ретінде де жиі кездеседі. Ағылшын фольклорында үкі сиқырлы әлеммен, тылсым күштермен байланысы бар деп сенген. Мысалы, ағылшын аңыздарында үкінің көздері ерекше қасиетке ие болып, адамның рухани әлемін көруге немесе адамның тағдырын болжауға мүмкіндік береді.

Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі үкі бейнесі көп ұқсастықтарды әсіресе оның даналық пен ақылдылық символы ретінде қабылдануы тұрғысынан көрсетеді. Екі мәдениетте де үкінің бейнесі адамдардың терең ойлану, дұрыс шешім қабылдау және болашаққа деген көзқарасты білдіретін құс ретінде сипатталады.

Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі үкінің әртүрлі рөлдері оны аталған халықтардың сенімдері мен дәстүрлерінің ерекшеліктері бойынша суреттейді. Қазақ және ағылшын халықтарының мәдениетінде үкі бейнесі терең философиялық және символдық мағынаға ие. Бұл құс – ақылдылық пен даналықтың, еркіндіктің, сондай-ақ түннің, жұмбақтың және сиқырлы күштердің символы. Екі мәдениетте де үкінің көрінісі өзара ұқсас сипатта қалыптасқан: ол – ұлы ақыл иесі, көреген, әрі ішкі әлемнің тереңдігін түсіне білетін құс.

Ертегілердегі анималистік лексиканы концептуалды талдау нәтижесінде оның концепті ретіндегі ұғымдық, бейнелік және құндылық компоненттерін салғастыра талдаймыз. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік концепт адамзаттың дүниені танудағы ежелден қалыптасқан әмбебап ұғымдарын бейнелейді. Екі тілде де анималистік концептілердің ұғымдық компоненті ұқсас, себебі бұл бізді қоршаған табиғаттың әмбебап сипатымен анықталады. Анималистік концептілердің бейнелік компоненті әр этностың ұлттық танымы мен ойлау, дүниені қабылдау ерекшеліктерімен сипатталады. Аталған когнитивтік механизмдер тіліміздегі анималистік метафоралар мен теңеулерден

айқын көрінеді. Мысалы, қазақ және ағылшын танымында жылқы байлықпен, еркіндікпен, батырлықпен, серілікпен, әдемілікпен, спортпен ассоциацияланады. «Жылқы – байлық» метафорасы әлеуметтік мәртебені, молшылықты бейнелейді. «Жылқы – сұлулық» метафорасы ең алдымен қазақ жігітінің көркінен көрінеді. Жылқының тәкаппарлығы, талғампаздығы, тазалығы қазақ жігітінің бейнесін көрсеткен. Ағылшын дүние бейнесінде адамның дене бітімінің сұлулығын, табиғи үйлесімділігі мен сымбаттылығын (graceful, majestic, elegant) ер және әйел адамға да қатысты айтылады. Қазақ тілінде қалыптасқан «құлын денелі», «құлын мүшесі бұзылмаған» тіркестері тек қыз бала сұлулығын бейнелейді. Ағылшын тілінде әйелдің тектілігі, салмақтылығы, жүрісінің әдемілігі (thoroughbred) жылқының сымбаты мен қозғалыс әдемілігімен салыстырылады. Ағылшын тіліндегі «horse», «mare», «old mare», «nag», «horse-faced» сөздері ауыспалы мағынада қартайған, ұсқынсыз әйелдерге қатысты айтылады. Екі тілдің ертегілерінде де жылқы сиқырлы, тылсым күштерді көрсетеді.

Қазақ ертегілерінде қой – момындық, байлық, отбасы берекесінің белгісі. Ағылшын мәдениетінде sheep/қой бағынышты, иланғыш адам бейнесінде қолданылады («like a sheep»). Ертегілерде қой қорғансыз, аңғал бейне ретінде көрінеді, кейде мейірімділік пен қайырымдылықты білдіреді.

Қазақ ертегілерінде қасқыр – айлакерлік, қатігездік, қауіп пен жыртқыштықтың белгісі. Бұл концепт адам мінезінің жағымсыз қырларын бейнелеуде жиі қолданылады. Ағылшын ертегілерінде де қасқыр бейнесі зұлымдық пен қорқынышты білдіреді. «The Three Little Pigs», «Little Red Riding Hood» секілді ертегілерде қасқыр – қауіпті, арамза жау. Қазақ танымында қасқырдың мифтік бейнесі мен ағылшын мифтік санасында айырмашылық бар. Қазақ дүниетанымы қасқырды жауыз, жыртқыш, қауіп деп қана танымай, аңыз бойынша көк бөрі, көк құрт мифтік бейнелері құтқарушы, қорғаушы бейнесінде көрініс табады. Ағылшындарда қасқырдың мифтік бейнесі зұлымдық, екіжүзділік, қауіп сияқты жағымсыз мағыналармен ассоциацияланады.

Қазақ танымында ит – екі мағынада көрінеді: бір жағынан адалдық (итті дос санау), екінші жағынан жек көрушілік, жиреніш, қорлау секілді эмоциялық реңктер (ит өмір, иттік қылу). Ағылшын тілінде dog – ең алдымен адал дос, серік ретінде көрінеді («man's best friend»). Метафоралық қолданыста да оң бейнеге ие («loyal as a dog»), алайда «underdog» сияқты сөз тіркесі арқылы адам әлсіздігі бейнеленеді.

Сонымен, қазақ және ағылшын анималистік метафораларын концептуалды талдау олардың ортақ белгілерінің басымдығын (жылқы – еркіндік, сұлулық, байлық, шапшаңдық, ақылдылық белгісі; қой – момын, жуас, сенгіш, көнбіс; қасқыр – қатыгез, ашкөз, зұлым; ит – адал, қорғаушы; абжылан – жауыз, қанипезер; аққу – тазалық, пәктік, сұлулық, махаббат т.б.) көрсетті. Мысық пен сиырға қатысты бірқатар ұғым-түсініктердің ортақтығын талдау нәтижелері анықтады. Мәселен, қазақ және ағылшын танымында мысықты жүкті әйелдер мен кішкентай балалардың жанына жақындатпаған. Бұл сенімдердің артында мысықтың тылсым қасиеттері, қаны мен миының улы екендігі, жүнінің адамға зияндығы жатыр. Екі лингвомәдениетте де сиырдың жайбасарлық қасиеті «сиыр

құйымшақтатты» (істің созылып кетуі, ұзап кетуі), «till the cows come home» (сөзбе-сөз: «сиырлар үйге қайтып келгенге дейін») тұрақты тіркестерінің қалыптасуына негіз болған.

Екі тілдік бейнедегі айырым белгілерге қазақ тілінде жылқының дене бітімі мен жүріс-тұрыс әдемілігі, кербездігі жағымды мағынада қолданылса, ағылшын тілінде жағымды коннотациямен бірге әйел адамдарға қатысты жағымсыз бейнелерді жасауға қатысады. Қасқыр туралы таным-түсініктерде де айырмашылықтар анықталды. Қазақтың мифтік санасында қасқыр түркі халықтарының арғы тегі, қорғаушы, құтқарушы мағынасында бейнеленеді. Ит қазақ дүниетанымында өмір қиыншылығы, жағымсыз мінезді бейнелеуде көрінеді.

Ертегілердегі жануарлардың сөйлеу мінез-құлықтарын салғастырмалы талдауға көшеміз. Қарастырылған материалдарды қорытындылай келе, мәдени-танымдық тұрғыдан алғанда қазақ ертегілерінде кейіпкердің әлеуметтік рөліне байланысты сөйлеу формасы өзгеретіндігін (үлкенге – құрмет, кішіге – ізет) көреміз. Сонымен қатар, жүрекке әсер ету, рухани уәж маңызды. Ал ағылшын ертегілерінде прагматикалық есеп, жеке мүдде, тепе-теңдік негізіндегі қарым-қатынас басым. Екі тілдегі ұқсастықтар төмендегі кестеде (кесте 23) көрсетілді.

Кесте 23 – Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының ұқсастықтары

Қарым-қатынас стратегиясы	Тактика	Ұқсастығы
Мақтау	Мақтау, мадақтау, қолдау	Қай елдің ертегісінде де кейіпкердің батырлығы, даналығы, мейірімділігі ерекше сөздермен сипатталады Эпитет, теңеу, гипербола қолданылады
Сендіру	Логикалық аргументтер келтіру	Диалогтарда дәлелдер мен логикалық тізбек жиі беріледі. Мақсат – тыңдаушыны иландыру
	Өтініш	Әдеби тіл нормаларына сай жұмсақ формада ұсынылады, көбінесе эмоциялық реңк байқалады
	Ұсыныс	Кеңес беру, бейбіт жолмен шешім ұсыну, ынтымақтастыққа шақыру ниеті байқалады
Мәжбүрлеу	Қорқыту, бұйыру, қысым көрсету	Кейіпкерді қиын жағдайға түсіру арқылы әрекетке итермелеу мақсатында көрінеді
Ынтымақтастық	Ортақ мүдделерді атап көрсету, көмек ұсыну	Кейіпкерлер бір-біріне көмектесіп, бірлесіп қиындықтан шығуға тырысады
Манипуляциялық	Алдау, жағымпаздық	Кейіпкерлер өз пайдасын ойлап, өзгелерді алдап соғу, өтірік айту, өтірік уәде беру арқылы өз мақсатына жетуге тырысады

Олардың өзіндік ерекшеліктері төмендегі кестеде (кесте 24) айқындалды.

Кесте 24 – Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі қарым-қатынас стратегиялары мен тактикаларының ерекшеліктері

Қарым-қатынас стратегиясы	Тактика	Қазақ ертегілеріндегі ерекшеліктер	Ағылшын ертегілеріндегі ерекшеліктер
1	2	3	4
Мақтау	Мақтау, мадақтау, қолдау	Мақтау – әдетте қаһарманның ерлігі мен ақылын мадақтау: «Сен – *нағыз ер* екенсің!»	Мақтау – әдетте ақыл мен тапқырлықты бағалау: “You are *the cleverest creature* I have ever met!”
Сендіру	Логикалық аргументтер келтіру, әлсіздігін қасақана көрсету	Сендіруде шешендік дәстүр элементтері көрінеді. Мысалы, мақал-мәтел, астарлы сөздер: – *Арыстан аға, сонау қарлы таудың ар жағында балбырап тұрған бау бар. Таудан шыға берісте көкорай шалғын сай бар. Сол сайдың бойында маңырап жайылып жүрген сансыз көп қой бар.* Қасыңызға біраз нөкер ертіп алып барсаңыз, шіркін-ай, *шылқа майға бір кенелер едік-ау*!	Сендіруде логикалық дәлел, прагматикалық уәж басым: *«If you help me now, I promise to reward you»*
	Өтініш	Өтініштер әдетте жалынышты, эмоциялық сипатта: *«Жалғызым, мені құтқар!»*	Өтініш әдетте сыпайы түрде қысқа етіп беріледі: «*Please, let me go,* and I shall serve you forever»
	Ұсыныс	Ұсыныс жиі тәлімдік сипатта үлкендердің ақыл-кеңесімен беріледі: – Жауыздықпен күресу менің парызым еді. *Мә, мына кітапты ал. Оқы. Оқығаныңды көңілге тоқи біл. Ерінбесең, дұшпаныңнан құтыласың*, – деп кедейдің баласына бір кітап береді.	Ұсыныс тең дәрежедегі кейіпкерлер арасында диалог түрінде беріледі: *«Let’s make a deal», «Why don’t you try this?»*

24-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Мәжбүрлеу	Қорқыту, бұйыру, қысым көрсету	Кейіпкерлер бұйрық, күш көрсету арқылы өз дегенін орындатуға тырысады: *«Айтқанымды істемесең, жаныңнан айырыласың!»*	Кейіпкерлер қорқыту немесе қысым жасау арқылы әрекет жасатады: *«Obey me or be turned to stone!»*
Ынтымақтастық	Ортақ мүдделерді атап көрсету, көмек ұсыну	Кейіпкерлер бірігіп әрекет ету арқылы қиындықтарды еңсереді: Аштықтан бұралып жүрген ит айтқанына көнеді де: *– Баста ендеше сол адамның қорасына, – деп құлшынады.* *– Ал кеттік онда, –* деп, мысық соңынан итті ерітіп ауылға келеді.	Кейіпкерлер серіктестік құрып, мақсатқа жетеді: *«Together, we can do it!»*
Манипуляциялық	Алдау, жағымпаздық	Кейіпкерлер айламен өзгелерді алдайды: *«Жаным, саған көмектескім келеді…»*	Кейіпкерлер өз пайдасы үшін өтірік айтып, жағымпаздық жасайды: *«If you let me go, I'll tell you a secret treasure's location»*

Қазақ және ағылшын ертегілерінде коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар ортақ мақсатты, яғни тыңдаушыға әсер етуді көздейді. Алайда, олардың жүзеге асу тәсілдері, стилистикалық құралдары мен лингвомәдени мазмұны әртүрлі. Қазақ ертегілерінде моральдық, тәрбиелік бағыт басым болса, ағылшын ертегілерінде прагматикалық және логикалық ықпал алға шығады. Бұл екі мәдениеттің әлемді қабылдау ерекшелігін, қоғамдық құндылықтар жүйесін көрсететін маңызды лингвомәдени ерекшелік болады.

3.2 Ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтауға арналған ассоциативті эксперимент талдауы

Ассоциативті эксперимент тілдік сананы және оның ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Себебі, ол белгілі бір этнос өкілдеріне тән әлем бейнесінің ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Ассоциативті эксперимент сөздің мағынасында психологиялық компоненттің болуын көрсетеді. Осылайша ассоциативті эксперимент сөздің семантикалық құрылымын құруға мүмкіндік береді. Ол тіл білімінде

семантикалық өрістің психологиялық эквиваленттерін зерттеу үшін құнды материал ретінде қызмет етеді.

Зерттеуші Е.И. Горошко ассоциативті экспериментті «жеке тұлғаның тәжірибесінде қалыптасқан ассоциацияларды анықтауға бағытталған тәсіл» деп сипаттайды [144, с. 53-54]. Осы анықтама ассоциативті эксперименттің тұлғалық когнитивті құрылымдар мен тілдік сана ерекшеліктерін зерделеудегі маңызын айқындай түседі. Орыс зерттеушісі Н.В. Уфимцеваның пікірінше, «тілдік сананы ассоциативті эксперимент арқылы зерттеу белгілі бір мәдениеттегі сөздің артында тұрған бейненің мазмұндық жүйелілігін де, сондай-ақ сол мәдениеттің өкілдеріне тән тілдік сананың тұтастай жүйесін де анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер әрбір мәдениеттің дүниетанымдық бейнесінің бірегейлігі мен қайталанбас ерекшелігін айқын көрсетеді» [145, с. 103]. Ю.И. Альферованың айтуынша, ассоциативті эксперимент «адамның бұрынғы тәжірибесінде қалыптасқан ассоциацияларды құруға бағытталған әдістеме» [146, с. 28]. Бұл әдіс белгілі бір тілдік қауымдастықтың сана бөліктерінің қалай құрылымдалғанын және өзара байланысты екенін анықтауға көмектеседі. Тәжірибеде ассоциативті эксперимент келесідей жүргізіледі: респонденттерге «стимул сөзге ойға келген бірінші сөздермен жауап беру ұсынылады» [147, с. 66]. Психолингвистикада ассоциативті экспериментті жүргізудің үш түрі анықталған. Олар: еркін, бағытталған және тізбекті. Дегенмен бүгінде бірқатар лингвистикалық және гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде когнитивті лингвистика, лингвоконцептология, лингвомәдениеттану, психология және әлеуметтік психология саласында еркін және бағытталған ассоциативті эксперименттер кеңінен қолданылады. Осы ретте ассоциативті эксперименттің басты артықшылығы – оның қарапайымдылығы, яғни оны бір уақытта респонденттердің үлкен тобымен жүргізуге болатындығы.

Біз зерттеу барысында жоғарыда аты аталған еркін ассоциативті экспериментті қазақ және ағылшын тілді респонденттердің арасында жүргіздік. Ондағы басты мақсат – ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтау.

Ассоциативті экспериментке қатысушылар құрамы.

Ассоциативті эксперименттің қазақ тіліндегі сауалнамасына Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Ал ағылшын тіліндегі сауалнаманы біздер шетелдік компанияларда жұмыс жасап жатқан ағылшындардан, шетелде білім алып жатқан достарымыз, таныстарымыз арқылы ағылшын тілді респонденттерден алдық.

Эксперимент материалы

Эксперимент сауалнамасы қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды (Қосымша Б, В).

Экспериментті өткізу тәртібі

Ассоциативті эксперимент Google Forms-та сауалнама ретінде жіберілді [https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeJnjjeOHaOEQSRT3dHnucXQWqJmIh7iW5rjoJiUjFlZdfyFQ/viewform?usp=header]

[https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSf0A0E9c3duupROgxdmeaM3kkTxb3sT8Q3f8dEaZUNODsPIcA/viewform?usp=header].
Респонденттерден ертегілерде жиі кездесетін анималистік лексиканың символдық мағыналарын жазу сұралды. Атап айтар болсақ, олар: жылқы, ит, түлкі, үкі, қасқыр, қой, қоян, аю, мысық, бүркіт.

Эксперимент нәтижелері

Қазақ тіліндегі сауалнама 158 респонденттен алынды, қатысушылардың жас шамасы 17-55 жас аралығын құрайды. Сауалнамаға қатысушылардың 98 (62,03%) – әйел, 60 (37,97%) – ер адамды құрады.

Осы ретте берілген анималистік лексиканың символдық мағыналарына жазған жауаптарды жеке-жеке қарастырайық. Төменде «жылқы» анималистік лексикасын қазақ респонденттері қандай символдық мағынамен байланыстыратыны 2-суретте (сурет 2) көрсетілді.



Сурет 2 – Респонденттердің «жылқы» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Жылқы» анималистік лексикасы бойынша респонденттердің жауабын талдай отырып, жылқыны 34% (54) жылдамдықтың, 21% (33) күштің, 20% (31) еркіндіктің символы деп анықтағанын көруге болады. Респонденттердің бұлай жауап беруінің себебі – жылқының табиғатына байланысты. Жылқыны адалдық пен сенімділіктің белгісі деп 13% (21) респондент анықтаған. Бұл жауап жылқы малының қазақтың көшпенді өмірінде адал және сенімді серігі болуымен байланысты. 12% (19) респондент сұраққа қатысы жоқ жауаптар жазған. Кейбір жауаптарда жылқы батырлықтың символы ретінде беріледі. Ол тарихи тұрғыдан алғанда жылқының батырлардың серігі болуымен түсіндіріледі. Жылқы анималистік лексикасын респонденттердің 3% (5) байлықтың символы ретінде анықтаған. Демек, жылқының мәдени символ ретіндегі мәні заманауи ортада көмескіленіп отыр. Ертеден келе жатқан қазақ танымындағы байлықтың символы болған жылқының жастар санасында мұндай төмен көрсеткішке ие

болуы құндылықтар жүйесінің жаһандану және батыстық мәдени ықпалдың әсерінен өзгергенін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір респонденттер жылқыны киелі деп сипаттаған, олай болуы – халықтық наным-сеніміне байланысты. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үнемі өздерінің малға тәуелділігін сезініп отырған. Соның ішінде жылқы малының көшпелілер тұрмысында алар орны ерекше. Жылқы – төрт түліктің бірі. Қазақта «жылқы – желден, сиыр – судан, түйе – сордан, қой – бейіштен, ешкі – тастан жаралған» деген түсінік бар. Мұндағы басты ой жылқының желдей ескен жүйрік болуы, сиырдың сулы жерді мекендеуі, түйенің сортаң жерде өсуі, ешкінің тау-тасты жерде жүруі, қойдың парасатты болуы [148].

Келесі «ит» анималистік лексикасы бойынша респонденттердің пікірі жағымды және жағымсыз жағынан көрінді. Қорытындыларын келесі суретте (сурет 3) көрсеттік.



Сурет 3 – Респонденттердің «ит» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Оң мағынада ең жиі кездескен символдар – адалдық, қорғаушы, сенімді. Респонденттердің 51% (80) итті – адал, 18% (29) – дос, 16% (25) – қорғаушы, 9% (14) – сенімді деп таныған. Бұл символдық мағыналар қазақ мәдениеті бойынша иттің дос, серік, үй күзетшісі, жеті қазынаның бірі ретіндегі рөлін көрсетеді. Итке қатысты қазақта «ит – адамның досы» деген нақыл сөз бар. Респонденттердің жауаптары қазақ халқының күнделікті өмірдегі тәжірибесіне байланысты берілген. Респонденттердің 6% (10) итті жағымсыз, құлау деп береді. Мұндай жауаптың болуы жеке тәжірибеге, оның ішінде көшеде жүрген иесіз иттерден қорқу себебі болуы мүмкін. Қазақта «ит иттігін істемей тұрамайды», яғни

опасыздық жасау мағынасындағы тұрақты сөз тіркесі бар. Сол себепті итті жағымсыз жағынан қабылдау орын алуы мүмкін. Ит жағымды да, жағымсыз да сипатқа ие. Қазақ тілінде «иттің баласы!» деген сөзді балағаттау, жанашырлық тудыратын адамға бағытталған мақұлдаушы, ирониялық леп ретінде де қолдануға болады [75, б. 342].

Келесі «түлкі» анималистік лексикасы бойынша жауаптар төмендегі суретте (сурет 4) келтірілген.



Сурет 4 – Респонденттердің «түлкі» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Түлкі» анималистік лексикасына респонденттердің 53% (83) қулық, 37% (58) айлакерлік символын жатқызды. Себебі, қазақ ертегілерінде түлкі әдетте өзі көздеген мақсатына жету үшін өзінің қулығын қолданады. 4% (7) респондент оның ақылдылығын атап өткен. Мұның себебі түлкі өзінің ақылын айламен асыру арқылы әртүрлі жағдайға бейімделетін қасиетке ие болуымен түсіндіріледі. 3% (5) респондент түлкіні әдемілік символы ретінде де қарастырған. Ол оның сыртқы келбетіне байланысты болуы мүмкін. 3% (5) респондент түлкі сөзінің ағылшын тіліндегі аудармасын, нүкте (.), т.б. белгілер қойған.

Келесі «үкі» анималистік лексикасының жауаптарын төмендегі суреттен (сурет 5) көруге болады.



Сурет 5 – Респонденттердің «үкі» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Үкі» анималистік лексикасы респонденттер арасында жағымды жағынан қарастырылған. Респонденттердің 40% (63) үкіні ақылдылық пен даналықтың символы ретінде таныған. Сонымен қатар 37% (58) кие мен қасиеттің, 6% (10) қорғаныштың символы ретінде анықтаған. Мәселен, қорғаныш символы ретінде қарастыруының себебі – наным-сенімнің санадағы көрінісі. Үкі қазақ халқы үшін қасиетті құс ретінде саналып, оның қорғаушы күші бар деп сенген. Оның қауырсыны бесікке, домбыраға, жаңадан түскен келіннің шымылдырығына, бас киімге, ат әбзелдеріне тағылып отырған. Үкінің киелі деп танылуы – оның тылсым күштермен байланысы бар деген сеніммен байланысты. 4% (7) респондент үкіні түн құсы, 3% (5) – жұмбақ құс деп таныған. Мұның себебі – оның түнде белсенді тіршілік ететін жыртқыш құс болуымен байланысты. Үкі түнгі құс болғандықтан, оны, әдетте, тылсым күштермен байланыстырып жатады. Оның көздері ерекше үлкен және түнде анық көреді. Оған қоса, үкі ұшқан кезде тыныш, дыбыс шығармай ұшады. Осы қасиеті оны «елес» құс ретінде сипаттауға себепші болады [75, б. 451]. 10% (15) респондент өз жауаптарында оның көзі үлкен, қырағы, күзетші, түнде ұшатын деген пікірлерін қалдырған.

«Қасқыр» анималистік лексикасы бойынша жауаптар төмендегі суретте (сурет 6) келтірілген:



Сурет 6 – Респонденттердің «қасқыр» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Қасқыр» анималистік лексикасы респонденттер арасында жағымды да, жағымсыз жағынан да ассоциацияланады. Респонденттердің 29% (46%) қасқырды қайсарлық, батылдық, ержүректіліктің символы ретінде анықтаған. Қасқырды қайсар мінезді деп атайды, себебі қасқыр ешқашан оңай берілмейтін, табандылықпен күресетін аң. 22% (35) респондент қасқырдың жыртқыш аң екендігін атап өткен. Қасқыр – жыртқыш аң, ол күн көру үшін малға шабады. Бұл оның табиғатынан келген қасиеттері. Қасқыр – қазақ мәдениетінде ерекше мағынаға ие. Ол ерлік пен батылдықтың, тәуелсіздік пен еркіндіктің символы. Бұл тұжырымды 17% (26) респонденттің жауаптары растай түседі. Себебі, қасқыр табиғатынан еркін өмір сүргенді қалайды. Қазақ халқы қасқырдың осы қасиетіне байланысты тәуелсіздігі мен азаттығын қастерлеуінің символына айналдырған. Қасқырлар табиғатынан жыртқыш және еркін өмір сүреді, бұл оны көшпелі халықтың рухани күші мен қайсарлығының белгісіне айналдырады. Аңыз бойынша қасқыр тотемдік аң ретінде қарастырылады. Оған қоса, эпостарда батырлар қасқырмен теңестірілсе, шежіре бойынша рулар қасқырдан тараған деп айтылады [75, б. 393]. Респонденттердің 19% (30) қасқырды жауыз, зұлым, ашкөз етіп анықтаған. Қазақ ертегілерінде қасқыр, әдетте, осындай кейіпкер ретінде көрініс табады. Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі қазақ халқы үшін қасқыр үнемі қауіп төндіргендіктен, ол көбіне жауыз ретінде бейнеленеді. 13% (21) респондент қасқырды бөрі, қайсар, қауіпті, өткір деп таныған.

Келесі «қой» анималистік лексикасын қарастырамыз. Респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 7) берілген.



Сурет 7 – Респонденттердің «қой» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Қой» анималистік лексикасы негізінен респонденттерде жағымды пікір тудырды. Респонденттердің 66% (105) қойды момын, жуас деп таныған. Себебі қазақ халқы үшін қой малының орны ерекше. Қой – момындық пен жуастықты сипаттайды, өйткені ол табиғатынан жуас, көнгіш болып келеді. Қазақта «Қой аузына шөп алмас» деп момындықты суреттейді. Сонымен қатар, респонденттердің 9% (15) оны – тыныштық, 6% (9) – байлық пен 5% (8) тоқшылықтың нышаны ретінде анықтаған. Қазақ халқы «Мал өсірсең, қой өсір» дейді. Себебі қай заманда болмасын қойдың сүті, жүні, терісі, еті адам үшін пайдалы болды. Сондықтан қой – байлықтың символы. Қой ешкімге зиян келтірмейтін, өте сабырлы жануар. Қойға көп жағдай қажет емес, ол шөппен қоректеніп, табиғаттың барлық қиындықтарына төзе алады. Бұл қанағатшылдық қазақ халқының философиясымен үйлеседі [75, б. 211]. Респонденттердің 4% (6) қойдың аңқаулығын және 4% (6) қорқақтығын атап өткен. 6% (9) респондент қойды мейірімді, қорқақ, жағымды деп белгілеген.

Келесі «қоян» анималистік лексикасына байланысты респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 8) берілген.



Сурет 8 – Респонденттердің «қоян» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Қоян» анималистік лексикасы респонденттердің санасында жағымды және жағымсыз ассоциациялар тудырған. Оның себебі – қоянның қазақ фольклорында екіжақты мағынаға ие болуы. Бір жағынан, ол – қорқақтықтың символы, екінші жағынан, жылдамдық пен айлакерліктің белгісі. 44% (69) респондент қоянды қорқақ деп таныса, 32% (50) сауалнамаға қатысушы оны жылдам, тез деп анықтаған. Респонденттердің 9% (15) қоянның сақтығын атап өткен. Қоян өте сақ жануар, ол кез келген қауіптен тез қашады. Осыған орай «қорқақ қоян» деген тіркес бар. Қоян тек қорқақ қана емес, ол өте шапшаң. Қауіп-қатер төнгенде ол қашып құтылу үшін жылдам әрекет етеді. 8% (12) респондент қоянды әдемі деп ассоциациялаған. Ақ қоян кейбір аңыздарда тазалық пен сұлулықтың символы ретінде көрінеді [75, б. 373]. 4% (7) респондент қоянды айлакер деп белгілеген. Қоян қазақ ертегілерінде кейде жағдайға байланысты айлакерлік танытып жатады. 3% (5) респондент қоянды мамық, жұмсақ, өжет деп анықтаған.

«Аю» анималистік лексикасына қатысты жауаптар нәтижесі төмендегі суретте (сурет 9) берілген.



Сурет 9 – Респонденттердің «аю» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Келесі «аю» анималистік лексикасы бойынша респонденттердің 31% (49) оны күш символы және 20% (32) оны үлкен деп анықтады. Аю, әдетте, алып денелі, физикалық күші зор, мықты жануар. Респонденттердің 16% (25) аюды жалқау, ұйқыбас деп ассоциациялаған. Негізінен, аю табиғатынан үлкен, күшті болғанымен, әдетте ол жалқау, ұйқышылдығымен ерекшеленеді. Респонденттердің 4,5% (7) аюды төзімді деп тапқан. Ол қыс мезгілінде ұзақ уақыт ұйқыда болып, қиын кезеңдерді шыдамдылықпен өткізеді. Бұл оны төзімділіктің символына айналдырады. Респонденттердің 8% (12) аюды аңқау, 4,5% (7) батыл деп ассоциациялаған. Қазақ ертегілерінде аю аңқау, ебедейсіз, жайбасар кейіпкер ретінде де бейнеленеді. Сол себепті респонденттердің 5% (8) оны баяу деп анықтаған. 11% (18) респондент аюды шомбал, агрессивті, мейірімді, қаһарлы, қорбаң, жігерлі, өзімен өзі жүреді деп ассоциациялаған.

«Мысық» анималистік лексикасы бойынша респонденттер әртүрлі жауап берді. Оны 10-суретте (сурет 10) көре аламыз.



Сурет 10 – Респонденттердің «мысық» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Мысық – адамзат тарихында әртүрлі мәдениеттерде әрқилы мағынада қарастырылған ерекше жануар. Респонденттердің 23% (36) мысықты ақылды, айлакер деп ассоциациялаған. Мысық қазақ ертегілерінде көбінесе ақылды, айлакер кейіпкер ретінде суреттеледі. 14% (23) респондент мысықты сүйкімді деп таныған. Оның себебі мысықтың сыртқы түр-әлпетіне байланысты. Оған қоса, 13% (20) сауалнамаға қатысушы мысықты тазалықтың символы ретінде анықтаған. Қазақ халқында мысық жұмбақ, тылсым, тәуелсіз жануар ретінде сипатталады. Осы ретте, респонденттердің 12% (19) мысықты жұмбақтылық, тылысымдылықтың символы ретінде анықтаған. 11% (18) респондент мысықты тәуелсіздіктің символына балаған. Мысық – ит сияқты иесіне толықтай бағынбайтын жануар. Ол өзіндік мінезге ие және кез келген жағдайда өзіне ыңғайлы орынды табады. Бұл мысықты тәуелсіздіктің, еркіндіктің символына айналдырады. Респонденттердің 11% (17) оны жылулық пен еркеліктің символы ретінде анықтаған. Респонденттердің 9% (14) мысықты икемді деп тапқан. Мысық – өте икемді, қозғалысы жеңіл және шапшаң жануар. Оның тепе-теңдік сақтап, биіктен құлағанда жерге дұрыс қону қабілеті ерекше бағаланады. Бұл қасиеттер оны өмірде жолы болғыш, кез келген жағдайға тез бейімделетін тіршілік иесі ретінде сипаттайды. 7% (11) респондент мысықты әртүрлі бағалаған. Олар сезгіш, қара мысық, нәзік, әдемі, зиянсыз, жұмсақ деп таныған. Қазақ халқы тек көшпелі өмір салтын ұстанбаған, сонымен қатар отырықшы

тіршілік етіп, егіншілікпен де айналысқан. Астықты зиянкестерден қорғау қажеттілігі туындап, мысықтарды ұстау тәжірибеге енген. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде мысық бейнесі түрлі ассоциациялар тудырады. Мысалы: «мысық тілеу» (жағымсыз ниет), «сүтке тиген мысықтай» (кінәсін сезіну) тәрізді қолданыстар бұл жануардың тілдік санадағы орнына дәлел бола алады. Сонымен қатар, халық арасында мысықтың әйел адамның мейірімін өзіне тартып алып, бала сүюге кедергі келтіреді деген наным-сенім де қалыптасқан. Мысық бейнесіне деген көзқарас қазақ қоғамында әртүрлі: кейбіреулер оны жаман ниетті жануар деп қабылдаса, енді біреулер ерекше мейіріммен қарап, үйдің мүшесіндей күтеді. Қазақ фольклоры мен тұрмыс-салт жырларында, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен ертегілерде мысық туралы деректер өте аз. Соған қарамастан, мысықтың табиғи мінез-құлқына қарап, ауа райын болжау немесе тылсым дүниелерді алдын ала сезу сынды қабілеттерін мойындайтын наным-сенімдер бар. Мысық мияулап, мазасыздана бастаса, үлкендер «бісміллә» айтып, қауіптің алдын алу әрекеттерін жасаған. Мысыққа қатысты тыйымдар мен ырымдар да кездеседі. Мәселен, бұл жануарды тебуге, ренжітуге болмайды, себебі ол – киесі бар мақұлық деген ұғым қалыптасқан. Мұндай нанымдар, әсіресе, ислам дінінің ықпалымен тереңдей түскен. Ислам пайғамбарларымен байланысты аңыздарда бұл жануар ерекше мәртебеге ие. Мәселен, Дәуіт пайғамбар шапанының етегінде ұйықтап жатқан мысықты оятпау үшін шапанының шетін қиып кеткен делінеді. Тағы бір кең таралған көне аңызда Нұх пайғамбардың кемесінде мысықтың тышқандардан қорғап, тіршіліктің сақталуына ықпал еткені баяндалады. Мысықтың бұл ерлігіне риза болған пайғамбар оны батасымен марапаттап, арқасынан сипайды. Сол себепті мысық ешқашан арқасымен құламайды және әрқашан төрт аяғымен жерге түседі. Бұл – оның өміршеңдік қасиетінің мифологиялық негізі. Қазақ ертегілерінің ішінде ерекше орын алатын шығарманың бірі – «Мақта қыз бен мысық». Бұл шығармада мысықтың адаммен қарым-қатынасы, реніш, кешірім және ынтымақтастық секілді әлеуметтік-психологиялық жағдайлар бейнеленген. Мысықтың Мақта қыздың сүтін төгіп, кейін құйрығынан айырылуы, оқиғалар желісі арқылы өз кінәсін өтеуге тырысуы – жануар бейнесі арқылы адам мінезінің көріністерін сипаттаудың мысалы. Жоғарыда баяндалған деректер мен аңыз-әпсаналар, тілдік қолданыстар мысық бейнесінің қазақ мәдениетіндегі лингвомәдени және танымдық маңызын дәлелдейді. Мысық тек үй жануары ғана емес, сонымен қатар наным-сенім мен фольклорда терең мәнге ие семантикалық бірлік ретінде қалыптасқан [149].

Келесі «бүркіт» анималистік лексикасына байланысты жауаптар төмендегі суретте (сурет 11) берілген.



Сурет 11 – Респонденттердің «бүркіт» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Бүркіт» анималистік лексикасын респонденттердің 37% (58) қырағы деп тапқан. Себебі бүркіттің ең басты қасиеттерінің бірі – оның қырағылығы. Ол өзінің жемтігін алыстан байқап, дәл көздей алатын құс. Бүркіттің бұл қасиеті қазақ халқының арасында «қырағы көз», «қырағы жан» сынды тіркестердің тууына негіз болған. 23% (37) респондент бүркітті тәуелсіздік пен еркіндіктің символы деп анықтаған. Себебі бүркіт аспанда еркін қалықтап, өз билігін жүргізетін, тәуелсіз тіршілік иесі. Тарихи тұрғыдан алғанда бүркіт хандық дәуірден бастап, қазақ халқының тәуелсіздігімен тығыз байланысты құс. Егемен Қазақстанның туында бейнеленген бүркіт осы тәуелсіздіктің белгісі. Респонденттердің 19% (30) бүркітті батылдық пен ержүректіліктің символы деп тапқан. Ол оның табиғатына байланысты анықталған. Бүркіт аң аулауда еш қорқынышсыз шабуыл жасап, өзінен үлкен аңдарға қарсы тұрады. Қазақтың батырлары бүркіттің осы батылдық қасиетін өздеріне үлгі тұтқан. 10% (16) респондент бүркітті биіктік пен асқақтықтың белгісі деп ассоциациялаған. Бүркіт әркез биікте қалықтап ұшады. Халықта ел басшыларын биік ойлы, асқақ рухты деп осы құсқа теңеген [75, б. 443]. Респонденттердің 8% (13) бүркітті жылдамдықтың символына бағалаған. Бүркіт шапшаң, тез қимылдайтын құс. Осы қасиеті оның аң аулау барысындағы басты қаруы болып табылады. 3% (4) респондент бүркітті сұрғылт, құстардың атасы, текті, өткір мінезді деп анықтаған.

Қазақ мәдениетінде жануарлар тек табиғаттағы тіршілік иелері ғана емес, сонымен қатар адамның мінез-құлқы мен рухани құндылықтарының символы ретінде қарастырылатындығын көруге болады. Олар халықтың дүниетанымы

мен өмір сүру салтында маңызды орын алады. Қасқыр – еркіндік пен қатердің, қой – момындық пен молшылықтың, қоян – қорқақтық пен айлакерліктің, аю – күш пен қаһардың, мысық – сүйкімділіктің, бүркіт – еркіндік пен биіктіктің, түлкі – айлакерлік пен тапқырлықтың, жылқы – еркіндіктің, ит – адалдық пен қорғаушы күштің символы. Бұл жануарлар қазақтың ертегілерінде, аңыздарында, мақал-мәтелдерінде жиі кездесіп, халықтың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ағылшын тілінде өткізген сауалнаманы талдайық. Ағылшын тіліндегі сауалнамаға 139 респондент қатысты, қатысушылардың жас шамасы 17-50 жас аралығын құрайды. Сауалнамаға қатысушылардың 82 (59%) – әйел, 57 (41%) – ер адамды құрады. Сауалнамадан ағылшын халқының жануарларға қатысты өзіндік көзқарастарын байқауға болады. Ағылшын халқының жануарларды қабылдауы олардың тарихымен, табиғатымен, мәдениетімен тығыз байланысты.

«Horse/жылқы» анималистік лексикасы бойынша ағылшын респонденттердің жауаптарын саралай отырып, жылқыны 30% (42) сауалнамаға қатысушы күштің (power, strong), 28% (39) әдемілік, асылдықтың (beautiful, graceful, nobile), 21% (29) жылдамдықтың (fast, speed, swift), 9% (12) еркіндіктің (freedom), 7% (9) адалдықтың (loyalty), 4% (6) төзімділіктің (endurance) символы деп анықтаған. Ағылшындар жылқыны күш, төзімділік және жылдамдықпен байланыстырады. Бұл олардың ауыл шаруашылығы мен әскери тарихына байланысты. Орта ғасырларда рыцарь жауынгерлер өз аттарын сенімді серіктес ретінде көрген. Сонымен қатар жылқы – еркіндік пен сұлулықтың символы. «Work like a horse» (жылқы сияқты еңбектену) тіркесі еңбекқорлықты, «Wild horse» (жабайы жылқы) тіркесі еркіндік пен бостандықтың белгісі [143, p. 188]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 12) берілген.



Сурет 12 – Респонденттердің «horse» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Dog/ит» анималистік лексикасы бойынша респонденттердің жауабы оң болды. Респонденттердің 54% (75) итті адалдықтың (loyalty), 36% (50) достықтың (friend), 9% (12) қорғаныштың (protection) символы ретінде танығаң. Ағылшында «Dog – man's best friend» (Ит – адамның ең жақсы досы) деген мақал бар. Иттер адал, қорғаныш және достыққа берік жануарлар ретінде қабылданады. Бұл олардың аңшылықта, үй күзетуде және адаммен тығыз қарым-қатынаста болуымен байланысты [143, p. 96]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Жауаптар төмендегі суретте (сурет 13) көрсетілген.



Сурет 13 – Респонденттердің «dog» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Fox/түлкі» анималистік лексикасына респонденттердің 53% (73) қулық, айлакерлік символын көрсеткен. 31% (43) респондент оны ақылдылықтың символы деп таныған. Ағылшын фольклорында түлкі айлакерлік пен ақылдылықтың символы болып табылады. Бұл оның табиғаттағы мінез-құлқына байланысты. Ағылшын ертегілерінде түлкі әдетте жалған сөйлейтін, бірақ өте ақылды кейіпкер ретінде бейнеленеді. «Cunning as a fox» (түлкідей айлакер) тіркесі айлакерлік пен тапқырлықты білдіреді. 7% (10) респондент түлкіні әдемілік символы ретінде қарастырған. 5% (7) респондент түлкінің шапшаңдығын атап өтсе, 3% (4) сауалнамаға қатысушы оның өзімшілдігі мен қызғаншақтығына назар аударған. Себебі түлкі өте жылдам, икемді және қулықпен аң аулап, өзінің жемтігін ешкіммен бөліскісі келмейді [143, p. 134]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Респонденттер жауаптары төмендегі суретте (сурет 14) берілген.



Сурет 14 – Респонденттердің «fox» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Owl/үкі» анималистік лексикасын респонденттердің 55% (77) ақылдылық пен білімділіктің символы ретінде анықтаған. Ағылшындардың бұлай ойлауы грек мифологиясынан бастау алады. Себебі, ағылшын мәдениеті грек-рим мұраларына сүйенеді. Грек мифологиясы бойынша даналық пен білімділік құдайы Афина үкімен бейнеленген. Ағылшындардың көптеген университеттері мен кітапханаларында үкіні ғылым мен ақылдылықтың символы ретінде қолданады. «Wise as an owl» (Үкідей дана) деген тұрақты тіркес арқылы ағылшындар өте ақылды, парасатты адамды сипаттайды. Ағылшын ертегілерінде үкі әдетте ақылды кеңесші рөлін атқарады. 26% (36) респондент үкіні құпия мен жұмбақтың белгісі ретінде анықтаған. Мұның себебі үкі табиғатынан жұмбақ құс. Өйткені, ол сирек көрінеді және адамдар оны жиі кездестірмейді. Оның тыныш мінезі, ерекше келбеті және бейнесі оны құпиялы етеді. Басқа құстарға қарағанда үкі қанаттарын қозғамай, өте үнсіз ұшады. Үкінің үлкен, дөңгелек көзі оған жұмбақтық әсер береді. Үкі басын 270° бұра алу қабілетімен ерекшеленеді. Респонденттердің 10% (14) оның көрегендік, көріпкелдік қабілетін де атап өткен. 91% респондент үкіні жағымды жақтан қарастырса, 7% (10) респондент жағымсыз пікірде танып, оны түн және өліммен байланыстырған. Бұлай ойлау себебі – ағылшындардың наным-сенімінен пайда болған. Наным-сенім бойынша үкі өлімнің хабаршысы. Ескі аңыздарда үкінің дыбыссыз ұшуы мен үні жамандықтың немесе жақындап келе жатқан өлімнің белгісі деп саналған. Осыған сәйкес оларда «An owl hoots before death» (Үкі шақырса, өлім жақын) деген сенім қалған [143, p. 270]. 2% (2) респондент

сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Талданған жауаптар төмендегі суретте (сурет 15) берілген.



Сурет 15 – Респонденттердің «owl» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Респонденттер «Wolf/қасқыр» анималистік лексикасын жағымды және жағымсыз символдар ретінде анықтаған. 27% (37) респондент қасқырды қауіп-қатердің, қатыгездіктің (danger, cruel, wild, hungry) символы ретінде белгілеген. Қасқыр әдетте қауіпті, ашкөз және қатыгез жыртқыш ретінде сипатталады. Бұл бейне әсіресе орта ғасырларда күшейді, өйткені қасқырлар адамдардың малдарына шабуыл жасап, қорқыныш тудырған. Ағылшын тілінде «a wolf in sheep's clothing» (қой терісін жамылған қасқыр) тұрақты тіркесі жасырын зұлымдықты білдіреді. 23% (32) респондент қасқырды күшті (strong) деп сипаттаған. Қасқыр табиғатынан ең күшті жыртқыштардың бірі. 19% (27) сауалнамаға қатысушы оны тәуелсіздік пен еркіндіктің (freedom, independence), 19% (27) респондент оны батылдықтың (brave, fearless) символы деп белгілеген. Қасқыр негізінен қолға үйретілмеген, еркін жануар. Ол әркез бостандықта жүреді. «Lone wolf» (жеке, жалғыз қасқыр) тұрақты тіркесі ағылшын тілінде өз бетінше әрекет ететін, тәуелсіз адамды сипаттайды. 10% (14) респондент қасқырды көшбасшы, адал, отбасына берік (leader, devoted, family-oriented) жануар ретінде анықтаған. Қасқырлар топ-топ болып өмір сүргенімен, олардың арасында көшбасшы қасқыры болады. Ағылшын мәдениетінде «wolf pack» (қасқыр үйірі) метафорасы отбасы немесе берік достық қарым-қатынасты

білдіреді. «Wolf loyalty» (қасқыр адалдығы) тіркесі өз жақындарына адал болу деген мағынаны білдіреді [143, p. 397]. Сауалнамаға қатысушылардың 2% (2) сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 15) келтірілген.



Сурет 15 – Респонденттердің «wolf» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Sheep/қой» анималистік лексикасы бойынша респонденттердің 31% (43) оны момындық, көнбістіктің (meek, obedient) символы ретінде анықтаған. Бұл оның табиғатына байланысты. Себебі қой әдетте момын, бағынғыш және топтасып жүретін жануар. Ағылшын тіліндегі «to be a sheep» (қой болу) деген сөз өз ойы жоқ, көпшілікке еріп жүретін адамды сипаттайды. «Follow like sheep» (қойдай еру) тұрақты тіркесі көпшіліктің пікіріне ойланбай қосылатын адамдарды білдіреді. 29% (40) респондент қойды әлсіз, қорқақ (gentle, week, timid) жануар ретінде белгілеген. Қой жыртқыш жануарларға қарсы тұра алмайды. Ол басқаларға тәуелді, өзі шешім қабылдай алмайды. Соған байланысты ағылшын мәдениетінде өте момын, өз пікірін қорғай алмайтын адамды «sheepish» (қой мінезді) деп сипаттайды. «Sheepish smile» (қойдың күлімсіреуі) тіркесі ұялшақ немесе қорғансыз адамның күлуіне қатысты айтылады. 22% (31) респондент қойды кінәсіздік пен бейбітшіліктің (innocent, peaceful, quite) символы ретінде таңдаған. Респонденттердің 17% (23) қойды аңғал (naive) деп тапқан. Қой көнбіс, тыныш және зиянсыз жануар болғандықтан, ол бейбітшіліктің, аңғалдық және кінәсіздіктің символы болып саналады. Ағылшын мәдениетінде ақ түсті қой тазалық пен пәктіктің символы. «Innocent as

a lamb» (қозыдай пәк) тұрақты тіркесі өте таза, күнәсіз, жамандық ойламайтын адамды сипаттайды. Қой ауылдық өмірдің символы ретінде тыныштық пен жайлы тіршілікті бейнелейді [143, p. 304]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. «Қой» анималистік лексикасына берілген жауаптар төмендегі суретте (сурет 17) берілген.



Сурет 17 – Респонденттердің «sheep» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Rabbit/қоян» анималистік лексикасын респонденттердің 43% (59) жылдамдық пен ептіліктің (fast, speed, agility) символы ретінде анықтаған. Мұның себебі қоянның шапшаңдығы мен секіргіштігіне байланысты берілген. Ағылшын ертегілерінде қоян айлакер әрі жылдам кейіпкер ретінде сипатталады. «Quick as a rabbit» тұрақты тіркесі «қояндай шапшаң» деген мағынада қолданылады. «Қоян мен тасбақа» (The Tortoise and the Hare) ертегісінде қоян асығыстықтың символы болып беріледі, бірақ ақырында ол сабырлы тасбақадан жеңіліп қалады. Ертегіден алынған «slow and steady wins the race» (баяу, бірақ тұрақты әрекет жеңіске жеткізеді) деген нақыл сөз халықта кең таралған. 32% (45) респондент қоянды көбею мен өсімталдықтың (fertility) белгісі деп таныған. Қоян өте тез көбейетін жануар болғандықтан, ол көбею және өмірдің жалғасуының символы ретінде қабылданады. Ежелден бері қоян жүктілік пен отбасы берекесінің белгісі болып саналған. Ағылшындарда қоян көктем және жаңа өмірдің символы ретінде Пасха мейрамымен (Easter) байланысты. Пасха мейрамында балаларға қоян түріндегі шоколадтар мен жұмыртқалар беріледі. Бұл дәстүр құнарлылық пен табиғаттың жаңғыруын білдіреді. Респонденттердің 24% (33) қоянды қорқақтықтың (cowardly, fearful) символы деп белгілеген. Қоян тез үркіп, қашуға дайын тұрады, сондықтан оны кейде қорқақтықпен байланыстырады. «Scared as a rabbit» (қояндай қорқақ) тұрақты тіркесі өте үрейлі, батыл емес адамды сипаттайды. Ағылшын тілінде «to rabbit» деген етістік

бос сөз сөйлеп, маңызды ештеңе айтпау деген мағынада қолданылады [143, p. 289]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 18) бейнеленген.



Сурет 18 – Респонденттердің «rabbit» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Сегізінші «bear/аю» анималистік лексикасын респонденттердің 66% (92) алыптық, үстемдік және зор күштің (big, power, strong, brave) символы деп таныған. Оның себебі – аю ірі, қуатты және қорқынышты аң. Аю табиғаттағы ең күшті жыртқыштардың бірі, ол қарсыластарын оңай жеңе алады. Оның ірі денесі, күшті аяқтары және қуатты тістері табиғи алыптықты білдіреді. Орта ғасырларда аю жауынгерлер мен батырлардың символы болды. Ағылшын рыцарлары мен патшалары аю бейнесін елтаңбаларында қолданған, өйткені ол қуатты билік пен қорғанысты білдірді. Ағылшын ертегілерінде аюлар, көбінесе жабайы табиғаттың күші ретінде бейнеленеді. «As strong as a bear» (аюдай мықты) және «big as a bear» (аюдай үлкен) тұрақты тіркестері физикалық тұрғыда күшті адамды сипаттайды. 21% (30) респондент аюды қамқорлық пен қорғаушы (protection) символы деп таңдаған. Аюлар өздерінің күшімен ғана емес, өз ұрпағын қорғайтын ана ретінде де белгілі. Аю өз баласын ерекше қорғайтын жануар, сондықтан ол аналық мейірімнің де символы. Ұлыбританиядағы кейбір әскери топтар аюды қорғаушы рух ретінде қабылдайды [143, p. 19]. Респонденттердің 9% (12) аюды төзімділіктің белгісі ретінде белгілеген. Аю қыста ұйқыға кететіндіктен, ол шыдамдылық пен төзімділіктің символы болып табылады. 4% (5) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. «Аю»

анималистік лексикасына қатысты респонденттердің жауаптары төмендегі суретте (сурет 19) берілген.



Сурет 19 – Респонденттердің «bear» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Cat/мысық» анималистік лексикасын респонденттердің 30% (42) тәуелсіздіктің, еркіндіктің, өзімшілдіктің (independent, free, selfish) символы ретінде анықтаған. Мысықтар өте еркін және өз бетінше әрекет ететін жануарлар, сондықтан олар ағылшын мәдениетінде тәуелсіздіктің белгісі болып саналады. «Like a cat» (Мысық секілді) теңеуі біреудің тәуелсіз, өз еркімен өмір сүруін сипаттайды. Респонденттердің мысықты еркіндік пен тәуелсіздіктің символы деп тануының себебі ағылшындардың рационалистік көзқарастарына негізделген. Яғни ағылшындар баланы өте ерте жастан өз бетімен шешім қабылдауға, өз өміріне өзі жауапты болуына, еркін өмір сүруіне үйретеді. «Like herding cats» (Мысықтарды айдағандай) тіркесі мысықтар өз бетімен жүретіндіктен, оларды басқару қиын дегенді білдіреді. «Cool as a cat» тіркесі сабырлы, ешкімге тәуелсіз адамды сипаттау үшін қолданылады. 29% (40) респонедент мысықты құпиялықтың, сиқыршылықтың (mysterious) белгісі ретінде белгілеген. Мысықтар, әсіресе қара мысықтар, ағылшын мәдениетінде сиқыршылық пен мистикамен байланысты. Орта ғасырларда мысықтардың сиқыршыларға көмекші рух ретінде қызмет ететіні туралы халықта сенім болған. Осыған сәйкес «Witch’s familiar» (сиқыршының серігі) тіркесі қолданылады. Хэллоуин кезінде қара мысықтар басты символдардың бірі. Ежелгі ағылшын аңыздарында мысықтар рухтармен байланыса алады деп есептелген. Респонденттердің 26% (36) мысықты қу, айлакер және ақылды (sly, deceitful,

clever) деп тапқан. Мысықтар табиғатынан өте жылдам, тапқыр және айлакер жануарлар. Сондықтан олар ақыл мен айлакерліктің символы ретінде қарастырылады. «Cat burglar» (ұры мысық) деп білдірмей, еппен ұрлайтын адамды атайды. «Playing cat and mouse» тұрақты тіркесі мысықтың тышқанмен ойнауы сияқты, біреуді алдап, уақыт созу деген мағынада қолданылады. 14% (19) респондент мысықты сүйкімділіктің (cute) символы ретінде анықтаған. Респонденттердің жауабы мысықтың түр-сипатына байланысты орын алған деп тұжырымдауға болады. Себебі мысықтардың көзі үлкен, жүні жұмсақ, қимылдары сүйкімді болып келеді. Мысықтар ойнақылық, еркелік, пырылдау, құйрығын бұлғаңдату сияқты сүйкімді әрекеттерімен адамдардың жүрегін жаулап алады. «Cuteness overload» (Тым сүйкімді) – мысықтарға қатысты жиі қолданылатын тіркес. «Adorable like a kitten» (марғаудай сүйкімді) тіркесі сүйкімділікті сипаттау үшін қолданылады. «Purring ball of fluff» мысықты пырылдайтын, үлпілдек, сүйкімді жаратылыс ретінде сипаттайтын тіркес [143, p. 49]. 1% (2) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Респонденттер жауаптары төмендегі суретте (сурет 20) берілген.



Сурет 20 – Респонденттердің «cat» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

«Eagle/бүркіт» анималистік лексикасын респонденттердің 39% (55) күшті, ержүрек, мықты (powerful, brave, strong) деп танығаң. Жалпы алғанда бүркіт – еркіндіктің, күштің және өткірліктің символы. Бүркіт аспанда биік ұшып, алысты анық көретін құс. Ағылшын мәдениетінде бүркітті табиғаттың патшасы, аспан билеушісі ретінде қабылдайды. Оған мысал – корольдік елтаңбалардағы бүркіттің бейнесі. «Be as free as an eagle» (Бүркіттей еркін болу) тіркесі еркіндікті сезінуге қатысты қолданылады. 29% (40) респондент бүркітті еркіндіктің,

тәуелсіздіктің (free, independent) символы ретінде анықтаған. Бүркіт аспан төрінде еркін қалықтап, өзіндік жолымен жүретін, шектеулерді мойындамайтын құс. АҚШ-та бүркіт ұлттық символ ретінде қабылданған. «Bald Eagle» (ақбасты бүркіт) – Америкада ұлттың символы ретінде танылған, ол еркіндік пен тәуелсіздіктің басты белгісі. 26% (36) адам бүркітті қырағылық, байқампаздықтың (sharp-eyed, vigilant) символы деп анықтаған. Бүркіттің көзінің көргіштігі оның ең маңызды қасиеттерінің бірі. Ағылшын мәдениетінде «eagle-eyed» (бүркіт көзді) тұрақты тіркесі қырағылықты, байқампаздықты және тез байқап, қателіктерді көре білетін адамдарға қатысты айтылады. «Vision of an eagle» тіркесі көрегендікті білдіреді [143, p. 102]. 6% (8) респондент сұраққа қатысы жоқ жауап жазған. Төмендегі суретте (сурет 21) «бүркіт» анималистік лексикасына берілген респонденттер жауаптары ұсынылды.



Сурет 21 – Респонденттердің «eagle» анималистік лексикасына берген символдық мағыналары

Қазақ және ағылшын респонденттерінің берген жауаптарын саралай келе, кейбір жануарлардың символдық мағыналарында ұқсастық пен айырмашылықтар анықталды. Бұл әр мәдениетте жануарларды өзінше қабылдауы, наным-сеніміне байланысты. Қазақ тілді респонденттердің берген жауаптарын саралай келе, сауалнамаға қатысушылардың 86,8%-ы берілген анималистік лексикаға қатысты аялық білімдерінің бар екендігін көрсетті. Қазақ тілді респонденттердің 13,2%-ы сауалнамағы немқұрайлылық танытып, жауап жазудың орнына түрлі тыныс белгілерін, сөздердің аудармаларын, берілген сұраққа қатысы жоқ жауаптар жазған. Ағылшын тілді респонденттердің берген жауаптарынан 84%-ы анималистік лексикаға қатысты аялық білімдерін көрсетіп, 6% респондент немқұрайлық танытып, тақырыпқа қатысы жоқ жауаптар жазғаны байқалды. Респонденттердің берілген сауалнамаға дұрыс жауап

бермеуінің себептері әртүрлі сыртқы факторлардан болуы мүмкін деп есептейміз және екі тілдегі дұрыс жауаптарға қарағанда теріс жауаптардың пайыздық көрсеткішінің аз болуы ассоциативті эксперименттің шынайылығына кері әсер етпейді деп санаймыз.

Қазақ және ағылшын респонденттерінің жауаптарын салғастыра талдау бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Оларды төмендегі кестеде (кесте 25) көрсетеміз.

Кесте 25 – Қазақ және ағылшын респонденттерінің ассоциативті эксперимент нәтижелері негізінде анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Жануар атауы	Қазақ	Ағылшын
1	2	3
Жылқы	Ұқсастықтары	
	жүйрік күшті еркін адал	
	Айырмашылықтары	
		төзімді әдемі
Ит	Ұқсастықтары	
	адал дос қорғаушы	
	Айырмашылықтары	
	сенімді	
Түлкі	Ұқсастықтары	
	қу, айлакер ақылды әдемі	
	Айырмашылықтары	
		тез өзімшіл
Үкі	Ұқсастықтары	
	ақылды түн құсы жұмбақ	
	Айырмашылықтары	
	киелі қорғаныш	өлім көріпкелдік
Қасқыр	Ұқсастықтары	
	батыл тәуелсіз жауыз, ашкөз	
	Айырмашылықтары	
	жыртқыш	жанұяға берік жетекші

25 – кестенің жалғасы

1	2	3
Қой	Ұқсастықтары	
	момын тыныштық аңқау	
	Айырмашылықтары	
	байлық тоқшылық қорқақ	
Қоян	Ұқсастықтары	
	қорқақ жылдам	
	Айырмашылықтары	
	сақ әдемі айлакер	жаңа өмір көбею
Аю	Ұқсастықтары	
	күшті, мықты үлкен төзімді	
	Айырмашылықтары	
	жалқау ұйқыбас баяу	қорғаныс
Мысық	Ұқсастықтары	
	ақылды сүйкімді жұмбақ тәуелсіз	
	Айырмашылықтары	
	таза жылулық еркелік икемді	
Бүркіт	Ұқсастықтары	
	қырағы тәуелсіз батыл	
	Айырмашылықтары	
	биік жылдам	

Жоғарыда келтірілген кестеде (кесте 25) ассоциативті эксперимент нәтижелерінен алынған он (жылқы, ит, түлкі, үкі, қасқыр, қой, қоян, аю, мысық, бүркіт) анималистік лексиканың ұқсастықтары мен айырмашылықтары берілген. Олардың ішінде қазақ және ағылшын мәдениетінде ұқсас болатын анималистік лексика – ит, қой, түлкі. «Ит/dog» анималистік лексикасының символдық мағыналарындағы ұқсастықтар оның адалдығы, дос және қорғаушы болуымен

анықталған. «Қой/sheep» анималистік лексикасы екі мәдениетте де момындықтың, тыныштық пен аңқаулықтың символы болып табылады. Қазақ халқында қой – төрт түлік малдың бірі. Мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқы үшін қой ұсақ мал ретінде байлық пен тоқшылық белгісі. Ал қойдың айдауға жүруі оның көнбістігін көрсетеді.

«Түлкі/fox» анималистік лексикасы бойынша ортақ символдар – қулық, ақылдылық және әдемілік. Бірақ ағылшын респонденттері түлкінің өзімшілдігі мен шапшаңдығын да көрсеткен. Ол түлкінің табиғи ерекшелігіне қатысты анықталған. Өзіндік ерекшеліктерге ие анималистік лексиканың бірі – жылқы. Екі мәдениетте де «жылқы/horse» анималистік лексикасының символдық мағыналарында ортақтық анықталды. Мәселен, екі елде де жылқы жүйрік, күшті, еркін, адал деп танылған. Дегенмен ағылшындар жылқының әдемілігі мен төзімділігін атап өткен. Себебі ағылшын мәдениетінде жылқы ұстап, атқа міну әдемілік пен байлықтың символы. Бұл жануар ғасырлар бойы қазақ халқының әлеуметтік және қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарып келген. Ол тек көлік құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар тіршілік көзі мен халықтың әл-ауқатының негізі ретінде де ерекше маңызға ие болған.

«Үкі/owl» анималистік лексикасы екі мәдениетте де ақылдылық, жұмбақтық және түн құсы ретінде ортақ белгілерге ие. Айырмашылықтары ретінде ағылшын мәдениетіне сәйкес көріпкелдік пен өлім белгісі айшықталды. Ағылшын халқында үкінің көзі мен дауысына қатысты наным-сенімдер көп. Қазақ мәдениетінде үкінің киелі, қорғаушы құс болу белгісі ерекшеленеді. «Қасқыр/wolf» анималистік лексикасы екі елде де батылдық, тәуелсіздік және жауыздық символы болып табылады. Ағылшын мәдениетінде қасқыр жаңұяға берік және көшбасшылықтың белгісі ретінде қабылданады. Ол оның табиғи ерекшелігіне қатысты анықталған. Қасқырлар үйір болып жүреді, бірі көшбасшы қасқыр ретінде қалған қасқырларды соңынан ертеді. Қазақ мәдениетінде қасқырдың табиғатын суреттейтін жыртқыштық белгісі айшықталған.

«Қоян/rabbit» анималистік лексикасы екі мәдениетте де жылдамдық пен қорқақтықтың символы. Қазақ респонденттері қоянды табиғи ерекшелігіне қатысты сақ, тапқыр және айлакер деп тапқан. Ағылшын мәдениетінде қоянды жаңа өмір мен өсімталдықтың белгісі ретінде қарастырады. Бұл, негізінен, қоянның көктемде көбейетіндігіне, оны табиғаттың жаңаруы мен гүлденудің белгісі ретінде қарастыруына байланысты қалыптасқан.

«Аю/bear» анималистік лексикасын екі мәдениетте де күш, үлкендік, төзімділіктің символы ретінде қарастырған. Қазақ респонденттері оның табиғи ерекшелігіне байланысты баяу, ұйқышыл, жалқау деп танығаң. Ағылшындар аюды қорғаныс символы ретінде анықтаған. Аю өз баласын ерекше қорғайтын жануар, сондықтан ол аналық мейірімнің де символы. «Mama bear» (Аю ана) бейнелі тіркесі балаларын қорғайтын мықты ананы сипаттайды.

«Мысық/cat» анималистік лексикасы ағылшын мәдениетінде ақылдылық, сүйкімділік, жұмбақтық пен тәуелсіздік символы ретінде анықталады. Ағылшын ертегісіндегі мысықтың символдық бейнесі мен қазіргі ағылшын тілдік санасындағы көрінісі толық сәйкес келеді. Себебі, мысық ағылшын мәдениеті

үшін ерекше орынға ие, оны үйде өсіріп, отбасының бір мүшесі ретінде есептейді. Сондықтан мысықтың жұмбақтығы, ақылдылығы, сүйкімділігі ағылшын танымында тұрақты орныққан. Қазақ респонденттері мысық анималистік лексикасын тазалық, жылулық, еркелік, икемділік деп анықтаған. Көріп отырғанымыздай, қазақ респонденттері берген жауаптардан мысық анималистік лексикасының қазақ танымындағы символдық бейнесі орыс және еуропа мәдениетіндегі бейнемен ұқсас. Жоғарыда көрсеткендей тілімізде қалыптасқан «мысық тілеу», «сүтке тиген мысықтай», «мысық жанды», «мысық болды», «мысықтанды», т.б. жағымсыз мағынадағы тіркестер берілмеген. Мұның себебі қазіргі жастардың тілдік санасында ұлттық мәдени кодтардың жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын көрсетеді. Бұл қазіргі тілдік санада фольклорлық және рухани мұраға қатысты ассоциативті ойлаудағы олқылықты және ұлттық символдар жүйесінің бүгінгі буынның когнитивті санасында толық көрініс таппай отырғанын аңғартады. Сонымен қатар, қазіргі ақпараттық кеңістікте визуалды және эмоциялық әсердің басымдығы, жаһандану үдерістерінің ықпалы ұлттық болмыспен байланыстың үзілуіне алып келіп отыр. Осыған орай, халықтың дәстүрлі мәдени мұрасын жүйелі түрде насихаттау, лингвомәдени және этнотанымдық білім беру мазмұнын тереңдету ұлттық құндылықтардың когнитивті санада қайта жаңғыруына жол ашатындығын айта кеткен жөн.

Қазақ мәдениетінде «Бүркіт/eagle» анималистік лексикасы қазақ және ағылшын мәдениетінде қырағылықтың, батылдық пен тәуелсіздіктің символы. Қазақ респонденттері бүркіттің физикалық қасиетіне қатысты оны биіктік пен жылдамдықтың символы деп қарастырған. Бүркіт биікте, үлкен жылдамдықта ұшатын құс. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыран құспен саятшылық жасау ерекше орын алатынын атап өткен жөн. Ежелгі заманнан бері көшпелі ата-бабаларымыз бүркітті аңшылыққа пайдаланған. Бұл дәстүр тек шаруашылық қажеттілік қана емес, сонымен қатар ұлттық болмыстың ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасқан. Мәселен, әйгілі венециялық көпес әрі жиһанкез Марко Поло 1269 жылы Италиядан шығып, Қарақорымдағы Құбылай ханның ордасына барған сапарында «Әлемнің әр алуандығы туралы кітап» еңбегінде былай деп жазады: «Әрбір дала адамының үйінде аңға шығуға және ермек ретінде қолданатын бүркіті бар». Бұл тарихи дерекке сүйене отырып, көшпенділердің осыдан сегіз ғасыр бұрын-ақ қыран құсты қолға үйретіп, оны аң аулауда кеңінен қолдана білгенін байқаймыз. Бүркітпен саятшылық – қазақ халқының төл мәдени мұрасы болып саналады. Дала құсын қолға үйрету оңай шаруа емес, бұл көп күш-жігер мен төзімділікті қажет етеді. Себебі, жыртқыш құстар ұзақ уақыт бойы иесіне бойсұнбауы мүмкін, үйретуге көнбейді және алғашында қарсыласып бағынғысы келмейді. Мұндай құстар зерек, батыл, қажет кезінде қорғануға қабілетті. Егер оларға дұрыс қарым-қатынас жасалмаса немесе қатыгездік көрсетілсе, олар кек сақтай алады. Сондықтан құсты үйрету – тек техникалық шеберлік емес, сонымен қатар рухани үндестік пен ерекше төзімділікті қажет ететін күрделі үдеріс [150, с. 61-62].

Жүргізілген ассоциативті эксперимент нәтижелерін талдау қазақ және ағылшын тілдік санасында анималистік лексикаға қатысты белгілі бір ортақ және айырым белгілердің бар екендігін көрсетті. Аталған екі мәдениеттегі ортақ белгілер анималистік лексиканың тілдің көне қабаты екендігімен, кез келген этностың тарихы, өзін қоршаған табиғатты ертеден танып-біліп, оларды өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде пайдаға асыра білгендігімен көрінетін әмбебап сипаттармен анықталады. Респонденттердің жауаптарынан көрінген айырым белгілер екі мәдениеттің тарихымен, өмір сүру ортасымен, ділімен, дінімен, салт-санасымен, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Диссертацияның үшінші бөлімі қазақ және ағылшын анималистік лексикасына тән ортақ және айырым белгілер мен ертегідегі анималистік лексиканың тіл сөйлермендерінің санасында өзектелуіне арналған ассоциативті эксперименттi талдауға арналды. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі анималистік лексиканың көшпелі өмір салтын бейнелейтіні анықталды. Қазақ мәдениетінде жылқы – еркіндік пен батырлықтың, қой – момындық пен молшылықтың, қасқыр – еркіндік пен қайсарлықтың, ал үкі – даналық пен қасиеттіліктің символы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ тілінде аю жалқаулық пен күштің, түлкі – айлакерлік пен қулықтың, ал ит – адалдық пен қорғаныстың белгісі ретінде қабылданады. Қазақ халқы үшін жануарлар тек тұрмыс қажеттілігі ғана емес, рухани құндылықтар мен дүниетанымның ажырамас бөлігі болып табылады.

Ағылшын тіліндегі анималистік лексикада жануарлар көбінесе моралдық және әлеуметтік құндылықтарды бейнелейді. Мысалы, түлкі – айлакерліктің, арыстан – батылдықтың, мысық – тәуелсіздіктің, ал қой – мойынсұнушылықтың символы ретінде сипатталады. Ағылшын мәдениетінде ит – адамның адал досы, ал қоян – жаңа өмірдің белгісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар ағылшын тілінде бүркіт – еркіндік пен үстемдіктің, ал үкі – өлім символы болып саналады. Бұл ерекшеліктер халықтардың өмір салты мен тарихи тәжірибесіне байланысты қалыптасқан. Ағылшын тілінде жылқы көбінесе элита мен спортпен байланысты болса, қазақ мәдениетінде ол еркіндік пен көшпелі өмір салтының негізгі бөлігі ретінде сипатталады. Қазақ және ағылшын мәдениеттерінде қасқырдың бейнесі әртүрлі түсіндіріледі. Қазақ тілінде қасқыр еркіндіктің, батылдықтың және көшбасшылықтың символы ретінде қарастырылса, ағылшын мәдениетінде «a wolf in sheep’s clothing» (қой терісін жамылған қасқыр) сияқты фразеологизмдер оның екіжүзділік пен арамдықты бейнелейтінін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде түйе сабырлық пен шыдамдылықтың белгісі ретінде қарастырылса, ағылшын тілінде ол кең таралмаған және ерекше символдық мәнге ие емес. Арыстан қазақ халқында көп кездеспейтін символ болғанымен, ағылшын мәдениетінде ол патшалықтың, көшбасшылықтың белгісі ретінде қабылданады.

Ассоциативті эксперимент барысында респонденттердің анималистік лексикаға берген жауаптары талданды, екі лингвомәдениетке тән ортақ және айырым белгілері анықталып, себептері түсіндірілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипатын анықтауға арналды. Бірінші бөлімде зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалды. Анималистік лексика ұғымы және оның зерттелуіне жан-жақты шолу жасалды. Отандық және шетелдік тіл білімінде анималистік лексиканың зерттелуін зерделеу барысы құрылысы әртүрлі (қазақ және ағылшын) екі тілдің ертегі материалдары бойынша арнайы зерттелмегенін көрсетті. Анималистік лексиканың жіктелуі, оларды топтастыру ұстанымдары талданып, тұжырымдар жасалды. Зерттеудің теориялық негіздерін лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, дискурсология бойынша жазылған ғалымдардың еңбектері құрады.

Ертегідегі анималистік лексиканы зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері анықталды. Жұмыста анималистік лексиканы зерттеудің орны анықталып, әдіснамасына талдау жасалды. Анималистік лексиканы зерттеу әдістері кезең-кезеңімен талданып, өз зерттеуміздің мақсат-міндеттеріне сай талдау әдістері зерделенді. Нәтижесінде анималистік лексиканы зерттеудегі лингвомәдени және когнитивті бағыттарды негізге ала отырып, қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы зерттеудің кешенді талдау әдіснамасы ұсынылды. Зерттеу жұмысы бірнеше бірізді кезеңдерден тұратын кешенді лингвистикалық талдау арқылы жүргізілді. Алғашқы кезеңде қазақ және ағылшын халық ертегілерінің мәтіндері іріктеліп, түгелдей теру әдісі арқылы құрамында анималистік элементтер бар тілдік бірліктер жүйелі түрде жинақталды. Бұл жинақталған материал екі халықтың мәдени-когнитивті дүниетанымындағы жануар бейнесінің репрезентациясын анықтауға негіз болды. Келесі кезеңде доминанттық талдау әдісі қолданылып, ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексемалардың жиілік көрсеткіштері анықталды. Бұл әдіс мәтіндерде жиі кездесетін анималистік лексиканы іріктеп, олардың прагматикалық маңызын, мәдени мағыналық символдарын айқындауға мүмкіндік берді. Анималистік лексика құрамындағы денотативтік, коннотативтік және символдық мағыналар мен уәжділікті ашу мақсатында компоненттік талдау әдісі қолданылды. Бұл кезеңде анималистік лексикамен тығыз байланыста қолданылатын фразеологизмдер, мақал-мәтелдер талданды. Концептуалды талдау әдісі арқылы анималистік метафоралар жиналып, олардың ұғымдық, бейнелік және құндылық компоненттері анықталды. Осы арқылы халықтық танымда жануар бейнесі қандай қызмет атқаратыны, қандай моральдық-этикалық коннотацияға ие екендігі көрсетілді. Дискурстық талдау әдісі арқылы жануар бейнелерінің қатысуымен жүзеге асатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (мақтау, сендіру, кеңес, өтініш, ескерту, алдау және т.б.) сараланды. Бұл тәсіл ертегідегі кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасындағы тілдік таңбалар арқылы танымдық құрылымдарды зерделеуге мүмкіндік берді. Зерттеудің келесі кезеңінде қазақ және ағылшын ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексика салғастырмалы талданып, олардың ортақ және ерекше белгілері айқындалды. Екі тілдегі жануар атауларының құрылымдық,

семантикалық және прагматикалық сипаттары салғастырылып, ұлттық дүниетаным мен танымдық үлгілердегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар сипатталды. Зерттеудің соңғы кезеңінде алынған нәтижелер негізінде ассоциативті эксперимент жүргізілді. Бұл экспериментке қазақ және ағылшын тілді сөйлермендер қатыстырылып, олардың анималистік лексикаға байланысты тілдік санасында қалыптасқан ассоциациялық байланыстары тіркелді. Эксперимент нәтижелері арқылы анималистік лексиканың санада қандай символдық немесе эмоционалдық реңкпен қабылданатыны, қандай мәдени-когнитивті негізге сүйенетіні айқындалды. Нәтижесінде әр тілдік қауымдастықтың анималистік бейнелерді қабылдау ерекшеліктері анықталды.

Ертегілердегі анималистік лексиканы зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытынды жасауға негіз болды:

1. Анималистік лексика жануарлар атауларының жалпы жиынтығы. Ол зоонимдер, зооморфизмдер, зоосемизмдер, зоосимволдар болып төртке жіктеледі. Зоонимдер жануарлардың түрін, топтарын ажыратуға арналған бастапқы атаулар болса, зооморфизмдер жануарлар атауының метафоралық қолданыстары, зоосемизмдер жануарлар атаулары арқылы уәжделген қосалқы атаулар, зоосимволдар жануар бейнесі арқылы мәдени, мифологиялық немесе дүниетанымдық мазмұндарды білдіреді.

2. Кез келген зерттеу жұмысы үшін әдіснама, оның негізгі ұстанымдары мен әдістерін айқындаудың маңызы зор. Тілдік бірліктерді антропоөзектік парадигмада зерттеу бірнеше ғылымның әдіснамасын басшылыққа алуды талап етеді. Ертегідегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы аспектіде зерттеудің әдіснамасы, ұстанымдары мен әдістері зерделей отырып, осындай бағытта жүргізілетін зерттеулерге пайдалы болатын кешенді талдау әдістемесі ұсынылды. Әдістеме бірнеше зерттеу кезеңдерінен тұрады: мәтіннен түгелдей теру әдісі, доминанттық талдау әдісі, компоненттік талдау әдісі, концептуалды талдау әдісі, дискурстық талдау әдісі салғастырмалы талдау әдісі, ассоциативті эксперимент. Ұсынылған талдау үлгісі ертегідегі анималистік лексиканы жүйелі түрде лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаттауға мүмкіндік берді.

3. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары негізінен ұқсас, оның себебі бізді қоршаған табиғаттың әмбебап сипатымен анықталады. Үй және жабайы жануарлар топтарының саны, жиілігі, этнос мәдениетіндегі орны тұрғысынан айырмашылықтар бар. Бұл ерекшеліктер екі мәдениеттің тарихы, ділі, тұрмыс-салты, өмір сүру ортасы және т.б. көптеген тілден тыс факторлар негізінде қалыптасқан.

4. Ертегідегі анималистік лексика ұлттық ділді, мәдениетті және салт-дәстүрді бейнелейді. Қазақ және ағылшын ертегілерінде адамдарға тән жағымды және жағымсыз қасиеттер, құндылықтар, ішкі жан-дүние мен ақыл-ой әрекеттері, қоғамдағы тәртіп нормалары анималистік метафоралар, теңеулер, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы көрініс тауып, этностың лингвомәдени ерекшелігі мен дүниені танудағы дара сипатын айқындайды.

5. Қазақ және ағылшын ертегілерінде кейіпкерлердің қарым-қатынасы олардың әлеуметтену үдерісіндегі рөлін айқындайды. Тілдің көмегімен кейіпкерлер өздерінің билік қатынастарын, әлеуметтік иерархияларын және моралдық таңдауларын көрсетеді. Ертегі дискурсы лингвистикалық, мәдени және әлеуметтік аспектілерді қамтитын күрделі коммуникативтік жүйені құрайды. Жануарлар туралы ертегілердегі қарым-қатынас стратегияларын зерттеу әртүрлі мәдениеттердегі сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас стратегиялары әмбебап сипатқа ие болғанымен, олардың қолданылу жиілігі мен вербалдану әдістері мәдени, жас ерекшелігіне, әлеуметтік рөлдерге байланысты өзгешеленеді.

6. Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың ортақ белгілеріне тақырыптық топтары жағынан ұқсастық, жылқы - байлық пен әлеуметтік мәртебе, мысықтың тазалығы мен ұқыптылығы, үкі даналық пен ақылдылық символдары жатады. Екі лингвомәдениетке тән айырым белгілерге дінге, тұрмыс-тіршілікке, өмір сүру салтына байланысты тілдік санада қалыптасқан таным-түсініктер жатады. Ағылшындар аттың сұлулығы мен күшіне назар аударса, қазақ этносы жылқының түрлерін, жасын, жынысын, ауру түрлерін, жылқыдан алынатын тағамдарды да жақсы таныған. Қазақ танымы үшін мысықтың жағымсыз коннотациясы басымдық танытса, ағылшындар үшін сүйкімділік пен еркіндіктің символы болып саналады.

7. Ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялық байланыстар ертегі мәтіндері мазмұнымен сәйкес келеді. Дегенмен сауалнама нәтижелері бірқатар мәселелерге назар аударуды талап етеді: біріншіден, қазіргі қазақ жастары ата-бабаларымыз төрт түлік мал деп кие тұтқан жануарлармен байланысты символдық мағыналарды толық біле бермейді, мағыналарын дұрыс ажырата алмайтыны байқалды; екіншіден, қазақ танымына жат болып келетін кейбір символдарды орыс және еуропалықтардың таным-түсінік өлшемімен ассоциациялайды, бұл қазіргі жас ұрпақтың тілдік санасының жұтаңдығын көрсетеді, этностың рухани әлсіреуіне, мәдени құндылықтардың жойылуына әкеледі.

Зерттеудің болашақ бағыт-бағдары ретінде анималистік лексиканы концепт теориясы аясында, балаларға арналған ән мәтіндеріндегі көрінісі тұрғысынан зерттеу қызықты болмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Online Etymology Dictionary // https://www.etymonline.com/word/animalistic 03.01.2023.

2 Online Etymology Dictionary // https://www.etymonline.com/word/furry 03.01.2023.

3 Шалабаева К.Ю. Лингвокультурный аспект репрезентации анималистической лексики в сказках (на материале казахского и английского языков): выпускная квалификационная работа по программе магистратуры: 45.04.01. – Уфа: Уфимский университет науки и технологий, 2023. – 88 с.

4 Галимова О.В. Этнокультурная специфика зоонимической лексики, характеризующей человека: на материале русского и немецкого языков: автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.02.20. – Уфа: Башкирский государственный педагогический университет, 2004. – 22 с.

5 Солнцева Н.В. Сопоставительный анализ зоонимов русского, французского и немецкого языков в этносемантическом аспекте: автореф. дис. ...канд. филол. наук: 10.02.20. – Омск: Омский государственный педагогический университет, 2004. – 36 с.

6 Устуньер И. Зооморфная метафора, характеризующая человека, в русском и турецком языках: автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.02.20 – Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет, 2004. – 28 с.

7 Располыхина Н.В. Проблема взаимосвязи разнооформленных знаков прямой и косвенной номинации: автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.02.19. – М., 1984. – 28 с.

8 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.

9 Тіл білімі сөздігі. Жал. ред. бас. проф. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.

10 Новейший большой толковый словарь русского языка / гл. ред. С. А. Кузнецов. – СПб.: Норинт. – М.: Рипол Классик, 2008. – 1536 с.

11 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н. Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.

12 Козлова Т.З. Идеографический словарь русских фразеологизмов с названиями животных. – М.: Дело и Сервис, 2001. – 208 с.

13 Курбанов И.А. Анализ зоосимволики в русском и английском языках: дис. …канд. филол. наук: 10.02.19. – М., 2000. – 438 с.

14 Дэнги А. Фразеологизмы с анималистическим компонентом в русском языке: с позиции носителя венгерского языка: дис. …канд. филол. наук: 10.02.01. – М., 2002. – 187 с.

15 Лаврова О.В. Страноведческий компонент названий животных в аспекте межкультурной коммуникации: дис. …канд. пед. наук: 13.00.02. – СПб.: Российский государственный университет имени А.И. Герцена, 2009. – 265 с.

16 Хахалкина Т.В. Нганасанская зоонимия в становлении и развитии: дис. …канд. филол. наук: 10.02.20. – Москва, 2002. – 179 с.

17 Куражова И.В. Имена животных как отражение ценностной картины мира в английской лингвокультуре: дис. …канд. филол. наук: 10.02.04. – Иваново: Ивановский государственный университет, 2007. – 201 с.

18 Костина Н.Ю. Названия птиц как специфическая группа слов: на материале русского и английского языков: дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Орел: Пензенский государственный педагогический университет, 2004. – 206 с.

19 Бызова А.А. Научно-методическое обоснование системы преподавания анималистического жанра в педагогическом университете (на материале курса скульптура и пластическая анатомия): дис. ...канд. пед. наук: 13.00.02. – М.: Московский педагогический государственный университет, 2005. – 299 с.

20 Таукова Э.Л. Сопоставительный анализ фразеологических единиц русского и английского языков в функционально-параметрическом отображении (на материале анималистической фразеологии): дис. …канд. филол. наук: 10.02.20. – М.: Московский педагогический государственный университет, 2005. – 344 с.

21 Литвин Ф.А. Многозначность слова в языке и речи. – М.: Высшая школа, 1984. – 236 с.

22 Телия В.Н. Русская фразеология в контексте культуры: семантические, прагматические и лингвокультурологические аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 260 с.

23 Диярова Л.А. Образование и культура: анималистическая глагольная лексика как зооморфный код культуры (на материале английского языка) // Педагогический журнал Башкортостана. 2017. – № 5(72). – С. 49-54.

24 Васильева О.А. Ономастическая лексика как предмет изучения исследователей-лингвистов. Балтийский гуманитарный журнал. 2015. – № 1(10). – С.19-22.

25 Болгова Е.В. Зоонимы русского языка в современном речевом употреблении: семантико-прагматический подход: автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.02.01. – Архангельск: Мурманский арктический государственный университет, 2021. – 18 с.

26 Гаврилюк М.А. Зооморфизмы китайского языка как средство аксиологической характеристики человека // Вестник ТПГУ. 2013. – №10. – С.136-140.

27 Тлехатук С.Р. Название животных в русском и адыгейском языках: семантико-словообразовательный и лингвокультурологический аспекты: дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Майкоп: Адыгейский государственный университет, 2001. – 169 с.

28 Карам Р.А. Структура и семантика зоокомпозитов в русском языке: дис. …канд. филол. наук: 10.02.01. – Елец: Елецкий государственный университет имени И.А. Бунина, 2010. – 206 с.

29 Красовская Я.И. Фразеологизмы с зоонимным компонентом во французском языке: семантический и лингвокультурологический аспект //

Французский язык на перекрестке культур: актуальные вопросы и перспективы исследования: сборник статей. – Витебск: ВГУ имени П. М. Машерова, 2022. – С. 29-34.

30 Жакипов А. Термины верблюдоводства казахского языка: автореф. дис. ...канд. филол. наук: 10.02.06. – Алматы, 1983. – 35 с.

31 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 480 б.

32 Rayeva A., Eker S. Linguoculturalogical Semantic Aspects of Zoo-phraseological units in Turkic Languages. Al-Farabi Kazakh National University. 2024. – №3 (195). – P. 91-102.

33 Линко Т.В. Зоонимы в казахском и русском языках: автореф. ...канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 1989. – 23 с.

34 Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: филол. ғыл. док... дис.: 10.02.20. – Алматы, 2005. – 132 б.

35 Умирсериков К.А. Қазақ тіліндегі анималистік фразеологизмдердің танымдық сипаты. // Молодой ученый. – 2014. – Т.1, № 2 (61). – С. 42-43.

36 Айзахметова Д.Е. Лингвокультурологический сопоставительный анализ анималистической лексики в казахском, русском и английском языках: магист. дис.: 521450. – Павлодар, 2003. – 143 с.

37 Жұмағазина А. Ертегілердегі анималистік лексиканың лингвомәдени аспектісі (қазақ, ағылшын және француз тілдері материалдары бойынша): 7М02302. магистр. дисс. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2021. – 67 б.

38 Комарова З.И. Методология, метод, методика и технология исследований в лингвистике: учебное пособие. – Екатеринбург: Изд-во Уральского федерального университета им. Первого Президента России Б. Н. Ельцина, 2012. – 818 с.

39 Язык как культурный код нации / отв. ред. А.В. Зеленщиков, Е.Г. Хомякова. – СПб.: Санкт-Петербургский ун-т, 2014. – 264 с.

40 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты // Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки славянской культуры, 1996. – 288 с.

41 Маслова В.Л. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

42 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 624 с.

43 Красных В.В. Некоторые базовые понятия психолингвокультурологии (В развитие идей В. Н. Телия) // Язык. Сознание. Коммуникация: сборник статей / под ред. В. В. Красных, А. И. Изотова. – М.: МАКС Пресс, 2014. – Вып. 50. – С. 167-175.

44 Шаклеин В.М. Лингвокультурология: традиции и инновации: монография // Лингвокультурология: традиции и инновации: монография. – М.: Флинта, 2012. – 301 с.

45 Томберг О.В. Методы и принципы исследований в рамках лингвокультурологического подхода. // Социокультурное пространство России и зарубежья: общество, образование, язык. 2016. – Вып. №5. – С. 143-151.

46 Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии // Основы лингвокультурологии: учебное пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2008. – 184 с.

47 Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов // Понимание культур через посредство ключевых слов / пер. с англ. А. Д. Шмелева. – М.: Языки славянской культуры, 2001. – 288 с.

48 Шмелев А.Д. Можно ли понять русскую культуру через ключевые слова русского языка // Ключевые идеи русской языковой картины мира. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – С. 17-24.

49 Стадульская Н.А. Компонентный анализ значения слова как способ выявления содержания концепта // Вестник Челябинского государственного университета. 2012. – № 32. – С. 112-117.

50 Журавлёв А.П. Компонентный анализ как один из методов исследования значения слова. Science and world. 2018. – № 7 (59). – С. 81-84.

51 Верещагин Е.М. Костомаров В.Г. Язык и культура: Три лингвострановедческие концепции: лексического фона, рече-поведенческих тактик и сапиентемы: монография. Раздел 1. Аспект статики: язык как носитель и источник национально-культурной информации. – М.: Берлин: Директ - Медиа, 2014. – 510 с.

52 Култанбаева Н.К. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде): 6D020500. философ. док (PhD)... дисс. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2022. – 145 б.

53 Қалиев Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін (мақалалар жинағы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.

54 Щедровицкий Г.П. Мышление. Понимание. Рефлексия. – М.: Наследие ММК, 2005. – 800 с.

55 Кравченко А.В. О традициях, языкознании и когнитивном подходе // Горизонты современной лингвистики: Традиции и новаторство: сб. в честь Е.С. Кубряковой. – М.: Языки славянских культур, 2009. – С. 51-65.

56 Фролова І.Є. Стратегія конфронтації в англомовному дискурсі: [монографія]. – Х.: ХНУ імені В.Н. Каразіна, 2009. – 344 с.

57 Каменева В.А., Рабкина Н.В., Морозова И.С., Долганов Д.Н. Коммуникативная стратегия одобрения (когнитивно-дискурсивный подход) // Политическая лингвистика. – 2022. – № 1 (91). – С. 27-35.

58 Серль Дж. Р. Что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. –Теория речевых актов. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17. – С. 151-169.

59 Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17. Теория речевых актов. – М., 1986. – С. 22-129.

60 Grice H.P. (H. Paul) Studies in the way of words / Paul Grice. Harvard University Press, Printed in the USA, 4th Printing, 1995. – 204 p.

61 Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека / Г.М. Алимжанова. – Алматы, 2010. – 300 с.

62 Уфимцева А.А. Опыт изучения лексики как системы: на материале английского языка. – Издание 2-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 288 с.

63 Николаева Н.В. Фразеологизмы с анималистическими компонентами в разных языках // Лингвистика, лингводидактика, переводоведение: актуальные вопросы и перспективы исследования: междунар. науч.-практ. конф. – Чебоксары, 2020. – С. 100-104.

64 Жетесова Ж.А. Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты / Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. – 2023. – №4(71) – Б. 73-84.

65 English fairy tales collected by Joseph Jacobs. Third edition. G.P. Putnam's son, New York. 2005. – 277 p.

66 Kipling Rudyard. Just so stories. 2005. – 249 p.

67 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Прозалық фольклор: Ертегілер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Елесбай Н., Набиолла Н. – Алматы: Brand Book. 2020. – Т. 7. – 488 б.

68 Соловьева А.Р., Ибраимова Б.Т., Алина Ж.Ә. және т.б. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Атамұра, 2017. – 240 б.

69 Қашырдың еті адал ма? // https://islam.kz/kk/questions/arturli/qashyrdyn-eti-adal-ma-1540/#gsc.tab=0 25.12.2024.

70 Collins Dictionary. // https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/rabbit 08.02.2025.

71 Cambridge Dictionary. // https://dictionary.cambridge.org 08.02.2025.

72 Соболева Н.В. Английская абсурдная поэзия: проблемы поэтики и перевода (на примере творчества Э. Лира): автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.01.03. – Екатеринбург, 2008. – 25 с.

73 Қартжан Н.Е. Ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетінің концептосферасы (қазақ ағылшын қиял-ғажайып ертегілері негізінде): 8D02304. философ. док. (PhD)... дисс. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2024. – 174 б.

74 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

75 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, Табиғат. – 2013. – Т. 3. – 608 б.

76 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – А.: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.

77 Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Ж. Асықова. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. – 96 б.

78 Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: 10.02.06. филол. ғылым.

канд... дисс. автореф. – Алматы: А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2007. – 30 б.

79 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат. 2007. – 356 б.

80 Раева А. Зоофразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер (қазақ және түрік тілдері бойынша). ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы, 2021. – № 99(4). – Б. 34-44.

81 Сейілхан А.Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні: 10.02.02. филол. ғылым. канд... дис. – Алматы, 2001. – 140 б.

82 Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы. 2020. – Т .1. – 496 б.

83 Zhetessova Zh., Issakova S., Ekici M. Animalistic Vocabulary in Animal Tales / Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024. – № 4(149). – P. 61-69.

84 Смағұлов Ж. Тотемдік ұғымдар мен фольклордағы Көк Бөрі образы. Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay, 2016. – № 2(1.2). – Б. 174-185.

85 Иткөйлек. // https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D1%82%D0%BA%D3%A9%D0%B9%D0%BB%D0%B5%D0%BA 28.02.2025.

86 Hornby A.S. Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English. 8th edition. Oxford University Press, 2010. – 1796 p.

87 Gill F.B. Ornithology (3rd ed.). W.H. Freeman and Company, 2007. – 766 p.

88 Cirlot J.E. A Dictionary of Symbols. Routledge, 2001. – 507 p.

89 Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. Изд.3-е, испр., в двух книгах. – М.: «Сов.Энциклопедия», Книга I, 1967. – 738 с.

90 Mieder W. Proverbs: A Handbook. Greenwood Press, 2004. – 305 p.

91 Oxford English Dictionary. Oxford Dictionary of English (3rd ed.). Oxford University Press, 2010. – 1796 p.

92 Turner D.C., Bateson P. The Domestic Cat: The Biology of its Behaviour (3rd ed.). Cambridge University, 2014. – 272 p.

93 Spears R.A. McGraw-Hill's Dictionary of American Idioms and Phrasal Verbs, USA, 2005. – 1080 p.

94 Common cat sayings https://www.hillspet.ru/cat-care/resources/origins-of-6-common-cat-sayings 28.02.2025.

95 Чеширский кот https://pereval.moy.su/publ/mify_i_legendy/cheshirskij_kot/5-1-0-30 03.03.2025

96 Происхождение Чеширского кота https://dzen.ru/a/YDj_G3MvPH9iqGx5 03.03.2025.

97 Clutton-Brock J. Horse Power: A History of the Horse and the Donkey in Human Societies. Harvard University Press, 1992. – 192 p.

98 Phrase Finder https://www.phrases.org.uk/meanings/get-off-your-high-horse.html 05.03.2025.

99 Wiktionary. The Free Dictionary https://en.wiktionary.org/wiki/until_the_cows_come_home 05.03.2025.

100 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем: Пер. с англ. / Под ред. и с предисл. А. Н. Баранова. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.

101 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: 10.02.19. фил. ғыл. док… дисс. – Алматы: Абылай хан ат-ғы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2004. – 335 б.

102 Жиренов С.А. Когнитивтік лингвистика. Оқу құралы. Екінші басылым. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы, 2018. – 110 б.

103 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 293 с.

104 Воркачев С.Г. Постулаты лингвоконцептологии // Антология концептов. – М.: Просвещение, 2014. – 352 с.

105 Сансызбаева С.К. Метафоры-фреквенталии в сфере «животное-человек» (на материале русского и казахского языков): автореф. дис. …канд. филол. наук: 10.02.01. – Алматы, 2001. – 28 с.

106 Дүйсенова М.М. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі зоонимдік метафоралардың танымдық сипаты: 6М0119. магистр. дисс. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2012. – 65 б.

107 Айтбаева Н.Қ. Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты: 10.02.02. филол. ғылым. канд... дисс. автореф. – Алматы: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2007. – 30 б.

108 Category: Metaphors referring to animals https://en.wikipedia.org/wiki/Category:Metaphors_referring_to_animals 05.03.2025.

109 Садирова К.Қ. Көп пропозициялы дискустың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ РБҚ, 2008. – 428 б.

110 Bottigheimer Ruth. B. Fairy tales and folk tales. International Companion Encyclopedia of Children's Literature, Editor Peter Hunt, 1st Edition. Routledge. – 2018. – Vol.1. – 656 p.

111 Zipes J. The Oxford companion to fairy tales. Oxford University Press (UK), 2015. – 720 p.

112 Doli-Kryeziu S. Fairy Tales and the Lingual and Intellectual Development in Preschoolers. European Journal of Language and Literature Studies. 2023. – Vol. 9, Iss. 1. – P. 72-87.

113 Пассов Е. И. Коммуникативное иноязычное образование: готовим к диалогу культур. – Минск: Лексис, 2003. – 184 с.

114 Zhetessova Z., Issakova S., Issakova A., Yessenova K., Ozgambayeva R., Ismailova F. Strategy and Tactics of Communication in Fairy Tale Discourse. // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2025. – Vol. 11, № 1. – P. 118-128.

115 Soloshchuk L., Chebotarova A. The Role of the Proxemic Factor in the Implementation of the Cooperative Strategy of Communication in the English Fairy

Tale Discourse. // Theory and Practice in Language Studies, 2024. – Vol. 14, № 4. – P. 948-954.

116 Вишневецкая Н.А., Козлова О.П., Романова О.Н. Понятие речевых стратегий и дискурс. Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2017. – № 10 (76), Ч.3. – С. 86-89.

117 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – М.: ЛЕНАНД, 2017. – 308 с.

118 Жетесова Ж.А., Исакова С.С. Жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі коммуникативтік стратегиялар / Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, 2025. – №1(76). – Б. 134-145.

119 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003. – 280 с.

120 Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 300 с.

121 Иссерс О.С. Речевое воздействие. – М.: Флинта. Наука, 2009. – 129 с.

122 Сковородников А.П. О необходимости разграничения понятий «риторический прием», «стилистическая фигура», «речевая тактика», «речевой жанр» в практике терминологической лексикографии // Риторика – Лингвистика: сб. ст. – Смоленск: СГПУ, 2004. – Вып. 5. – С. 5-11.

123 Андреева В.Ю. Стратегии и тактики коммуникативного саботажа: автореф. дис. ...канд. филол. наук: 10.02.19. – Курск, 2009. – 24 с.

124 Грайс Г.П. Логика и речевое общение https://kant.narod.ru/grice.htm 01.03.2025.

125 Кошкарова Н.Н. Диалогические жанры конфликтного и кооперативного типов дискурса // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. – Челябинск, 2014. – № 6 (335). – Вып. 88. – С. 60-64.

126 Кириллова Н.Н. Коммуникативные стратегии и тактики с позиции нравственных категорий. Вестник НГТУ им. Р.Е. Алексеева. Серия: Управление в социальных системах. Коммуникативные технологии, 2012. – №1. – С. 26-33.

127 Матвеева Т.В. Учебный словарь: Русский язык, культура речи, стилистика, риторика. – М.: Флинта: Наука, 2003. – 432 с.

128 Паршина О.Н. Стратегии и тактики речевого поведения современной политической элиты России: монография. / под ред. О.Б. Сиротининой; Астрах. гос. техн. ун-т. – Астрахань: Изд-во АГТУ, 2004. – 195 с.

129 Панова Е.П., Черницына Т.В. Коммуникативные стратегии похвалы и порицания в сказках о животных. Известия ВГПУ. Филологические науки, 2019. – №10 (143). – С. 199-202.

130 Karsdorp F., Fonteyn L. Cultural entrenchment of folktales is encoded in language, Palgrave Communications, 2019. – Vol. 5, Iss. 25. – P. 15-16. https://doi.org/10.1057/s41599-019-0234-9

131 Chang L., Luh D. Reinventing fantasy: The reception of fairy tales, Advances in Literary Study, 2022. – Vol. 10. – P. 99-100. https://doi.org/10.4236/als.2022.101007

132 Тукаева И.И. Четыре ступени сущности языковой репрезентации социотиптческих характеристик персонажей в сказках о животных: дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.19. – Воронеж: Ульяновский государственный университет, 2016. – 320 с.

133 Бигунова Н.А. Одобрение, похвала, комплимент и лесть как тактики реализации коммуникативных стратегий // Молодий ученый, 2016. – №8 (35). – С. 265-268.

134 Жануарлар туралы ертегілер жинағы. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 2017. – 72 б.

135 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», Хайуанаттар туралы ертегілер, 2011. – Т. 73. – 536 б.

136 Воробьева С.Н. Просьба как один из речевых жанров религиозной коммуникации. Вестник удмуртского университета, 2021. – Т.31. – Вып. 6. – С. 1143-1150.

137 Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. – СПб.: Питер, 2009. – 576 с.

138 Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 б.

139 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

140 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Қ. Күдеринова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 8. – 744 б.

141 Жетесова Ж.А., Исакова С.С. Этиологиялық ертегілердегі анималистік лексиканың лингвомәдени сипаты (қазақ ертегілері бойынша) / Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы, 2024. – №4. – Б. 82-93.

142 Остин Дж. Мэнсфилд-Парк. – М.: Аст, 2009. – 416 с.

143 Simpson J., Roud S. A Dictionary of English Folklore. New York: Oxford University Press, 2000. – 411 p.

144 Горошко Е.И. Проблемы проведения свободного ассоциативного эксперимента // Известия ВГПУ, 2005. – № 3. – С. 53-61.

145 Уфимцева Н.В. Языковое сознание как отражение этнокультурной реальности // Вопросы психолингвистики, 2003. – № 1. – С. 102-111.

146 Алферова Ю.И. Профессионально-маркированные компоненты языкового сознания: дис. …канд. филол. наук: 10.02.19. – Барнаул: Омский государственный университет имени Ф.М. Достоевского, 2005. – 182 с.

147 Белянин В.П. Психолингвистика: учебник. – М.: Флинта: Московский психосоциальный институт, 2003. – 232 с.

148 Исаева Ж. Төрт түлік бақтым – теңселе бастым. Ана тілі, 21 ақпан, 2013. // https://anatili.kazgazeta.kz/news/12260 05.03.2025.

149 Әбдімомынова Г. https://e-history.kz/kz/news/show/3073 05.03.2025.

150 Тухтарова А.С. Лингвокультурологические аспекты аудиовизуальных текстов на казахском, английском и русском языках: дисс... док. философ. (PhD):

8D02304. – Актобе: Актюбинский региональный университет им К. Жубанова, 2024. – 189 с.

ҚОСЫМША А

Кесте А.1 - Қазақ ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары

Жануарлар	Құстар	Балықтар	Жәндіктер	Қосмекенділер	Бауырмен жорғалаушылар	Кеміргіштер
1	2	3	4	5	6	7
Қой (36)	Құс (27)	Балық (21)	Шыбын (7)	Бақа (2)	Жылан (15)	Тышқан (12)
Ат (27)	Торғай (11)	Сазан (1)	Құмырсқа (7)		Тасбақа (2)	Суыр (1)
Қасқыр (26)	Аққу (9)	Шабақ (1)	Бит (5)			
Ит (24)	Бүркіт (8)	Жайын (1)	Маса (2)			
Жылқы (23)	Үйрек (7)		Қоңыз (2)			
Түйе (19)	Қаз (7)		Құрт (2)			
Түлкі (18)	Балапан (7)		Кірпі (2)			
Киік (17)	Бұлбұл (6)		Көбелек (2)			
Бие (15)	Қарға (6)		Шегіртке (2)			
Мысық (13)	Самұрық (4)		Шіркей (1)			
Ешкі (13)	Тауық (4)		Сона (1)			
Қоян (13)	Қарақұс (4)		Шаян (1)			
Тұлпар (12)	Қаршыға (4)					
Сиыр (12)	Сұңқар (4)					
Арыстан (9)	Бөдене (3)					
Құлын (8)	Қырғауыл (3)					
Бұзау (8)	Көкек (3)					
Арғымақ (7)	Қарлығаш (3)					
Айғыр (7)	Кептер (3)					
Жолбарыс (6)	Әтеш (2)					

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Жорға (6)	Сауыс қан (2)					
Құлан (6)	Күшіген (1)					
Аю (6)	Ақсары (1)					
Есек (5)	Қырғи (1)					
Тай (5)	Тарғақ (1)					
Өгіз (5)	Ителгі (1)					
Төбет (5)	Ұлар (1)					
Інген (5)	Зымы рық (1)					
Қошқар (5)	Қораз (1)					
Тазы (5)	Шіби (1)					
Бұғы (4)	Тоты құс (1)					
Күшік (4)	Байғыз (1)					
Бура (4)	Шағала (1)					
Тоқты (3)	Көгер шін (1)					
Қозы (3)	Шым шық (1)					
Лақ (3)	Санду ғаш (1)					
Нар (3)	Үкі (1)					
Құнан (3)						
Бөрі (3)						
Теке (3)						
Дөнен (3)						
Арқар (2)						
Бұқа (2)						
Көкжал (2)						
Марал (2)						
Тайлақ (2)						

А.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Байтал (2)						
Атан (2)						
Маймыл (2)						
Бота (2)						
Қабылан (1)						
Қарсақ (1)						
Қашыр (1)						
Бесті (1)						
Баспақ (1)						
Қысы рақ (1)						
Қабан (1)						
Бөлтірік (1)						
Тауешкі (1)						
Қоша қан (1)						
Тұсақ (1)						
Ісек (1)						
Елік (1)						
Торшо лақ (1)						
Құралай (1)						
Бұлан (1)						
Дүлдүл (1)						

ҚОСЫМША Ә

Кесте Ә.1 - Ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың тақырыптық топтары

Жануарлар	Құстар	Балықтар	Жәндіктер	Қосмекенділер	Бауырмен жорғалаушылар	Кеміргіштер	Шаянтәрізділер
1	2	3	4	5	6	7	8
Horse (10) Жылқы	Bird (11) Құс	Fish (6) Балық	Beetle (2) Қоңыз	Frog (3) Құрбақа	Snake (3) Жылан	Mouse (6) Тышқан	Crab (2) Краб
Cat (10) Мысық	Hen (4) Тауық	Carp-fish (2) Тұқы-балық	Butterfly (2) Көбелек	Toad (1) Бақа	Tortoise (1) Тасбақа	Rat (4) Егеуқұйрық	Snail (1) Ұлу
Cow (8) Сиыр	Swan (2) Аққу	Garfish (1) Гарфиш	Spider (1) Өрмекші	Crocodile (1) Қолтырауын	Turtle (1) Тасбақа		
Dog (7) Ит	Cock (2) Әтеш	Shark (1) Акула	Insect (1) Жәндік				
Ox/Oxen (4) Өгіз	Raven (1) Қарға	Dab (1) Алабұға балық	Fly (1) Шыбын				
Sheep (4) Қой	Fowls (1) Құстар	Plaice (1) Камбала	Hornet (1) Бүгелек (араның түрі)				
Pig (3) Шошқа	Turtle-dove (1) Түркептер	Dace (1) Тарақ балық	Starfish (1) Теңіз жұлдызшасы				
Whale (2) Кит	Magpie (1) Сауысқан	Skate (1) Скат	Hedgehog (1) Кірпі				
Mutton (2) Қой	Starling (1) Қаратorғай	Mackereel (1) Скрумбия	Bat (1) Жарғанат				

Ә.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Giraffe (2) Жираф	Sparrow (1) Торғай	Pickerel (1) Шортан					
Fox (2) Түлкі	Owl (1) Үкі	Eel (1) Жылан балық					
Bear (2) Аю	Black bird (1) Қара сайрақ						
Wolf (2) Қасқыр	Thrush (1) Сайрақ						
Elephant (2) Піл	Eagle (1) Бүркіт						
Goat (1) Ешкі	Rooster (1) Әтеш						
Bull (1) Бұқа	Heron (1) Құтан						
Hind (1) Бұғы	Nightingale (1) Бұлбұл						
Calf (1) Бұзау	Goshawk (1) Қаршыға						
Donkey (1) Есек	Cygnet (1) Жас аққу						
Ass (1) Есек	Duck (1) Үйрек						
Camel (1) Түйе	Turkey (1) Күркетауық						
Rhinoceros (1) Мүйіз тұмсық	Goose (1) Қаз						

Ә.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Leo pard (1) Барыс	Dove (1) Көгер шін						
Hog (1) Қабан							
Eland (1) Бөкен							
Koo doo (1) Куду (Бө кен түрі)							
Zebra (1) Зебра							
Harte beest (1) Хартеб ист (Бө кен түрі)							
Bush Buck (1) Буш Бак (Бө кен түрі)							
Quag ga (1) Кваг га (зебра түрі)							
Ba viaan (1) Ба виан (май мыл түрі)							

Ә.1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Ostrich (1) Түйе құс							
Hippopotamus (1) Бегемот							
Baboon (1) Бабун (маймыл түрі)							
Kangaroo (1) Кенгуру							
Rabbit (1) Қоян							
Jaguar (1) Ягуар							
Deer (1) Бұғы							
Monkey (1) Маймыл							
Armadillo (1) Кіреукей							
Beaver (1) Құндыз							

ҚОСЫМША Б

Ертегідегі анималистік лексиканың символдық мағынасын анықтауға арналған ассоциативті эксперимент

САУАЛНАМАСЫ

Сәлеметсіз бе! Сізді «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» зерттеуінің сауалнамасына қатысуға шақырамыз. Қазақ ертегілеріндегі жиі кездесетін төменде берілген жануар атауларының символдық мағыналарын жазуыңызды өтінеміз. Бұл зерттеу анонимді түрде өтеді және тек ғылыми мақсатта жүргізіледі.

1. Жылқы _____
2. Ит _____
3. Түлкі _____
4. Үкі _____
5. Қасқыр _____
6. Қой _____
7. Қоян _____
8. Аю_____
9. Мысық _____
10. Бүркіт _____

Сауалнамаға қатысқаныңызға рақмет!

ҚОСЫМША В

Assiociation experiment survey
to determine the symbolic meaning of fairy-tale animalistic vocabulary

Hello! We invite you to participate in a survey for the study “Linguocultural and Cognitive-Comparative Aspects of Animalistic Vocabulary (Kazakh and English Fairy Tales)”. Please write down the symbolic meanings of animal names given below, which are often found in English fairy tales. This study is conducted anonymously and is intended for scientific purposes only.

1. Horse _____
2. Dog _____
3. Fox _____
4. Owl _____
5. Wolf _____
6. Sheep _____
7. Rabbit _____
8. Bear _____
9. Cat _____
10. Eagle _____

Thank you for your participation in the survey!